- ақпараттық технологияны кәсіби даярлауда көрнекілікті арттыру, әр түрлі нысан мен үдерістерді үлгілеу, оқу материалын жүйеге келтіру мен логикалық реттеу, жаттықтыру, меңгерілген білімді бақылау үшін көрнекілік құрал ретінде пайдалану;
- оқытудың әр түрлі формасын жүзеге асыру: дербес, ұжымдық, өзіндік, қашықтықтан оқыту. Оқыту үдерісін автоматтандырылған оқыту жүйелерін қолдану арқылы автоматтандыру;
- әр түрлі пәндер бойынша компьютерлік оқу курстары мен дизайн программаларының әдістемелік кешендерін жасақтау;
- ғылыми негізделген компьютерлік оқу программаларының сценарийін жасау, педагогикалық программалық құралдардың сапасын сараптау мен оны бағалау;
- білім беру жүйесінде компьютерлік телекоммуникацияны қолдану;
- білім беруді басқаруда ақпараттық технология құралдарын кәсіби қолдануға баулу (басқарудың автоматтандырылған жүйелері, автоматтандырылған жұмыс орындары);
- психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ақпараттық технология құралдарын қолдану.

Дамушы сұраныс үрдісі коммуникация пішініне айналуға, ал, нысандары- олардың қимыл-қозғалысы адамға өзге адамдармен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін коммуникативтік құралдарға, белгілерге айналуға. Графикалық дизайнның мәдениетті көрсету сұранысын іске асыра келе, заманауи ақпараттандыру ортасының ажырамас, бітұтас бөлшегіне айналуға. Ол «көріністі түсіндіруші», ақпаратты миллиондаған адамға түсінікті тілге аударушы. Бейнелік таңбалардың көмегімен ол адресатқа ұзақ сөздермен түсіндіріп жатпастан-ақ, кез келген дерлік деректі жеткізе алады» деп таныстырады. Бүгінгі заманның жаппай мәдениетінде басымдылық көрсететін дәл осы көріністік үрдістер графикалық дизайнмен байланысты. Осы кезде дизайн - айрықша, бір уақыттарухтандырушы және рефлексілі салмақты өнер болып қалуда.

Қорыта айтқанда, біз уақыт өте келе жаңа жаңалықтарды жалғастырамыз деп ақылға қонымды сеніммен айта аламыз барлық нәрсе өз жолымен келеді. Орасан зор өлшемдегі инновациялық атауға түрлі процестерде қатысушылардың және көрнекті суретшілердің өнерлері шын мәнінде замануи өнердің табысы десек те болады. График суретшілердің негізгі жұмысының ажырамас бөлігі бұл олардың қолға алған қоршаған ортаны және кез келген идеяларын инновациялық тұрғыда көрсету болып табылады. Қазақстанның заманауи көркем шығармаларында шексіз мүмкіндіктер бар, олар өнердің «ескі» түрін жанартып, сондай-ақ ата-бабаларымыздың мәңгілік өшпес ежелгі өнер туындыларын жаңа түрінде көрсетіп әр түрлі жаңа жолдар іздестіріп дамуда.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Дизайн саласында қызмет ететін заман талабына сай қалыптасқан кәсіби деңгейі бар, компьютерлік технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлау осы күнгі өзекті мәселелердің бірі. Сол себептен жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде осы мәселені шешу жолдарын жетілдіру қарастырылуда. Аталмыш мәселенің дұрыс шешімін табу жолында ізденіс жұмыстарын саралай келе, түсінгеніміз - жоғары оқу орнында компьютерлік технологияларды оқу үдерісінде қажетті көлемде қолдану әлі күнге дейін шешімін таппауда. Оның басты себептерінің бірі - орта буыннан жоғарғы жастағы мамандардың кәсіби компьютерлік білімдері мен дағдыларының жоқтығы. Бұл мәселе төңірегіндегі ғылыми және әдістемелік жұмыстарды саралау барысында жасаған тұжырымдамамыз кәсіби деңгейі жоғарғы маманды даярлау үдерісінде әлі де шешімін табуды қажет ететін тың салалар жеткілікті. Солардың бірі - графикалық дизайн саласында қызмет ететін болашақ маманның кәсіби деңгейді қалыптастыруға негізделген арнайы пәндерді оқу барысында компьютерлік технологияларды қажетті көлемде қолдану мәселесі.

Компьютердің техникалық негізі мен жұмыс істеу принциптерін білу, олардың әр түрлі қасиеттері мен мүмкіншіліктерін білу, шыққан тегі мен тарихи даму жолдарын білу болашақ мамандарға компьютерлік технологияларды саналы түрде келешек қызметтерінде қолдануға мүмкіншілік жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы : «ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» -Астана: 29 қаңтар 2007 жыл. –Б.2.*
2. *Батыстың жүз дизайнышысы. - М.: ВНИИТЭ, 1994. -122 б.*
3. *Шимко В.Т. Сәулеттік-дизайнерлік жобалау. Теория негіздері. –М.: Принт, 2003. -244 б.*
4. *Шкурова А.Н. Батыс сәулеті және XX ғасырдың өнер әлемі. –М.: Стройиздат, 1990. – 312 б.*

Болысбаев Д.С. – Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тәуке хан 5, Шымкент, Қазақстан. Тел.: +7(7252) 367-190. E-mail:daulet.bolysbaev.74@mail.ru

Әубакирова А.А. – Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының магистрі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тәуке хан 5, Шымкент, Қазақстан. Тел.: +7(7252) 367-190. E-mail:ak_88@mail.ru

Джакипбекова М.Ж. – Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Тәуке хан 5, Шымкент, Қазақстан. Тел.: +7(7252) 367-190. E-mail:max_ru@mail.ru

Bolysbayev D.S. – Senior lecturer of the Department of fine arts and design, M.Auezov South Kazakhstan State University, Tauke Khana, city Shymkent, Kazakhstan. Tel.: +7(7252) 367-190. E-mail:daulet.bolysbaev.74@mail.ru

Aubakirova A.A. – Master of the Department of fine arts and design, M.Auezov South Kazakhstan State University, Tauke Khana, city Shymkent, Kazakhstan. Tel.: +7(7252) 367-190. E-mail:ak_88@mail.ru

Jakupbekova M.G. – Senior lecturer of the Department of fine arts and design, M.Auezov South Kazakhstan State University, Tauke Khana, city Shymkent, Kazakhstan. Tel.: +7(7252) 367-190. E-mail:max_ru@mail.ru

УДК 745.522.2021

**КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ**

ҚазМемҚызПУ, 6M012000-Кәсіптік оқыту мамандығының 1курс магистранты

А.Т.Әшірбек, 94_aktoty_94@mail.ru

Ғылыми жетекші: Р.А.Дарменова , п.ғ.к., профессор м.а. КызМемҚызПУ_rahiya1961@mail.ru

Бұл мақалада кәсіптік білім беру жүйесі және кәсіптік білім беру жүйесіндегі болашақ мамандардың даярлау сатысы туралы мағлұмат берілген. Оқу үрдісінде болашақ мамандардың ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану, одан әрі жетілдіру әдіс-тәсілдері қамтамасыз етілген. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кәсіптік білім беру жүйесіне сай меңгеру және оны іске асыру жолдары қарастырылған. Қазіргі кезде қолданылып келе жатқан жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс жүргізудің мақсат-міндеттерін, сонымен қатар білім саласында қолдану аясы қарастырылды. Кәсіптік білім беруде болашақ мамандардың жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану ерекшелігі маңызды орын алады. Ақпараттық күзінеттілікті қалыптастырудың басты мақсаты - ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне сай еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Түйін сөздер: Кәсіптік білім беру жүйесі, кәсіптік оқыту, АКТ құралдары, интерактивті тақта, мультимедия, интернет кеңістігі, электронды оқулық, құзыреттілік

Аннотация

А.Т.Аширбек - магистрантка 1 курс 6M012000 «Профессиональное обучение» 94_aktoty_94@mail.ru

Научный руководитель: Р.А.Дарменова п.н.к., профессор и.о КазГосЖенПУrahiya1961@mail.ru

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ И КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В СИСТЕМЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В этой статье представлена информация о системе профессионального образования и этапе подготовки будущих специалистов в системе профессионального образования. В учебном процессе будущим специалистам предоставляются методы их эффективного использования и дальнейшего совершенствования информационно-коммуникационных технологий. Развитие информационных и коммуникационных технологий в соответствии с системой профессионального образования и способами ее реализации. Рассмотрены цели и задачи работы с новейшими информационными технологиями, а также сфера применения в области образования. Особенность использования новых информационных технологий будущими специалистами имеет особое значение в профессиональной подготовке. Основной целью формирования информационной компетентности является оснащение знаниями передачи, модификации и применения информации, формирование их способности использовать компьютерную технологию свободным, эффективным образом.

Ключевые слова: Система профессионального образования, профессиональное обучение, инструменты ИКТ, интерактивная доска, мультимедиа, интернет-пространство, электронный учебник, компетентность.

Ashirbek Aktoty KazStateWTTU 6M012000-Master of 1course of the specialty

«Vocational training» 94_aktoty_94@mail.ru

Scientific supervisor: R.A. Darменова, KazStateWTTU CPS acting professor rahiya1961@mail.ru

IMPROVEMENT OF INFORMATION AND COMMUNICATION COMPETENCE OF FUTURE SPECIALISTS IN THE SYSTEM OF PROFESSIONAL EDUCATION

Abstract

This article provides information on the system of professional education and the stage of training future specialists in the system of vocational education. In the educational process, future specialists are provided with methods for their effective use and further improvement of information and communication technologies. Development of information and communication technologies in accordance with the system of professional education and ways of its implementation. The goals and tasks of work with the newest information technologies, as well as the scope of application in the field of education are considered. The peculiarity of the use of new information technologies by future specialists is of particular importance in vocational training. The main purpose of forming information competence is to equip knowledge transfer, modification and application of information, the formation of their ability to use computer technology in a free, effective manner.

Keywords: Vocational education system, vocational training, ICT tools, interactive whiteboard, multimedia, internet space, electronic textbook, competence.

Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылы 10-шы қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында «Цифрлы Қазақстан» білім берудің жаңа сапасына тоқталып өтті. Елбасы жолдауда «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс.

Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеокұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет.

Жұмыс берушілерді тарту арқылы және халықаралық талаптар мен цифрлық дағдыларды ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жаңарту керек. «Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет. Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының видеосабактары мен видеолекцияларын Интернетте орналастыру керек. Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады.

Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек. Жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруы қажет. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс.» -деп қорытындылады.[1]

Кәсіптік білім беру жүйесі - бұл кәсіби және жоғарғы білім беру мекемелері, оның ғылыми және ғылыми – әдістемелік органдары және олардың басқару жүйесімен қоса жиынтығы. Кәсіптік білім беру жүйесінің құрылымы:

- Бастауыш кәсіптік білім беру;
- Орта кәсіптік білім беру;
- Жоғарғы кәсіптік білім беру;
- Жоғарғы білімнен кейінгі кәсіптік білім беру;
- Қосымша кәсіптік білім.

Бастауыш кәсіптік білім – кәсіптік мектептер мен лицейлерде негізгі жалпы білім базасында орта білім берумен бірге белгілі бір кәсіп саласы бойынша жұмысшы қызметкерлер даярлайды. Оқу мерзімі кәсіптік мектептерде – 2-3 жыл, ал кәсіптік лицейлерде – 3 жыл. Орта кәсіптік білім – колледждер мен

училищелерде білім алады. Орта білім базасында кәсіби бағдар бойынша конкурстық негізде беріледі. Оқу мерзімі 3-4 жыл. Жоғарғы кәсіптік білім беруді: университеттер, академиялар, институттар мен оларға теңестірілгендер (консерваториялар, жоғарғы мектеп, жоғарғы училище) бере алады. Жоғарғы оқу орындары жалпы орта білім беру, бастауыш және орта кәсіптік білім негізінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады. Жоғарғы білімнен кейінгі кәсіптік білім алуы үшін арнайы жоғары білікті мамандығы мен академиялық «Магистр» дәрежесі болуы керек.

Кәсіптік білім - бұл белгілі бір жүйеде кәсіп бойынша алынған білім, білік, дағды жиынтығы және оны тиісті кәсіптік ортада пайдалана білудің ережелері мен нормалар тәртібі.

Кәсіптік оқыту - бұл оқушы мен инженер-педагогтың кәсіп бойынша ғылыми-техникалық ілімді игеру мен кәсіптік білім, дағды қалыптастыруда бірлескен іс-әрекет.

Кәсіптік мектеп педагогі - бұл кәсіптік оқыту мен тәрбиелеудің негізін меңгерген, өз пәні бойынша білім, білік, дағдылық дайындығын толық меңгерген инженер-педагог[2].

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (бұдан кейін АКТ) пайдалану. АКТ - ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ - ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан - жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

«АКТ құралдары» дегеніміз – микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан - жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық - аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдарды айтамыз. АКТ - ға жататындар: ЭЕМ, дербес компьютерлер, терминалдық құралдардың жинақтары, жергілікті есептеу жүйелері, мәтіндік және графикалық ақпараттардың құрылымдары, көлемі үлкен мұрағаттық ақпараттарды сақтау құралдары, аудиовизуалдық ақпараттарды бақылайтын құралдар мен құрылымдар, машиналық графика жүйелері, программалық кешендер, жергілікті желілер, әлемдік деңгейде ақпарат алмасуын қамтамасыз ететін қазіргі кездегі байланыс құралдары.

Жаңа АКТ - ны сабақта пайдаланудың тиімділігі:

- Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;
- Ақыл - ойын дамытады;
- Шығармашылық белсендігін арттырады;
- Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;
- Тіл байлығын жетілдіреді;
- Жан - жақты ізденушілігін арттырады.

АКТ - ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс - әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан - жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ - ны пайдалану мен оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді[3].

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- Интерактивті тақта;
- Мультимедия;
- Интернет кеңістігі;
- Электронды оқулық.

«Интернет» деген термин ағылшынның «international net» деген сөзінен, аудармасында «халықаралық байланыс» деген ұғымды береді. Интернет жүйесі арқылы тіл үйренуші тіл өкілімен тура, тікелей байланысқа түсе алады, шетел тілі сабағында Интернетке қосылу арқылы шынайы қарым-қатынас үлгісін жасауға болады. Табиғи тілдік ортада тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, тіл үйренушілер айтылымдарға спонтанды түрде, түрлі тілдік формулаларды қолдана отырып, жылдам жауап беруге дағдыланады.

Интернет жүйесінің келесі ақпараттық қоры мен ресурстарын шетел тілі сабағында пайдалану бірден-бір тиімді болмақ:

- электрондық пошта (e-mail), телеконференция, видеоконференция;
- жеке ақпараттарды жарыққа шығару мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда Web
- серверге жеке шығару;
- ақпараттық каталогтар (Yahoo, InfoSeek/ UltraSmart, Galaxy) іздеу жүйесі (Alta, Vista, HotBob, Open Text), жүйе ішіндегі әңгіме(Chat).

Оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажет:

-Бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру;

-Баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту;

Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу;

Оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау). Оң мотивацияларды қалыптастыру – мұғалімнің кәсіби міндеті. Мотив оқушының танымдық қызығушылықтары, жаңа білім, іскерлік, дағдыны меңгерудегі қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Жағымды жағдай туғызу үшін оқушыны коммуникативтілікке бағыттап, сабақта оқушы іс - әрекетін ынталандыратын ерекше сабақ формаларын таңдау керек. Мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер оқушылардың жемісті және тиімді іс - әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль - сабақ, саяхат - сабақ және т. б. жатқызуға болады.

Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация

құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды флеш - карталарына салып берудің тиімділігін білеміз.

Видео - сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т. с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т. б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз.

Қорыта айтқанда, ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді[4].

Жаңа ақпараттық технологияларды кәсіптік білім беруде пайдаланудың ерекшелігі – бітіруші түлектердің біліктілігін растау емтиханын ұйымдастыру және өткізу. Дербес компьютерлерге арнайы тест бағдарламалары енгізіліп, бітіруші түлектер бітіру емтиханының тест сұрақтарына өз бетінше дайындалу мүмкіндігіне ие болды. Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзіреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. *Ақпараттық құзіреттілік* – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру. Басқаша айтқанда, бұл кеңістікке ең алғаш еніп, оны жүйелі және кәсіби бағытта енуін қамтамасыз ететін оқытушы. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс.

Кәсіптік білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру үшін :

- кәсіптік білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

- кәсіптік білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор [5].

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
2. К.Өстеміров, Н.Шәметов, И.Васильев «Кәсіптік педагогика», Алматы 2006ж, ТОО «Наз-9» ЖШС 280 бет 10,276.б.
3. Қ.Ж. Бұзаубақова. « Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру». Алматы. Жазушы 2006 86,886.б
4. Қ.Ж.Бұзаубақова « Инновациялық педагогика негіздері» Алматы «Білім» баспасы, 2009 258-264б.б
5. Ж.Ж.Қожамқұлова «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы «Қыздар университеті» баспасы, 2013ж, 215б

УДК 745.522.2021

*Аденова Л. Ж.,
старший преподаватель Института Искусств, Культуры и Спорта при Каз НПУ имени
Абая, adenova@list.
г.Алматы, Казахстан*

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ В КАЗАХСТАНЕ С УЧЕТОМ МИРОВЫХ ТЕНДЕНЦИЙ

В данной статье рассматриваются сведения об образовательных и культурных процессах в истории республики, в период становления и развития новой эпохи. Ключевые слова: инновационные; образование; культура; прогресс; трехязычие; формирование; реформа; независимость ;совершенствование.

Әлемдік тенденцияларды ескере отырып, Қазақстанда білім беру бағдарламаларын жетілдіру.
*Аденова Л.Ж. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, adenova
@ list.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада республиканың тарихында жаңа кезеңнің қалыптасуы мен дамуына инновациялық мәдени процестер туралы ақпаратты талқылайды.

Түйінді сөздер: инновациялық; білім; мәдениет; прогресс; үш тілде; қалыптастыру; қалыптастыру; реформа; тәуелсіздік, жетілдіру.

IMPROVEMENT OF EDUCATIONAL PROGRAMS IN KAZAKHSTAN, TAKING INTO ACCOUNT GLOBAL TRENDS

Adenova L.Zh. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, adenova

@ list.ru

Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, adenova@list.ru

Abstract

In given article the information on new cultural procedure in one's capacity of education, new stage in history of republic.

Keywords: innovation; education; culture; progress; trilingual; formation; formation; reform; independence, perfection.

Современный образовательный процесс характеризуется противоречивыми тенденциями. Народное образование, наука и культура получили широкое пространство для саморазвития, свободы от идеологических стереотипов. Это позволило преодолеть схематизм и однообразие во всех структурных элементах и звеньях духовной и культурной жизни. Начали функционировать колледжи, гимназии, лицеи и многие другие частные школы. Стали издаваться новые учебные пособия, как в средних образовательных школах, так и в высших учебных заведениях. Улучшение экономической ситуации в стране в начале нового столетия в целом позитивно отразилось на системе образования. Возобновилось строительство новых учебных заведений. Стали выделяться средства на укрепление материально-технической базы организаций образования.

Целью системы образования является создание эффективно функционирующей национальной модели образования, обеспечивающей качество образования, которое удовлетворяет потребности общества в высококвалифицированных кадрах. Для достижения поставленной цели необходимо решить следующие задачи: приоритетность сферы образования в инвестиционной политике и стратегии государства, привлечение сектора реальной экономики для укрепления и развития материально-технической инфраструктуры организаций образования;

повышение качества воспитания и обучения;

развитие научно-инновационной среды, внедрение новых информационных технологий;

создание единой национальной системы оценки качества всех уровней образования;

совершенствование системы управления образованием, развитие государственно-общественного управления образованием; интеграция национальной системы образования в мировое образовательное пространство. [3.72с.]

Ведущие учебные заведения Казахский государственный университет им. Аль-Фараби, Казахский Национальный Педагогический Университет им. Абая., Казахский политехнический университет и многие другие - открылись новые факультеты, университеты, академии, необходимые для подготовки новых кадров специалистов в связи с инновационными технологиями, внедряющихся с каждым днем для продвижения в будущее. Которые способны взять на себя ответственную задачу по осуществлению независимой внутренней и внешней политики Республики Казахстан. Принимают

студентов Международный Казахско- турецкий университет им.Х.А. Ясави в Туркестане, Институт культуры в Уральске и многие другие высшие учебные заведения.

Расширились связи системы международного образования. Казахстанские ученики, студенты и магистранты продолжают обучение за рубежом. Соответствуют новым уровням и требованиям - структура и тематика научных поисков Национальной академии наук Республики Казахстан. Организованы новые научно-исследовательские институты, как институт археологии им. А.Х. Маргулана, институты космических исследований, механики, и машиноведения, проблем информатики и управления, физико-технический и др. Также расширяется сеть отраслевых академии наук. Работают инженерная и сельскохозяйственная академии Республики Казахстан. Для присуждения ученых степеней и присвоения и присвоения ученых званий, контроля качества диссертационных работ была создана высшая аттестационная комиссия Республики[1.37с.].

Большую актуальность приобрела проблема возрождения казахского языка. Согласно закону о языках и Конституции Республики Казахстан казахский язык объявлен государственным языком. Осуществляется целый комплекс мер по переводу делопроизводства на казахский язык. Значительно повышается роль государственного языка в работе средств массовой информации, увеличились казахские школы, казахские детские сады и т.д., так же в образование внедрилось триединство языков – это один из важных факторов общественного согласия. Для современного казахстанца владение тремя языками – условие собственного благополучия. Многообразие культур и языков, как и их равное сосуществование, является главным достоянием Казахстана, при этом эффективность трехязычия возможна только при условии общепринятой идеологической основы: казахский язык – это государственный язык, русский язык – язык межнационального общения, английский язык – ключ к мировым знаниям, признак успешного человека.

Крупным событием в культурной жизни республики стал Всемирный конгресс казахов, впервые собравший со всех концов планеты известных писателей и поэтов, художников и политологов, ученых и бизнесменов и других соотечественников.

Начался новый этап в истории республики. С обретением независимости Казахстан вышел на международную арену в качестве суверенного государства. 3 марта 1992г. Республика Казахстан вступила в Организацию Объединенных Наций, стала членом Международного валютного фонда, Международного банка реконструкции и развития. Всемирного банка, международной ассоциации развития, многостороннего агентства гарантий инвестиций, Всемирной организации здравоохранения и целого ряда других организации. Свыше ста стран признали наше государство, с многими из них установлены дипломатические отношения на уровне посольств и представительств. Возрождается культура и традиции народов Казахстана, растет национальное самосознание. Консолидируется казахская нация, казахский язык стал государственным, возвращаются из небытия имена лучших представителей казахского народа, восстанавливается история, созданы условия для расцвета национальной культуры, приняты законы о миграции и гражданстве. В условиях экономического кризиса в Казахстане взят курс на реализацию собственной модели экономических преобразований и перехода к рынку, исходящий из наличия богатейших запасов природных ресурсов, необходимости формирования альтернативных форм собственности регионов и субъектов хозяйственной деятельности, конверсии оборонного комплекса и более рационального использования научно-технического и производственного потенциала. Активно развивается вне государственный сектор экономики Республики Казахстан [2.78с].

Во внешнеэкономической политики широко используются иностранный капитал, техника и технологии. Экспортно-импортные операции проводятся в основном через республиканские

внешнеэкономические структуры и развивается тенденция к переориентации республиканского экспорта в развитые капиталистические страны.

Рыночные реформы проходят болезненно, в условиях глобального кризиса обостренной социально-экономической обстановки. Но не смотря на трудности, общенациональное согласие казахстанцев дает надежду на лучшее будущее, отраженное в новом государственном флаге Республики Казахстан, где сине-голубой фон отражает единение и безоблачное небо, мир и благополучие, золотое солнце- покой и богатство, степной орел- щедрость и зоркость, высоту помыслов, верх шанырақ- символизирует отчий дом.

Начало 90х годов стало временем важнейших исторических перемен, что связано с утверждением независимости и суверенитета республики. Идет формирование нового духовного и культурного пространства, в котором идея самоутверждения народа, возрождение его национального корня является важнейшей задачей. 28 января 1993год Верховный Совет республики принял первую Конституцию Независимого Казахстана, служащую фундаментом создания правового государства, гарантом становления ее государственности, обеспечения независимости, успешного продвижения по пути экономического, культурного и научно-технического прогресса [2.132с].

Согласно Конституции, Республика Казахстан демократическое и унитарное государство, обеспечивающее равные права всем своим гражданам. Подчеркивается целостность, неделимость и неприкосновенность ее территорий. Республика Казахстан высшей ценностью признает человека, его жизнь, свободу и независимость, неотъемлемые права и осуществляет свою деятельность в интересах гражданина и общества.

Использованная литература

1. Государственная программа «Образование». - Алматы, 2000.
2. Ж.К. Таймагомбетов, К.М. Байпаков, Ж.М. Асылбекова, А.Б. Галиев, Т.А. Мансуров . История Казахстана. Очерк., - Алматы ,1993. -197 С.
- 3.Закон Республики Казахстан. «Об образовании». - Алматы, 1995.[2.132с].
4. Конституция Республики Казахстан. - Алматы, 1995. [2.78с].
5. Коцепция этнокультурного образования Республики Казахстан. «Казахстанская правда». – № 7. – 1996.
- 6.Концепция развития системы развития образования республики Казахстан (Проект) <https://pandia.ru/text/78/041/18263.php>
- 7.Государственная программа «Образование». Алматы, 2000. [3.72с.]

УДК 74.01/09

МРНТИ 14.35.07

ЛИНОГРАВЮРА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ҮЙРЕТУ

Б.Т. Найманов - Абай атындағы ҚазҰПУ, «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа

Мақалада графикалық техникалардың бірі линогравюра техникасына үйрету барысындағы шығармашылық ұстанымдар туралы сұрақтар қарастырылады.

ОБУЧЕНИЕ К ТВОРЧЕСКОЙ ЛИНОГРАВИОРЕ

Б.Т. Найманов – *КазНПУ имени Абая, старший преподаватель кафедры «Дизайн»*

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы о процессе творческой позиции одной из графических техник и обучение технике линогравюра.

LEARNING TO CREATIVE LINOCUT

B.T.Naimanov – *Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Senior Lecturer of the Department "Design"*

Abstract

In the article questions are examined about the process of creative position of one of graphic techniques and educating to the technique линогравюра.

Суретшінің қағаз бетінде орындаған суреті бір дана және қайталанбас болып келеді. Барлық автор жасаған қайта көшіру жұмыстары бірінші істеген туындының көшірмесі ретінде қалады.

Ал бірақ материалда орындалған графикалық бейнеден бірнеше басылым алуға болатын мүмкіндігіне қарап оның әрбір алынған басылым жұмысы түпнұсқа болынып есептелінеді. Бұл эстамп және гравюра.

Гравюра деп бетіне сурет ойып салынған тақта да, сондай-ақ одан алынған басылымды да атайды. Гравирлеу өнеріндегі гравюра ойып кесілген материалды «тақта» деп түсінеді. Метал бетінде орындалатын гравюра, ағашқа жасалатын гравюра, линолеум бетінде орындалатын гравюра сияқты тағы да басқадай гравюраның бірнеше түрі болады.

Орындалатын гравюраларды дөңес және терең деп екі түрге бөледі. Дөңес гравюрада суреттің өзі жоғары бетте бедер түрінде қалады да болашақта ақ орын болып қалатын жерлердің барлығы кескіш құралдар көмегімен тереңдетіліп ойып алынып тасталады. Тереңдетілген гравюрада керісінше, тақтаның негізгі жазық беті болашақ ақ орындарға сәйкес келеді, ал суреттің өзі орлар түрінде кесіліп, олардан суреттің басылымын алатын кезінде бояуға толтырылады. Дөңес формаларды басу жоғарғы басылым, ал тереңдетілген формаларды басу терең басылым деп аталады. Ағаш немесе темірге гравюра істегендей жұмыс жағына қарағанда өте ыңғайлы линолеум бетінде де гравюра жасалады. Гравюраның мұндай түрі линогравюра деп аталады. Графикалық техника ретінде линогравюра өзінің ерекше сапасы, эстамптың басқа түрлеріне қарағанда ашық көркем тілінің мәнерлілігіне байланысты суретшілер назарын өзіне кең аударды. жұмысты басқа техникаларға қарағанда өте үлкен көлемде орындауға болатыны және басылымдар санын көп алу мүмкіндігі оның басты қасиеттерінің бірі болып табылады. Кейінгі кездері бейнелеу өнеріне үйрететін оқу орындарында линолеум бетінде гравюра жасау өнеріне үйрету кеңінен қолданылуда. Линолеум бетінде гравюра жасауға үйретудегі әдістеменің басты ерекшеліктерінің бірі деп студент шығармашылығын дамытуға үлкен ықпал етуі және де оны өзара басқа пәндермен байланыстыра отырып барлығын бірге шығармашылық қатынаста жұмыс орындауға мүмкіндіктің болғаны.

Гравюраның көркемдік жағынан ұйымдастырылуы ондағы штрих сызықтардың бір бірімен үйлесімділігі, ақ және қара түстердің белгілі бір тепе теңдікте тұруы, осының барлығы гравюраға үйрету барысында үнемі талап етіп қойылатын талаптар. Линогравюраға үйрету әрқашан оқу тапсырмаларына шығармашылық тұрғыдан қарауды қажет етеді. Гравюра жұмысын бастамас бұрын даярлық суретті алдын ала толығымен аяқтап линолеум бетіне толығымен түсіріп алады. Ол сипаты жағынан болашақ

гравюранан алынатын басылымға жақын болуы үшін мұны қаламұш және қылқалам арқылы тушыпен жасау керек. Гравюра жасауға арналған суреттің дұрыс орындалғаны және оның композициялық шешімінің дәл табылуы, оған алдын ала қойылатын нұсқаулар. Гравирлеу кезінде жіберілген қателіктерді түзету гравюрада қандай да бір дәрежеде мұны жасауға болады десек те бұл жұмыс өте күрделі болып келеді. Гравирлеу жұмысы өзіне көп көңіл бөлуді, шыдамдылықты және кезең кезеңдермен келетін жұмыстарды орындауды талап етеді. Қандай да болмасын гравюраның негізі ол дәлме дәл анық орындалған сурет. Салынған суреттің дұрыс болуы және оның қосымша толықтырулары, керек болған жағдайда түстік жағынан өзгеріс енгізу, осының барлығы линолеум кесу жұмыстарын бастағанға дейін өз шешімін табуы тиіс. Линолеум бетінде гравюра жасауды жұмыстың ең жауапты негізгі деген жерлерінен бастаса өте ыңғайлы болады. Бастапқыда өте жіңішке сызықтарды жүргізуден бастап, кейініректе қажет емес деген жерлердің барлығын үлкен кескіш құралдар көмегімен алып тастап отыра берген жақсы. Линогравюра үйрену барысында болашақ суретшінің жеке дербес түрде дамуына, шығармашылығының шыңдалуына және өзінің айтар ішкі ойын сурет тілімен жеткізетін үлкен мүмкіндікке ие болады. Линогравюрада шығармашылық дамытудағы маңызды шарт жұмысқа деген дағды мен шеберлікті қалыптастыру. Бейнеленетін нұсқаны гравюраға бағыттай отырып негізгі тондарын ажыратып алу, кесуге арналған линолеумді алдын ала тегістеу, қатты картон бетіне желімдеу сияқты жұмыстардың барлығын өте мұқият түрде орындалуы қажет. Студенттерді гравюра жұмысына үйретудегі композициялық ізденістер олардың бойында оқу тапсырмаларды орындау барысында шығармашылық жұмыстар жасауға ой туғызады. Студент шығармашылығын қалыптастыруда олардың айналасындағы дүние жөніндегі түсініктерін тану қабілеттерін дамытпай тұрып іске асыру мүмкін емес. Гравюра жұмысының әдістемесі гравюра жасаған сайын сан қырынан дамып отырады. Әрбір суретшінің жеке дербес көзқарасының қалыптасуы мен жұмыс орындау өзіндік стилі шығады. Жалпы шығармашылық дегеніміздің өзін осы әрбір адамның жұмыс барысындағы жеке дара ерекше мүмкіндігінің бастауы деп ойлаймын. Ал суретшінің шығармашылығы ол оның жұмысқа бар ынтасымен кірісіп кетуінен, оның жұмыстарының композициялық шешімдері жаңаша туындылар болып шығуынан, орындалу техникасына байланысты әрдайым ізденістері, өзінің білімі мен дағдыларының жетілуінен байқалатын сияқты. Адамның шығармашылық әрекеті ол объективті әлем заңдылықтарын меңгеруіне иық сүйейді. Қашан да суретші орындайтын жұмыс мәнерлі және сенімді болуы үшін ол нұсқадан қажет нәрсені көріп, алдын ала шығармадағы ең басты нәрсені не екенін таба білуі керек. Жұмыстың жақсы шығып көркем образдың біртіндеп қалыптасуы ол өте байыптылықтан әрбір затты терең қабылдап оларды туғызуда көп білімділікті талап етуден басталады. Гравирлеу жұмысындағы шығармашылық мүмкіндіктерді дамытудағы шешуші қызыметі жұмысты жүргізу және реттеу тәртібіне де көп байланысты болады. Осы тұста айтылатыны әдістеме ең маңызды болып табылатынында. Үйретудің барлық құндылығы осы әдістеме және жұмысты орындау ыңғайына тәуелді болады. Өте жақсы қойылған әдістеме негізінде жұмыс орындаған онша ынталы емес студенттің өзі көп іс тындыруы мүмкін. Ал нашар әдістеме негізінде өте дарынды емес студенттің өзі бостан бос жұмыс істеп, белгіленген межеге жетуі екіталай болады. Егер студентте дұрыс бағыт болмаса, ол жұмыстың дұрыс әдістерін меңгермеген болса, ондай жағдайда ол өзінің мүмкіндіктерін дамытуы және де болашақ шығармашылық мүмкіндіктерге де ие бола алмайды. Адамның шығармашылық мүмкіндіктерін ашып дамыту ол ең алдымен оны еңбекке шығармашылық тұрғыдан қарауға тәрбиелеу. Сондықтан еңбек танымдық әрекет қалыптастырудың бастамасы, алдыға қойылған мәселеге жекеше қатынас жасау тұрғысынан байқалады. Еңбекке шығармашылық көзқарас – бұл бірден өзінің жұмысын сүюге тәрбиелеу, оның ерекшеліктерін білуге ұмтылу және өз күшінің мүмкіндіктерін біліп табысқа жету. Еңбекке шығармашылық көзқарас

процесінде тұрақтылық мақсатқа жету және жұмысты орындау әдістемесін және ыңғайын таңдай білу сияқты бағалы қасиеттер өздігінен шығады.

Қорыта келгенде, осы жоғарыда айтылған сапа болмай шығармашылық тұрғыдағы орындалған линогравюралық жұмыстар бола қоймас. Студенттер бұрын алған білімін, жұмыс істеу дағдыларын жаңа тапсырма орындаған кездерінде қолданып және оны әрірек дамыта отырып басқадай да жолдармен іздене білсе, онда шығармашылықтың жүруі деп айтуға болады. Жеке жұмыстарымен шығармашылық әрекет жасауға кірісіп өздерінің ойларын іске асырғысы келетін студенттер әр кездері де теориялық жағынан да және тәжірибелік орындаушылық тұрғысынан да білімдерін жетілдіріп отырулары қажеттілік болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Шипанов А.С. «Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілерге» - Алматы, 1989ж.-116-118 бет.

УДК 37.036

МРНТИ 14.35.07

Қ.О. Жеделов¹ А.Қ. Әбдіразақ²

*¹п.ғ.д., профессор, «Көркем білім» кафедрасының меңгерушісі
Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан*

*²«6М010700 – Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 2-курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан*

КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДЕ АРТ-ПЕДАГОГИКА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада заманауи кезеңдегі педагогикалық кадрларды даярлау үрдісінде қойылып отырған талаптардың өзгерістеріне байланысты жаңа педагогикалық технологиялардың қатарына жататын білім берудің жаңа саласы арт-педагогикаға талдау жасалынып, ерекшелігі мен мазмұны жан-жақты теориялық тұрғыда қарастырылған. Арт-педагогиканың пайда болу тарихы мен дамуына қысқаша шолу жасалынып, қазіргі заманауи шетелдік ғалымдардың арт-педагогика мәселесіне қатысты көзқарастары мен ойлары талданған.

Көркем білім беру үрдісі мен арт-педагогиканың байланысы зерттеліп, арт-педагогика технологиясын қолданылу мүмкіндіктері, көркемдік білім беру жүйесінде жаңадан еніп келе жатқандығы қарастырылады. Арт-педагогика жаңа педагогикалық технология ретінде интербелсенді әдістердің қатарына кіріп, өзін-өзі тану, шығармашылықпен ойлау және т.б. қабілеттерді дамытуға әсер ететіндігі сипатталады. Білім алушылардың шығармашылығында креативтілік қабілетін арт-педагогика

технологиясын қолдану арқылы қалыптастыру ерекшелігі мен оларға педагогикалық-психологиялық тәрбие беру мәселелері көрсетіледі.

Түйін сөздер: арт-педагогика, арт-технологиялар, көркем білім, заманауи білім, педагогикалық технология, интербелсенді әдіс.

Қ.О. Жеделов¹ А.Қ. Әбдіразақ²

*¹д.п.н., профессор, заведующий кафедрой «Художественное образование»
КазНПУ им. Абая, Институт Искусств, культуры и спорта
г. Алматы, Казахстан,*

*²магистрант 2-курса специальности «6M010700 – Изобразительное искусство и черчение», КазНПУ
им. Абая, Институт Искусств, культуры и спорта,
г. Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ АРТ-ПЕДАГОГИКИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

В данной статье рассмотрены особенности и содержание арт-педагогической технологии в современном образовании с теоретической стороны как относящиеся к новым педагогическим технологиям и изучен термин «арт-педагогика». А также сделан краткий обзор на историю возникновения арт-педагогика и проанализированы современные взгляды и позиции зарубежных ученых.

В работе также показаны возможности использования арт педагогика и особенности развития и воспитания учащихся. Представлены рассмотрения внедрения в образовательное пространство арт-педагогика как новый вид педагогической технологии и изучены связь с художественного образованием. Арт-педагогика являясь новой педагогической технологии как интерактивный метод развивает самопознание, способствуют развитию эмоционального интеллекта и творческого мышления.

Ключевые слова: арт-педагогика, арт-технологии, художественное образование, современное образование, педагогическая технология, интерактивный метод.

K.O.Zhedelov ¹A.K. Abdirazak²

*¹Doctor of Pedagogical sciences, professor, head of «Art education» department
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

*²the 2-year master of the specialty «6M010700 – Fine arts and drawing»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

SPECIFICS OF APPLICATION ART-PEDAGOGY TECHNOLOGY IN ART EDUCATION

Abstract

This article reviewed features and content of art pedagogical technology in modern education from the theoretical side as related to new pedagogical technologies and studied the term art pedagogy. And also made brief overview of the history of art pedagogy and analyzed modern views and positions of foreign scientists.

The article also shows the possibilities of using pedagogy and features of the development and education of students. Presentation of the introduction into the educational space of pedagogy as a new type of educational technology and studied the relationship with art education. Art-pedagogy being a new pedagogical technology as an interactive method develops self-knowledge, contribute to the development of emotional intelligence and creative thinking.

Key words: art-pedagogy, art-technology, art education, modern education, pedagogical technology, interactive method.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Сондықтан жастардың біліктілігін, шығармашылығын, білім деңгейін көтеру, ойлауы терең адамзатты тәрбиелеу, өзін-өзі тану сияқты өзекті мәселелерді шешу үшін педагогикалық, психологиялық әрекетін ұйымдастыруда көркемдік өнер саласында заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың маңызы зор.

2018 жылдың 10 қаңтарында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының негізгі мазмұны жаңа заманға лайықты даму бағытында әлем елдерінің көшінен қалмай, ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін адами капитал – жаңғыру негізі екендігін атаған. [1] Ал «Қазақстан-2050 Стратегиясы» атты жолдауында «Біз оқыту әдістемелерін жаңғыртып, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз» - деп атап көрсеткен. [2]

Олай болса білім беру жүйесіне жаңаша қарап, оқушылардың білім, білік, дағдысын ғана емес танымдық, интеллектуалдық, креативтілік, өзін-өзі тану жағынан дамуы үшін жағдай жасау Қазақстандағы білім беру жүйесінде маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Осыған орай, көркемдік өнерде де бүгінгі оқушылардың шығармашылығын заманауи мүддеге сәйкестендіру көкейкесті мәселенің өткірлігін көрсетеді.

Ғылым мен техниканың жедел дамығанын, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту, бүгінгі көркемдік білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару әрбір оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтанда әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияларды қолдану көркемдік өнерден білім беретін болашақ оқытушыларға үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, жаңа қоғамда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын мекемелерге арналған мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу процесін ұйымдастыру жаңа иновациялық педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Заманауи педагогика интегративтік үдерістермен сипатталады, бұл бір-бірімен тез ауысатын, шекараларында біріккен білім салаларының пайда болуына әкелді. Бұған педагогика, психология,

көркемдік өнер және арт-терапия қиылысында қалыптасқан эмоционалдық және әлеуметтік ақыл-ойдың құзыреттігіне ие болашақ ұрпақтың қасиеттерін дамытуда «арт-педагогика» жатады.

Ресей мемлекетінің балаларға білім беру мен тәрбиелеу процесінде көркемдік өнер әлеуетін пайдалану туралы жинақталған практикалық материалдарын талдау бізге арт-педагогиканың ғылым ретінде енді ғана қалыптасып келе жатқандығын және бұл білім әртүрлі мағанада сипатталып келеді деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда ғылыми педагогикалық зерттеудің жетіспеуі мен ғылыми-әдістемелік жарияланымдардың аздығы осы терминді мазмұнды түрде түсіндіруге және заңды тұжырымдарды қалыптастыруға қажеттілік тудырады.

«Арт-педагогика» терминдік сөзі синтетикалық жолмен қалыптасқан екі сөздің бірігуі болып табылады: біріншісі «Арт» (ағылшын тілінен аударғанда «Art» - өнер, шеберлік, қолөнер, дегенді білдіреді); екіншісі «Педагогика» (гректің «paidagogas» - «баланы жетектеуші» сөзінен шыққан) - білім беру, даму және тәрбие беру дегенді білдіреді; Железовская Г.И. мен Еремина С.В. осы екі терминологияны біріктіргенде, «арт-педагогика – тұтастай өзінің компоненттерінің мағынасын тура білдірмейтін, бірақ осы мағыналардан ауқымы кең болып табылатын жаңа субъект пайда болады» - деп есептейді. [3]

В.И. Скворцова, Д.С. Лотте, Г.И. Железовская және т.б. ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда «арт-педагогика өнерді үйрету педагогикасы», яғни көркемдік өнер арқылы білім беру, тәрбиелеу, дамыту деп түсіндіріледі.

Г.Рид деген ғалымның зерттеулерінде «Education through Art» (аудармасы - «Өнер арқылы білім беру») өнер арқылы білім берудің негізін қалаушылардың бірі болып саналатынын, зерттеуде осы термин сөзінің мәнінде ерекше артықшылық бар екенін дәлелдегенін көруге болады. Оның тұжырымдамасында зерттеуші «өнер» мен «педагогика» ұғымдарын біріктіріп жалпы қабылданған білім беру үдерістері арқылы өнер кеңістігіне конструктивті түрде бала мен ересектертердің саналы бірлестігіне ауысуы деп қарастырады. Бұл тұжырымдамада «тәрбиені берудегі барлық авторитаризмді болдырмайды, өнердегі білім емес, тәрбиедегі өнердің де орны емес, өнер арқылы гуманистік білім мен тәрбие беру жолы деген [4]. Сонымен, Г. Рид өнерді тәрбиелеудің рөліне қойып, кешенді білімнің жалғыз тәсілі деп белгіледі.

Ресей ғылымында «арт-педагогика» термині жақында пайда болды - 1997 жылы Ю.С. Шевченко мен Л.В. Крепица «Балалар мен жасөспірімдермен жұмыс жасаудағы арт-терапия принциптері мен арт-педагогиканың негіздері» атты ғылыми-әдістемелік нұсқау құралы жарық көрді. [5] Алайда, «арт педагогика» терминінің ең қарқынды таралуы кейінірек 2001 жылы - «Арнайы білім берудегі арт-педагогика және арт-терапия» оқулығынан кейін орын алды. [6]

Соңғы жылдары бұл арт-педагогика (және оның синтаксистік нұсқасы «арт-педагогика» дефис арқылы жазылған) орыс педагогикасы мен психологиясының тұжырымдамалық-категориялық аппаратына жиі енгізілуде. Алайда педагогикалық сөздіктерде және оқулықтарда оның бекітілген мағынасының жоқтығы, сонымен қатар тәжірибеде аз кездесуі, арт-педагогикалық семантикалық нюанстарының алуан түріне және арт-педагогиканың функционалдық шекараларының анық болмауы ықпал етеді.

Мысал ретінде, біз бірнеше анықтамаларды ұсынамыз:

- арт-педагогика - «жасөспірімдерді әлеуметтік қалыптастыру мен дамытудың педагогикалық процесін қамтамасыз ететін екі қызмет саласының (педагогика және өнер) синтезі» [7];
- «Педагогикалық мақсаттарға жету үшін көркемдік және шығармашылық белсенділік әдістерінің жиынтығы» [8];
- «Мәдени-құндылықты бағдарлау және оның жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуында өнердің көмегімен дамытудағы проблемаларымен субъективті бағдарлау» [9];

- «Балалардың шығармашылық белсенділігінің тұрақты ұйымдастырылған түрлерінің (көркемдік қабылдау, жеке және бірлескен көркем шығармашылық, суреттермен бірлескен жұмыстар, көркем педагогикалық ойындар) интеграциялық әсер ету арқылы жалпы білім беру әсерін беретін педагогикалық технология» және т.б.

Арт-педагогиканың жоғарыда айтылған түсіндірмесі «арт-педагогика» ұғымы бірнеше мағыналары бар және бір-біріне қарама-қайшылықты деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл құбылыс нашар дамыған концептуалды аппарат пен теориялық және әдіснамалық негізге байланысты.

Ал енді біз арт-педагогика бойынша көркемдікті оқыту үрдісі педагогикалық технологиялармен тікелей байланысы бар деп есептейміз. Барлық жаңа педагогикалық технологиялардың мақсаты білім беру сапасын арттыру, білім алушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру, пәнді оқытуда білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін басқарып, олардың өз бетінше ізденуін арттырып шығармашылығын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Сондықтан арт-педагогика технологиясын қолдану деп біз кез келген білім беру саласында белгілі бір әдістерді пайдалана отырып шығармашылық қабілеттерді дамытумен қатар білім мен тәрбие беруді көздейміз.

Артпедагогика технологиясының мақсаты педагогикалық технологиялардың мақсатымен сәйкес келеді, демек біз оны пән ретінде пайдалануымызға мүмкіндігіміз бар. Біріншіден біз оны көркем біліммен байланыстыра отырып қолдануды жөн көрдік, себебі көркем білім беру шығармашылық қабілеттерді дамытудың көзі. Біз арт-педагогиканы шығармашылық ортада қолдану арқылы шығармашылықпен ойлау қабілетін тезірек дамытуға болады деген тұжырым жасаймыз.

Жалпы арт-педагогика - педагогикалық ғылымның тәуелсіз саласы болып, адамдарды тәрбиелеу және дамыту заңдарын өнер арқылы жүзеге асыруды зерттейтін сала. Арт-педагогика жалпы педагогикамен бірдей мақсаттарға ие - балаға өзін түсінуге және өзімен үйлесімде өмір сүруге көмектесу, басқа адамдармен бірге өмір сүруге үйрету, қоршаған әлемді тануға үйрету, яғни оның әлеуметтенуі мен өзін-өзі жүзеге асыруында тұлғалық қасиеттерін дамытуға көмектесу. Арт-педагогиканың ерекшелігі - ол өнер және көркем шығармашылық белсенділіктерімен жұмыс істейді, ол дамытушы және тәрбиелейтін әлеуетке ие. Арт-педагогиканың міндеттері мен функциялары қазіргі көркемдік білім беру бағдарламасынан айтарлықтай ерекшеленеді, оның мақсаты баланы сурет салу, ән айтуға үйрету емес шығармашылықпен ойлау қабілетін дамыту, өзін-өзі білу, өзін-өзі тану, қарым-қатынас дағдыларын меңгеру қабілетін дамыту. Арт-педагогика білім алушылардың қиялын, көңіл-күйін, шығармашылық ой-өрісін, өз сезімдерін және көңіл-күйін еркін білдіру қабілетін дамытуға, топпен жұмыс істеуге көмектеседі.

Арт-педагогика бағыты түрлі білім беру мәселелерін шешеді:

- білім алушылар мен мұғалімнің оқу үрдісін жеңілдетеді;
- оқытушының және оқушының шығармашылық және рухани тәжірибесін қолдау арқылы оқу материалын оқуға мүмкіндік береді;
- тәрбиешілер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға көмектеседі, диалог үшін ең қолайлы жағдайлар жасайды;
- адамның этикалық, эстетикалық, эмоционалдық салаларында оқу үрдісінде әрекет ететін адамның тұтастығын сақтауға ықпал етеді;
- адамның қоғамға бейімделуіне және басқалармен қарым-қатынас жасауға ықпал етеді.

Арт-педагогиканың нақты мақсаттары: адамның рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту процесінде этикалық және эстетикалық иммунитетті қалыптастыру.

Қазіргі заманғы арт-педагогика адами іс-әрекеттің екі саласында: ғылым мен тәжірибеде жүзеге асырылып философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ғылыми жұмыстар жазылуда.

Айтар болсақ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Өнер, мәдениет және спорт» институтының «6D010700- Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының докторантурасында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ мұғалімнің шығармашылық көркем бейнелеу іс-әрекетін арт-педагогика арқылы даярлығын қалыптастыру» атты ғылыми жұмыс даярланып қорғалды [10];

Арт-педагогикалық ғылымның нысаны - өнер саласы арқылы білім беру, тұлғаны тәрбиелеу, дамыту, түзету болып табылады. Арт-педагогикалық ғылымның пәні – өнер арқылы білім беру үдерісінің заңдылықтарын қарастырады. Арт-педагогикалық практиканың мақсаты - өнермен толықтырылу кезінде қатысушылардың педагогикалық үрдіске нақты араласуы. Арт-педагогикалық тәжірибе пәні - оқу үрдісіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық іс-әрекеті арқылы этикалық және эстетикалық иммунитеттің пайда болуы.

Қорытындылай келгенде, арт-педагогика технологиясын оқыту үрдісінде педагогикалық әдіс ретінде қолдану білім берушіге де, білім алушыға да жағымды үрдіс. Себебі, ол білім берушіге білім алушының қабілеті мен білімін жетілдіруге, оны түсінуге көмектеседі. Білім беруші мен білім алушы арасындағы қарым-қатынаста жайлы психологиялық қатынас қалыптасады. Арт-педагогика білім берушінің жаңа әдістер мен тәсілдерді іздеуге ынтасын оятады. Бұл көптеген білім берушілерге кәсіби шығармашылық қабілеттерін көрсетуге үлкен мүмкіндіктер береді.

Отандық және шет елдік арт-педагогика жөніндегі теориялық-әдістемелік материалдарға терең талдау жасау арқылы, оқытудың интербелсенді режимінде арт-педагогика элементтерін қолдану жеке тұлғаны дамытудың тиімді жолдары мен шараларын жасаудың алғы шарты болып табылатынын, педагогикалық-түзету бағытында арт-педагогика ауытқулары бар білім алушыларды дамытуда ерекше маңызды рөл атқаратындығын, сонымен қатар, оқып, білім алушылардың шығармашылықпен ойлау қабілетін дамытуда негізгі рөлі бар екендігіне көруге болады.

Арт-педагогика – бұл педагогикалық технология немесе педагогиканың арнайы бағыты, оқыту технологиясы ретінде білім беру тәжірибесінде белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге ие болуымен ерекшеленеді.

Баланың шығармашылық көркем бейнелеу іс-әрекетіне арт-педагогиканың көмегімен қалыптасу үдерісінің тұжырымдамалық үлгісі бойынша, баланың визуалды шығармашылықпен айналысуға дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқытудың негізгі құралы – педагогикалық технология ал, педагогикалық технология пәні ретінде қамтылатын екінші бағыт ол арт-педагогика болып табылады.

Біздің ойымызша, арт-педагогика пәні бойынша ұйымдастырылған оқыту үрдісі ол балаларға көркем бейнелерді оқыту әдістемесінің техникасы мен технологиясын, көркемдік тілін барынша шығармашылық түрде меңгеруге мүмкіндік беретін оқу пәні. Сонымен қатар арт-педагогика арқылы көркемдік өнерді тануы, сонымен қатар тұлғаның шығармашылықпен өзін-өзі тануының тиімді әдісі болып табылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, www.akorda.kz, 10 қаңтар 2018 ж.*

2. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Ақиқат. – 2013. – №1. – Б.5-27.
3. Железовская Г.И., Еремина С.В. Принципы формирования дидактических терминов// Педагогика. 1999 г. №5.
4. Искусство и дети: Эстетическое воспитание за рубежом. /Под ред.В.Шестакова, М.: Искусство,1969 г.
5. Шевченко Ю.С.,КрепицаА.В. Принципы арттерапии и артпедагогике работе с детьми и подростками: метод. пособие. Балашов, 1998 г. – 56 с.
6. Е.А. Медведева, И.Ю. Левченко, Л.Н. Комиссарова,Т.А. Добровольская Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании //М.: Изд.Центр «Академия», 2001 г. – 248 с.
7. Валева Ж. С. Социализация личности подростка средствами артпедагогике в условиях культурно-досуговой деятельности общеобразовательного учреждения: дис. ... канд. пед. наук. Барнаул. 2007 г.
8. Старикова С.В. Развитие профессиональной компетентности будущего социального педагога средствами арт -технологии: дис. ... канд. пед. наук. М., 2008 г.
9. МедведеваЕ.А. Социокультурное становление личности ребенка с проблемами психического развития средствами искусства в образовательном пространстве: дис. ... д-ра псих. наук. Нижний Новгород. 2
10. Небесаева Ж.О. философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ мұғалімнің шығармашылық көркем бейнелеу іс-әрекетін арт-педагогикасы арқылы даярлығын қалыптастыру» дис. философия докторы (PhD). Абай ат. ҚазҰпу. Алматы.2017ж. – 179 б.

II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ

РАЗДЕЛ II. МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

УДК 373.1.02.
МРНТИ 14.25.05

Ж.Р.Жармаганбетова¹

*¹ аға оқытушы, магистр, Б.І.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Арқалық қ., Қазақстан*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың музыкалық талғамын қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылып, көркемдік талғам жөнінде зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдарына сипаттама жасалып, музыка сабағының оқушылардың талғамын дамытудағы маңызы жазылған.

Сонымен қатар музыкалық іс-әрекеттерді ұйымдастыруда оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктерін анықтау жолдарына тоқталып, музыка сабағын шығармашылықпен өткізудің оқушылардың талғамын қалыптастыруда қаншалықты орын алатынын мысалдармен ашып көрсеткен.

Талғамның қалыптасуында музыка жанрлары, стильдері, композиторлар шығармашылығы туралы білім, музыкалық танымның кеңеюі, талғамды тәрбиелеудің негізгі жолы ретінде қарастырылып, хормен ән айту, музыка тыңдау, ән салу, музыкалық сауат секілді бөлімдері оқушылардың талғамын дамытуда қаншалықты орын алатыны жөнінде айтылған.

Оқушылардың музыкалық талғамын қалыптастыруда педагог-музыканттың кәсіби деңгейінің жоғары болуының маңызын ашып көрсеткен.

Түйін сөздер: Музыкалық талғам, ұлттық тәрбие, музыка өнері, музыканы қабылдау, музыкалық тіл, қабілет, музыкалық жанрлар.

Ж.Р.Жармаганбетова¹

*¹ старший преподаватель, магистр, Аркалыкский государственный педагогический институт
имени И.Алтынсарина. г.Аркалык, Казахстан*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ МУЗЫКАЛЬНОГО ВКУСА ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В статье всесторонне рассмотрены педагогические особенности формирования музыкальных потребностей школьников, проанализированы мнения и выводы, мысли ученых, проводивших исследования художественного вкуса, упомянуто значение урока музыки в развитии вкуса учащихся.

А также рассмотрены пути выявления психологических и возрастных особенностей учащихся в организации музыкальных действий, на примерах показано влияние урока творческого характера в формировании вкуса учащихся.

Предпочтительными в становлении вкуса являются музыка, ее жанры, виды, стили, знания о творчестве композиторов, Развитие познаний в музыке рассматривается в качестве основного пути в определении вкуса, и то, что хоровое пение и прослушивание музыки, музыкальная грамота имеет важное место в развитии вкуса учащихся.

Ключевые слова: музыкальный вкус, национальное воспитание, искусство музыки, восприятия музыки, музыкальный язык, способность, музыкальные жанры.

Zh.R.Zharmaganbetova¹

¹Senior Lecturer, Master of pedagogical Sciences, Arkalyk State Pedagogical Institute named after I. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan

PEDAGOGICAL FEATURES OF FORMING OF MUSICAL TASTE OF SCHOOLCHILDREN

Abstract

The article comprehensively reviewed the pedagogical features of the formation of the musical needs of schoolchildren, analyzed the opinions and conclusions, the thoughts of scientists conducting studies of artistic taste, mentioned the importance of music lessons in the development of students' taste.

And also considered ways to identify the psychological and age characteristics of students in the organization of musical activities, examples show the influence of the creative nature of the lesson in shaping the taste of students.

Music, its genres, types, styles, knowledge about the work of composers are preferable in the development of taste. The development of knowledge in music is considered as the main way to define taste, and the fact that choral singing and listening to music plays a significant role in the development of taste students.

Key words: Musical taste, national affection, art of music, music perception, musical language, ability, musical genres.

Жасөспірімдердің музыка әлемін түсініп қабылдауына, әсемдікке тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда білімді, мәдениетті болып өсуіне мектептегі музыкалық тәрбиенің алатын орны ерекше.

Қазақ халқының музыкалық мәдениетін қалыптастыруда Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Жұбановтар зерттеулері мен музыкалық туындылары тәрбие саласын дамытуға зор үлесін қосты. Болашақ ұрпақ аталған ағартушы қайраткерлердің еңбектері мен мұраларын танып білуі, зерделеуі қажет. Сонымен қатар, музыкалық-эстетикалық білімнің жеке тұлғаның үйлесімді дамуындағы маңыздылығы А.Нұғыманова, П.М.Момынов, С.А.Ұзақбаева, Т.А.Қышқашбаев, А.А.Қалыбекова, Ш.Б.Құлманова,

Р.К.Дүйсембінова және басқа ғалымдар зерттеулерінде өзінің ғылыми-теориялық шешімін тауып, ұлттық музыкамыздың тәрбиелік мүмкіндіктерін оқу үрдісінде пайдалану жолдары көрсетілген.

Музыкалық талғамды қалыптастыру мәселесінде үлкен педагогикалық тәжірибе негізінде В.Н.Шацкая жаппай музыкалық тәрбиенің мақсатын анық, әрі толық белгілеген. «Музыкалық талғамды тәрбиелеу» мақаласында: «Жаппай музыкалық тәрбие оқушылардың көзқарастарын қалыптастыруға, олардың адамгершілік қасиеттерін, ерік-жігерін, мінез-құлқын тәрбиелеуге өз үлесін қосуы керек. Балалардың музыкаға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін ояту, музыкалық танымдарын кеңейту, музыкалық талғамдарын тәрбиелеу және музыка тілін үйрету қажет», – деп жазды [1, 73б.].

Музыканы ұғыну музыкалық қабілеттің көрінісінің ішкі мәні. Бұл жөнінде Г.М. Коган былай дейді: «Қандай мәдениет болмасын, оның негізінде ұғыну мәдениеті жатыр. Ол дамыған немесе жоқ жерде ешқандай мәдениет болуы мүмкін емес. Оқи алмайтын жерде – жаза алмайды, тыңдай алмайтын жерде – орындай алмайды»– деген [2, 85б.].

Мәселен көркемдік талғам субъективті көзқарас арқылы объективті дүниені көрсететін нақты көркемөнер образына қатынасты айқындайды [3, 39 б.].

Талғам – жеке адамның немесе әлеуметтік топтардың көркем шығарманы, сұлулықты кейіпсіздіктен ажырата білу қабілеті. Талғам – эстетикалық сананың саласы. Өмірдегі сұлулықты, табиғат көріністерін, еңбек пен әлеуметтік қарым-қатынастағы, жеке адам бойындағы әсемдік көріністерді бағалай, қабылдай білу қасиетін талғампаздық қасиет деп бағалайды. Талғам адамның дүниеге, қоршаған ортаға деген көзқарасын білдіреді [4, 135 б.].

Музыкалық талғам – адамның өнер туындысын қатар қабылдау және бағалау қабілеті. Ол ең алдымен өнердің тікелей әсерімен қалыптасады. Бұл сондай-ақ адамның өзінің индивидуалдық ерекшеліктеріне, өнердегі шынайы көркем құндылықтарды қабылдау ерекшеліктеріне де байланысты.

Егер бала үнемі жақсы ән, музыка естіп өссе, онда нәзік талғам қалыптасады. Кейіннен жасөспірімдік кезеңде ол арзанқол, көңіл көтеретін музыканы естіген кезде, оның бойында иммунитет болады, ол шынайы өнерді боямадан оңай ажыратады. Жақсы талғам тек классикалық дүниелермен ғана емес, сонымен бірге жақсы мен жаманды салыстыру арқылы дамиды.

Музыка сабағы қазіргі әлемде интеллекттік адамды қалыптастыру жағында музыка мен өнер арқылы базалық білім береді, дағдыларын және талғамын дамытады, адам өмірінің көзқарасын кеңейтеді [5, 96 б.].

Мектеп оқушыларының жастық психологиялық ерекшеліктері балалардың психикалық дамуына, олардың музыкалық факторларды, сондай-ақ үлкендердің тәрбиелік іс-әрекеттерін қабылдау деңгейіне әсер етеді. Сондықтан да музыка мұғалімі балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы білімді шығармашылық көзқараста пайдалануы тиіс.

Мақсатты музыкалық білім алғанға дейінгі баланың музыкалық санасы синкретикалық бірлікте болады: кез-келген музыкалық оқиғаны, әсерді ол барлық психикасымен қабылдайды [6, 50 б.].

Жастық психологиялық ерекшеліктер қатып қалған ереже емес, тек педагогтың өз оқушылары туралы нақты баға беруіндегі бағдары ғана. Енді мектеп оқушыларында кездесетін жастық психологиялық ерекшеліктердің қарапайым, жиі кездесетін көрсеткіштерін келтіріп көрелік:

1. Моторлық белсенділік (жүрек белсенділігі);

2. Сезімдік–перцептивтік белсенділік (сезімдік жаңа әсерлерге қабілеттілік және сұраныс, оларды шығару, сақтау);

3. Интеллектуалдық еріктік белсенділік (интеллектуалдық ұсыныстар, әуестік, себеп, салдарлық қатынастарды айқындауға қызығушылық, «қиын» жағдайларды бағалай білу, өз орнын анықтау, т.б.);

4. Дәлелді және эмоционалды – көріністік белсенділік (өмірлік себептердің әлеуметтік диапазоны, оларды көрсетуге анықтауға, таңбалауға ауыстыруға қабілеттілік);

5. Психикалық белсенділіктің барлық түрлерін нақты әлеуметтік жағдайларда жемісті пайдалану, реттеуге қосуға қабілеттілік.

Алдыңғы төрт көрсеткіш осы жастағы балаларда өздігінен пайда болып, көрініс береді. Соңғы көрсеткіш ең қиын, интегралды. Ол психологиялық тұрғыдан алғанда оқушы ретіндегі баланың іс-қимылының қоғамдық-пайдалы қызметі негізінде сипатталатын ұсынымын айқындайды.

Қабілетті теріс бағалау, сөгу арқылы тәрбиелеу, алдыңғы психикалық дамумен жалғастылықты бұзады. Керісінше, мақсатты іс-әрекеті мен қабілетін тәрбиелеу марапаттау, балалардың жетістігіне баға беру, мектеп оқушыларының алдыңғы психикалық даму жетістіктерін сақтап қалады. Қажетті нәтижеге сай іс-әрекет ету балалардың бойында мінез –құлықтың тұрақтылығы, уақыт факторын ескере отырып, іс-қимылға дайын болу, қол жеткен нәтижеге сай өз жағдайын реттеу сияқты сапаларды қалыптастырады.

Музыкалық тәрбиелік үрдістің күрделілігі бірқатар себептермен түсіндіріледі. Мысалы: мұғалім жалпыға бірдей сабақ барысында әр оқушының мүмкіндігін жеке ескеру қажеттігін ұмытпауы тиіс. Оның үстіне мазмұны бір тапсырма балалардың жалпы және музыкалық дамуының әртүрлі сатыларында олардың жасына қарай үлкен өзгерістермен орындалуы мүмкін. Спецификалық қиындықтардың бірі – музыка сабағының әрбір элементі, тіпті нота жазуының оқу немесе қарапайым екпіндік жаттығу оқушыларды музыкаға тартып, музыкалық өнер сабағы болуы қажет.

Сондықтан да, музыка сабағының міндетті көрсеткіші – олардың эмоционалды байлығы, оқушылардың кез-келген орындалатын тапсырмаға шығармашылық, эстетикалық көзқарасы болуы маңызды. Сыныпта бірге қосылып ән салу сияқты қарапайым жаттығудың өзі, егер дыбысталудың әртүрлілігін түсінуді үйретсе әдемі айтуға ұмтылуға тәрбиелеу арқылы көркемдікке жетелейді.

Оқушылардың музыка сабағының әрбір бөлімінің мазмұнына бірте-бірте үйрету барысында музыкалық үрдістің бүтіндігін, бірлігін, жүйелілігін сақтап қалу өте күрделі. Хормен ән айту болсын, музыка тыңдау болсын, музыкалық сауат бәрі сабақты құрудың белгілі бір тәртібін талап етеді. Сонымен қатар сабақтағы олардың үздіксіз байланысы бағдарлама материалын толық игеруге көмектеседі.

Музыка, оның түрлері жанрлары, стильдері, композиторлар шығармашылығы туралы білім музыкалық танымның кеңеюі мен талғамның қалыптасуында үлкен роль ойнайды. Музыкаға қызықтыру мен білім беру өздігінен емес, музыкалық тәрбиенің маңызды жолы, яғни, дамыған музыкалық қабілеті жоғарғы талғамы, музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы бар мәдениетті адам тәрбиелеумен бағалы.

Егер оқушылар тек сауатты ән айтып, нота жазуын түсініп, кейбір шығармаларды білсе, бірақ шынайы көркем музыканы кездестіргенде ерекше қуаныш толқынын сезінбесе, егер музыка олардың рухани әлемін байытпаса, адамдарға, олардың сезімдері мен ой істеріне жақын, түсінушілігін өмірдің әсемдігін дәріштеп, ұсқынсыздық пен дөрекілікке төзбеушілік сезімін қалыптастырмаса, онда басты мақсат: балалар үшін басты нәрсе – музыкалық –эстетикалық тәрбиеге қол жеткізбегендігі.

Музыкалық шығармаларды түсіну көзқарас пен әдептілік идеяларының қалыптасуына, музыка өнерімен жүйелі қатынаста болуға, көркемдік талғамының өсуіне әсерін тигізеді.

Бала өзінің жан – дүниесіне үлкендердің өктемдігін сезсе, ашылмай тұйықталып қалады. «Балалығын тыйған, оның есейгендегі даналығын тыйғанмен бірдей», – деп Ж.Баласағұн айтпақшы, музыка сабағында жаңа технологияларды пайдалану, оқушыларды аялап, эстетикалық рухани байлығын кеңейтіп, қанаттандыру керек екендігін дәлелдеп отыр. Әр мұғалім білімді өз тәжірибесі арқылы жинайды. Қазіргі заман талабына сай мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізуге талаптанады.

Музыка пәнінің мұғалімі атанудың басты шарты – бұл мұғалімнің жеке өзінің сауатты, соның ішінде музыкалық сауатты болуы. Ұлы ұстаз В.А. Сухомлинский музыканы ұлы тәрбие деген. Музыканы тыңдай білу, түсіне білу – ол күнделікті мәдени өмірдің бірі ғана емес, онсыз аса бағалы тәрбиені елестету мүмкін емес деген. Ол: «Музыка – ақылдың ұлы бастауы. Музыкалық тәрбиесіз ақыл-ойды дамыту мүмкін емес. Музыка адамды саналы болуға, мәдениетті, мейірімді, жұмсақ, нәзік болуға үйретеді» – деп Ю.Б. Алиев жазды [7, 78б.].

Мектеп тәжірибесінде талғамды тәрбиелеудің негізгі жолдары – хормен ән айту және музыка тыңдау. Солармен бірге сабақтың ән салу, музыкалық сауат секілді бөлімдері оқушылардың талғамының қалыптасуында маңызды орын алады.

Аспаптық шығармалар мен әртүрлі тақырыпта ән айту, музыкалық міндеттерді орындауға көмектеседі: гармониялық және әуендік есту қабілетін, ырғақты сезінуді, сондай-ақ орындаушылық дағдыларының қалыптасуын дамытады, өйткені музыканың әсемдігі балаларды еліктіреді, олар әнді қалай болса солай айтпайды.

Музыканың тәрбиелік мүмкіндіктері өте мол, бірақ оның әсері шындығында эстетикалық, игілікті болу үшін, нақты жүйелік, дұрыс бағытталған жұмыс қажет. Сондықтан музыка мұғалімі қандайда бір шығармалармен таныстырғанда балаларға не беріп жатқанын, қандай ойлар мен сезімдер тудыратынын естен шығармағаны жөн.

Музыкалық – тәрбиелік процесінің күрделілігі бірқатар сәттермен айқындалады. Мысалы, сабақты ұжымдық түрде өткізу барысында мұғалім әрбір оқушының мүмкіндігін ескеруі тиіс. Оның үстіне, мағынасы бірдей тапсырма оқушылардың жалпы және музыкалық дамуының әртүрлі сатысында олардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі орындалады.

Музыка мұғалімі музыкалық аспапты еркін меңгеріп, дауысы, есту қабілеті нәзіктігі, нотаға қарап бірден ойнау және импровизациялық қабілеті жоғары болса, бұл оның қызметтегі шығармашылығының жемісі болып табылады.

Д.Б. Кабалевский музыка мұғалімінің бойындағы біліктілігінің ең маңыздысы – аспапты меңгеруінде деп айтқан болатын. Таспаға жазған шығармаларды тыңдаудан гөрі, көз алдына аспапта ойнап көрсетудің құндылығында шек жоқ. Ойнап көрсету тыңдаушыға эмоциялық орта жасайды. Мұғалім өзі орындау барысында кез-келген жерде тоқтап түсіндіріп, кейбір эпизодтарын қайталап, немесе жеке тактіні ойнап, сонымен қатар, бастапқыға қайта оралады. Музыкалық аспапты меңгеру, ән салу, дирижерлаумен қатар, мұғалімнің теориялық білімі маңызды орын алады.

Музыкалық әрекеттің кез-келген түрі, музыка сабағының әрбір бөлігі оқушылардың талғамын қалыптастыруға әсер етеді. Бірақ, сабақта музыкалық-әрекеттің барлық түрлерінің тұрақты, терең байланыстылығы, ән жаттығулары, ән айту мүмкіндігінше музыкалық сауатты пайдалану қажет.

Оқушылардың музыкалық талғамын қалыптастыру процесінің жемістілігі сабақта және сыныптан тыс жұмыс түрлері арқылы музыкаға баулудың бірыңғай концептуалдық негізінің болуына байланысты. Музыка мұғалімі оқушыларға негізгі тұлғалық қасиеттер: дүниетану, ерік, музыкалық талғам мен сенімді қалыптастыруы қажет. Сонымен бірге музыкалық іс-әрекетке дайындап, шығармашылық қабілеттерін, ынтасын, жауапкершілігін дамытып, музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыруы тиіс. Музыкалық әрекеттің әрбір түрі оның ішінде рок, вокалды-аспаптық ансамбльдер, халықтық дәстүрлі және классикалық музыка оқушылардың бейімділігінің көрінуіне, музыкалық және шығармашылық қабілеттерінің дамуына үлкен мүмкіндіктер жасап, сабақ мәнін кеңейте түсіп, оқушылардың қызығушылығы мен музыкалық талғамын тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тельчарова Р.Л. Уроки музыкальной культуры /Р.Л.Тельчарова. – Москва, Просвещение, 1991.– 73 б.
2. Иванченко Г.В. Психология восприятия музыки /Г.В.Иванченко. – Москва: Смысл, 2001.– 85 б.
3. Какимова Л.Ш. Формирование художественного мировоззрения учащихся средствами казахского музыкального искусства (соавтор А.Окасова) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, № 3(48) 2016г. – 39 б.
4. Маканов Е.Т. Күйшілік өнер арқылы оқушылардың музыкалық талғамын дамыту // Абай ат. ҚазҰПУ-ң «Хабаршы» журналы, «Көркемөнердің білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы. – 2017. – №2 (51). – 135 б.
5. Какимова Л.Ш., Мукаман А. Оқытудың теориясы мен практикасының қазіргі заманғы көрінісі (музыка оқыту әдістемесі мысалында) // Абай ат.ҚазҰПУ-ң «Хабаршы» журналы, «Көркемөнердің білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы. – 2016. – №2 (47). – 96 б.
6. Какимова Л.Ш. Развитие музыкального сознания в контексте профессиональной подготовки педагога-музыканта // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы, № 1-2 (34-35), 2013. – 50б.
7. Алиев Ю.Б. Настольная книга школьного учителя-музыканта /Ю.Б.Алиев. – Москва, Музыка, 2000. – 78 б.

УДК 378.016

МРНТИ 14.35.09

Н.Т. Кулданов,¹ Д.Г. Слямғалиев²

*¹ магистр педагогических наук, преподаватель кафедры музыкального образования и хореографии, института искусств, культуры и спорта, КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*² студент I курса специальности 5В010600 «Музыкальное образование» кафедры музыкального образования и хореографии, института искусств, культуры и спорта, КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ПЕВЧЕСКИХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

Образовательная политика Республики Казахстан направлена на осуществление единства интеллектуального, художественного, духовного и нравственного воспитания личности. Развивать чувство прекрасного, учить понимать и ценить произведения искусства необходимо для воспитания подрастающего поколения.

Младший школьный возраст - самый благоприятный для интенсивного творческого развития и раннего музыкального образования ребенка. Развитие слуха, музыкальной памяти, координации между слухом и голосом – все это способствует общему развитию и становлению полноценной творческой личности. Поэтому развитие певческих навыков у детей в этом возрасте через определенные методы и приемы - актуально и требует решения с первых дней обучения в школе.

В данной статье рассмотрены теоретические основы формирования певческих навыков у школьников, исследованы вопросы воспитательного значения музыки и пения в жизни ребенка, охарактеризована певческая деятельность детей, рассмотрены возрастные особенности и процессы активного развития младших школьников.

Ключевые слова: младший школьный возраст, певческие навыки, формирование, детский голос, вокальное дыхание.

Н.Т. Кулданов¹, Д.Г. Слямгалиев²

¹ педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының, музыкалық білім және хореография кафедрасының оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

² 5В010600 «Музыкалық білім» мамандығы бойынша, Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының, музыкалық білім және хореография кафедрасының I курс студенті, Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘН АЙТУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасының білім беру саясаты адамның зияткерлік, көркем, рухани-адамгершілік тәрбиесінің бірлігін жүзеге асыруға бағытталған. Сұлулық сезімін дамыту, өнер туындыларын түсінуге және бағалауға үйрету қазіргі адамның білім алуына қажет.

Бастауыш мектеп жасындағы баланың қарқынды шығармашылық дамуы мен ерте музыкалық білім беруі үшін ең қолайлы болып табылады. Есту, музыкалық есте сақтау, дауысты үйлестіру - бұл толыққанды шығармашылық тұлғаның жалпы дамуына ықпал етеді. Сондықтан, бастауыш мектеп жасындағы балалардың ән салу дағдыларын белгілі әдістер арқылы дамыту маңызды және мектептің алғашқы күндерінен бастап аса үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Бұл мақалада бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ән айту дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздері талқыланып, онда баланың өміріндегі музыка мен әнге тәрбиелік маңызы бар мәселелер зерттеледі, балалардың ән айтудағы дағдылары мен жас ерекшеліктері мен белсенді даму мәселелері қарастырылғын.

Түйін сөздер: жасөспірімдер, ән айту дағдылары, қалыптастыру, балалар дауысы, вокалды дем алу.

FORMING FRIENDLY SKILLS IN CHILDREN OF YOUNGER SCHOOL AGE

N.Kuldanov¹, D. Slyamgaliyev²

¹ Master of pedagogical sciences, teacher of department of Music education and choreography, the Institute of Art, Culture and Sports Abai KazNPU ,

Almaty, Kazakhstan

² Student of the 1 st course of the specialty 5B010600 "Music Education" of the Department of Music Education and Choreography, Institute of Art, Culture and Sports, KazNPU named after Abai,

Almaty, Kazakhstan

Abstract

The educational policy of the Republic of Kazakhstan is aimed at the implementation of pupils the intellectual, artistic, spiritual and moral education of the individual. Developing a sense of beauty, to learn to understand and appreciate works of art is necessary for the children education.

The younger school age is the most favorable for the intensive creative development and early musical education of a child. The development of hearing, musical memory, coordination between hearing and voice - all this contributes to the overall development and development of a creative personality. Therefore, the development of singing skills in children at this age through certain methods and techniques is important and requires solutions from the first days of school.

This article discusses the theoretical foundations of the formation of singing skills among schoolchildren, in which the issues of the educational significance of music and singing in a child's life are examined, a characteristic of the singing activity of children is given, age characteristics, and processes of active development are considered.

Key words: primary school age, singing skills, forming, child's voice, vocal breathing.

Қазіргі таңда педагог-музыканттардың эстетикалық тәрбие мен білім беруінде вокалды-хор өнері арқылы балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығының артып келе жатқанын байқаймыз. Елімізде жас ұрпаққа кең ауқымда жан-жақты тәрбие беру мәселесіне аса зор мән берілуі де уақыт талабы. Әр баланың бойындағы талап-талғамдарын арттырып, өмірге деген жақсы қасиеттерін, құштарлық сезімдерін байытып, әсіресе рухани қазынасын барынша молайтып, күш-қуатын, жігерін шыңдау – басты міндет. Міне, сондықтан да ән айту өнерін оқу-тәрбие үрдісінде қолданып жалпы өнер

әлеміне жаңаша көзқарастар қалыптастырып, жаңа бағыт-бағдарға ие болу арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге болады. Оқушылардың музыка өнеріне деген іс-тәжірибе арқылы қызығушылығын сезімдік тұрғыда дамыта білу, жеке бастың рухани негізін қалыптастыру болғандықтан ұстаздың тәжірибесі өте үлкен орын алатыны белгілі. Ән табиғатынан халық тарихымен бірге туып, етене өскен өнер қырын, сол өнердің ел өмірі мен еншілестігін, үндестігін көреміз. Осы орайда бастауыш сынып оқушыларының вокалды-хор тәрбиесінің проблемасы әр кезде де өзектілігін жоғалтқан емес [1, Б. 8].

Музыкалық білім беру саласындағы қазіргі ғылыми зерттеулер мен көптеген мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінің тәжірибесіне сүйенсек вокал - балалардың жан-жақты білімді болуына үлкен септігін тигізеді. Ән айту - музыкалық өнердің басты бастапқы түрі болғандықтан бала-бақша, мектеп, кәсіби ұжымдарда оқытып, ән айту үшін дыбысты таза, дұрыс айтуға, дұрыс дем алуға, ансамбльмен жұмыс жасауға үйретеді. Ән айту - балалардың музыкалық біліктілігін, есте сақтау қабілетін арттырып, ырғақты сезінуі мен жалпы ойлау қабілетін жақсартады. Ең тұйық баланың өзі әнді естігенде көңіл-күйі өзгеріп, музыкаға деген қызығушылығы оянады. Ән айтуды жүйемен оқу - баланы мәдениет пен эстетикаға тәрбиелеп, Отанға, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттырады [2, Б. 243].

Жас буынның вокалды тәрбие мәселелерін А.Гладко, Н.Тевлина, Н.Черноиваненко, Л. Дмитриева, О.Апраксина, Л.Безбородова, Г.Стулова және т.б. жетекші педагогтардың еңбектерінде қарастырылғын. Ал, балалардың дауыс ерекшелігінің дамуының негізгі кезеңдерін Д. Б. Эльконина ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөледі:

- мектепке дейінгі балалық шақ (туғаннан 6-7 жасқа дейін);
- бастауыш мектеп жасы (7-ден 10-11-ге дейін, бірінші сыныптан төртінші сыныпқа дейін);
- орта және үлкен мектеп жасы (11-ден 16-17 жасқа дейін, бесінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін) [3, Б. 18].

Бастауыш мектеп жасындағы жас шама бұл мектептің 1-4 сыныптарында оқитын балаларды айтамыз. Баланың жас шамасы мен психологиялық сипаттамалары белгілі бір уақыт аралығында қабылданған білім беру жүйесімен анықталады. Балалардың дауысы жоғары болып келеді. Күміс көмейлік пен жоғары дауыс сыңғыры балалардың дауысына ерекше сипат береді [4, Б. 67].

Балалардың көмекейі жоғары орналасады. Үлкендердікіне қарағанда 2-2,5 есеге кішірек. Көмейдің шеміршегі икемді, жұмсақ, толықтай қалыптаспаған. Сондықтанда балалардың көмейі икемділігі мен ерекшеленеді. Көмейдің бұлшық еттері әлсіз. Балалардың дауыс қыртыстары қысқа, дауыс қыртыстарын жалғап тұрған бұлшық ет қана болады. 11-12 – ге келген шақта вокалды бұлшық ет дауыс қыртыстарының орнын басып, қалыптаса бастайды. Көп балаларда 9-10 жасқа дейін ән айтқан уақытта дауыс қыртыстарының икемге келетін бір шеті ғана қозғалып, толықтай жанаспайды. Дыбыс тек диапазондық жағынан фальцеттік типпен ғана шығады, дауыс бір ғана регистрден тұрады – ол дауыстық регистр. Дауыс бұлшық еттері толық дамымаған, дауыс диапазоны шектеулі ғана. Бұл жастағы балалардың диапазоны шамамен бір октаваны ғана алады. Бірінші октаваның до нотасын әрең күшпен алады [5, Б.46-49].

Лабораториялық зерттеулерге сүйенсек, балалардың дауысының қалыптасуы кеуде регистрінің типі бойынша жүзеге асады екен. Бұл кезде дыбысты тек кіші октавада ғана айта алады. Бұндай балалардың дауыс диапазондары өте аз болып келеді – бірнеше тон ғана болады. Ән айтқанда дауыс қыртыстары аралас регистрдің типі бойынша қозғалып тұратын балалар да кездеседі. Бірақ жалпы алғанда бастауыш мектеп жасындағы балаларда фальцеттік дауыс болады. Дем алатын бұлшық еттері әлсіз болғандықтан ересек балаларға қарағанда дауыстың күші аз. Балалардың дауыстары 10 жастан бастап жоғары және төмен болып 2 түрде дифференцияланылады. Қыздардың жоғарғы дауыстарын – сопрано, ал ұлдардікін тенор-дискант деп атайды. Сопрано мен дискант диапазонын, қыздар мен

ұлдардың альті бір-бірімен келеді. Дауысты жоғары және төменге бөлу кезеңі 3 сыныпта басталып, 4-5-ші сыныптарда айшықтала бастайды. Мектепке дейінгі шақта дауыс қалыптаспаған, дауыс бұлшық еті ағзамен бірге өсіп қатайды. Бұл жастағы балалармен жұмыс жасағанда ең алдымен әр баланың диапазонын анықтап, жүйелі түрде дауыс бұлшық етін шынықтыру қажет. Балалардың дауыс диапазоны өсе келе қалыптасады. Мысалы олардың ән айтатын диапазоны бірінші октаваның «ре» нотасынан екінші октаваның «до» нотасына дейінгі аралықты алады. Ал жұмыс істейтін диапазон бірінші октаваның «ми-си» аралығы [6, Б. 15].

Ән айтатын дауысты музыкалық аспаппен салыстырып жатады. Сондықтанда ән айтатын дауыстың дұрыс дамуы үшін баланың дауысын дұрыс қойып үйрету керек. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі жаттығулар жасатылу қажет. Ән айтып тұрып пассивті қимыл, ритммен оқыту, сөзді таза интонациялау т.б. Бұл жаттығулар тілдерінен ақауы бар балаларға жақсы көмектеседі [7, Б. 94-99].

Ән айтпас бұрын балалардың қандай дауысқа ие екендігінде әр баланың диапазонын, дауыс тембрін, үлгідегі дыбыстарды айта білуін, тесситураға төтеп беру қабілетін сонымен қатар өтпелі регистрлік тонды ескере отырып анықтаған абзал. Балалармен дауыс жаттығуларын жасауда ең алдымен жеке дыбыстан қалыптасқан «ку-ку» (кіші терция), «ле-ле» (прима) т.б. жаттығуларды жасау арқылы таза дыбыс пен бұлшық етті шынықтыруға қол жеткізуге болады. Дауысты бірте-бірте әншінің диапазонының ортасында болатын қарапайым дыбыстардан бастап, біртіндеп жоғары және төмен қарай кеңейтіп, артық күш салмай, абайлап және бірте-бірте жаттықтыру керек. Мұндай әдіс дауыстың диапазонын кеңейтіп, дауыс концентрациясын анықтайды. Әдістің негізін қалаған М.И. Глинка [8, 37 Б.].

Балалардың ән айту барысында игереген эмоционалды тәжірибесін алуан түрлі репертуарлар арқылы қол жеткіземіз. Мұғалім баланың ән айтқанда қысылып-қымтарылмай тұруын қадағалау керек. Дыбыс қысылып шықпауы абзал. Балаларды шынайы, әндете билетіп, жеңіл ән айтуға үйрету керек. Балаларды өз дауысының күшін қадағалап, өз дауысын өзі басқаратындай тәрбиелеу керек. Жұмыс барысында көптеген қателіктер бой алады. Музыкалық қабілеті жоғары балалардың өзінде көптеген мәселелер бой алу мүмкін: ырғақты сезіне алмау, демді дұрыс алмау, қатты музыка әсерінен тембрін жоғалту т.б. бұл кезең өте үлкен қажырлы еңбекті, уақытты талап етеді. Әнді таза айту үшін үлкен зейін керек. Тәжірибеге сүйенсек бір сыныпта нотаны төмендегіп, дұрыс түспей айтатын 5-6 бала кездеседі. Олармен жеке-жеке көп уақыт бөліп қажырлы жұмыс жасауды қажет етеді [9, 13 Б.].

Вокалды дұрыс ән айту барысында балалар мынадай жетістіктерге ие болады және келесі вокалды дағдылар қалыптасады: ешқандай қысымсыз ән айтады; дұрыс дем алады; сөзді таза, анық айтады; мелодияны дұрыс жеткізе біледі; ыңғайына қарай қатты және ақырын айтады; ұжыммен де жеке де ыңғайлы диапазонда шығармасын орындайды; ән айту кезінде дұрыс тұру тәртібін игереді. Айта кетсек, бастауыш мектеп жасындағы балалардың ән айтуда қалыптасатын негізгі вокалдық дағдылары:

- тыныс алу;
- артикуляция;
- дұрыс дыбыс шығару;
- резонанцияға бөлуді құрайды.

Музыкадағы басты нәрсе – бұл сезім, көңіл-күй, эмоциялардың көрінісі. Ән баланың сезіміне әсер етсе, мұғалім оны шындыққа эмоционалды, оң көзқараспен тәрбиелейді. Осы тұрғыда балалар әндерінің репертуары табиғат, балалар шығармашылығы, мектеп, ойын, мерекелік, қоғамдық және басқа да тақырыптар бойынша әртүрлі болуы керек. Бастауыш мектеп бағдарламасында әндер белгілі бір принциптерге сәйкес таңдалады. А.И. Вайчене айтуы бойынша олар:

- 1) өлеңдер мәтіннің мазмұнына қатысты өте көркем, мазмұнды болуы.

- 2) ән әуендері қарапайым, жарқын және әртүрлі сипатта болуы.
- 3) әннің тақырыптары әртүрлі, мағынасы қарапайым түрде балаларға түсінікті болуы.
- 4) әннің әуендері оқушылардың вокалды қабілеттеріне сәйкес болуы.
- 5) бірінші сыныпта әндер қысқа музыкалық фразалардан тұруы.
- 6) негізгі өлшем 2/4, ал әуен толық немесе жарты нотамен аяқталуы керек [10, Б. 64].

Осылайша мұғалім баланың психологиялық және жас ерекшелігін ескере отырып тәлім беріп, түрлі репертуарлар арқылы баланың қызығушылығын арттырып, музыкаға деген махаббатын еселейлі. Өнді дұрыс айтуда дауыс аппаратының қызметін жақсартып, жағымды тембрді, бала дауысының музыкалық есту қабілетін қалыптастырады. Әртүрлі репертуармен жұмыс жасаған баланың мінезінің эмоционалдық айшықтығы басқа балаларға қарағанда басымырақ келеді. Вокалмен жұмыс жасаған баланың дикция-артикуляциясы анық болып, таза сөйлейді, ойлау қабілеті жоғарғы деңгейде жұмыс жасайды. Сол себепті, ән айту музыка әлемінде де өмірде де баланың тұлға ретінде дұрыс қалыптасуына септігін тигізетін құрал, өнердің ерекше, шұғылдануға қол жетімді саласы. Қазіргі жағдайда вокалдық әншілік тәрбиенің негізінде қазақтың профессионалды ән салу дәстүрі бірін-бірі толықтыра жалғаса бермек. Негізгі бағыт жас ұрпақты жан-жақты, рухани дүниесі бай еліміздің білікті азаматы етіп даярлауда.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Махамбетова А. И. Система детского эстетического воспитания А. и С. Раимбергеновых // Музыкальное образование в Казахстане: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Вып. I. / Сост.: Р.Р. Джердималиева, А.А. Момбек, З.Р. Ахметова. – Алматы, 2007.- Б. 188-193.*
- 2 *Апетян М. К. Психологические и возрастные особенности младшего школьника // Молодой ученый №14, 2014. – Б. 243.*
- 3 *Битус А.Ф. Певческая азбука ребенка. – Минск: Тетра Системс, 2011. - Б.18.*
- 4 *Гладкая С. О формировании певческих навыков на уроках музыки в начальных классах // Музыкальное воспитание в школе. Выпуск I. – Москва - 1989.- Б. 67.*
- 5 *Детский голос (Экспериментальные исследования) / Под редакцией В.Н. Шацкой. – Москва, Издательство «Педагогика», 1970. – Б. 46-49.*
- 6 *Кабалевский Д.Б. Основные принципы и методы программы по музыке для общеобразовательной школы. - М., 1994. – Б. 15.*
- 7 *Бірімғазина Л.У., Жексембекова М.Ы. Болашақ музыка мұғалімінің вокалды-әншілік дағдыларын қалыптастырудың жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, серия «Көркемөнер пәнінің оқыту жүйесі: өнер теориясы - әдістемесі» №4 (53), 2017.- Б. 94-99.*
- 8 *Морозов В.П. Развитие физических свойств детского голоса от простого к сложному. Л, 1964.- Б. 37.*
- 9 *Малинина Е.М. Вокальное воспитание детей. Л.: Музика, 1967.-Б.13.*
- 10 *Вайчене А.И. К вопросу о планировании и учёте музыкального воспитания. - М.: Просвещение, 2007.-Б. 64.*

III БӨЛІМ. СӘНДІК ҚОЛӨНЕР

РАЗДЕЛ III. ДЕКОРАТИВНО-

ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО

УДК: 741.02

МРНТИ: 14.09

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ЗАМАНАУИ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН ДАЯРЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Ж.А.Асқарова, А. Нұрсағатқызы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

(Алматы қ., Қазақстан)

Аннотация

Мақалада ұлттық құндылықтар арқылы заманауи қолөнер бұйымдарын даярлаудың технологиясы, қазіргі кезде заман талабына сай, ұстаздардың алдына қойған мақсаты-жас ұрпақты ұлтымыздың салт-дәстүрі арқылы, еңбекке деген шығармашылығы мен өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Болашақ мамандар даярлау барысында қазақтың салт-дәстүрі негізінде қолөнер бұйымдарын заман талабына сай жасау технологиясын меңгеру және ұлттық құндылықтарын рухани жаңғыру мәселелері қарастырылған.

Тірек сөздер: Этнопедагогика, ұлттық, технология, кәсіптік білім, қалыптастыру.

ТЕХНОЛОГИЯ ИЗГОТОВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ИЗДЕЛИЙ (ПРЕДМЕТОВ) ПОСРЕДСТВОМ (ИСПОЛЬЗУЯ) НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Асқарова Ж.А., Нурсағатова А.

Казахский государственный женский педагогический университет

(г. Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье рассматривается технология изготовления современных изделий посредством национальных ценностей, отвечающих современным требованиям, цель, поставленная перед педагогами - посредством национальных традиции и обычаев воспитание у молодого поколения творческого подхода к труду, повышение любви к искусству. В процессе подготовки будущих специалистов на основе казахских обычаев и традиций, освоение изготовления декоративных изделий, согласно современным технологическим разработкам и рассмотрение вопросов духовной модернизации национальных ценностей.

Ключевые слова: Этнопедагогика, национальный, технология, Профессиональное обучение, формирование.

MANUFACTURING TECHNOLOGY OF MODERN ITEMS USING NATIONAL VALUES

Askarova Zh.A., Nursagatova A.

Kazakh state women`s teacher training university

(Almaty, Kazakhstan)

Annotation

The article discusses manufacturing technology of modern products through national values, responsible modern requirements, the goal for teachers, through national traditions and customs, education of the younger generation creative approach to work, increasing love for art. In the process of training future specialists on the basis of Kazakh customs and traditions, mastering the manufacture of decorative products, according to modern technological developments and consideration issues of spiritual modernization national values.

Key words: Ethnopedagogics, national, technology, Vocational training, formation.

Жас ұрпақ алдында «Қазақстан-2030» бағдарламасында көрсетілген «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік стратегиясын үшінші мыңжылдықта жүзеге асыру міндеті бүгінгі күнгі басты мәселе болып тұр. Демек, бұл қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғары талаптар қоя отырып, экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады. Білім берудің мақсатын, міндеттерін жүзеге асыруда болашақ маман даярлауда, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестіріулері қажет. Оның өзі уақыт талабынан туындауда. Қоғамның дамуы адамдардың ой-санасының, мінез-құлқының өзгеруімен қоса сыртқы сымбат, келбетінің де жаңаруына ықпал етуде. Қазіргі заманда қолөнер бұйымдарын шығармашылықпен әзірлеу заман талаптарынан туындап отырған мәселелердің бірі деуге болады. Бұл осы салада қызмет етуші мамандарға қойылатын талаптардың да жаңғырып, күшейе түсуіне алып келуде. Жаңа талап, жаңаша ойлайтын, шығармашылық қабілеті дамыған, күнде жаңғырып, күнде өзгеріп отыратын бәсекелерге сәйкес туындылар жасау кәсіби мамандардың құзырында.

Біздің ойымызша, еліміздегі өзгерістерге сәйкес нарықтық қатынастарға көшуге байланысты кәсіби білім беру мазмұнын саралап, оқу үрдісін өндіруші еңбекпен ұштастыра отырып, жас ұрпаққа халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие берілуі тиіс. Қазіргі кәсіби білім берудің негізгі мақсаты білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, сонымен бірге ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматының тұлғасын қалыптастыру. Ұлттық мәдениеттің негізі болып табылатын этнопедагогикалық білім беру мен ұлттық тәрбие берудің басты құралдарының бірі - халықтық қолданбалы өнер екендігі белгілі. Халықтық қолданбалы өнер - ата-бабаларымыздан келе жатқан, ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан өнер түрі. Бұл жерде, этнопедагогиканың озық үлгілерімен жас ұрпаққа халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беруді жүзеге асыруда - технология сабағының орны ерекше. Қазақ халқының қолданбалы өнер туындылары мейлі, ол мұражайларда, мейлі көрмеде тұрсын, күнделікті тұрмыс қажетін өтеп жатсын, оны халқымыздың өткен тарихымен, мәдени құнды мұрасымен, салт-дәстүрімен жалғастыратын дәнекер күш деп қарауымыз керек. Себебі, онда ұлттық тәрбиені жүзеге асырудың амал-жолдары, талап-тілектері, үлгі-өнегелері, әдіс-тәсілдері орын алған.

Қазіргі таңда келешек ұрпақтың санасында, ой-өрісінде, жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, болашақ маман тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту және қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты қазақтың ұлттық өнері арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейкестілігі күннен күнге артып отыр. Сондықтан, білім беру жүйесін реформалау саясаты ең біріншіден - еңбек, технология, кәсіптік білім беру сияқты өмір талабына қойылатын сұранысқа сәйкес жүргізу, екіншіден - оқу процесіндегі білім беру мен ұлттық тәрбие бірлігін сабақтастыра отырып, білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір оқушының дербес ерекшелігін ескеріп, қабілетіне, белсенділігіне сәйкес бағдар ұстау болып отыр. Десек те, қазіргі қоғамның ғылыми, әлеуметтік, практикалық талабына, тәрбие беру мақсатын жүзеге асыру қажеттілігіне сай, оқу үрдісінде жергілікті жердің экономикалық, экологиялық және этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық тәрбие беру мәселелері әлі күнге дейін бір-жақты шешімін тапқан жоқ. Кәсіптік білім мамандығының келешек ұрпақ маманының басшылығымен қолданбалы өнер туралы ғылыми түсініктерді ұғынып, бағдарлама көлеміндегі мағлұматтарды, шығармашылық іскерлікті меңгереді және сол түсініктерді меңгеру арқылы ойы, ұлттық таным түсінігі, эстетикалық талғамы қалыптасады және дүниеге көзқарасы, ұлттық сана-сезімі дамиды. Оның деңгейі әр ұрпақтың даму ерекшеліктеріне, қабілетіне байланысты болады. Бұл оқушының іс-әрекетінде көркем-шығармашылық өздігінен ізденуі және сабақтан тыс жұмыстар арқылы жалғасын табады.

Білім саласындағы кез келген пән-қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық. Кәсіптік білім мамандығының мақсаты-әр маманның шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заманның технологиялық мәдениетіне, яғни бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп, өндіруге бейімдеу болып табылады. Сондай-ақ мамандарға техника мен технология әлемін зерттеп, зерделеуін, кәсіптік іс-әрекет элементтерінен практикалық тәжірибе алуын қарастырады.

Технология атты жаңа интегративті білім саласын меңгеру келешек ұрпаққа жалпы білім мен дағдыны меңгеруіне мүмкіндік береді, интеллектуалдық, тұлғалық, этикалық дамуын, өзіндік, кәсіптік айқындалуын, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді.

Кәсіби маманның қызығушылығы мен бейімділігін дамыта отырып, кәсіби айқындалуын жетілдіру жеткіншектердің кәсіптік бағдарды сезінуіне, еңбекті бағалауына, сүйіп атқаратын жұмысқа дағдылануға, жауапкершілікті сезінуге, мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Тұлғаның эстетикалық бейнесі өнер мен табиғатты қабылдауы және адамдар арасындағы қарым-қатынастағы қызметі арқылы көрінеді. Талантты және дарынды мамандардың бойында даму және шығармашылық қабілеттер өнердің түрлі саласында өз ерекшелігіне қарай көрінеді.

Болашақ маманды ұлттық сезім мен рухта тәрбиелеуде ұлттық ою-өрнектердің алатын орны ерекше. Қазақ халқының қолөнерінің арнасы кең, түрі сан алуан. Дәстүрлі қазақ өнерінің ерекшелігін айтқанда, қазақ өміріндегі ежелден дамыған ою-өрнек ерекше эстетикалық сезімді үнсіз айғақтайды. Ою-өрнектің көнеден келе жатқанын дәлелдейтін бұйымдар мұражайларда сақталуда. Ою-өрнек халықпен бірге жасасып, оның рухани материалдық игілігіне айналып келеді. Бүгінгі таңда қайта дамып, бай мазмұн, жаңа түр тауып, өнер саласында биік деңгейде дамуда. Өнер өшпейді, сөнбейді, көнермейді. Кәсіпке оқыту әрбір маманның өмірі үшін өте қажет. Өйткені талаптанған әрқашан өз мақсатына жетеді.

Келешек ұрпаққа біздің қазақтың ұлттық қолданбалы қолөнерінің беретін тәрбиелік мәні өте зор болмақ. Ұлттық тәрбие беру бесігіндегі баланы ата-баба дәстүрін, мәдениетін, қолөнерін және азаматтық арнадағы асыл қасиеттерін еңбекке баули отырып, жан-жақты тәрбие беру, мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, рухани мұрасын бағалай білуге тәрбиелеу мүмкіндіктері қарастырылады. Сондықтан

педагогикалық үдеріс барысында, болашақ мамандарға кәсіби технология пәнінің үйірме жұмыстарында халқымыздың ұлттық қолөнерін халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен таныстыра отырып, болашақ мамандардың іскерлігін, дағдысын, еңбекке деген ынтасын қалыптастыруды негізгі мақсат етіп қою-біздің міндетіміз. Ұлттық мәдениетке негізделген қазақ ұрпағының қайта түлеуі қазіргі таңдағы көкейкесті мәселе болып отыр. Өйткені келешек ұрпақты көркемдік білім алуын арттыру және рухани деңгейін дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу- қазіргі білім беруде көзделіп отырған мәселе. Осы тұрғыдан келгенде келешек ұрпақтың жұмыс істеу әдет – дағдыларын көркем шығармашылық іскерлікпен жалғастырып дамыту мәселесі қарастырылады. Әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады. Өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, ұрпақ санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол іждағат, мейірімділікпен қоса, кәсіби дарын ізденімпаздық, іскерлік керек екендігін баса айтуымыз керек.

Кәсіптік оқытуды халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы зор. Еңбек болаақ мамандардың ең бірінші өмірлік қажетіне айналу үшін, еңбек ету талабын адамның бойында тәрбиелеудің зор маңызы бар. Бұл міндет- адам өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, оның бейімділігімен мүддесіне сай келетін және адамгершілік қанағат беретін іспен шұғылданған жағдайда жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл міндеттерді шешу еңбекті дұрыс таңдап алумен аса тығыз байланысты.

Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен келешек ұрпақты ілгері дамыта беруіміз керек. Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршен өнер. Қолөнер өзіне тән әлемі, қоршаған ортасы, өзіндік күші бар, ол ешқандай өтпелі құндылықтарға бағынбайды. Өзіне деген тыныштық пен сенім бізге белгілі бір дағдылар мен икемдерге жеткізеді.

Қорыта келгенде, ұлттық құндылықтар арқылы заманауи қолөнер бұйымдарын даярлаудың технологиясын, болашақ маманға халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беруде жан-жақты дамып, қалыптасқан ұрпақ тұлғасы мәдени құндылықтарды бағалайды, рухани деңгейі артады және ұлттық сана-сезім деңгейі өседі, ұлттық дүниетанымы мен ой-өрісі кеңейеді, шығармашылық қабілеті жоғарылайды деп тұжырымдаймыз. Демек, оқыту үрдісінде білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып оқушыларға технология сабақтарында халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беру ісінде білімнің өмірге үйлесімділігімен қатар әрбір оқушының жеке ерекшелігін ескеріп, білімділігіне сәйкес бағдар ұстау негізгі шарт. Оқу мақсатын-танымдық тапсырмалармен, оқыту әдісін - дидактикалық тәсілдермен анықтауға болады. Ұстаз басшылығымен қолданбалы өнер туралы ғылыми түсініктерді ұғынып, бағдарлама көлеміндегі мағлұматтарды, шығармашылық іскерлікті меңгереді, сол түсініктерді меңгеру арқылы оқушының ойы, ұлттық таным түсінігі, эстетикалық талғамы қалыптасады және дүниеге көзқарасы, ұлттық сана-сезімі дамиды. Халықтық қолданбалы өнерді меңгеру, оқу-тәрбие ісінің тиімділігін арттырып, оқушылардың дүниетанымы мен ойлау деңгейін, көркем шығармашылық белсенділігін дамытады, ұлттық танымын, ізгілік қасиеттерін қалыптастырады және қызығушылығын арттырады. Ұстаздан: Сапалы білім беру тәсілдерін меңгереді, шеберлікті шындайды, ізденіске бет бұрады, жұмысты жүйелі қалыптастырады. Болашақ маманның: пәнге қызығушылығы артады, білім теориясын, сарамандық жұмыстар жасауды игереді, байқауға қатынасу дайындығы күшейеді, ұлттық өнер сатыларын меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.- Астана, 2004ж
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 28.01.2011жыл

3. Қасиманов С. Қазақ халқының Қолөнері Алматы, 1995ж.
4. А.Марғұлан Казахское народное-искусство. Алматы 1986 ж.

УДК: 741.02

МРНТИ: 14.09

ЮВЕЛИРНЫЕ ИЗДЕЛИЯ И СУВЕНИРЫ – КАК РЕКЛАМНОЕ СРЕДСТВО И ЕГО ПЕРСПЕКТИВЫ

Андатпа

Ожарова Гульнара Махатаевна – *Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы, магистр. 85_gulnara@mail.ru*

Ахметов Бақыт Базарбекович - *Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы. ahmetalmas72@mail.ru*

Шыныбаев Музаппар Адамбекович - *Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.*

Мақаланың мақсаты зергерлік бұйымдар мен кәдесыйларды дайындау арқылы өз елімізді басқа елдерге таныту үшін жарнамалық құрал ретінде пайдалану. Қазіргі заман, туризмнің дамуы, маркетинг және дизайнды дамыту тұрғысынан брендтер құруда бізге дәстүрлі өнерге деген өз көзқарастарын өзгертетін және дәстүрлі өнерді одан әрі дамыту үшін мүлдем жаңа жағдайлар жасайтын кез келді деген ойға жетелейді. Кәдесый өнімдері тұрғысынан бұл республика үшін Қазақстан туралы шетелдік туристердің білімін кеңейту үшін бренд ретінде жарнама болып табылады. Бұл мақала коммуникация құралы ретінде кәдесый өнімдерін талдау болып табылады. Біз зерттеген тақырыптың өзектілігі кәдесый өнімдерінің маңыздылығын түсінумен байланысты. Кәдесый өнімдері осы саланың тиімділігін қамтамасыз етеді, себебі өнім туралы ақпараттың көп бөлігін тұтынушы кәдесый өнімдері арқылы алады.

Кілтті сөздер: дизайн, жарнама, өнер, кәдесый, туризм, зергерлік өнер, технология, средства, перспективы.

Аннотация

Ожарова Гульнара Махатаевна - *Магистр, ст.преподаватель кафедры Изобразительного искусства и дизайна. 85_gulnara@mail.ru*

Ахметов Бақыт Базарбекович - *ст.преподаватель кафедры Изобразительного искусства и дизайна. ahmetalmas72@mail.ru*

Шыныбаев Музаппар Адамбекович – *ассоциированный профессор, к.т.н. кафедры Изобразительного искусства и дизайна.*

Целью статьи является использование в качестве рекламного инструмента для продвижения своей страны в другие страны путем изготовления ювелирных изделий и сувениров. В создании брендов с точки зрения современного, развития туризма, маркетинга и развития дизайна, нам кажется, что пришло время изменить свое отношение к традиционному искусству и создать совершенно новые условия для

дальнейшего развития традиционного искусства. С точки зрения сувенирной продукции это реклама для республики как бренд для расширения знаний иностранных туристов о Казахстане. Эта статья является анализом сувенирной продукции как средства коммуникации. Актуальность темы, которую мы изучаем, связана с пониманием важности сувенирной продукции. Сувенирная продукция обеспечивает эффективность этой отрасли, так как большую часть информации о продукте потребитель получает через сувенирную продукцию.

Ключевые слова: дизайн, реклама, искусство, сувенир, туризм, ювелирное искусство, технология, средства, перспективы.

Abstract

Ozharova Gulnara - *Magister, senior teacher of the Department of Fine arts and design.*

85_gulnara@mail.ru

Akhmetov Bakyt – *senior lecturer of the Department of Fine arts and design. ahmetalmas72@mail.ru*

Chynybaev Muzappar – *associate Professor, candidate of technical Sciences, Department of art and design.*

The purpose of the article is to use as an advertising tool to promote their country to other countries through the manufacture of jewelry and Souvenirs. In creating brands in terms of modern, tourism, marketing and design development, it seems to us that the time has come to change our attitude to traditional art and create completely new conditions for the further development of traditional art. From the point of view of Souvenirs, it is an advertisement for the Republic as a brand to expand the knowledge of foreign tourists about Kazakhstan. This article is an analysis of Souvenirs as a means of communication. The relevance of the topic we are studying is related to the understanding of the importance of Souvenirs. Souvenirs ensure the effectiveness of this industry, as most of the information about the product the consumer receives through Souvenirs.

Key words: design, advertising, art, souvenir, tourism, jewelry, technology, tools, prospects.

Данная статья представляет собой анализ сувенирной продукции как средства коммуникации. Актуальность исследуемой нами темы связана с осознанием значимости сувенирной продукции. Сувенирная продукция обеспечивает эффективность этой сферы в связи с тем, что большую часть информации о продукций потребитель получает через сувенирную продукцию. В последние годы активно обсуждается то, что сувенирная продукция становится одним из самых важных атрибутов торговой марки, что еще раз подчеркивает актуальность данной темы. Цель работы - проанализировать сувенирную продукцию как средство коммуникации. Для достижения поставленной цели необходимо решить следующие задачи:

- изучить научную и методическую литературу по теме исследования.
- собрать и систематизировать материал по проблеме исследования.
- рассмотреть историю сувенирной продукции.

- охарактеризовать основные типы сувенирной продукции.
- описать основные примеры сувенирной продукции.

Объект исследования: сувенирная продукция в современном коммуникационном процессе.

Предмет исследования - сувенирная продукция. В статье используются следующие общенаучные методы: описание, которое включает в себя прием наблюдения, классификации, сопоставления, анализ, обобщение, систематизация и интерпретация. Практическая значимость: материал данной работы можно использовать в преподавании на специальностях «Реклама» и «Объекты графического дизайна», а также данные исследования будут интересны специалистам-практикам в области сувенирной продукции.

Сувенирно-подарочной продукции прочие виды и качество:

- ювелирные изделия;

Предметы быта, изделия из драгоценного металла и их сплавов, используемые в качестве украшений для религиозных и декоративных целей, с применением различных художественных обработок, с примесями драгоценных, полудрагоценных и искусственных цветных камней и других природных или искусственных материалов или их без применения.

- ковровые изделия;

Из искусственной шерсти и синтетических волокон (капрон, лавсан, нитрон, ПВХ и т. д.) изделия из них. Изделия подразделяются на искусственные и машинно обработанные способом производства. Они могут быть гладкими и ворсовыми.

- рисунки;
- гобелены;

Изделия ручной вязки, кроме шелка и шерсти разных цветов.

- изделия из кожи;
- изделия из дерева;

Изделия ручной работы из шелка и шерсти различных цветов, сшитые отдельными частями.

- изделия из кожи;
- изделия из дерева.

В традиционном стиле Республики Казахстан живописно оформлены, отражающие культуру и быт казахского народа, березы, осины, орехов, стекло, самшита, кленов, красного дерева и т. д. изделия из декоративных текстурных деревьев, а также из капа и капо-корня, коры, винограда, стружки, мочалки, соломки.

- изделия из кости, рога;
- изделия из камня;

К данной группе относятся изготовленные из мягкого вида камней (иногда путем сопряжения с другими материалами или орнаментами и инкрустацией).

- изделия из фарфора и керамики;

Для производства керамических изделий потребуются фарфор, фаянс, майолика, терракота. Изделия фарфора, фаянса и грубой керамики могут быть отнесены к декоративным и прикладным ремеслам.

- скульптуры малой формы;
- высококачественные сувенирные изделия национальной тематики массового производства;
- Репродукции имеющих особое культурное значение для Казахстана.

Сувенирно-сувенирные изделия, используемые при изготовлении подарочных изделий из качественных материалов.

- драгоценные и полудрагоценные металлы
- природные камни и т. д.
- драгоценные и драгоценные металлы
- искусственные камни и т. д. б.
- фарфор;
- металл;
- искусственные материалы и вещества, заменяющие природу;
- дерево и т. д. Б [5].

Одно из древних видов искусства среди ремесленных изделий-ювелирное искусство. Ювелирное искусство-это разновидность ремеса искусства, которое возникло с древнейших времен и развивалось в декоративном плане, распространенном для каждого народа. С использованием золота, бронзы, серебра, драгоценного камня и кости широко распространено декоративная мебель для роскоши, женские декоративные изделия, оружие, ювелирное искусство. В ходе их декорации широко использовались кость, металл, краска, кожа. Народными мастерами чаще всего изготовлены такие предметы, как браслет, ободок, кольца, серьги, кромка, ожерелья, скобы, саукеле, булавки, крючки, узбе и.т.д. На протяжении веков до сегодняшнего дня эти изделия которые стали традиционными и нуждами женщины, до сих пор не утратили свое значения [1].

Учитывая все эти исторические факты, мы в современном мире привыкли смотреть традиционное искусство более консервативно и в большинстве ассацируем их как бы музейными экспонатами. Но нынешняя современность, развития туризма и.т.д. с точки зрения маркетингологии и развития дизайна в создании брендов наводит на мысль, что нам пора изменить свои взгляды на традиционное искусство как таковой и создавать совершенно новые площадки для дальнейшего развития традиционного искусства. С точки зрения сувенирной продукции это как реклама для Республики как бренд, как расширения знаний иностранных туристов о Казахстане.

Сувениры - это предметы, рассказывающие о культуре и менталитете страны. Сувениры бывают разные. В национальном стиле они разрабатываются так, чтобы они могли рассказать о быте народа. Например, в Индии, такие сувениры, как слоновая скульптура, пирамиды в Египте, юрта, домбра в Казахстане покупают туристы как память об этой стране. Даже результаты маркетингового исследования, проведенного специально в Италии, показали, что каждый третий турист забирает с собой священные вещи из Ватикана. А каждый, посетивший Францию, в доказательство того, что он был в этой стране, намерен забрать с собой небольшую скульптуру Эйфелевой башни. Кроме того туристы посещающие Турцию, забирают различные небольшие сувениры прикрепленные к магниту, в основном с именами городов этой страны. Это свидетельствует о том, что искусство создания сувениров, характеризующее личность этих стран, поставлено на правильный путь. Сувениры из - за мастерства ремесленников, владеющих глубоким смыслом своего дела, сделаны в соответствии с национальным колоритом. Куклы национального образца и деревянная посуда, ковер обрамленный орнаментом, головные уборы из шкуры волка и лисицы не оставят без внимания каждого посетителя Казахстана.

Все материалы должны соответствовать установленным требованиям и стандартам качества Республики Казахстан.

Требование рынка кардинально изменило отношение к произведениям ремесленников, оценивали способности и искусство не только ткачих, но и мастеров по дереву, ювелиров, этнодизайнеров. В магазины вышли сундуки, бесики, национальный музыкальный инструмент - домбра. В то время как ремесленные изделия стали утварью дома, это стало источником дохода и стал востребованным. Это способствовало развитию нового вида бизнеса - этнобизнеса. Этнобизнес - это не только источник

дохода, но и прямой способ проявить страну. Это неотъемлемая часть культуры. А основным способом распространения этих изделий является реклама.

Отец рекламы Альберт Ласкер объясняет это следующим образом: «Реклама - это торговля в печатном виде». Это стало известно до появления радио и телевидения. В это время масштаб и качество рекламы отличались как небо и земля. Существуют различные определения о рекламе. Он может быть определен как один из источников организации сбыта, экономических и социальных процессов-связей с общественностью. Итак, реклама - это средство передачи информации, обычно выплачиваемое и вызывающее доверие. Он часто занимается реализацией идей рекламодателя и продукции[2].

Реклама предназначена для людей разных групп, то есть позволяет охватить всех информацией. Основная часть функций - рекламы, убеждение по содержанию и назначению, ориентация на себя новых пользователей на идеи, товары, услуги. Однако известные рекламодатели, например, сообщение, сделанное с целью разрешения прав и юридических работ, происходит только в месте предоставления информации и не преследует никакой цели убеждения.

Помимо рекламы материального товара, очень важно проводить рекламную связь с магазинами, занимающимися продажей машин, салонами красоты, и.т.д. На всех уровнях роста реклама используется в рамках размышлений: экономической, политической, экологической, религиозной и социальной[2].

Реклама используется везде. Используется им для формирования «образа» организации (престижная реклама), распространение информации о продаже, услуги (рубричная реклама), объявление о продаже по сниженным ценам (низкая ценовая реклама).

В зависимости от масштаба распространения подразделяются на: всемирные, мульти - национальные, региональные, городские, местные. В зависимости от способа изготовления реклама подразделяется на: собственную или «домашнюю», созданную самим рекламодателем; подготовленную рекламным агентом; готовую (игра старых рекламных роликов). Рекламные средства можно разделить на 5 больших групп: печати, телевидения, радио, рекламы, кино. Реклама с стороны художественного оформления: черно-белый, одноцветный, двухцветный, цветной, текст, рисунок, фото, использованные и предметы рекламы: брелок, топка, ручка, сувенир, и.д. Кроме того, существуют и «живые» рекламы. Это включает в себя демонстрацию моделей в магазинах образцов одежды известных фирм.

Основные функции рекламы:

- экономические (утилитарные) - это увеличение объемов торговли и увеличение доходов, - информационные производители - это предоставление полной информации о определенных товарах, - маркетинговые (коммерческие) - способствует продвижению товара на рынке торговли, - относительные (идеологические) - воспитательная (организационная) - влияние рекламы на общественное сознание, - культуры - дополняет эстетическое удовлетворение.

Цель рекламы: - расширение рынка торговли, - информирование общественности о товаре, - формирование и организация названия фирмы, товарного знака, - информирование о выгоде и преимуществе товара, умение противостоять конкурентам[2].

Таким образом, реклама - это мысль, и должна уметь передавать ее пользователю.

Большое место в предметной рекламе занимают ювелирные изделия и сувениры. Потому что эти предметы являются единственным средством проявления национального бытия. В настоящее время, эстетически красочно оформленная посуда, украшение орнаментами, куклы в национальной одежде, юрты, верблюды, домбра, украшения нового образца, сувениры с изображением символа городов привлекают внимание посетителей нашей страны. Они изготавливаются из дерева, глины, металла, керамики, войлока, распределяются в специализированных магазинах, туристических центрах, парках.

В связи с течением времени в больших городах развивается ювелирное, сувенирное искусство. Каждый год объем этого бизнеса увеличивается на 20-25 процентов. То есть, после запроса, производство продвигается вперед. Согласно статистике, в Казахстане с 2006 года количество предприятий, производящих ремесленники, стало больше[3].

На выставках, проводимых за рубежом, будут представлены ювелирные изделия и сувениры, рассказывающие о национальной культуре, искусстве, истории нашей страны. Это тоже один из правильных способов развития, проявления страны. Поэтому большое количество таких изделий очень важно для жизни народа.

Сувениры и ювелирные изделия национального колорита должны быть не только источником дохода, кроме того, он должен быть создан на мировом уровне, чтобы показать всему миру культуру казахского народа[4].

Список использованных источников:

1. Әмірғазин Қ. Қазақ қол өнері. – Алматы: Дойкпресс, Есмаханов Асқар. Қазақтың киіз үйі. – Алматы: Дидар, 1998. – 78б.
2. Ж. Бекболатұлы. Жарнама негіздері. Алматы: Экономика-2009.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
4. Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368б.
5. <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=522902#text>

УДК: 741.02

МРНТИ: 14.09

ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ *Адамқұлов Ерали Мерекебайұлы – Алматы қаласы, №61 ОМ «Технология» пәні оқытушы.*

Аңдатпа

Жалпы білім беретін мектептердегі бейнелеу өнері, сызу және технология пәндерінің қазіргі өзекті мәселелері және ұлттық өнерімізге әсері жайлы мақалада айтылады.

АКТУАЛЬНОСТЬ ПОДЕЛОК НА УРОКАХ ТЕХНОЛОГИИ *Адамқұлов Ерали Мерекебайұлы – город Алматы, СР №61 учительно дисциплине «Технология».*

Аннотация

В статье раскрывается пути решения данной проблемы предметов общеобразовательной школы РК изобразительное искусство, черчения и технология и влияния на изделия народного прикладного искусства.

ACTUALITY OF TRADE ON THE LESSONS OF TECHNOLOGY

Adamkulov Erali Merekebayuly – Almaty city, secondary school №61, Teacher in the discipline "Technology".

Abstract

The article reveals ways to solve this problem of the subjects of the secondary school of the Republic of Kazakhstan, visual arts, drafting and technology and the effects on the products of the national applied arts.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің әзірлеген білім стандарттары мен тұжырымдамаларының жарық көруі, осыған орай мектеп бағдарламаларында болып жатқан өзгерістер, соған сәйкес қолданысқа енген жаңа оқулықтар, оқушыларды дамыту мен шығармашылыққа жетелеуді міндеттеуі, болашақ маман дайындау ісіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Осыған орай пән мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін жоғары деңгейде болуына қойылатын талаптар да күшейді.

Негізгі көзқараста мектеп оқушыларының көркемдік білімін іске асыруда болашақ мұғалімдерді әдістемелік дайындаудың жүйесі түзілген: - көркемдік практикалық өнертану мен педагогикалық пәндер, педагогикалық практика, ғылыми-зерттеу, тәрбиелік, студенттердің курстық және дипломдық жұмыстары, өнертану мен әдістемелік дайындықтарын оқу үрдісінде интеграциялау, - көркемдік практика мен қолөнер білімінің бірлігі, - технология мен көркем еңбек мұғалімінің көркемдік — практикалық қызметіндегі мамандық ерекшелігіне қарай әдістемелік дайындығының сәйкес болуының қажеттігін көрсетеді.

Технология пәніндегі мектептердегі оқыту үрдісі мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі. Оның қызметінің мақсаты оқушылардың белсенді, саналы, танымды қызметін басқару болып саналады. Мұғалім оқушыларға бірте-бірте күрделі талаптар қояды, соның арқасында баланың танымдық ойының ілгерлеу қозғалысын қамтамасыз етеді. Мұғалім оқытудың табысты өтуіне жағдай жасайды; соның көмегі арқасында мазмұн оқушының игілігіне айналатындай әр түрлі әдістерді пайдаланады.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде қолөнер бұйымдарын жасау әдістері технология сабағында оқытылуда, бірақ осы пәнді өз деңгейінде жүргізетін теориялық, практикалық және пәнді жүргізудің әдістемесін меңгерген мұғалім жоқтың қасы. Болашақ технология пәні мұғалімдерін қолөнерге оқытуға дайындау шеберлігін қалыптастыратын теориялық және практикалық біліммен оны оқытудың әдістемесін меңгерудің маңызы зор. Сондықтан технология, бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша білім беретін жоғары оқу орындарында «Қолөнер пәнін оқудың әдістемесі» атты элективті курста енгізетін болсақ, нәтижесінде мектептегі технология пәнінен көркемдік-эстетикалық білімді жан-жақты үгіттей білетін, жалпы мәдени және көркемдік ой-өрісі кең, көркемдік талғамы, эстетикалық мәдениеті биік мұғалім қалыптасады. «Болашақ мұғалімдердің өнертанымдық білімдері» атты ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмысы төрт бағытты қамтиды.

Технология пәнінің өнертануы, бейнелеу өнерінің өнертануы, музыка өнертануы, театр өнертануы салалары. Соның ішінде Қолөнер өнертануы: Бейнелеу өнертануын: қолөнер, бейнелеу өнерінің тарихы, қолөнер және бейнелеу өнерінің теориясы, қолөнер және бейнелеу өнерінің сыны болып бірнеше салаға бөлуімізге болады.

Өнер пәні-графиканы зерттеу, кескіндемені зерттеу, сәндік қолөнерді зерттеу, монументалдық өнерді зерттеу, мүсінді зерттеу т.б. бағыттарын қамтиды. Өнер тарихы пәні лекция және пікір алысу сабақтарының түріне жатады. Жалпы білім беретін мектептерде өнер пәнін оқудың әдістемесі пәнінде студенттерге лекция сабақтарының өтілу әдістерін, сабақ жүргізудің әртүрлі формалары: сабақ материалын түсіндіру (лекция, әңгіме), оқушылар баяндамасы, коллоквиумдер, рефераттар, ауызша және жазбаша талдаулар, көркемөнер қайраткерлерімен кездесу, жергілікті өлкетану мұражайларымен,

шеберханаларды аралау арқылы түпнұсқалармен тікелей таныстырудың әдістерін үйрете отырып, студенттерге үлгілі сабақтар жүргізеді. Болашақ мұғалімдерді әртүрлі формада өткізетін сабағына байланысты күнтізбелік жоспарлар әзірлейді және бекітілген тақырып бойынша күнделікті сабақ жоспарын және көрнекілігін дайындайды. Көрнекілікті пайдалана білу, өнердің түрлері мен жанрлары, суретшілер шығармаларының иллюстрация материалдарын көбірек талдау арқылы өнертанымдық білімдері қалыптасады.

Сабағымыз теориялық және практикалық сабақ болғандықтан оның өтілу әдістеріне тоқталамыз.

Лекция-білім берудің ертедегі формасы, лекция үрдісінде мұғалімнің оқу материалын ретімен және жүйелі, монологты түрде баяндауы және түсіндіру әдістері. Ал практикалық сабақтар негізінен оның іс жүзіне асырылуы. Оқушыларды лекция жазуға атап айтқанда: конспект жазудың тәсілдерін, жалпылама қолданылатын қысқартулар мен белгілеулерді көрсету, лекция материалдарын толықтыруға, керекті сызбаларды, кестелерді пайдалануға үйретудің әдістері, иллюстрацияны талдауға, көркем шығармамен өзбетінше жұмыс істеуге үйретеміз. Көрнекілік әзірлеу, пайдалану әдістерінің шарттары:

- а) қолданылатын көрнекілік оқушының жасына сәйкес болуы;
- б) иллюстрацияны көрсеткенде басты, маңызды жақтарын бөліп көрсету;
- в) көрсетілетін көрнекілік материалдың мазмұнымен сәйкес болуы;

Сонымен қатар студенттерге сабақ барысында көрнекілікті шектеулі пайдалануы керектігі және оны бірте-бірте тек сабақтың қажет сәтінде көрсетуін үйрету.

Болашақ технология мұғалімдеріне қолөнерді дайындау әдістемесі пәнінен лекция сабақтары мен семинар сабақтары қатар жүргізіледі. Семинар сабақтарының өтілу әдістерінде оқушылардың әр ақпараттарға терең талдау жасауын және дәл баға беруін, оны оқушыларға өз бетінше атқаруға үйретуге мүмкіндік туғызудың жолдарын қарастырамыз. Егер лекцияда жетекші рольді мұғалім атқарса, семинарда жетекші рольді оқушылар атқарады.

Болашақ технология мұғалімнің кәсіби дайындығы педагогикалық оқу орнында аяқталмайды, ол кәсіби қызметтің барлық кезеңі бойына жалғасады. Мұғалімнің кәсіби білімінің үздіксіздігі оның шығармашылық қабілеті дамуының, оның қызметінің интегративті элементі және жеке педагогикалық тәжірибесінің әрдайым дамуының алғы шарты болып табылады.

«Кәсіптік білім» мамандығының студенттеріне 3 және 4 - курстарда «Технология пәнін оқыту әдістемесі», «Сәндік қолөнердің теориясы мен тарихы», "Қазақ халқының қолөнері", «Қазақстан бейнелеу өнері тарихы», «Педагогикалық іс-тәжірибе» бағдарламаларына қосымшалар енгізіліп, «Өнер пәнін оқыту әдістемесі» атты болашақ мұғалімдерге арналған элективті курс оқытылса. Бұл пәндерде болашақ технология пәні мұғалімдері төмендегідей іскерліктерді игеретін болады:

- орта және жоғары оқу орындарындағы қолөнер тарихы курсының ғылыми және психология-педагогикалық негізінің құрылымымен мазмұнын;
- қолөнер пәнін оқытудың принциптері мен әдістерін;
- пән бойынша бейнелі күнтізбелік, тақырыптық күнтізбелік және сабақ жоспарларын жасауды;
- сабақта көрнекіліктерді пайдалана білуді;
- иллюстрация материалдарын талдай білуді;
- қолөнер пәні сабақтарында ойын-тапсырмаларын пайдалана білуді;
- қолөнерінің түрлері бойынша шығармашылық көрмелер ұйымдастыра білуді;
- оқушылардың білімдерін бағалай білуді;
- өзінің өткізген сабақтарын талдай білуді;
- әлеуметтік-эстетикалық компоненттілік - қолөнердің өнегелі және эстетикалық құндылықтарын ажырата білуді;

- өнер шығармаларына эстетикалық көзқарасын қалыптастыруды;
- қабылдау және оның ерекшеліктері мен қайталанбастығын бағалай білуді;

Практикалық немесе студенттердің өзіндік жұмыстарында:

- студенттерді оқушылар және жеткіншектермен оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде бақылау, талдау шеберліктерін игерту;

- оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауды үйрету;

- студенттерді әр алуан типті сабақтарды әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызметін дамытуға арналған сабақтар өткізуге дайындау;

- ұжым оқушылармен сынып жетекшісі функцияларын тиянақты орындауға, оқушылармен жеке оқу-тәрбие жұмысын жүргізуді үйрету;

- студенттердің педагогикалық қызметке шығармашылықпен, зерттеушілікпен келуін дамыту, өз еңбектерін талдау дағдылықтарын дамыту, өз білімдерін жетілдіру қажеттігін дамыту.

Болашақ технология пәні мұғалімдерін қолөнерге оқытуға дайындауда білімділікке емес, алған білімін өмірдегі кездесетін жағдайларды шешуде пайдалана алатындай етіп дайындау, оның функционалдық сауатының қажетті деңгейде болуына басымдық берілуі керек. Екіншіден, жаңа технология пәні ретінде сабақ үрдісінде студенттердің өзара белсенділігін арттыру (интерактивті) әдісін жетілдіру және оның формаларын түрлендіре отырып, мұғалімдер арасына тарату, педагогикалық жүйедегі жұмыстарды іске асыруда тыңғылықты жүргізу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Адамкулов Н. М. Саз аспаптар тарихы. Алматы, 2006 - 48 бет
2. Оспанов Б.Е., Адамқұлов Н.М. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Алматы 2010 ж. 168 бет
3. Тарақты Ақселеу қазақтың ұлы күйшілері. Алматы, Өнер 2000 жыл 8-11 бет
4. Ақтаев С. Н. Адамкулов Н. М. Қазақ фолклорының лұғаты. Алматы, 2008 жыл, 298 бет
5. Шаңырақ Үй тұрмысына арналған энциклопедия. Алматы, Өнер 1990 жыл. 814 бет
6. Адамкулов Н. М. Ұлттық қолданбалы өнері. Алматы, 2006 жыл. 121 бет
7. Адамкулов Н. М. Домбыра жасау өнері. Алматы, 1995 жыл. 171 бет

IV БӨЛІМ.ӨНЕРТАНУ

РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 75.044

МРНТИ 18.07.43

Д.С.Болысбаев¹, Н. Досалиева², Ж. Жайық³
¹философия ғылымдарының кандидаты, доцент
^{2,3}магистрант

^{1,2,3}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ БАТАЛЬДЫ ЖАНРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан бейнелеу өнерін бағалап, өнеріміздің дамуына жасаған игі іс-шаралары қазірде өнер адамдары үшін көптеген мүмкіндіктер берді. Ұсынылған мақалада кескіндеме өнерінің батальды жанр туындылары арқылы ұлтымыздың мәдениет қайраткерлерін, батырларын, халық қаһармандарын біліп танып жеткіншек ұрпақтың жадында маңгілік қалдыру қарастырылды. Батальды жанрдың негізін қалаушылардың классикалық белгісі болып табылатын фактор - бұл шығармашылықтың бірізді және айқын түрдегі көпқырлылығы. Бұл ретте ел арасында абырой-даңқымен, табиғат берген дарындылығымен танылған суретшілердің шығармалары, оның ішінде қазақ кескіндеме өнерінің кемеңгері Әбілхан Қастеевтің батальды жанрда салынған туындыларының ерекшеліктері көрсетілген. Суретші Әбілхан Қастеевтің шығармаларындағы бұрынғы классикалық стильмен бейнеленген туындыларының өзіне тән жаңаша сипатымен жастарды қызықтыруы айтылды. Қазіргі қазақ жастарын тәрбиелеуде халқымыздың қаһармандары мен батырларымызды білуінің маңызы зор. Елімізде жастар тәрбиесінің құлдырауы ел болашағының дамуына кедергі. Шығармашылық туындылары арқылы тәрбие жұмысын жүргізу отандастарымыздың ұлттық мәдениетімен қатар адамгершілік, адамды сүю, шыншылдық, әділеттілік, әдептілік, халықтардың өзара түсінісуі, еңбекқорлық, отаншылдық рухта болуын тәрбиелейді. Өскелең ұрпаққа суретшілеріміздің батальды жанр бағытындағы туындыларымен танысып, тәрбие құралы ретінде қолдану ұтымды тәсілдің бірі болмақ.

Түйін сөздер: баталь жанры, ақпарат, ұлттық өнер, тарих, шығармашылық, бейнелеу өнері, кескіндеме, суретшілер.

Аннотация

Д.С.Болысбаев¹, Н. Досалиева², Ж. Жайық³

¹кандидат философских наук, доцент

^{2,3}магистрант

^{1,2,3}Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауезова

Шымкент, Казахстан.

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ БАТАЛЬНОГО ЖАНРА В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев высоко оценивая изобразительное искусство и хорошую работу, сделанную в его развитии, предоставил много возможностей для художников. В данной статье рассматривается то что, с помощью картин батального жанра прививать любовь и уважение к нашим героям и батырам прошлых и нынешних лет. Фактом, который является классическим символом основателей батального жанра, является последовательное и своеобразное разнообразие творчества. В то же время в битвах этого жанра были продемонстрированы произведения художников, признанных талантов и великий людей своей страны. В том числе произведения Абылхана Кастеева, покровителя казахского живописи. Работы Абылхана Кастеева в творчестве художника показали, что молодежь интересуется их классическим стилем. Для наших соотечественников важно знать героев и батыров для воспитания современной казахской молодежи. Снижение образования молодежи в стране препятствует развитию будущего страны. Проведение образовательной работы через творческие работы, наряду с национальной культурой наших соотечественников, воспитывает моральную, гуманную, правдивость, справедливость, такт, взаимопонимание народов, тяжелый труд, патриотизм. Один из рациональных способов познакомиться с художественным наследием художников и использовать их в качестве средства обучения.

Ключевые слова: батальный жанр, информация, национальное искусство, история, творчество, изобразительное искусство, живопись, художники.

Abstract

D.S. Bolysbaev¹, N. Dosalyeva², J. Jayik³

¹candidate of philosophy sciences, docent

^{2,3}master student

^{1,2,3}M. Auevov south Kazakhstan state university

Shymkent, Kazakhstan

FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE BATTLE GENRE IN THE FINE ART OF KAZAKHSTAN

The President of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, highly appreciating the fine arts and the good work done in its development, provided many opportunities for artists. This article examines what, with the help of pictures of the battle-like genre, to instill love and respect for our heroes and batyrs of past and present years. A fact that is a classic symbol of the founders of the battle genre is a consistent and peculiar variety of creativity. At the same time, in the battles of this genre, works of artists, recognized talents and great people of their country were demonstrated. Including the works of Abylkhan Kasteev, patron of Kazakh painting. The works of Abylkhan Kasteev in the works of the artist showed that young people are interested in their classical style. For our

compatriots, it is important to know the heroes and batyrs for the education of modern Kazakh youth. The decline in the education of young people in the country impedes the development of the country's future. Conducting educational work through creative work, along with the national culture of our compatriots, fosters moral, humane, truthfulness, justice, tact, mutual understanding of peoples, hard work, patriotism. One of the rational ways to get acquainted with the artistic heritage of artists and use them as a learning tool.

Keywords: battle genre, information, national art, history, creativity, visual arts, painting, artists.

Халықтың этномәдени дәстүрлі жиынтығында қалыптасқан қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы қазақтың бейнелеу өнерінің тамыры тереңге кеткен өзіндік ерекшелігін көрсетуге негіз болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтің "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауына қатысты мәлімдемесінде "Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек.

"Рухани жаңғырудың" маңызы да нақ осында.

Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс"[1, 3 б.] - Елбасының бұл жолдауынан әр-бір қазақстан азаматы өз салт-дәстүрін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын сақтаумен қатар оны дамытып келер ұрпаққа жеткізудің маңызын да айта кеткендей. Осы орайда біз өз тарихымыз бен мәдениетімізді суретшілеріміздің ұлттық бағытта салынған туындылары арқылы салт-дәстүрімізді, батальды жанр бағытында салынған суреттер арқылы халқымыздың қаһармандарын келесі ұрпаққа бұлжытпай жеткізіп, дамытып отыра аламыз. Қазіргі таңда инновациялық технологияларды меңгерген, өзге шет тілдерінде жетік сөйлейтін қазақстан азаматының өз халқының мәдениетін, батырларын білуінің маңызы әсіресе өскелең ұрпақ үшін маңызы зор. Қазақтардың дәстүрлі көзқарасы өнердің жаңа түрлеріне жаңа рухани негіз, дүниетанымдық көрініс ретінде еніп, көп жағдайда олардың даму жолдары мен сипатын анықтап отырады. Қазақстанда кәсіби бейнелеу өнерінің рухани және көркем ерекшеліктерінің қалыптасуы бірегейленудің біршама ауқымды шамасын ойластырған халықтың дәстүрлі санасымен тұрақты әрі терең байланыстар мен сұхбаттардың негізінде жүзеге асты. Нәтижесінде, бір ғасырға жуық уақыт аралығында өзіндік ұлттық ерекшеліктері мен идеялар жинағы бар көркемөнер мектебі қалыптасты.

Қазақстанда кәсіби бейнелеу өнері ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында еуропалық көркемөнер дәстүрінің, техникасы мен технологиясының негізінде қалыптасты. Дегенмен, бастапқы кезде-ақ бейнелеу өнерінде ұлттық дүниетаным мен көзқарастардың тұрақты шамалары мен стереотиптері анық байқала бастады [2, 203 б.]. Бұл жылдардағы суретшілер образдық жүйелері, орындау әдіс-тәсілдері әр алуан, бір-біріне ұқсамайтын шығармаларды дүниеге әкелді. Әйткенмен, олардың басын біріктіріп тұрған ортақ жайлар да аз емес: бейнелеу өнерінің табиғи мүмкіншілігі жеткен жерге дейін айнала өмірді шыншыл тұрғыдан суреттеуге тырысты, ал ол дегеніміз - объективті шындық пен суретшінің субъективті көзқарасының қосындысы екені белгілі. Бұл белгі кескіндеме өнерінің барлық жанрында соның ішінде батальдық жанрына да өзіндік ерекшелікке ие болды.

Батальдық жанр суретшілерге - қажыр-қайраты шексіз, асқақ, мызғымайтын табандылық белгісіндей. Тек алғашқы кездерде ғана оның қаһармандық болмысы жинақты, шағын фориаларға ие болған. Ал, келе-келе оны бар қадір-қасиетімен, бай бояу түрлерімен асқақтата

жырлауға бой ұрған. Бұл нышан, әсіресе, қаһармандары мол, бояу түстері әр алуан эпикалық баяндау бағытын ұстанған ірі батальды шығармалардан анық аңғарылады [3, 10 б.].

Батальдық жанры, соғыс жанры, әскери шайқас жанры - бейнелеу өнерінің әскери өмірге, әскери тақырыпқа арналған саласы. Батальдық жанр тарихи жанрмен (тарихи оқиғалардың мән - маңызын ашып көрсету үшін) және тұрмыстық жанрмен (әскери өмірдің көріністері) тығыз байланысады.

Қазақстандағы батальдық жанрының тууы ежелгі дәуірге - республика аумағында алғашқы мемлекет бірліктерінің пайда болуы кезеңіне саяды. Бұл кезеңнен бізге жеткен жартастарға қашап салынған суреттердегі соғыс қимылдары мен аң аулау сәтіндегі жауынгерлердің әрекеттері белгілі бір ырғаққа және шеңбер бойлай орналасу ережесіне бағындырылғаны ("Ежелгі түрік даңқы", Ойжайлау жартасы) байқалады.

Қазақстанның тәжірибелі суретшілері кескіндеме, мүсін және графика саласы бойынша батальдық жанрында көптеген туындылар (Ұлы Отан соғысы кезіндегі оқиғалар, халық жасақтарымен жауынгерлердің, әскери қолбасшылардың бейнелері) жасады. Графика мен кескіндемеде соғыс көріністері бойынша толық бейнеленуі үшін көбінесе триптих пішінді таңдап алынды, ал мүсінде батальдық жанры ескерткіштерде, мемориалдарда және олардың бедерлі суреттерінде қолданылды.

Ұлы Отан соғысы жылдары суретшілердің күш-жігері елді фашизмге қарсы қажырлы күреске үндеген өнердің үгіт-насихат түрлеріне қарай жұмылдырылды. Батальдық жанрында майданның аты шулы соғыс батырларының бейнесі бейнеленген плакаттар шығарылды. Әйткенмен, живопись түрлерін шет қақпай қылған ешкім жоқ. Бұл кезде майдан жағдайына байланысты Қазақстан суретшілері және байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен көптеген қылқалам шеберлері қоныс аударып келіп еді. Олардың біразы кейінгі өмірі мен творчествосын қазақ топырағымен біржола байланыстырды. 1940-50 жылдары батальды жанрында Қазақстан суретшілері Н.Б. Нұрмұхамедов ("Амангелді Имановтың ат үстіндегі портреті", 1952, "Даладағы өрт", 1962), М. Кенбаев ("Ә. Жангелдин отряды", 1957), Қ.Т. Телжанов ("Қазан" триптихынан "Тасқын", 1970), А. Молдабеков ("Алматылықтар Москва үшін шайқаста" 1960) т. б. еңбек етті. Акварель саласында М. Белов, Р. Великанова, С. Сухов, П. Зальцман-сынды суретшілер белсенділік танытып, қыруар жұмыс тындырды. 50жылдары Қазақстанға И. Стадничук, Т. Говорова, А. Подковыровтар келді. Соғыс жылдарындағы батальдық жанрда туған туындылар топырақ, Отан тәуелсіздігі жолындағы ерлікке толы, жалпы-халықтық күрес-туған жер, оның табиғаты, адамдарына деген шексіз сүйіспеншілікті күшейте түскендей.

Батальдық жанры мүсін өнерінде де - Ұлы Отан соғысы ерлеріне арналған Панфилов паркіндегі Даңқ мемориалын (мүсінші В.В.Андрющенко, 1975), Әліби Жангелдин ескерткішінде (мүсіншілері Т.С.Досмағанбетов, О.Г.Прокофьева, 1975) мүсіндерінде - кең қолдау тапты. Қазақ графикасында да батальдық жанрына үлкен көңіл аударылды. Бұл жөнінен В.И.Антощенко-Оленовтың ("Отан атымен", 1958), Е.М.Сидоркиннің ("Ғасырлар қатпарында" топтамасынан "Соғыс", 1971-79), Т.Ордабековтың ("Ақын өлімі", 1958) т. б. шығармаларын атауға болады [4, 127 б.]. Алайда XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кескіндеме өнерінде батальдық жанр Әбілхан Қастеевтің шығармаларымен тікелей байланыста болды. Суретші өзінің көркемөнер мектебін қалыптастыру барысында өзінің дәстүрі мен өз жерін анық көрсету, Отанға қарым қатынасы мен оның территориялық ерекшеліктерін таңбалау және халық қаһармандарын бейнелеу арқылы қазақ кескіндеме өнерінде батальдық жанрдың қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Қазақтар үшін жаңа болып табылатын өнердің түрінде ұлттық дүниетаным мен ұлттық рухты мәнерлеудің дәлме-дәл факторы Әбілхан Қастеев шығармашылығына тән. Оның адамды сипаттау ондағы этикалық, өнегелік, бастаулардың бар немесе жоқ болуына байланысты. Дәстүрлік құрылғылар Қастеев кескіндемесінің дәстүрлік коды ретінде ішкі, реалистік ретінде сыртқы формасына ене отырып, оған ұлттық ділдің негізгі саласына қазақтар үшін өнердің жаңа түрін қайтадан жасауға мүмкіндік береді.

Қастеев дарыны өзіне мүмкіндіктің кең спектрін сіңіріп алған. Олардың болашақта әрі қарай дамуына негіз сала отырып, ол кескіндеменің барлық жанрында дерлік жұмыс істей алды. Суретші батальдық көріністерді, тарихи көріністерді, тарихи композицияларды, камералық философиялық портреттерді және тыныш поэзияға толы күнделікті ауыл көріністерінің желісін бейнеледі. Оның шығармашылығының бастамасында портреттік және тұрмыстық жанр тұрады. Оның "Автопортрет", "Құсықбаевтың портреті", "Қарындасымның портреті" - сияқты шеберлігі мен қарқыны керемет портреттері көпшілікке белгілі. Осы портреттерінің өзінен - ақ суретшінің адам жанының әлеміне тереңдеп енгені айқын байқалады. Содан соң ол Ш.Уәлиханов, А.Иманов және жас Абай сынды қазақ мәдениетінің қайраткерлері мен халық батырларының образдарын дүниеге әкеледі.

Ә.Қастеев көп жылдар бойы Амангелді Имановтың портретін жасаумен шұғылданған. Оның көзі тірісіндегі суретінің жоқтығы образ жасауды қиындатады. Халық батырының бейнесінен оның үзеңгілестерімен туыстарының айтуы бойынша жорамалмен салуға тура келеді. Жүздеген үлгілері мен нұсқаларын жасап болған соң ғана Амангелдінің ұқсас бейнесін тауып, көркем шығарма тудырады.

Суретші Ә.Қастеев шығармашылық жолын жалғастыруда "Қызыл армияның құрылуы", "Қазақ көтерілісшілері", "Амангелді еңбекшілерді митингіге шақыруда", "Амангелді шабуылы", "Торғай жорығы" сияқты акварельдер және майлы бояулы көлемді туындылар жасады. Әр жылдары жасалған Амангелді портреті сериясына қарай отырып, суретшінің өзіне талап қойғыштығын және тақырыпқа әуестігінен барып туған ізденістерін бақылай отырып, осы қасиеттеріне баға беруге болады [5, 47 б.]. Негізінде әскери басы, көтерілісшілердің жетекшісі Амангелді Иманов образы суретшіні тұтастай жаулап алып оны батальдық жанрда жұмыс істеуге жетелеп, оның бойындағы талантынан жаңа мүмкіндіктер мен қасиеттерді айқындайды. Қастеевтің композиция құру дарыны, кенептің көлденең созылған форматында кеңістіктің кеңдігі мен тереңдігін жеткізу мүмкіндігі бұл жерде композицияның қарқынды қозғалысымен толықтырылады ("Амангелдінің шабуылы"). Қастеев бастаған қазақ кескіндемесіндегі батальдық жанр ұлттық көркемөнер мектебіндегі өзінің көрінуінің негізін салады. Қазақ кескіндемесіндегі батальдық жанрдың алғашқы қадамында-ақ атты әскерді, атты шайқасты, қазақтардың атты-көшпенді өркениетінің ғасырлық тәжірибесін кескінді қайталауы заңды еді.[7].

Қастеев туындыларындағы барлық тақырыптар мен сюжеттер ұлттық өмірмен байланысты болды. Ол туындылар дәстүрлік тұрпатын өзгертпей сақтап қалған көріністермен қоса, дала кеңістігіне уақыт пен жаңа әлеуметтік құрылыс алып келген өзгерістеді де бейнелеп отырды. Бізге қазақтардың мәдениеті мен өмірінің түбегейлі ерекшеліктері оның кенептерінің тақырыптары арқылы ғана емес, сонымен қатар жұмыстарының стилистикасы мен поэтикасынан көрініс тапқан Қастеевтің өзінің өмірге деген көзқарасы арқылы да жетеді. Мұндай дәстүрлік сана-сезімде нығайған ерекше дүниетанымдық ракурс кескіндемешінің өзіндік шығармашылық мәнерінің қалыптасуына ықпал етті [2, 205 б.].

Әбілхан Қастеев - этнограф әрі зерттеуші, зергер суретші. Өйткені оның ұлы тұлғаларды көркем шығармада кереметтей бейнелеп көрсетуі бабаларымызбен тікелей жүздестіреді. Қазақ халқына сыйлаған батальдық жанрдағы тарихи көркем шығармалары алтын қазыналарымызға айналып отыр. Суретшінің аса бір ерекшелігі, бастаған суретін соңғы нүктесін қойып жазуға дейін тыным таппай еңбектенуі арқылы тамаша туындыларды өмірге алып келді.

Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласындағы Третьяков галлерейасында болып, Ә. Қастеевтің төлтумасын ұсынды. Бұл егеменді еліміздің құдіретті қаламгерінің мұралық өнері болып саналмақ [6, 147 б.]. Ә.Қастеевтен бастап қазақстанның басқада суретші шығармашылығының жемісі талай батырлардың, қалық қаһармандарының бейнесін бейнеледі. Міне осындай өнер адамдарының шығармашылығымен таныс болуымыз қай-қайсымыздың болсада құнды қасиеттерге ие болып, рухани мәдениеті бай адам болып қалыптасуымызға әсерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Егемен Қазақстан. №6 (29237) 10 қаңтар, сәрсенбі 2018 жыл.*
Алғашқы зерттелген мұнаралық құрылыс – Ұзынтам мұнарасы (Шығыс Арал өңірі), қазіргі кезде қатты қираған және ескерткішті жедел қайта жөндеу керек. Ескерткіш мерзімі және пайдаланылуы, бастапқы түрі тағы басқа жағынан жұмбақ мұнаралардың бірі болып табылады. Ұзынтам мұнарасы X-XII ғ.ғ. - Сырдың төменгі ағысында орналасқан сәулет ескерткіші. 22/23x22/23x5/6 күйдірілген кірпіштерді араластыра отырып тұрғызылған. Төменгі діңгекті негізі - 7,30 м, биіктігі - 10 м, қабырға қалыңдығы - 1,7 м құрайды. Ескерткіш қазіргі кезде қатты қираған, кіруге арналған ойығы солтүстік-шығысқа бағытталған. Цилиндрлі болып келген мұнара жоғарыға қарай тарыла түскен. Мұнара ішінде парабола кескінді күмбез камерасы бар. Мұнара Шығыс Арал өңіріндегі ортағасырлық жұмбақ мұнаралардың қорын кеңейте түседі және мұсылмандыққа дейінгі культтық-мемориалдық құрылыстар типтерінің генезисін анықтауға көп септігін тигізеді [4].

Осыған ұқсас мұнаралық құрылыстың бірі – Бегім ана мұнарасы. Қазіргі кезде ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілген, бірақ, өкінішке орай оның алғашқы нобайынан ешқандай элемент сақталмаған. Бегім ана мұнарасы - X-XI ғасырларға жататын сәулеттік ескерткіш. Қазалыдан 68 шақырым қашықтықта орналасқан. Қам кесектен тұрғызылған мұнара шаршы пішінді күйдірілген кірпішпен қапталған. Мұнара сегіз қырлы призма іспетті күмбезбен жабылған. Мұнараның діңі ортасына дейін монолитті, одан жоғары тас төбелік үлкен тесігі жоспарында дөңгелек күмбезді камера орналасқан. Қазіргі кезеңде ескерткішке қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген.

Сараман-Қоса мұнарасы X-XI ғғ. - Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Кәукей ауылынан 2 шақырымда орналасқан. Биіктігі 11-12 метр шамасында, диаметрі 25 метр, төменгі жағы 1,5 метр - 17 кірпіш. Ішкі жағы қам кірпіштен (піспеген), сыртын қыш кірпішпен мінсіз етіп өрген. Қам кесектерден тұрғызылған мұнараның сырты шаршы пішінді күйдірілген кірпіштермен (24x25x5 см) қапталған. Мұнара жоспарында дөңгелек, іші қуыс, жоғары қарай тарыла түскен. Негізінің диаметрі 5 метрге жуық, биіктігі 15 м, қабырғасының қалыңдығы 1,6 м. Мұнараның төбе жағында үш қарауыл тесігі бар, аузы оңтүстік шығысқа қараған, екі бөлмелі, ішінен жоғарыға айналып көтерілетін баспалдағы бар. Ескерткіш кесілген конус іспетті күмбезбен көмкерілген. Мұнараның діңі жоғары қарай біркелкі тарылмаған. Кіреберіс ойық алғашқы кескінін жоғалтқан. Жер бетінен басталған ол солтүстік-шығысқа бағытталған. Мұнараның іші бір-бірінің үстіне орналасқан екі күмбезді камерадан тұрады. Кіреберіс ойық астыңғы камерада орналасқан. Үстіңгі камера өзара байланысты екі деңгейге бөлінген. Оның төменгісінде (оңтүстік-батыс жағында) үшбұрышты терезе ойығы бар. Қасбетте, оның астына сөре орналасқан. Жоғарғы камераның үстінде парапетпен қоршалған алаң бар. Алаңның үстінде жабындының жоқ болғанына қарамастан парапеттің солтүстік және оңтүстік қабырғаларында бір-бірден өтпелі тесіктері бар.

Сырдың ежелгі арналары Іңқардария мен Жаңадария бойында қарахандар дәуіріне жататын ерекше сәулет өнерінің туындылары орналасқан. Іңқардариялық Сырлытам мен Жаңадариялық Сырлытам кесенелері Сыр бойындағы күйдірілген кірпіштен салынған ғұрыптық құрылыстардың сақталған алғашқы үлгілері болып табылады. Іңқардария Сырлытамы ортағасырлық Сырлытам қаласының оңтүстік-батысында 250 метр қашықтықта орналасқан. Бұл ерекше архитектуралық құрылыстың кіру қақпасы сазды балшықтан ойып жасалған кесінділер мен плиталармен безендірілген.

Бұл безендіруге қарап оны қарахандар дәуірімен мерзімдеуге болады (XI-XII ғғ.). Мазардың жоспары – шаршы төртбұрышты. Ұзындығы 10 метр. Қабырғалары күйдірілген көлемі 27x27x4,5 см және 25,5x2,5x4,5 см кірпіштен соғылған, күмбезбен көмкерілген. Мазардың бұрыштарына дөңгелек кірпішті бір жағы қабырғаға жапсырылған пилястлермен безендірген, диаметрі 40 см. Мазар ішіне кіре берісте бағдарлы арка, мазар қабырғаларында текше қуыстары бар және сазды сылаққа өрнектелген орнаменттермен безендірілген. Мазардың еденінде екі қатардан тоғыз бейіт орналасқан. Жаңадария бойындағы Сырлытам кесенесі порталды-күмбезді құрылысқа жатады. Күйдірілген кірпіштен қаланған, ауданы 10x11 м, биіктігі 9 м. 16 қырлы барабаны (мойындық күмбезделіп бітеді), оңтүстік және солтүстік жағында есіктері бар. Барабанының терезелері де сүйірленіп жасалған. Алдыңғы жағындағы бетшесі майолика жалатылған плиталардан "П" әрпі тәрізді белдеу жасалып өрнектелген[5].

Ортағасырлық кесенелер қатарында Оқшы ата, Асан ата, Жүніс ата, Қасым ата кесенелерінен сәулет өнерінің ерекше белгілерін байқауға болады. Алғашқы екі ескерткіш Сырдарияның төменгі ағысындағы (XI-XII ғғ.) тұңғыш мұсылмандық кесенелердің қатарында және құндылығы жағынан зор маңызға ие. Оларға қайта қалпына келтіру және жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бастапқы түрін жоғалтқан. Жүніс ата кесенесі үйіліп жатқан қиранды жағдайында, құрылыстың архитектуралық барлық белгілеріне қарағанда, кесене күмбезді болғанға ұқсайды. Қасым ата кесенесі де жойылған, тек қана бір аркалы парустары сақталған.

XVI-XX ғасырдың басындағы кесенелер тобы күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, Сырдарияның төменгі ағысы бойына ислам дінін әкелген араб миссионерлерінің ұрпақтарымен байланысты – Мүлкәлән (Молда-калан), Қорасан ата, Қылышты ата, Асанас ата, Қожан Қожа, Сүнбибі (Шыңқыз әулие), Құлболды ишан, Айқожа ишан, Қарасопы кесенелерін атауға болады. Мүлкәлән (Молда-калан), Асанас ата, Айқожа кесенелері қазіргі уақытта қайта қалпына келтірілген, Қожан Қожа, Сүнбибі кесенелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілген, сондай-ақ Қарасопы кесенесі қалпына келтірілген, ең өкініштісі Қорасан ата, Қылышты ата және Құлболды ишан кесенелері сырылып тасталып, олардың орнына жаңа кесенелер тұрғызылған. Жалаңаш ата кесенесі қираған және жермен жексен болып, жаңа кесене бой көтерген. Соған қарамастан, кесене элементтерінің бірегейлігі зор қызығушылық тудырады.

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы алғашқы ғасырлармен байланысты ескерткіштер, атап айтсақ, найман тайпаларының негізін қалаушылардың бірі Төлегетай ата кесенесі. Қам кесектен тұрғызылған ғұрыптық қоршаулар Алатағы қорымы мен Белең ана, сондай-ақ атақты мерген Байғана кесенесі, Бөрібай батыр және Бесқыз қорымындағы (Бестам) кесенелері де ерекше сәулет өнерінің туындылары. Олар Сарысу өзенінің төменгі ағысы мен Телікөл (Телекөл) көлінің маңайында орналасқан.

XIX-XX ғасырдың бас кезеңіне жататын кесенелер зиратхана (тілеухана) ғұрыптық іс-әрекеттерге, Құран және намаз оқуға арналған бөлмесі бар кесенелер тобы Сарысу өзенінің төменгі ағысы мен Телікөл (Телекөл) көлінің маңайында ғана кездеседі. Бұндай кесененің композициясынан осы өңірге тән қазақ кесенелеріндегі екі камералы құрылысты архитектуралық нұсқаның қалыптасқанын көреміз. Оның жоғары деңгейдегі көркем үлгілері Құлтан, Мұқылтам (қазіргі кезде сапалы жөндеу жұмыстары жүргізілді), Ахмет ишан, Ақтай кесенелері.

Сарысу өзенінің төменгі ағысындағы мемориалды қоршаулар: Шағатай қорымындағы қоршаулар. Осы құрылыстарға тән ерекшелік-ескерткіштердің жоғары деңгейдегі тепе-теңдігі (тіпті біреуі қисық сызық сұлбалы болып келген құрылыспен жабылған). XX ғасырдың бас кезеңіне жататын күйдірілген кірпіштен соғылған қоршаулар осы аймақта анықталып, зерттелді. Олар Бәтеш тамы, Едігенің мемориалды қоршауы, Сарымола (Қызылмола) екі қоршауы. Ескерткіштердің ерекшелігі – күйдірілген кірпіштің жоғары деңгейде сапалы өңделуі.

Қызылорда қаласынан батысқа қарай, кам кесектерден тұрғызылған қазақтың күмбезді ескерткіштері қызығушылық тудырады. Олар әртүрлі композициялық тақырыптағы Көтібар батыр кесенесі, Қосұйтам деп аталатын (Нияз және Мәмбетбақи), Пұсырманбай (ішінде араб графикасында жазылған бедерлі жазуы бар-құлпытас орналасқан), Байсалбай, Жеңістам (Жиенес), Жылкелді, Толыбай батыр кесенелері. Соңғы екі кесенеді ескерткіштің бетше босағасы дөңгелек монументті мұнаралармен «қысылған».

Күйдірілген кірпіштен тұрғызылған Сырлыбай, Келімбет және Құттыбай кесенелерінің ерекшелігі – күмбесінің нақышты, әдемі болуында. Күмбездің сапалы қаландылары ішкі жағында айқын көрінеді, тегіс қатарлы қаландылар күмбез асты құрылыстармен үйлесе қиюласқан. Олардың арасында көркемдік мол безендірілгені Құттыбай кесенесі.

Мавзолейлер сыртқы фасады өте бай безендірілген және өзіндік сипаты бар күмбездерімен ерекшеленеді. Мысалға, Құттыбай мавзолейіндегі кірпіштен безендірілу элементтері бүгінгі таңда осы өңірдегі ұста-шеберлердің ағаштан жасалған түрлі композицияларында кездеседі. Бастауын ежелден алған, XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырға жататын, өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар қазақ мавзолейлері, мешіттері және мұнаралары Орта Азия және Қазақстан архитектурасында ғылыми қызығушылық туғызып отырған қазақ халқының ерекше архитектуралық туындылары болып табылады.

Сырдың төменгі ағысында ХУІІІ-ХІХ ғасырларда қаза болған адамға тағзым ретінде кесенелер мен мұнаралар салу ісі қарқынды дамыды. Соның нәтижесінде түрлі келбеттегі архитектуралық құрылыстар дүниеге келді. Қызылорда облысының, әсіресе Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарында осындай 50-ге тарта мұнаралар шоғырланған. ХУІІІ-ХІХ ғғ. тарихи процестерді ескерсек, жау шапқыншылығында осындай мұнаралардың маңызға ие болғанын да көруге болады. Жоғарыда атап өткендей, бұл мұнаралар тобы белгі беру немесе қарауылдық қызмет атқарса, енді бірі өлген адамның рухына тағзым ретінде салынды. Ал, кей мұнаралар аталықтар мен рулар арасындағы шекараны белгілеп отырды. Бұл мұнаралардағы ұқсастықтар жоспарына қарай дөңгелек пішінде немесе төрт бұрышты болып келеді. Іштері қуыс, еңкіштері төртбұрышты, жоғарыға қарай тартыла түскен. Жоғарғы жағында аркамен көмкерілген ойықтары болады. Биіктіктері 6-12 метрге дейін жалғасады. ХУІІІ-ХІХ ғғ. мұнаралар кам кесектен тұрғызылып, сырты сыланған қалдықтар айқын байқалады. Қабырға қалыңдығы ерекшелігіне қарай әртүрлі болып келеді[6].

Бұл мұнаралардың формасы мен биіктігі әртүрлі болып келгенімен салу құрылысында ұқсастықтар көп. Сыр бойындағы бұл мұнаралар әлі күнге толық зерттелмеген. Тек халық аузында кімге арнап тұрғызылғандығы және ол тұлғаның кім болғандығы немесе халыққа адал қызметі туралы ауызекі өсиетті сөздері мен нақылдары, жырлары тараған. Қызылорда облысының тарихи- мәдени ескерткіштер тізіміне енетін бұл мұнаралар туралы мақалалар жазылса да, архитектуралық талдамасы толық емес. Құжаттарында өлшемдері мен құрылыстар ерекшеліктері мен маңызы туралы тоқталған.

Қорытындылай келгенде, халқымыздың мәдениеті - ғасырлар тереңінен жалғасып, қоғамның өзгеруіне байланысты дамып келе жатқан мәдениет. Әрине, бүгінгі таңдағы өскелең өмірімізге сай келмейтін ескі салт-дәстүрлер қоғамның дамуына ілесе алмауы мүмкін. Бірақ олар тарих қойнауында, қазақ сәулет өнерінде еліміздің ескерткіштері ретінде сақталуы тиіс.

Қазақ сәулет ескерткіштерін егжей-тегжейлі зерделеу тек ХХ ғасырдың ортасынан басталды. Археологиялық қазбалар қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырға дейін Қазақстан аумағында басымшылық еткен ежелгі құрылыс мәдениетінің ауқымды ескерткіштер кешенін зерделеуге, ғимараттар типі мен құрылымдарын, құрылыс тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Сыр елінің құрылыс ісінің тарихы көп ғасырлық. Құрылыс ісінің туындауы қола дәуіріне (б.з.б. II мыңжылдық) дәл келеді, яғни бүгінгі таңдағы Сыр аумағында мекендеген тайпалардың өмірінде мыс

металлургиясын игерумен, тас құралдардан металдық құралдарға және алғашқы қауым аңшылығынан мал шаруашылығына ауысуымен байланысты өзгерістер орын алды.

Сырдария өзенінің аңғарында антика заманының өзінде алғашқы қоныстар мен қалалар пайда болды. Сақтар, ғұндар, үйсіндер қаңлылар, оғыздар қала мәдениетінің негізін қалаушылар еді. Көшпелі және отырықшылық шаруашылықты үйлестіру Сыр аумағында ежелгі заманнан кейінгі қазақтарға дейінгі уақытқа созылған тайпалардың бүкіл тарихынан өтеді.

Ұлттық сәулет тарихында киіз үйдің пішінін қайталайтын тамдар ерекше орын алады. Сонымен қатар, Сырдарияның төменгі ағысындағы мұнаралар да өз ерекшелігімен ғасырдан ғасырға жеткен ата-бабаларымыздың сәулет үлгісінің туындысы ретінде қабылдаймыз. Жібек жолы бойында орналасқан Сығанақ, Жанкент қалаларында да қорғаныс мұнараларының болуы Орта Азия мен Еуропадағы өзге қала мәдениетінен кем түспегендігін соңғы жылдардағы археологиялық қазбалар дәлелдеп отыр. Сонымен қатар мұнаралар құрылысында Ислам дінінің де әсері болғандығын ескеруіміз қажет.

Сананы жаңғырту жұмысы мәдени жадқа, символикалық, киелі және мәдени-тарихи заттарға негізделуі тиіс. Киелі жерлер немесе рухани қасиетті орындар – халықтың рухани дәстүрінің тірегі. Қазақстанда мұндай орындар көп, олардың кейбіреулері әлемдік деңгейдегі жауһарлар болып табылады. Ал, сыр өңірінің тарихи-сәулет мұнараларын талдай келе олардың қазіргі жағдайында қамқорлық таныту керектігін айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиет көздері:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
2. «Сыр бойы» Қызылорда облыстық газеті №140-141
3. (Археологическое исследование на городище Жанкент, Казалинского района Кызылординской области. 2016 г. стр 34).
4. Байтенов Э.М. Казахские мунара// Архитектурные наследие. Сб.37.-М, Стройиздат, 1990.с.335-344.
5. Байтенов Э.М. Загадка башни Узунтама и другие памятники Приаралья. //Памятники истории и культуры Казахстана. Алма-Ата, 1985
6. Бегім ана мұнарасы. Қызылорда облысы тарихи және мәдени ескерткіштер жинағы. 2011 ж. 303-бет.

МРНТИ: 14.09

УДК: 741.02

Қыстаубаева Б.К.–I.Жансүгіров атындағы ЖМУ, бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының оқытушысы

Дюсупова А.Н. – I. Жансүгіров атындағы ЖМУ, бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы, – I. Жансүгіров атындағы ЖМУ, бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының оқытушысы
Чокпаров Д.Д. – I. Жансүгіров атындағы ЖМУ, бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы, – I. Жансүгіров атындағы ЖМУ, бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының оқытушысы,

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТИ ДЕТЕЙ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аңдатпа

Мақаланың мақсаты – шығармашылық қабілеттерді дамытудың түрлі психикалық құбылыстарын ерекшеліктендіретін мәселерді және онда қалыптасқан көптеген тәсілдердің ғылыми зерттеу тарихын талдау. Мәселен, ежелгі грек-философтарының (Аристотель, Платон, Конфуций), Шығыстың ұлы ойшылдарының (Әл-Фараби, Ибн Сина және т. б.), қайта өрлеу дәуірінің ғалымдарының (М. Монтень) трактаттарында жеке адамдарда аса көрнекті қабілеттер болуы «Алла Тағалының сыйы» деп түсіндірілген. Ағартушылық философияны ұстанушылар ең маңызды рөл адамды тәрбиелеу деп көрсетті. Олар адамдардан нені болса да қалыптастыратын мүмкіндік «қабілетте» екенін айтып, тәрбиенің әсерін ең жоғары күштерге теңестірген.

Қазақ ғалым-ағартушылары (Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев), сондай-ақ алдыңғы қатарлы қазақ қоғам қайраткерлері, XX ғасырдың қазақ ғалымдары (Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев) өздерінің еңбектерінде жалпы тұлғаны, оның психикасын, қабілеттерін дамыту мәселелерін қарастырған.

Мақала әр заманда өзекті болатын шығармашылық, балалардың шығармашылық қабілеттері туралы мәселелерді зерттеуге арналған. Өзіміздің кішігірім зерттеуіміздің тақырыбын ашу үшін біз негізгі сұрақты келесі түрде қойдық: «шығармашылық», «балалардың шығармашылық қабілеттері» деген ұғымдардың түп нұсқасын білу, ол үшін шығармашылықтың табиғатын түсіні керекпіз. Ежелгі заманнан осы күнге дейін бұл мәселенің дамуының қысқаша тарихи сараптамасы жасалынды. Мақалада біздің отандық ғалымдардың «шығармашылық қабілеттері» туралы зерттеулері қарастырылған.

Кілтті сөздер: философтар, ғалым-ағартушылар, шығармашылық, шығармашылық қабілеттері, тарихи сараптама, интеллектуалдық ұлт

Кыстаубаева Б.К. – преподаватель кафедры ИЗОиД, ЖГУ имени И. Жансугурова
Дюсупова А.Н. – преподаватель кафедры ИЗОиД, ЖГУ имени И. Жансугурова,
Чокпаров Д.Д. – преподаватель кафедры ИЗОиД, ЖГУ имени И. Жансугурова,

Аннотация

Цель статьи проанализировать историю научного исследования проблемы развития творческих способностей, в котором сформировалось множество подходов, выделявших различные стороны этого психического явления. Так в трактатах древнегреческих философов (Аристотель, Платон, Конфуций), ученых Востока (Аль-Фараби, Ибн Сина и др.), ученых эпохи Возрождения (М. Монтень) существование выдающихся способностей у отдельных людей объяснялось “неземным”, божественным происхождением. Странники философии Просвещения (Дж. Локк, Р. Декарт) указывали на решающую

роль воспитания в формировании человека. Воспитательное воздействие они возводили в степень высшей силы, способной формировать из людей что угодно.

Проблему развития способностей, психики и личности в целом затрагивали в своих работах и казахские ученые-просветители (Ч.Валиханов, И.Алтынсарин, А.Кунанбаев), а также передовые казахские общественные деятели и ученые XX века (Ж.Аймаутов, А.Байтурсынов, М.Дулатов, М.Жумабаев).

Статья посвящается исследованию проблемы творчества, творческих способностей детей, которая актуальна во все времена. Для раскрытия темы нашего небольшого исследования, мы сформулировали основной вопрос следующим образом: выяснить сущность понятия «творчество», «творческие способности», а для этого необходимо понять саму природу творчества. Был проведен краткий исторический анализ этой проблемы, начиная с античных времен до наших дней.

Также в статье рассмотрены исследования наших казахстанских ученых по проблеме развития творческих способностей детей.

Ключевые слова: философы, ученые-просветители, творчество, творческие способности, исторический анализ, интеллектуальная нация,

Kystaubayeva B. – *teacher of the chair of fine arts and design, Zhetysu state university named after I. Zhansugurov*

Dyussupova A. – *teacher of the chair of fine arts and design, Zhetysu state university named after I. Zhansugurov*

Chokparov D. - *teacher of the chair of fine arts and design, Zhetysu state university named after I. Zhansugurov,*

Abstract

The purpose of the article to analyze the history of scientific research of a problem of development of creative abilities the set of the approaches allocating various parties of this mental phenomenon was created. So in treatises of Ancient Greek philosophers (Aristotle, Platon, Confucius), scientists of the East (Al-Farabi, Ibn Xing, etc.), scientists of Renaissance (M. Montaigne) existence of outstanding abilities in certain people was explained by a "unearthly", divine origin. Supporters of philosophy of the Enlightenment (J. Locke, R. Decart) pointed to a crucial role of education in formation of the person. They built educational influence in degree of the highest force capable to form anything from people.

Problem of development of abilities, psyche, and personality in general was mentioned in the works by Kazakh scientists-educators (Ch. Valikhanov, I. Altynsarin, A. Kunanbayev), and also the advanced Kazakh public figures and scientists of the 20th century (Zh. Aymautov, A. Baytursynov, M. Dulatov, M. Zhumabayev).

The article deals with a research of a problem of creativity, creative abilities of children which is topical issue at all times. In order to disclose the theme of our small research, we formulated the main question as follows: to find out essence the concept "creativity", "creative abilities", and for this purpose it is necessary to understand the nature of creativity. A brief historical analysis of this problem was carried out, since antique times up to now. Also research works of our Kazakhstani scientists on a problem of development of creative abilities of children are considered in this article.

Keywords: philosophers, scientists-educators, creativity, creative abilities, historical analysis, intellectual nation

Современное общество нуждается в умной, компетентной, креативно мыслящей личности, управляющей собственной интеллектуальной деятельностью во взаимодействии с членами социума. В разработанном национальном проекте Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева дается следующее определение: «Интеллектуальная нация – это та нация, которая сможет быть конкурентноспособной в моральном, культурном, интеллектуальном плане, полной обеспеченностью информацией, и имеющая потенциал свободно распространять свою научную, культурную, образовательную информацию»[1]. Именно способностью к творчеству определяется уровень развития личности, и главная цель воспитания состоит в том, чтобы углубить и расширить творческий потенциал ребенка. Развитие творческих способностей в течение длительного времени привлекает внимание многих исследователей.

Для модернизации системы среднего образования был создан прорывной проект - флагман “Назарбаев Интеллектуальные школы”. “Мы должны сформировать инновационную модель среднего образования, сочетающую лучшие традиции казахстанской и мировой образовательной систем. Эти школы будут адаптировать лучший международный опыт в области среднего образования и транслировать его в общеобразовательные школы Казахстана, что будет способствовать развитию интеллектуального потенциала нации, формированию образованного, высоконравственного, критически мыслящего, физически и духовно развитого гражданина, стремящегося к самоактуализации, самореализации, саморазвитию и творчеству”.

Таким образом, на рубеже веков в нашем обществе возникает глобальный интерес к одаренным детям. Ведь одаренные, талантливые дети – это стратегический потенциал любой страны, позволяющий ей на высоком уровне решать как культурно-экономические, так и социально-политические задачи. Ребенок наделен великими возможностями, и если мы действительно стремимся к преобразению общества, целью обучения должно стать развитие человеческих (творческих) способностей.

Для раскрытия темы нашего небольшого исследования, мы сформулировали основной вопрос следующим образом: выяснить сущность понятия «творчество», «творческие способности» и саму природу этой проблемы. Проблему развития творческих способностей, на наш взгляд, невозможно решать, не разобравшись в сущности природы творчества, поэтому будет разумнее провести исторический анализ вышеупомянутой проблемы. Анализ размышлений античных философов-мыслителей относительно проблемы развития способностей, склонностей, задатков, творчества, позволил нам выявить следующее: в своих философских воззрениях древнегреческий философ, основоположник атомизма Демокрит полагал, что воспитание и обучение становятся эффективными лишь тогда, когда они проводятся с учетом индивидуальных особенностей ребенка, его способностей и склонностей.

Учителя мудрости – софисты придерживались мнения, что все от природы имеют одинаковые способности и права. Так, Антифот утверждал, что по природе мы во всех отношениях равны. Однако, в противовес мнению софистов, древнегреческий философ-мыслитель Сократ отмечал различные изначально заложенные способности у разных людей, считая, что разные виды деятельности предопределены для разных людей.

Основатель европейского идеализма Платон выделял идеально-разумную способность над всеми остальными и считал основным принципом этики мудрое равновесие всех естественных человеческих

способностей. Судьба человека, по его мнению философа, зависит от того, какая способность берет вверх [2].

Греческий ученый и один из крупнейших философов всех времен, ученик Платона – Аристотель, акцентировал и выделял из природы души такую норму как «добродетель». Философ определял ее как деятельность совершенствования функций и способностей, которые присущи каждому человеку. Определяя специфику добродетелей, он говорил: «Душевные движения бывают троякого рода: аффекты, способности и приобретенные свойства. От природы в человеке заложены лишь определенные задатки качеств и способностей личности и, помимо прирожденных, есть также «приобретенные качества души» [3].

В качестве компонентов творческой деятельности античными философами выделялись ум, разум, а также чувства, вера, чувственность. Так, Демокрит уделял внимание сильной памяти и восприимчивости к наукам; Сократ – эстетической и нравственной оценке любых предметов, явлений нашей жизни.

Античные философы положили начало двум основным направлениям, касающимся природы творчества: первое направление, связанное с пониманием смысла творческого процесса; второе направление, относящееся к компонентам творческих способностей.

Основанием Средневековой философии были теоцентризм, провиденциализм. Творчество, христианскими философами оценивалось как творчество человеческой истории, в процессе которой человеческие существа участвуют в осуществлении замысла Божьего о мире, в создании чего-то нового, уникального и неповторимого. Так, например, художественное творчество и научное, рассматривались как нечто второстепенное. В этом творчестве человек также постоянно обращен к Богу и ограничен им [3, с. 56-63].

Арабский мыслитель Ибн Сина (Авиценна), исследуя развивающую деятельность человека указывал: во-первых, на цель, которую обязательно ставит перед собой человек в деятельности, в отличие от деятельности животного; во-вторых, на то, что «человеческие устремления почти беспредельны» и почти всегда стремятся к усовершенствованию и благополучию либо общества, либо самого себя; в-третьих, на очень важную для человека способность «готовиться к будущему», которая в отличие от животного врожденного чувствования отличается процессом размышления [2, с. 89].

Философы этого периода считали, что процесс, связанный с созданием чего-либо нового, необычного не может быть обусловлен никакими внешними факторами и является лишь духовной деятельностью человека.

Эпоха Возрождения дала миру большое количество уникальных размышлений о способностях, творческой деятельности человека. Творчество рассматривалось как искусство, а гений понимается как носитель творческого начала. Многие ученые-гуманисты эпохи Возрождения изучали природные склонности и задатки человека, которые определяют его творческую деятельность. Так, итальянский гуманист Маттео Пальмиери придерживался мнения о необходимости учета природных способностей и склонностей человека, то есть способностей существующих от рождения. Ученый считал необходимым молодому человеку, при выборе жизненного пути, определить цель в жизни и решить каким стать и какому образу жизни следовать; при этом нужно учитывать свои природные склонности, возможности ума и тела [3, с. 50]. Французский писатель, философ Мишель Монтень негодовал по поводу того, что человек не уделяет должного внимания своим склонностям, не развивает себя и не планирует свой жизненный путь [4]. Таким образом, ученые-гуманисты эпохи Возрождения рассматривали творчество, как художественный процесс, ступени которого философы и художники пытались постичь. Они утверждали, что человек сможет подходить к каждому виду деятельности творчески, если получит гуманитарное образование, основами которого были философия, литература, особенно поэзия и риторика.

В эпоху Просвещения многие ученые-мыслители придерживались концепции, касающейся равенства способностей людей о влиянии среды и воспитания на развитие и становление личности. Так, Т. Гоббс – ученый-материалист, в своих работах пришел к выводу о том, что природа создала людей равными в отношении физических и умственных способностей [6].

Ученые-материалисты придавали особое значение социальной среде и воспитанию в развитии личности человека и его творческих способностей. Они утверждали, что каждый из нас от рождения «tabularasa» (чистая доска). Классические идеалисты уделяли огромное внимание врожденным склонностям и идеям для развития личности. Так, основатель немецкого классического идеализма, И. Кант явился родоначальником завершенной концепции творчества. Проанализировав творческую деятельность человека, ученый назвал ее продуктивной способностью воображения. Философ считал, что с помощью творчества, человек может изменить облик мира, создать новый «очеловеченный» мир [7]. Это утверждение И. Канта поддерживал Ф. Шеллинг. Ученый высказывал мнение о том, что творческая способность воображения есть единство сознательной и бессознательной деятельности.

Итак, немецкими классическими идеалистами огромное внимание уделялось важности таких компонентов творческих способностей как развитие органов чувств, ощущений и восприятия, а также немаловажное значение имело социальная среда и воспитание в развитии личности человека его творческих способностей.

Эпоха Романтизма представляет особенный интерес в изучении проблемы развития творческих способностей. Главенствующим вопросом, которому уделяли огромное внимание ученые данной эпохи, был вопрос о творчестве, о таких качествах, присущих творческой личности как свойство поэтической природы [5, с. 90-98].

Таким образом, в истории научного исследования проблемы развития творческих способностей сформировалось множество подходов, выделявших различные стороны этого психического явления. Так в трактатах древнегреческих философов (Аристотель, Платон, Конфуций), ученых Востока (Аль-Фараби, Ибн Сина и др.), ученых эпохи Возрождения (М. Монтень) существование выдающихся способностей у отдельных людей объяснялось “неземным”, божественным происхождением. Сторонники философии Просвещения (Дж. Локк, Р. Декарт) указывали на решающую роль воспитания в формировании человека. Воспитательное воздействие они возводили в степень высшей силы, способной формировать из людей что угодно.

Проблему развития способностей, психики и личности в целом затрагивали в своих работах и казахские ученые-просветители (Ч. Валиханов, И. Алтынсарин, А. Кунанбаев), а также передовые казахские общественные деятели и ученые XX века (Ж. Аймаутов, А. Байтурсынов, М. Дулатов, М. Жумабаев). Великий казахский философ, просветитель Абай Кунанбаев говорил: «Ребенок рождается на свет, наследуя два начала. Первое из них требует еды, питья и сна. Это – потребность плоти, без этого тело не может служить пристанищем для души, не будет расти и крепнуть. Другое – тяга к познаниям. Младенец тянется к ярким вещам, берет их в рот, пробует на вкус, прикладывает к щеке. Восторгается, услышав звуки дудки или свирели. Подрощи, бежит на лай собаки, на голоса животных, на смех и плач людей, теряет покой, спрашивая обо всем, что видят глаза и слышат уши: "Что это? Зачем это? Почему он так делает?" – это уже потребность души, желание все видеть, все слышать, всему учиться. Не раскрыв для себя видимых и невидимых тайн Вселенной, не объяснив всего себе, человеку не стать человеком» [8].

Важный вклад в исследование психологических основ развития творческих способностей, творческого процесса, внесли видные ученые нашей Республики К.Б. Жарыкбаев, М.А. Кудайкулов, М.М. Муканов, Т.Т. Тажибаев и многие другие.

Следует выделить ряд диссертационных исследований, посвященных проблемам способностей и творчества, которые провели такие казахстанские ученые, как Б.А. Байжуманова (Психологические особенности развития творческих способностей у детей младшего школьного возраста); С.Н. Данилушкина (Развитие творческих способностей студентов художественных факультетов педагогических вузов на занятии по композиции); Б.А. Жетписбаева (Формирование творческой личности старшеклассников в процессе вербально-познавательной деятельности); А.Т. Кенжебаева (Педагогические условия формирования творческих способностей студентов); Т.У. Оспанова (Развитие творческих способностей на уроках музыки); Р.Ш. Сыдыкова (Педагогические основы развития творческой активности будущих учителей музыки); Б.А. Тургунбаева (Развитие творческих способностей младших школьников в процессе обучения).

Рассмотрим сущность понятия «творчество», которое является важным для нашего исследования. К примеру, американский психолог, психометрист Л.Терстоун в первых своих работах отметил эту разницу и провел исследование возможной роли в творческом поведении способностей быстро усваивать и формировать идеи индуктивного мышления и некоторых особенностей восприятия. Полученные наблюдения и выводы легли в основу понятия «креативность» [9, р. 59].

Г.М. Коджаспирова и А. Ю. Коджаспиров в своем словаре по педагогике дают следующее определение этому понятию: «творчество – это деятельность, порождающая нечто новое, ранее не бывшее, на основе реорганизации имеющегося опыта и формирования новых комбинации знаний, умений, продуктов. Творчество имеет разные уровни. Для одного уровня творчества характерно использование уже существующих знаний и расширение области их применения; на другом уровне создается совершенно новый подход, изменяющий привычный взгляд на объект или область знаний [10].

В современной научной литературе, касающейся проблемы развития творческих способностей, существует следующее определение этого понятия: «Творческие способности – это комплексные возможности ученика в совершении деятельности и действий, направленных на созидание им новых образовательных продуктов» [11].

Таким образом, анализ работ психологов, касающихся проблем творчества и способностей, показал, что творческие способности представляют собой такие индивидуально-психологические особенности, по которым один человек отличается от другого, и которые имеют отношение к успешности выполнения творческой деятельности [12].

Казахстанский исследователь К.К. Жумадилова, рассматривая развитие творческого потенциала учащихся в условиях взаимодействия лица и вуза, определяет творческий потенциал как совокупность социально-личностных предпосылок, базирующихся на природно-генетической основе, проявляющихся в индивидуальности как способности к творчеству [13, с.13].

В кандидатской диссертации казахстанского ученого А. Г. Гизатуллиной «Совершенствование изобразительной деятельности младших школьников» было выявлено, что совершенствование изобразительной деятельности младших школьников достигается постепенно, в результате накопления и усложнения образов представления об окружающем мире с одной стороны и овладение способами изображения – с другой [14, с. 54].

Казахстанский ученый Н. Гончарова [15] выделяет условия, при которых творческий потенциал становится источником формирования творческой активности:

1) Внешние:сотворческое субъектно-субъектное взаимодействие;индивидуальный стиль деятельности;стимулирование и управление процессом развития творческого потенциала личности.

2) Внутренние:эмоционально-ценностное отношение к творческой деятельности;наличие внутренней свободы личности.

Преимущества жизни, наполненной творчеством. Педагоги считают, что занятия рисованием и лепкой благотворно влияют на развитие моторики и нервной системы, а через некоторое время дети уже способны самостоятельно решать различные задачи. Творчество используют и для того, чтобы преподавать такие ключевые дисциплины, как чтение, письмо и математика. Психотерапевты утверждают, что оно помогает ребенку постигать окружающий мир, учит справляться со страхом, а также пробуждает эмоции. Способность к творчеству все чаще называют одним из наиболее важных факторов успеха как отдельной личности, так и организации и даже человечества.

Творчество жизненно важно. Если дети им занимаются, они преуспеют и во всем остальном. Это еще и умение нестандартно мыслить, совмещать несвязанные между собой идеи. Оно помогает решать сложные проблемы и совершать невероятные открытия. Творчество необходимо для личного успеха наших детей.

Как утверждает Международный детский художественный фонд, «исследования показывают, что ребенок, который занимается творчеством, становится оригинальным, делает открытия, внедряет инновации и создает интеллектуальную собственность. Все это – ключевые признаки личного успеха и социального преуспевания в двадцать первом веке». Миру нужно больше творческих мыслителей, и их талант должен развиваться [16].

Таким образом мы попытались раскрыть сущность понятий «творчество», «способность», «творческие способности». В истории научного исследования проблемы развития творческих способностей сформировалось множество подходов, выделявших различные стороны этого психического явления. Так в трактатах древнегреческих философов (Аристотель, Платон, Конфуций), ученых Востока (Аль-Фараби, Ибн Сина и др.), ученых эпохи Возрождения (М.Монтень) существование выдающихся способностей у отдельных людей объяснялось “неземным”, божественным происхождением. Странники философии Просвещения (Дж.Локк, Р.Декарт) указывали на решающую роль воспитания в формировании человека. Воспитательное воздействие они возводили в степень высшей силы, способной формировать из людей что угодно.

Список использованных источников:

1. Мәңгілік Ел. Учебник. М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисов и др.- Алматы: Ұлағат, 2015 – 336 с.
2. Лосев А.С. История античной эстетики.- М.: Искусство, 1969.- 878 с.
3. История философии: учебник для высших учебных заведений/ под ред. В.П. Кохановского, В.П. Яковлева. 4-е изд. – Ростов н/Д: Феникс, 2006.- 736 с. с. 91.
4. История философии в кратком изложении / пер. С чеш. И.И. Богута – М.: Мысль, 1991.- 590 с
5. Алексеев П.В. История философии.- М.: проспект, 2008.-240 с.
6. Томас Гоббс. Избранные произведения в двух томах. Том I.-М., 1964.- 583с.
7. Кант И. Сочинения: В 4т. На нем. и рус.яз. / Под ред. Н.Мотрошиловой и Б. Тушинга.- М.: МФК, 1997.- 784 с.
8. Боюбаева С.К. Значение «Слов назидания» Абая Кунанбаева в воспитании нравственного сознания читателя //Чистяковские чтения: материалы регионального семинара /министерство образования и науки РК, Казахстанско-Американский свободный университет. – Усть-Каменогорск, 2007. – С. 210-215.

9. *Thurstone L.L., Thurstone T.Y. Factional studies of intelligence // Psychometric Monographs., 1941.- №2. – P. 56-78.*
10. *Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике.- Москва: ИКЦ «МарТ», 2005.- 448 с. 333 с.*
11. *Хуторский А.В. Развитие одаренности школьников: Методика продуктивного обучения: Пособие для учителей.- М.: ВЛАДОС, 2000.-320 с. с. 32.*
12. *Платонов К.К. Структура и развитие личности. – М.: Наука, 1986.- 255 с., Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии.- 2-е изд. –М.: Педагогика, 1976.- 668 с.*
13. *Жумадилова К.К. Развитие творческого потенциала учащихся в условиях взаимодействия лица и вуза: автореф. ... канд. пед. наук. – Астана, 2005. – 29 с.*
14. *Гизатуллина А.Г. Совершенствование изобразительной деятельности младших школьников. Дисс.канд.пед.наук: Омск, -2002. – 143 с.*
15. *Гончарова Н. Творческий потенциал как источник формирования творческой активности личности будущего учителя музыки// Поиск. – 2005. - № 1(2). – С. 266-269.*
16. *Джин Вант Хал. Творческое воспитание. Искусство и творчество в семье. Москва «Манн, Иванов и Фербер», 2015. 124 с.*

УДК 7.049.1

МРНТИ 14.07.09

Омаш Д. Ш.¹

*¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
6М012000-Кәсіптік оқыту мамандығының 2-курс магистранты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: omash.daniya@gmail.com*

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Еліміздегі қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Демек, қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Мақалада отандық және шет ел ғалымдарының құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік терминдері жайлы айтқан тұжырымдары және олардың жіктелуі көрсетіледі. Америкалық ғалым Бенджамин Блумның таксономиясының танымдық деңгейлері көрсетіледі және осы таксономия бойынша студенттерге білім беруде олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, Блум таксономиясының танымдық деңгейлері

Омаш Д. Ш.¹

*¹Қазақстанның мемлекеттік педагогикалық университеті,
6М012000-магистрант 1-курсы мамандығының Профессиялық білім,
Қазақстан, г. Алматы, e-mail: omash.daniya@gmail.com*

СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ С ПОМОЩЬЮ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТАКСОНОМИЯ БЛУМА

Аннотация

Цель современной системы образования в нашей стране - подготовка конкурентоспособных специалистов. Поэтому представление ориентированной на результат системы образования, основанной на человеческой компетентности, теперь является одним из ключевых актуальных вопросов, вхождением в мировое образовательное пространство и подготовкой человека к лидерству.

В статье представлены результаты отечественных и зарубежных ученых по вопросам компетенции, профессиональной компетентности и их классификации. Показаны познания уровней таксономии американского ученого Бенджамина Блума и способы формирования профессиональной компетенций студентов.

Ключевые слова: компетентность, профессиональная компетентность, таксономия уровней познания Бенджамина Блума.

Omash D. Sh.¹

*¹Kazakh State Women Teacher Training University,
6M012000-Master student of 1-course specialization Professional Education,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: omash.daniya@gmail.com*

METHODS FORMING PROFESSIONAL COMPETENCES OF STUDENTS WITH THE USE OF THE TAXONOMY OF BLOOM

Abstract

The purpose of modern education system in our country is to train competitive specialists. Therefore, presenting a result-oriented education system based on human competence is now one of the key topical issues, entering the world educational space and preparing a person for the leadership.

The article presents the results of domestic and foreign scientists on competence, professional competence and their classification. The knowledge of the levels of the taxonomy of the American scientist Benjamin Bloom and ways of forming the professional competencies of students are shown.

Keywords: competence, professional competence, taxonomy of knowledge levels of Benjamin Bloom.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамығана заматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әлеуметтік дамуы үшін бәсекеге қабілетті адам капиталды дамыту мәселесі атап көрсетілген [1].

Осыған орай бүгінгі таңда еліміздің білім жүйесінде кәсіби маманды дайындау үшін кәсіби құзыреттілігі жоғары маманды даярлауымыз қажет.

Осы тұрғыда құзыреттілік жайында зерттеген отандық және шетел ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасап өтейік.

Ш.Т. Таубаева жоғарғы кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттардың құзыреттілік форматында жасалуын зерттеу барысында құзыреттілік ұғымының мазмұнына шуда оның үш негізгі аспектілері арқылы түсіндіреді:

1. Өзінің ішкі әлеуетінің кеңірек қабілеті мен интелігі (мотивациялық аспект);
2. Табысты шығармашылық іс-әрекет үшін практика жүзінде байқалған өзінің білім, іскерлік, тәжірибесінің кеңірек қабілеті (когнитивтік аспект);
3. Өзі-өзі әрекет нәтижелерінің әлеуметтік маңыздылығын және жеке жауапкершілігін түсінуі, оны үнемі жетілдіріп отыру қажеттігін ұғынуы (құндылық аспект).

Ш.Т. Таубаеваның пікірінше құзыреттілік дегеніміз әлеуметтену және оқыту үрдісінде қалыптасқан және өздігінен іс-әрекетке табысты қатысуына бағытталған білім мен тәжірибеге негізделген жекетілген қабілеттің іс-әрекетке даярлығымен жалпы қабілеттерінен байқалатын интегралдық қасиет [2,42б.].

А.Ф. Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік – тұлғаның белгілі бір сала қызметі мен уәжілеттігін анықтайтын, оның интегративтік қасиеті ретінде қарастылатындығын жатқызады [3].

Н.Г. Милорадованың айтуынша білім берудің жүйесінде құзыреттілікті тудыратын төрт негіз бар:

- біріншісі кәсіби-әдістемелік құзыреттілік;
- екіншісі іс-әрекет негізіндегі құзыреттілік;
- үшіншісі әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі;
- төртіншісі жеке тұлға негізіндегі құзыреттілік [4].

Жалпы құзыреттілік анықтамаларын жалпылай отырып, біз келесідей қорытынды жасаймыз: құзыреттілік дегеніміз адамның кез-келген іс-әрекетті жасауға деген өзіндік талпынысы, ал кәсіби құзыреттілік дегеніміз — бұл педагогикалық және тәрбие міндеттерін дұрыс шешу үшін ғылыми және практикалық білімдерін құра білу іскерлігінің жиынтығы болып табылады.

Белгілі психолог И.А. Зимняяның пікірінше, құзыреттілік - ішкі, жасырын психологиялық жаңа құрылым, білім, көріністер, бағдарламалар, құндылықтар, қарым-қатынастар жүйесі дей келе, адамның құзыреттілік әрекет ете білетін бейнесін төмендегіше сипаттайды:

1. Адамға жеке тұлға, субъект, болашақ мұғалім ретінде қарайтын құзыреттіліктер:

- ✓ денсаулық сақтау құзыреттілігі: салауатты өмір сүру нормаларын сақтау, темекі шегудің қауіптілігін білу, адамның дене тәрбиесі, бостандық, өмір сүру түрін таңдаудағы жауапкершілік;
- ✓ интеграция құзыреттілігі: білімді құрылымға бөлу, алынған білімді кеңейту;
- ✓ азаматтық құзыреттілігі: азаматтың құқығы мен міндеттерін білу және сақтау; бостандық және жауапкершілік, өзіне-өзі сенімді болу, азаматтық борыш;

✓ өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі: өзін-өзі реттеу, өзін-өзі дамыту, өмірдің мәні, тілдік даму, ана тілінің мәдениетін меңгеру, шет тілін меңгеру.

2. Адам мен әлеуметтік салаға әлеуметтік әсер ету құзыреттілігі:

✓ Әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігі: қоғаммен, қауыммен, ұжыммен, жанұямен, ынтымақтастық, төзімділік, басқа нәсіл, жыныс, ұлт, статус, дін, рөл т.б. қабылдау және сыйлау;

✓ араласудағы құзыреттілігі: ауызша, жазбаша, диалог, монолог, салт- дәстүрді білу, сақтау, іскерлік хат. т.б.

3. Адам қызметіне қатысты құзыреттілік:

✓ танымдық қызмет құзыреттілігі: танымдық мәселелерді қою және шешу, стандартқа сай емес шешімдер, проблемалық жағдайлар;

✓ қызмет құзыреттілігі: ойын, оқу, еңбек, қызметтің, іс-қимылдың құралдары мен түрлері;

✓ ақпараттық технологиялар құзыреттілігі: ақпаратты қабылдау, қайта өңдеу, жіберу, бұқаралық ақпарат құралдары, мультимедиялық технологиялар, компьютерлік сауаттылық, электронды меңгеру [5.23-25б.].

Осы құзыреттіліктердің топтастырылуына сүйене отырып, адам өміріне ең қажетті құзыреттіліктерді былай топтастыруға болады:

- денсаулық сақтау құзыреттілігі;
- білімділік құзыреттілігі;
- кәсіби құзыреттілік;
- әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігі;
- тұлғалық құзыреттіліктер.

Жоғарыда аталған құзыреттіліктердің барлығы, біздің пікірімізше, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға негіз бола алады. Себебі, арнайы құзыреттілік бойынша студенттердің пән бойынша білімі, білігі қалыптасады; әдістемелік құзыреттілік процесінде дидактикалық әдіс-тәсілдерді меңгереді; психологиялық-педагогикалық құзыреттілік негізінде қарым-қатынас мәдениетін игеріп, мамандыққа деген қызығушылықтары артады; дифференциалды- психологиялық құзыреттілік — студенттердің жеке тұлғалық ерекшеліктерін көрсетіп, оларға бағыт- бағдар беруіне ықпал етеді; ал аутопсихологиялық құзыреттілік өздігінен білім алу нәтижесінде студенттердің кәсіби өзіндік жетілуіне, дамуына мүмкіндік береді.

Сондықтан да, әрбір тәлімгердің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңа әдістерді меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет деп ойлаймын. Осы мақсатта мен оқушыларға сабақ түсіндіруде Блум таксономиясын қолдануға кеңес беремін. Бұл әдістің ерекшелігі – мұғалім мен студент арасында тығыз қарым қатынас орнайды, яғни ұстаз тарапынан біржақты процесс емес мұғалім тарапынан да шәкірт тарапынан да екі жақты процеске қол жеткізуге болады.

«Таксономия» ұғымы биологиядан алынған. Ол күрделілігінің өсуі бойынша (яғни, иерархия бойынша) бірінен соң бірі орналастырылған және өзара тығыз байланыстағы объектілерді жіктеу

(классификация) және жүйелеуді білдіреді.

Осы тұрғыдан білім беру жүйесінде кеңінен тараған педагогикалық идеялардың бірі - америкалық ғалым Бенджамин Блум 6 танымдық деңгейлерді анықтаған.

Кесте 1

Б.Блум таксономиясының деңгейлері

Деңгейлер	Көрсеткіштер
1. Білім	Ақпаратты, оқу материалын (қажетті деректерді, нақты фактілерді немесе бүтін теорияларды) есте сақтау мен қайталау (репродукция).
2. Түсіну	Оқу материалын бір формадан екінші формаға, бір белгі жүйесінен басқа жүйеге түрлендіру (интерпретация), ауыстыру, оқу мәліметін өздігінше игеру, салдары мен нәтижелерінің қандай болатындығы туралы алдын-ала болжау, жорамалдау. Мысалы, сөздерді математикалық формулаға түсіру немесе схема, кесте түрінде көрсету; өз сөзімен түсіндіріп беру, қысқаша сипаттау.
3. Қолдану	Оқу материалын жаңа жағдайлар мен ситуацияларда қолдану. Мәселен, ережелерді, формулаларды, түсініктерді, заңдарды, теорияларды, қағидаларды қолдана отырып қандай да бір проблеманы шешу.
4. Талдау (анализ)	Оқу материалын құрамдас бөліктерге жіктеп, олардың арасындағы байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша құралатындығын түсіну және түсіндіре білу.
5. Синтез	Оқу материалын пайдалана отырып, шығармашылық тұрғыдан жаңа мазмұн құрастыру. Мәселен, баяндама немесе эссе жазу, жоспар немесе схема құрастыру.
6. Бағалау	Оқу материалының мағызын бағалау: салыстыру және айырмашылықтарын айқындау, дәлелдеу арқылы шешім қабылдау. Мұнда тұжырымдар нақты талаптар (критерийлер) тұрғысынан болуы керек. Бұл критерийлер үйренушінің өмірлік тәжірибесі мен ұстанған көзқарастарына негізделетін немесе ұстаздың ұсынысынан туындайтын болуы керек. Бағалау алдыңғы деңгейлердің нәтижелеріне жету мүмкіндігін береді.

Б.Блум бір топ әріптестерімен бірге 1956 жылы «Таксономияның» танымдық (когнитивтік) саладағы мақсаттарды сипаттайтын бірінші бөлімін осы кестеге сәйкес жарыққа шығарды.

Осы Блум таксономиясының әр деңгейінен тапсырма беру арқылы мен студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға болады. Мысалға алатын болсақ, колледж студенттеріне арнайы пәннен сабақ беруде жаңа сабақты түсіндіргеннен кейін мынандай тапсырмалар беруге болады:

- **Білу деңгейі бойынша** (анықтау, қайталау, белгілеу, санап шығу, еске түсіру, атау, назар аудару, жаттау)
- **Түсіну деңгейі бойынша** (аудару, сипаттау, анықтау, түсіндіру, жеткізу, ерекшелігін анықтау, өз орнына қою, әңгімелеп беру, мәлімдеп беру, салыстыру, айырмашылығын көрсету, ұқсастықтарын келтіру, графикті оқып беру, суретті түсіндіру, өз сөзімен айту, анықтаманы тұжырымдау);
- **Қолдану деңгейі бойынша** (интерпретациялау, қолдану, бір нәрсеге тіркеу, пайдалану, көрсетіп беру (жұмыс ретін, қағидасын), ережесін сақтап орындау (рөлді орындау), иллюстрациялау, идеяларға жүгіну, жазып көрсету, реттеу, нобайын салу);

- **Талдау (анализ) деңгейі бойынша** (бөліп шығару, талдау, бөлу, баға беру, санап шығару, тәжірибе жасау, тестілеу, салыстыру, қарама-қарсы қою, сынау, диаграммамен көрсету, тексеру, талқылау, анықтап сұрау, салыстыру, мәселені шешу, категорияларға бөлу);
- **Жинақтау (синтез) деңгейі бойынша** (құрастыру, ұсыну, жасау, сөзбен құрастыру, құрастыру/ретімен қою, жинақтау, шығармашылықпен орындау, ұйымдастыру, дайындау, жасап беру);
- **Бағалау деңгейі бойынша** (тиянақтау, салмақтау, бағалау, рейтингілеу, салыстыру, қайта қарастыру, рет-ретімен қою, сұрыптау, таңдау, өлшеу, жазу, жақтап не жоққа шығаратын дәлелдер келтіру) [6,186.].

Қорытындылай келе, Блум таксономиясы несімен тиімді деген сұраққа былай деп жауап беруге болады. Егер осы Блум таксономиясының деңгейлері бойынша студенттерге тапсырмалар берілетін болса, онда студенттің кәсіби құзыреттілігі артып қана қоймай оқылған тақырыптың ұзағырақ есте қалуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы // Егеменді Қазақстан, 14.12. 2010 ж.*
- 2 *Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. /Педагогика./ Оқулық. –Алматы: ОНОН. 2017,- 340 бет.*
- 3 *Присяжная.А.Ф.Профессионально-личностное становление и развитие педагога на основе формирования прогностической компетентности: учебное пособие. – Челябинск: Челябинский ГПИ, 2005. - 110 с.*
- 4 *Милорадова Н.Г., Ишков А.Д. Формирование мотивационной компетентности // Гуманитарное сознание: проблемы, поиски, перспективы. -М.: МГСУ, 2008. - С. 137-142.*
- 5 *Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. -2003. - №5. - С. 34-42.*
- 6 *Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану, Асхат Әлімов, оқу құралы, Алматы 2009, 263 бет*

УДК 7.049.1

МРНТИ 14.07.09

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫНЫҢ ҚАЗАҚ ХАТКЕРЛІГІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Асембайұлы Ерлан
Абай атындағы ҚазҰПУ

филос. ғыл. кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.

Аңдатпа

Мақалада қазақ хаткерлік үлгілері түркі жазуларымен тығыз байланысты екені айтылады. Хаткерлік үлгісі негізінен тастағы жазулардан, таңбалардан, т.б. бастау алғандығын ғылыми дәлелдемелерден байқауға болады. Соған сәйкес хаткерлік үлгілерінің түп төркіні қазақ халқының мәдени дамуының негізгі көрсеткіші болғандығы айтылады. Көркем жазулардың сақталуы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуі мәдени өркениетіміздің жоғары көрініс болып табылады. Мәдени мұраларымыздың бірі хаткерлік үлгілері әлемдік хаткерлік мәдениетінің көріністерімен қатар салыстырылады. Хаткерлік жазудың жарыққа шығуымен бірге дүниеге келіп, жазу өнерінің өркендеуіне байланысты дамып, кемелденіп отырғандығы сонау көне түркі жазуларымен астасып жатқанын көреміз. Халықтың өркендеп дамуы, кемелденуі – оның қандай құндылықтарды негізге алатынын, басқа халықтармен, мемлекеттермен тығыз қарым қатынаста болғандығының айғағы. Халық қандай қарым-қатынас жасайтынынан мәдени мұралар жоғалмай бізге жетуі үлкен жетістіктердің бірі болып саналады. Егер сауаттылық пен жазу өнерін ұштастыра отырып, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен әлеуметтік өмір-салтының негізінде енген рухани мұра арқылы қарастырсақ, халқымыздың хаткерлік мәдениеті ою-өрнек түрлері мен таңбаның негізінде және түркі жазбаларынан көрініс табады. Қазақ хаткерлігінің қалыптасуы біздің ата-бабаларымыз қажетіне сай қолдануы арқасында және тарихи кезеңдерден өшпей жеткендігі туралы сөз болады. Сондықтан қай уақытта болмасын қазақ жазба мәдениетінде хаткерліктің алатын орны зор.

ЗАНИМАЕМОЕ МЕСТО ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ В КАЗАХСКИХ НАДПИСЯХ

Асембайұлы Ерлан
КазНПУ имени Абая

кандидат филос. наук, асс. профессор

Аннотация

В статье говорится, что образцы казахских писем тесно связаны с тюркскими писаниями. Образец письма состоит в основном из надписей на камне, символов и т. д. б. начало начинания можно наблюдать в научных доказательствах. В соответствии с этим, следует отметить, что Коран-это основной показатель культурного развития казахского народа. Сохранение художественных надписей, передача из поколения в поколение является высоким проявлением культурной цивилизации. Одна из наших культурных ценностей сопоставляется с проявлениями мировой письменной культуры. Мы видим, что письма рождаются вместе с светом, развиваются и совершенствуются в связи с развитием письменности. Развитие, процветание народа-это свидетельство того, какие ценности он берет за основу, тесные отношения с другими народами, государствами. Одним из самых больших достижений, которые мы добиваемся, не теряем культурного наследия от того, какие отношения мы общаемся. Если в сочетании с грамотностью и письменностью мы рассматриваем через духовное наследие, вошедшее в основу

традиционного мировоззрения и социального образа казахского народа, то письменная культура нашего народа проявляется на основе орнаментов и знаков и тюркских надписей. Речь идет о том, что формирование казахской хатории стало возможным благодаря использованию наших предков по мере необходимости и не теряет исторических периодов. Поэтому в какой бы то ни было время в казахской письменной культуре большое место занимает букварь.

PLACE OF ANCIENT TURKEYIN THE KAZAKH INSPECTIONS

AsembayulyErlan

KazNPU named after Abay

candidate of philosophy siences, associate professor

Abstract

The article states that samples of Kazakh letters are closely related to Turkic writings. A sample letter consists mainly of inscriptions on stone, symbols, etc. b. the beginning of the undertaking can be observed in scientific evidence. In line with this, it should be noted that the Koran is the main indicator of the cultural development of the Kazakh people. The preservation of artistic inscriptions, the transmission from generation to generation is a high manifestation of cultural civilization. One of our cultural values is compared with the manifestations of the world written culture. We see that letters are born with the light, develop and improve in connection with the development of writing. Development, prosperity of the people is evidence of what values it takes as a basis, close relations with other nations and states. One of the greatest achievements we achieve is not losing the cultural heritage of how we relate. If, in combination with literacy and writing, we view through the spiritual heritage that has become the basis of the traditional worldview and social image of the Kazakh people, then the written culture of our people is manifested on the basis of ornaments and signs and Turkic inscriptions. The point is that the formation of the Kazakh Khatoria was made possible through the use of our ancestors as needed and does not lose historical periods. Therefore, at any time in the Kazakh written culture a big place is occupied by the primer.

Әр ұлттың өзіндік ұлттық ерекшеліктері бар. Сонау ғасырдан ғасырға, кейінгі ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды ата-бабаларымыз айрықша сақтай отырып жеткізе алды. Ата-бабаларымыздан жеткен бай тарихымыз, төл мәдениетіміздің тарихы терең. Б.з.б. V ғасырдан бастау алатын жазба мәдениеті дамыған түркі халықтарының бай тарихы мен төл мәдениеті ұзақ уақыт толық зерттелмеді. Кейіннен ғалымдардың зор еңбегі арқасында еліміздің жазба мәдениетіміздің тарихы ерте заманнан бастау алатынын айқындады.

Түркі тілдер тарихында табылған орнына қарай құпия жазулар деп аталған. Ең алғашқы жазуларды «руникалық» немесе «құпия» жазулары деп аталды. Қазақ елінен басқа сол кезеңде соғды, ұйғыр, манихей, т.б. жазуларын білген, өз ортасында қолдана алған. Түркі Руна жазуы таралу аймақтары – Сібір жеріндегі Енисей, Лена өзендері аңғарлары, Монғолиядағы Орхон, Онгин, Селенге өзендерінің алқабы, Орта Азия мен қазақстандағы талас, Сыр бойы, ертіс пен Іле қойнауы болып табылады.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ӘЛІПБЕСІН ЕСЕПТЕМЕГЕНДЕ СОҢҒЫ 100 ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖАЗБА АЛФАВИТІН ҮШ РЕТ ӨЗГЕРТТІ. ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ, ӨЗІНДІК ТҰРАҚТЫ МӘДЕНИЕТІ, САЛТ-ДӘСТҮРІ БАР ХАЛЫҚ XX ҒАСЫРДА ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК САТЫҒА

ӨТКЕНДІГІ БЕЛГІЛІ. ДЕГЕНМЕН ӘЛІПШЕНІҢ ӘР ӨЗГЕРУІ ХАЛЫҚТЫ РУХАНИ ЕСЕҢГІРЕУГЕ ҰШЫРАТЫП ОТЫРДЫ. СОНДЫҚТАН ДА ҚАЗІРГІ ӘРІП ӨЗГЕРТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЙЫЛЫП ОТЫРҒАН СҰРАҚ КӨП ОЙЛАНУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МӘСЕЛЕ.

"...қазақ тілінің фонетикалық жүйесі орыс тілі жүйесінен бөлек. Сондықтан бізге орыс фонетикалық жүйесіне еліктеудің қажеті жоқ. Латын, грек. Араб терминдерін қазақтандыру үшін оларды орыс тілінің көмегіне сүйенбей, тура өзінің ана тілдерінен алу керек, - дей отырып авторлар, - қазақ тіліндегі қазіргі терминологияның бәрі орыс тілі фонетикасының заңымен қалыптасқан, ал орыс тілі терминдерінің көпшілігін көне грек және латын тілінен алған. Сондықтан араб тілінің пәлсапалық терминдері біздің тілімізде тиісті мөлшерде ене алмай қалды" [1, 7 б.], - деп ұтымды ой айтады.

Рун әрпі өзінің сұлу бітімімен де, тілімізге фонологиялық сәйкестігімен де, фонетикалық іштілігімен де (24 әріп) әлі күнге дейін қайран қалдырады. Егер, күндердің күнінде қазақ халқы басқа жазуға көшер болса, онда тек қана руниканы таңдауымыз қажет болады.

Ғалым Жұмашұлының "Көне түркі құлпытасындағы жазбалардан" деген кітабында да: "Көне түркі жазуы - түркі тілдес ұлттардың бәріне ортақ мұра және ортақ қазына, әрі осы ұлттар жөніндегі ең алғашқы жазу" [2, 1 б.], - деп жазылған.

Түркі руникасы сөз болғанда, бір кездегі тілі бір, ділі бір, жазуы ортақ түркі тілдес халықтардың көз алдымызда рухани алшақтап бара жатқаны ойға қалдырып, көңілді алаңдатады. Осы ғасырдың басында ғана әйгілі түрколог Ысмағұл Гаспринскийдің қырымда отырып шығарған "Тәржіман" газетін, Шәді-төре Жаһангерұлының Сыр бойында отырып жазған қыса-дастандарын исі түркі тілдес халықтар жатсынбай оқи беретін болған. Этно-мәдени тегі бір туысқан халықтардың рухани алшақтауының негізгі себебі - түркі тілдес халықтардың мәдениетіне біртұтас құбылыс ретінде қарай алмай отырғанымыздан.

"...біз осы уақытқа дейін түркі тілдес халықтардың бір-бірімен ауызша сөйлескенде аудармашысыз түсінісіп, ал жазба мұраларына келгенде мүдіріп қалатынымызға мән береміз бе? Оның себебі, олардың жазуларының негізі кириллица болғанымен, түркі тілінің тал дыбыстарына әр ел өзінше белгі-әріп ойлап тапқан. Соның салдарынан бірінің жазба мұрасын екіншісі оқып түсіне алмайтын күйге ұшырап, тегі бір туысқан халықтар бір-бірімен мәдени-рухани хабардарлық тұрғысында ғана емес, сонымен бірге тілдік-терминдік тұрғыда да алшақтыққа ұрынып отыр. Демек, әріпті шыңдау қолға алынғандай болса, түркі тілдес халықтардың жазуын унификациялаудың тарихи-мәдени процесімізден маңызы айрықша" [3, 11 б.].

Қазақ даласындағы жартастарға қашалған, үңгірлердің ішіне сызылған суретті жазуларды мазмұн жағынан қарастырса, бұл жазулардағы аң аулау үрдісіндегі сурет-таңбалар аңшылыққа қатысты белгілерді, ру-тайпалардың белгілері немесе таңбалары олардың мекен жайы тайпалық шекара бөлістерін, малға салынған ең белгілері олардың еншісіндегі малдарын басқалардан ажыратты. Одан кейін дәстүрлі сенім-нанымдар да осылайша таңбалар арқылы белгіленді.

Егер сауаттылық пен жазу өнерін ұштастыра отырып, қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен әлеуметтік өмір-салтының негізінде енген рухани тұтастық арқылы қарастырсақ халқымыздың хаткерлік мәдениеті ою-өрнек түрлері мен таңбаның негізінде байқалғанын айтуымызға болады. Біреулер ою-өрнектің күнделікті тұрмыста пайдаланатын 200 түрі бар десе [4, 9 б.], кейбір этнографтар қазақ халқына тән ою-өрнектің мыңдаған түрін жинағандығын білеміз. Өңгіме ою-өрнектің санында немесе атауларында емес, оның структуралық түзілімі мен мазмұн тереңдігінде. Формальды жағынан ою-өрнек - бейнелеу өнерінің бір түрі. Екінші жағынан оны оқылуы ұмытылған "алфавит" деп айтуымызға болады. Шығыс хаткерлік мәдениетіндегі каллиграфия да бейнелеу өнерінің бір түрі емес пе?

Екінші жағынан, қазақ мәдениетін зерттеушілер көбіне ою-өрнекпен бірге емес, бөлек қарастырылып жүрген өрнек белгінің түрі - *таңба* деп есептейді. Оның пайда болу жолы да күрделі.

Кеңес дәуірінде керемет шығармашылық мұралар қалдырған академик жазушы С. Мұқановтың айтуы бойынша таңба қызған темірмен қарып, малдың жамбасына басылатын, өзге малға емес, тек жылқыға ғана басылатын белгі. Ол таңба тек үлкен рулардың жылқыларына басылады [5, 30 б.].

Осы сөздерді растайтын Мұқтар Әуезовтың "Абай жолы" эпопеясында мынадай жолдар бар: "Абай қора ішінде келе жатып, әр топтың тұс-тұсында байлаулы тұрған аттарына қарап, сандарының таңбаларын көріп, іштен танып келеді. Анау: "көз таңба" дейтін қос дөңгелек - Арғын, Бошан аттары. Мына біреу "ашамай" таңба Керей. Ал, ана біреу көк ат ше? Е,е, ол "шөміш" таңбалы Найман екен ғой... Екі жерде арабтың "шын" әрпіне ұқсаған *Төре таңбасын* да таныды" [6, 115 б.].

Академик жазушы С. Мұқанов таңба жөніндегі ойын одан әрі жалғастырады. Жолаушылап келе жатқан адам қай рудан екендігі мінген атының таңбасынан белгілі болады. Мысалы, қыпшақтың рулық таңбасы, жоғарыдан төмен қарай қатар тартқан қос сызық. Оның аты - "әліп". Н. Наушабаевтың - "руым қыпшақ болғанда таңбам "әліп" деуі содан. Атақты жазушы осы "әліптің мағынасын түсіндіріп өтеді. Осы қай "әліп"?"

Араб алфавитінде "а" орнына қолданылатын бас әріп "алиф" деп аталады. Біз оны қазақшалап "әліп" дейміз. Қыпшақтардың "әліп" деп аталатын рулық таңбасы осы араб әлібі десек (солай деушілер бар да), онда қыпшақ руы Орта Азияға арабтардың, олармен бірге ислам дінінің келуінен әлде қайда бұрын құралған ел болғандығы ескерілмеген болып шығады. Олай болса, қыпшақ "әлібін" арабтан алынды дудің қисыны жоқ. Ендеше, қыпшақтікі қай "әліп"?"

Көне түркілерде "әліп" "дақ", "жеке" мағынасында да айтылған. Мысалы, бал ашатын құмалақтың саны 41 болады. Сонда "қырқын "жұпқа", біреуін "даққа" санайды. Балды (болжауды) "жұп" емес, "дақ" шешеді. Құмалақшы қырық бір құмалақты үшке бөледі де, төрт-төрттен бөлшектеп, соңғы бөлшектен "маңдай" аталатын үстіңгі қатарын, ортасынан "белдеу" аталатын орта қатарын, төменнен "аяқ" аталатын соңғы қатарын шығарады. Солай бөлшектегенде "әліп" қай қатарында тұрса, құмалақшы балды соған қарап айтады. Қазақтың "әр істің ақырын күт" дудің орнына "әліптің артына бақ" деуі осыдан. Қыпшақтар әлібі осы болуы мүмкін.

Жалпы алғанда қазақтың рулық таңбалары, көне замандағы әріптер белгісі болуы керек деген жорамал бар. Олардың әріптік немесе ұғымдық (иероглиф) таңба екені әлі анықталған жоқ. Көңіл бөлетін бір нәрсе, мұндай таңбалар қазақпен қатарлас басқа халықтар құрамына кіретін руларда кездеспейді.

"Әрбір ру өз руының адамын басқадан ажыратып, тану үшін әр ру өздеріне түрлі белгі салатын болған. Ол үшін айталық, небір шынашағын кесу, не денесіне шұқып дақ салу (татуировка), ер балалар жыныс мүшесінің ұшын жауып тұрған терісін қиып тастау (кейін оны мұсылмандар сүндетке отырғызу деп атады). Содан келіп, ол рулар, өздерінің түрлі аңдардың (барыс, қасқыр, аю, бұғы, қыран) атымен атап өздерінің шығу тегін солардан бастаған. Оны тотем (пірім) деп түсінген. Сөйтіп алғашқы адамдар бірігіп, аңға шығу үшін келісіп біркелкі қимыл жасу үшін тіл қажет болды. Әрине, тіл бірден дайын күйінде дүниеге келген жоқ. Ол бірте-бірте қалыптасты. Алғашқыда тек дауыс шығару, не ымдау арқылы, қимыл жасап көрсету арқылы адамдар ұғынысқан болса, кейін олар жеке сөздермен түсінісетін болған..." [7, 48 б.] Яғни Д. Кішібеков қазақ рулары таңба атаулары мен бейнеленуінің әрбір өзіндік көркемдік тарихи ерекшелігі барын ашып түсіндіреді. "Тіл - сөйлесу, түсіну мұқтаждығынан туындаса, жазу – сол тілді ұзаққа сақтау қажеттілігінен дүниеге келді. Тілдің негізі еңбек болса, жазудың негізі меншік дегіміз келеді. Алдымен таңба, сосын ру белгісі, ақырында жазу пайда болды. Әріптердің таяқшалардан басталғаны да содан." [8, 69 б.], - дейді. Ал "Речь и письменность" атты еңбекте ғалым: "Таңбалардың ең көнесі – бұл петроглифтер мен пиктография. Жартастағы бейнелерде аңдар, адамдар және т.б. салынған. Кейінірек сурет арқылы өз ойын жұмбақтап, астарлап береді. Бұл жазудың ең алғашқы түрі әртүрлі бұйымдар болған. Ал хат бірден пайда болған жоқ. Таңбалар әуелі реалды бұйымдарды бейнелеп

көрсеткен. Кейіннен бұл таңба күрделеніп "жазу" түріне айналды" [9, 14 б.] , - деп нақты мысалдар келтіреді.

Таңбамен қатар қазақта "ен" деген де белгі бар. Ол төрт түлік малдың бәрінің де құлағына салынады. Әке балаға енші берсе, енін де бөлектейді. "Жеке шаруа болдың" деудің орнына, қазақтың "еншің басқа, енің бөлек" деуі содан. Еннің: опық, тілік, сырға, сытық, тесік... сияқты толып жатқан аттары бар. Ен рулық емес, үйлік немесе отбасылық белгі. Әкеден бала бөлектенгенде "енші" алды деуі содан [4, 30-31 б.].

Болат Байжігітов таңба мен ою-өрнектің қатынасы жөнінде: "Таңбаны біз көшпелі қазақтың кеңістікті меңгеру барысындағы, нақтылы табиғат көріністерінің немесе ондағы белгілі бір элементтің образды бейнесі немесе белгісі ғана емес, көзбен бақылауға көне бермейтін субъективті қатынастардың арасында қалыптасқан, шындалған және уақыт аралығында сипаттық нышандары тұрақталып, олардың арасында объективті белгіге айналған құбылыс категорияларының образды бейнесінің символды көрінісі деп ұғуымыз керек, - дей келіп, - Ою-өрнек пен таңба, бейнелеу өнері секілді ежелгі тас дәуірінен қатар қалыптасқан көркемдік жүйе деп айтқанымыз дұрыс болар", - деп тұжырымдайды [10, 108-109 б.]. Әлемдік тәжірибеде таңбаның түрі көп. Ол әлеуметтік материалды өмір мен рухани мәдениетте рәміздік белгі ретінде еніп отыр. Қазақ өмірінде таңбалардың орны ерекше.


Одан кейін әрі қарай зерттеушілер таңба мен ежелгі түркі алфавитінің сабақтастығы жөнінде айтады: Н. Келімбетов: "... түрік қағанаты тарихының алғашқы кезеңінде-ақ көне түрік таңбаларына, яғни ру символдарына ұқсас болып келетін түріктердің өз жазуы өмірге келді. Бұл жазу геометриялық пішіндегі 38 таңбадан тұрады. Ең бастысы - бұл жазу түрік тілінің фонетикалық ерекшеліктерін айна-қатесіз дәл жеткізуге мүмкіндік берді.

Міне, осы көне түрік жазу бертін келе тіл тарихында "Руна" жазуы аталып кетті. Скандинавия халықтарының тілінде "рунь" деген сөз - "құпия", яғни "сыры ашылмаған" деген ұғымды білдіреді" [11, 28 б.], - дейді.

Міне енді ежелгі кезеңнен бірі қарай Андронов мәдениеті, сақ, үйсін, қаңлы, түркі мәдениеті деп түзетін болсақ, ол кезеңдерден ағашқа, тасқа түсірілген бейнелер, өрнектер, таңбалар белгілі. Олардың ішінде хаткерлік мәдениеттің қалыптасуына тікелей негіз болғаны Солтүстік Моңғолиядағы Орхон және Селенга өзендерінің бойынан Н.М.Ядринцев тапқан Түрік қағанаты дәуіріндегі Білге қаған мен оның інісі, қолбасшы Күлтегін және қағандар кеңесшісі Тоныкөк ескерткіштері еді (1-сурет).

Шығыс Сібір, Моңғолия, Қырғызстан және Қазақстан жерлерінен табылып отырған түрік руникалық жазба мәдениеті түркі халықтарының тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазу дәстүрін, сенімі мен дүниетанымын түсінуде ерекше құнды ескерткіш болып табылады.

Мұқтархан Оразбайұлы: "Түрк жазуы - түрік хандығын құрған Естемес, Түмен, Күлтегін сияқты ел басшылары 552-744 жылдары кең қолданған жазу. Уақыт өте келе бұл түрік жазуын қолдану сиреп, ол кейін түріктердің өздері оқи алмайтын "өлі жазуға" айналды. Дегенмен көне түрік жазуларының нышандары халқымыздың рулық таңбаларында сақталды" [12, 6 б.], - дейді.



1-сурет

Қазақ халқы өзінің алғашқы жазулары мен сызбаларын ертеде тұз қосқан шикі сүтке қазанның түп күйесін араластырып қарасия жасап қолданған. Осы әдіспен немесе тұз қосылған сүтпен әртүрлі мата, киізге ою-өрнек сызу өнері халқымызда расында қазірге дейін қолданылып келеді. Осымен қатар қазақ халқы жазғытұрым жылқы түлегенде, әсіресе көк жылқыда болатын "қан темір", "қына-неке" деп аталатын арам қанды сығып алып, оны суға езіп сия орнында қолданған және тағы да сары май, құйрық май, малдың ыстық қаны, жаңа сойылған малдың бауырлары сияқты майлы заттарға қазанның түп күйесін жоса қатарлы түрлі-түсті топырақтар араластырып жасаған бояулары жуыр маңда өшпейтін сыр болған. Мысалы, осындай бояулармен Алтай тауының Қытайға қарасты бөлегіндегі атақты "Қалуын арасаны" бойындағы тастарға XX ғасырдың басында жазылған жазулар тіпті онан да ұзақ ғасырдан келе жатқан тас үңгірлердегі сызбалар қазір де толық сақталып тұр.

Барлығымызға мәлім, қазақты құраған тайпа-рулардың барлығының таңбасы тым арыдан жалғасып келеді. Таңбалардың жартас суреттерімен бірге немесе айрым тасқа қашалған түрлері, заттарға басылған түрлері тым арыдан бастау алғандығы анық. Бұл көшпенді халықтың шаруашылық еңбегі мен күнделікті тұрмысынан туындаған бай мазмұнға ие тарихи деректер осы алуан түрлі таңбалар жартас суреттерімен бірге де "Мықтың үні" деп аталатын үйінді тастарда, қада тастарда да өте көп ұшырайды. Кезіктіріп отырған осы таңбаларды халқымыз бұрыннан мал-мүліктеріне, шекара (қыстау, жайлау) белгілеріне қолданып келгенін, бұл таңбалар жартас суреттеріндегі кезігетін таңбалармен ұқсас екенін айқын танимыз. Ендеше қазақ таңбалары ешбір себепсіз қалыптаспаған екен. Ал осы таңбаларды қазақ халқы ерте қолданған көне жазулармен салыстырсақ ұқсастықты айқын байқаймыз. Міне бұдан *қазақтың таңбаларының түп тегі жазу* екен деген ой туындады (2-сурет).

Қазақ тайпаларының таңбалары	Жартастар таңбалары	Енисей жазуы	Орхон жазуы
Үйсін 			
Қонырат 			

2-сурет

Жалпы алғанда ертедегі адамдардың осы суреттер арқылы өз ой-пікірін бейнелеуі ұзақ тарихи барысқа созылған. Міне осындай ертедегі адамдардың өзара қарым-қатынасы табиғатпен қатынасы бейнеленген жазуды ғалымдар кейінгі кезде сурет жазуы немесе пиктографиялық жазу деп атады. Пиктографиялық жазу, латынша "пиктус" - салынған сурет деген мағынаны білдіреді. Яғни: "Заттар, іс-әрекетті я пікірді шартты таңбалар арқылы білдіруге бейімделген ертедегі сурет жазу" [13, 123 б.]. Бұл жазу ойды сөзбен емес, тек бейнелеу арқылы білдіреді. Тарихқа көз жіберсек басқа да мәдениетті халықтар секілді қазақ халқының жазу тарихы да тым арыдан бастау алатынын байқау қиын емес. Қазақ халқын құраған ежелгі тайпалар мекенінен (мысалы: Алтай, Тарбағатай, Хан Тәңірі, Алатау қойнауларынан; Орхон-Енисей, Ертіс, Есіл, Іле, Шу, Сырдария аңғарларынан) жартастарға қашалған суреттер мен сызбаларды кездестіреміз. Бұл суреттер мен сызбалардың бірсыпыраларында ой еңбекке, тіршілік қамына, түрлі нанымдарға қатысты жүйелі уақиға бейнеленгенін оңай аңғаруға болады. Міне бұлар біздің ата-бабаларымыз қолданған пиктографиялық жазулар (сурет жазу) болып табылады. Қоғамдық орта қашан да адамдардың қоғамдық қатынасын белгілеп отырады. Айтылған сурет жазулардың бәрі де ертедегі қазақ тегін құраған ұлыстардың таным көзқарастарынан туындаған тапқырлықтар.

Міне, біз бұл сипаттамаларымыздан адамзаттың алғашқы кезіндегі жазуы – жартастар беттеріндегі таңба бейнелер мен қыш-көзелерде кездесетін өрнектерде белгілі бір модельдік пішіндердің бар екендігін байқаймыз. Бұл хаткерлікті өз ішіне қамтыған бейнелеу өнерінің адамдарға эстетикалық ләззат ретінде бағышталған бастауларының бірі болмақ.

Хаткерлік жазудың жарыққа шығуымен бірге дүниеге келіп, жазу өнерінің өркендеуіне байланысты дамып, кемелденіп отырған. Сонымен қатар, хаткерліктің өз даму жолында сонау көне түркі жазуларымен астасып жатқанын көреміз. Халықтың өркендеп дамуы, кемелденуі оның қандай құндылықтарды негізге алатынына, басқа халықтармен, мемлекеттермен қандай қарым-қатынас жасайтынына байланысты. Сондықтан қазақ жазба мәдениетінде хаткерліктің алатын орны зор. Ата-бабамыздың ата мекені болған осы ұлан-ғайыр қазақ даласында аса мол жартастар суреттері бар, тіпті жасаған ыдыстарына да дала хайуандарынан арқар, тау теке, арыстан, жолбарыс суреттері айшықталып ойылған. Міне, осылардың бәрі ертедегі қазақ тегін құраған ұлыстардың таным көзқарастарының бейнелері есептеледі. Шындығында кең байтақ қазақ сахарасындағы жартастар суреттер және ойма суреттер қазақ ұлтын құраған ата-бабаларымыздың табиғатқа, өсімдікке, төрт түлікке, ата-баба аруағына табынған философиялық ой-сана өркендерімен тоғысып жатады. Қазақ хаткерлігінің қалыптасуы біздің ата-бабаларымыз өздерінің өмір сипатының қажетіне сай әуел баста пиктографиялық жазуды тапқырлап, оны

ұзақ тарихи дәуірлерге дейін қолданғандығына тарих куә. Кейін келе аспан денелерінің адамның, аң-құстың, өсімдіктің, үй-мүліктің, қару-жарақтың суретін толық сызбай оның негізгі белгілерін бейнелейтін болған. Мұндай ойма мұралар қазақ даласында көптеп кезігеді. Бұл сурет жазудың мағыналы жазуға қарай бет алғанын сипаттайтын идеографиялық жазудың (ерекше ой-идея дегенді білдіретін бейнелі жазудың) дәлелі болып табылады. Бұл таңбалардың кейбіреулері кейінгі түркі руникалық жазудың әріптерінде пайдаланғанын көрсек, кейбіреулері қазақтың қазіргі тайпа-руларының малға басатын таңбаларында, ру басыларының мөрлерінде заманнан заманға жалғасып келе жатқанын байқау қиын емес. Осы тұрғыдан таңбаның тегі бейнелі жазу деуге де болатыны сияқты бұдан мынадай тұжырым жасауға болады. Біздің ата-бабаларымыз саналатын ежелгі адамдар сурет жазуын қолданған. Олардың сурет жазулары бірте-бірте мағыналы жазуға айналған. Осы мағыналық жазулардан дыбыстық жазу туындаған.

Мұнда біз қазіргі жазудың түп-тегі сурет жазудан дамығандығын философиялық таным теориясы бойынша зерттеп түсінуіміз керек. Жоғарыдағы баяндаған сурет жазу бейнелі жазу мұрағаттарынан, ерте заман адамдары да хаткерлік өнеріне, көркемділікке көңіл аударғанын және оны барған сайын ажарлап, айшықтап дамытып, кемелдендіріп отырғанын анық аңғаруға болады. Осындай ұлттық кодымыз болып табылатын мәдени мұраларымызды, әсіресе түркі жазуларымен астасқан хаткерлік өнерімізді табысты жаңғыртуымыз керек. Замана сындарынан сүрінбей, озық дәстүрлеріміздің бірі ретінде ұлттық-рухани тамыры ретінде алғышарттардың бірі болып табылуына біз әрдайым себепкер болуымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сулейменов О. Пересекающие параллели.- Алматы, 2002.- 112 б.
2. Жұмашұлы Ғ. Көне түркі құлпытасындағы жазбалардан. Шиңжаң: Халық. - 2000. – 236 б.
3. Сейдімбеков А. Әріп, дін және мәдениет // Қазақ әдебиеті. 1990. - 18 мамыр.
4. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1964. - 248 б.
5. Мұқанов С. Қазақ қауымы: Тарихтық және этнографиялық шолу. - Алматы: Ана тілі, 1995. - 304 бет.
6. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1979. -Т.3. Абай. Роман-эпопея. - 424 б.
7. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті. Кеше, бүгін, ертең. - Алматы: Ғылым, 1999. - 200 б.
8. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. - Алматы: Ғылым, 1996. - 168 б.
9. Кшибеков Д., Кшибеков Т. Речь и письменность: трансформация звуко - знаковых систем. Алматы: - 2004. - 264 с.
10. Байжігітов Б. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. - Алматы: Өлке, 1998. - 192 б.
11. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті: Жоғары оқу орындары филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. - Алматы: Ана тілі. 1991. - 264 б.
12. Оразбайұлы М. Көне мәдениет көзі: Сан ғасырлық тарихы бар жазуымыз туралы ғылыми деректер не дейді? // Ана тілі. - 1991. - 5 қыркүйек.
13. Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. - Алматы, 1966. - С. 123.

УДК 7.049.1
МРНТИ 14.07.09

Қалжан Алмағұл

Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М041600-Өнертану мамандығының 1курс магистранты
Ғылыми жетекші: PhD, Өнертану докторы, қаум. профессор
Абишева О.Т

Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының Өнертану докторы, қаум. профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының 1курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан

ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Өнер адамы әрқашанда білімін жоғарылатуы міндетті. Өнердің биік деңгейі ол білімі жоғары, өр тұлғалы, өз күшіне сенімді азамат болуы тиісті. Білімін жоғарылатқан өнер иесі, бәсекеге қабілетті, кез келген жағдайда алған біліміне сенімді маман деп танылады. Өнерге әркімнің ақ бар таласы демекші, өнерге деген ынта жігері бар адам білімін жоғарылатқаны нұр үстіне нұр болады.

Түйін сөздер: Өнер, біліктілікті арттыру, білім, маман, бәсекелестік, күзиреттілік, дамыту, оқыту, мәдениет.

Абишева О.Т., Қалжан А.

ҚазНПУ Им. Абая, Институт искусств, Культуры и спорта доктор искусствоведения, асс. профессор
ҚазНПУ им. Абая, магистр, 1курса Института искусств, культуры и спорта
г. Алматы, Казахстан

ОБУЧЕНИЕ И ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ РАБОТНИКОВ ИСКУССТВА

Аннотация

Человек искусства всегда должен улучшить свои знания. Человек, связанный с искусством должен быть высокообразованным, знающим, уверенным в себе. Мастер искусств, имеющий высшее образование, признается в качестве надежного эксперта в любой ситуации.

Ключевые слова: Искусство, профессионализм, образование, опыт, конкурентоспособность, компетентность, развитие, обучение, культура.

TRAINING AND PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF ART WORKERS

Abisheva O.T., Kalzhan A.

Candidate of Pedagogical sciences, associate professor,

Kazakh National Pedagogical Unedversiti named after Abai, Insitute of Arts, cuiture and sport master of 1 course, Kazakh National Pedagogical Unedversiti named after Abai, Insitute of

Arts, cuiture and sport

Aimaty, Kazakhstan

Annotation

A man of art should always improve his knowledge. A person connected with art must be highly educated, knowledgeable, self-confident. Master of Arts, having higher education, is recognized as a reliable expert in any situation.

Keywords: Art, professionalism, education, experience, competitiveness, competence, development, training, culture.

ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Өнер қызметкерлерді оқыту - қызметкерлердің білімінігеруді және стратегиялық жоспарларын жүзеге асыруға ықпал ететін ұйымдастырылған, жүйеленген және ұтымды процесс. Қазіргі заманғы жаһандану жағдайында және қоғамның ақпараттандыру проблемасы өткір және өзекті болып табылады, өйткені ақпараттың теңдессіз өсуі жұмыс орнында өнер ортасында жүрген әрбір қызметкері жедел, уақытылы, жасаған ісі тиімді болуы тиіс.

Өнер персоналдарын дамыту - қызметкердің өсуіне байланысты кәсіптік оқыту, біліктілігін арттыру, мансаптық жоспарлау әдістерін және бағдарламаларын ұйымдастырудан тұратын өзара әрекеттесу үдерісі. Біліктілігін арттыру қызметкерді өнердегі мәселелерді шешу, еңбек функцияларын және мансаптық мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін оқытуды және қайта дайындауды қамтиды.

Қызметкерлерді «дамыту» және «оқыту» ұғымдары өздерімен бірдей байланысты болуы керек. Қызметкерлерді оқыту бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады және қызметкерлерді дамытудың құрамдас бөлігі ретінде, сондай-ақ қызметкерді оқыту және мансапты дамытуды жоспарлау болып табылады.

Бүгінгі күні қызметкерлерді дамыту және оқыту - бұл кез-келген өнер ұйымының өзінің өмір сүруі мен дамуы кезінде кездесетін проблемалары. Оқыту курстары мен бағдарламаларының сапасы мен саны төмен сатыдан үлкен бір өнер орталығына қарай өзгереді. Маманды даярлаудың және дамытудың сапасы мен саны келесі факторларға әсер етеді.

Өнер ұйымдары өз қызметкерлерін оқыту мен дамытуға жүйелі тәсілдерді пайдаланады. Қазіргі заманғы корпоративтік жүйе кадрларды даярлаудан және біліктілігін арттырудан ғана емес, қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі компоненті болып табылады.

Құзыреттілік - ұйымның стратегиялық мақсаттары мен корпоративтік құндылықтарын ойдағыдай іске асыруға ықпал ететін білімі, дағдылары мен тәжірибесі нәтижесінде белгілі бір жағдайда адам мінез-құлқының өзіндік нысандары.

Өнер саласында кәсіптік құзыреттілік - қызметкердің мінез-құлық үлгілері, еңбек функциясы мен кәсіби тапсырмаларына барынша қол жеткізуге кепілдік береді. Өнер ұйымдарының процесті ұйымдастыру саласында ұйымның міндеттері мен алға қойған стратегиялық мақсаттарын шешу үшін

қызметкерлердің еңбек құзыреттілігін арттыру персоналды дамыту мен оқытудың мақсаты болып табылады.

Кадрларды даярлау және дамыту жүйесі үнемі дамып келе жатқан ұйымның принципі бойынша қалыптасады. Тиісті түрде ұйымдастырылған жүйенің кепілі - нарықтық экономикадағы өзгерістерге жауап берудің икемділігі, көптегалынған білімдер мен дағдыларды пайдалану. Кәсіптік оқыту - жаңа мастер класстарда білімін, дағдыларын немесе қабілеттерін өнер қызметкерлеріне тікелей беру процесі.

Оқыту пәні: білімол өнер - қызметкердің жұмыс орнында өз міндеттерін атқаруы үшін қажетті теориялық, әдістемелік және тәжірибелік білімдерін алу;

дағдылар - белгілі бір жұмыс орнында қызметкерге жүктелген міндеттерді орындау мүмкіндігі;

дағдылар - алған білімдерін іс жүзінде қолдану қабілеті жоғары, дағдылар өздігінен өзін-өзі басқаруды қалыптастырған кезде мұндай жұмысты меңгеруді меңзейді;

өнер саласындағы байланыс режимі (мінез-құлық) - адамның тіршілік әрекетінің нысаны, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау процесінде адамның іс-әрекеттері мен әрекеттерінің жиынтығы, жұмыс орнының талаптарын қанағаттандыратын мінез-құлықты дамыту, өнер саласындығы әлеуметтік қатынастар, қарым-қатынас дағдылары .

Өнер саласында кадрларды даярлау және кәсіби даярлау - бұл қызметкерлердің, сондай-ақ сол процестің екі жағының біліктілігін арттырудың негізгі бағыты. Оқу барысында адам интеллектуалды дамытады, белгілі бір процестерді талдай алады, ал оқыту тікелей орындалатын жұмысқа қатысты білік пен білім алуымен байланысты. Өнер саласындағы маманғы кәсіби білім беру жүйесі өнер сыхынасында қажеттілігіне және жаңашылдыққа қабілетті болу қабілетін арттыруға тиіс.

Өнер саласына оқыту циклі оқыту қажеттіліктерінің анықтамасынан басталады. Осы мақсатта қызметкердің қолда бар және қажетті деңгейінің арасындағы сәйкестік дәрежесі анықталды. Оқу қажеттіліктері мен ресурстарын (уақытша, материалдық,) талдау негізінде білім беру жоспары құрылады, оқыту мақсаттары анықталады, сондай-ақ оның тиімділігін бағалау критерийлері.

Оқытуды басқарудағы негізгі мәселе өнер ұйымның осы саладағы қажеттіліктерін анықтау болып табылады, ол ұйым қызметкерлерінің біліктілігі мен білімі мен олардың білімдері мен дағдылары арасындағы талаптарға сәйкес келмеуін анықтайды. Жеке қызметкердің кәсіптік даярлығы қажеттілігін анықтау бірлескен жұмысты талап етеді.

Бөлімінің күшімен, өнер саласындағы қызметкердің өзі және оның жетекшісі. Әрбір тарап осы мәселе бойынша өзінің көзқарасын айқындайды, өнер ұйымдағы ұстанымымен және кәсіби даму процесінде ролімен анықталады.

Өнер қызметкерлерін жүйелі оқыту олардың мүмкіндіктерін барынша толық ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қызметкерлерді дәстүрлі оқыту мен қайта даярлауды ғана емес, олардың қажеттіліктеріне жауап беретін оқыту мен дамытуды жүзеге асыруға ұмтылады.

Өнер тренингтері кадрларды персоналды кең ауқымды тапсырмаларды дұрыс шешу үшін дайындауға және жұмыста тиімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге арналған. Сонымен қатар, ол қызметкерлердің білім деңгейін көтеру және қажетті кәсіби өнер маманының дағдыларын дамыту ғана емес, сондай-ақ бүгінгі шындыққа сай құндылықтар мен көзқарастар жүйесін қалыптастыруға және халық алдында өзін көрсету стратегиясын қолдауға мүмкіндік береді.

Бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату процестерінде және ұйымдастырушылық дамудың рөлінің жоғарылауы мынадай факторларға байланысты болады .

Біріншіден, өнер қызметкерлерін оқыту — өнер ұйымның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің маңызды құралы. Ұйымның барлық деңгейлерінде жұмыс тиімділігін жоғарыламай тұрақты түрде өсіп келе жатқан бәсекелестік жағдайында компанияның тиімді жұмысы мүмкін емес. Жоғары

нәтижеге жетудің негізгі кедергісі қызметкерлерді оқытудың жеткіліксіз деңгейі ғана емес, өнер ұйымның түрлі деңгейлерінде жұмыс істеудің ескі тәсілдері болып табылады.

Бұл кедергілерді, егер қызметкерлердің барлық санаттары үшін оқытудың әртүрлі нысандарын және оқыту бағдарламаларын қамтитын, ішкі оқыту саласында жаңа саясат әзірленіп, енгізілсе ғана, еңсеруге болады.

Екіншіден, білім беру ұйымның адами ресурстарының құндылығын арттырудың маңызды құралы болып табылады. Кейбір өнер ұйымдар өз қызметкерлерін оқытуға жеткілікті көңіл бөлмейді, өйткені олар қажет болған жағдайда қажетті біліктілігі бар мамандарды тарта отырып, оқуды қажет етпейтінін ескере отырып, шығындарды қажет етпейді. Алайда, ерте ме, кеш пе, кез-келген ұйымның басшылығы сөзсіз, егер сіз өзіңіздің қызметкерлеріңіздің білім деңгейін көтеруге және кәсіби біліктілігін арттыруға ақша салмайтын болсаңыз, онда ұйымның адамдық ресурстарынан қайтару жыл сайын кем болады. Кадрларды даярлау және дамыту жүйесі арқылы ұйым өз мақсаттарын іске асырады және проблемаларды шешеді, себебі білікті өнер кадрларының жетіспеушілігі немесе қажетті құзыреттіліктердің жетіспеушілігі және төмен деңгейі бар нақты проблемалар болуы мүмкін. Егер осы кемшіліктер анықталса, жүйені құру осы проблемаларды шешуге көмектеседі:

-Қайтарылмайтын ақшалай қаражат;

-Егер жүйе соңғы нәтиже бермесе, ақша жоғалған деп саналады;

-Өне қызметкерлері мен олардың басшыларының жұмыс уақытын жоғалту;

-Оқыту оқу мақсатында жүргізіледі;

-Өнер ұйымның мақсаттары мен стратегиялық жоспарларына сәйкес келмейтін оқытудың дұрыс емес әдістері, нысандары мен құралдары;

-Білімді қызметкерлер басқа жаңа білімдер мен дағдыларды қолданады.

Өнер кадрларын даярлау мен дамытудың тұрақты және үздіксіз жүйесін құру кезінде оқыту бағдарламаларын және даму тренингтерін дұрыс жасау және дамыту арқылы алдын алуға болатын тәуекелдер пайда болады

Нарықтық жағдайдағы тез өзгерістер жағдайында жарқын таланттар мен жаңа идеялар бәсекеге қабілеттіліктің өнер адамының жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады. Өз қызметкерлерін оқытуға қаражат жұмсауға дайын ұйымдар, кәсіби деңгейін жоғарылатқан қызметкерлердің күрделі мәселелерді тез және тез шешуге қабілетті екендігіне, туындаған мәселелерге барынша оңтайлы түрде жауап табуға және жиі қиындықтарды жеңе алатындығына сенімді бола алады жұмысында олар өз кәсіпорнына деген жоғары міндеттемеге ие болады, оны толық күшпен жұмыс істеуге даярлығы жоғары болады .

Өнер ұйымдарын басқарудың заманауи тәсілдері қызметкерлердің басқа барлық ресурстарды пайдалану тиімділігін анықтайтын негізгі фактор ретінде қарастырылады. Еңтабысты отандық және шетелдік өнер ұйымдарының тәжірибесі көрсеткендей, қызметкерлерді инвестициялау, қызметкерлердің өсуі үшін жағдай жасау және олардың кәсіби әлеуетін арттыру таза өнер, кәсіптік міндеттерді шешуге бағытталғандан екі-үш есе жоғары табыс әкеледі.

Үшіншіден, қызметкерлерді уақтылы оқытусыз ұйымдық өзгерістер үлкен кедергі немесе мүмкін емес.

Бүгінде өнер нарығы боялған жоқ. Ол белгілі бір санаттағы жұмысшылардың ең жоғары сапасына немесе бір мәртабанның немесе кез-келген басқа шеберхананың ең жоғары өнімділігін қаламайды. Нарық өнер сүйер қауымның үнемі өзгеріп отырған сұранысын уақтылы және сапалы қанағаттандыру қажеттілігін талап етеді. Мұндай ақпарат, әдетте, жоғары басшылыққа ие, бірақ оның өкілдері проблеманы жиі елеусіз қалдырады, қызметкерлерді басқару жөніндегі маманға оқу бағдарламасын

дербес әзірлеу немесе қызметкерлердің мансаптық даму саясатын әзірлеу және оларды компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес келтіру.

Даму процесінде кімге, неге, неге және қалай үйрету керек. Өнер қызметкерлерін оқыту мен дамытудың корпоративтік жүйесін құру кезеңдерін қарастырайық. Оқу бағдарламаларын аяқтағаннан кейін қызметкерлері жұмыс процесінде білімді пайдаланудың және негізсіз шығындардың проблемаларына тап болмайтындығына көз жеткізу үшін күтілетін нәтижелерді анықтау қажет. Бұл мәселе жақын арадағы жылдарда компания табысқа жетуді көздейтін мақсаттарды анықтаумен тығыз байланысты.

Өнердегі өзгерістерін үдерісін ескере отырып, сарапшылар көбінесе олардың жолында елеулі кедергі қажетті ресурстардың жоқтығы немесе бәсекелестердің шабуылдары емес, өздерінің персоналының қарсыласуы болып табылады. Қарсыласу бірнеше себеппен туындауы мүмкін, олардың арасындағы ең көп кездесетіндер :

- Жаңа ортада қажетті қызметкерлердің білімі мен дағдыларының болмауы;
- Өнер маманының өзіне деген сенімсіздік;
- Қызметкерлердің мінез-құлқын анықтайтын құндылықтар мен;
- Басымдықтардың ескі жүйесі;
- Жаңадан корқу, өз күшіне сенімсіздік;
- Мақсаттарды және өзгерістерді енгізу түсіну;
- Жеткіліксіз өзгерістерге деген қызығушылық.

Тіпті өзгерістер процесіне персоналдың қарсыласуының ықтимал себептерінің тізбесіне қарамастан, қызметкерлерді тиісті оқытусыз қызметкерлердің өзгерістеріне мүдделі қолдауды есепке алу қиын. Ұйымдастырылған, мұқият ойластырылған және уақтылы дайындалу тежеу күштерін жеңуге және өзгерістердің табысын қамтамасыз етуге қабілетті.

Адамды оқыту үдерісі оның саналы өміріне байланысты. Білім алудың мақсаты – алған білімін өз көрермендеріне паш ету. Білім беру деңгейі, ғылыми және мәдени деңгейл, сондай-ақ әлеуметтік қатынастардың талаптарымен анықталады. Білімжалпыжәнекәсіби болып екіікебөлінеді .

Жалпы білім беру мектептерде, лицейлерде, интернаттарда және т.б. болуы мүмкін. Кәсіптік білім беруді кәсіптік техникалық мектептер, техникалық мектептер, колледждер, университеттер, академиялар, институттар, бизнес мектептер, білім беру орталықтары және т.б. қамтамасыз етеді.

Білім беру үздіксіз болуы керек.

Үздіксіз білім - бұл барлық жастағы және ұрпақ үшін ашық адамдарға ашық және оның өмір бойы бірге жүретін, оның тұрақты дамуына үлес қосатын, білімді, дағдыларды,білімді және әдістмерді меңгерудің үздіксіз үдерісіне қатысатын осындай білім беру жүйелерін құруды көздейтін, жеке тұлғаны қалыптастыру процесі және принципі.Мінез-құлық (байланыс).Үздіксіз білім алу тек қана оқыту емес, сонымен қатар өзгеріп отыратын жағдайларға қайта даярлау және тұрақты өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандырады .

Оқудың үш тұжырымдамасы бар.Біліктілікті арттырудың тұжырымдамасы басынан бастап тиісті орынға дейін қоғамдық немесе болашаққа жақын. Бұл тренинг өте қысқа мерзім ішінде тиімді, бірақ қызметкер тұрғысынан жұмысшы сыныпты сақтауға көмектеседі, сондай-ақ өзіндік құндылық сезімін арттырады.

Көп қырлы оқыту тұжырымдамасы экономикалық тұрғыдан тиімді, өйткені ол қызметкердің ішкі және өндірістік емес мобильділігін арттырады. Дегенмен, ең соңғы тәуекел - ұйымның немесе онымен жұмыс істейтін елдің тәуекелі, себебі ол тиісті жұмыс құжатымен байланысты таңдау мүмкіндігі бар, сондықтан оны таңдау мүмкіндігі аз .

Персоналды бағдарланған оқыту тұжырымдамасы - дұрыс адам жасаған адамның қасиеттерін дамыту немесе практикалық тұрғыда оны сатып алу. Бұл тұжырым бірінші кезектеғылыми зерттеулерге қабілетті және талантты көшбасшы, стажер және т.б. бар қызметкерлерге.

- Білім, яғни, білімалушы; әдіснамалық және практикалық жұмыс, өз жұмысын атқару үшін қызметкердің өз міндеттерін орындауы үшін қажетті әдістемелік және нормативтік-құқықтық актілер;

-Біліктілік, яғни. қызметкерге белгілі бір жұмыс орнында жүктелген міндеттерді орындау мүмкіндігі;

- Шеберлік - әлемдегі білім туралы жоғары деңгейдегі практикада;

Адамдармен жұмыс істеу дағдысы - бұл саналы өзін-өзі дамытуға бағытталған жұмыстарды меңгерудің осындай шарасы.

Ауызша оқытудың анықтамасымен және оның мәнін ескере отырып, оқыту үш түрге бөлінуі мүмкін: дайындық; қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Өнерде білім беруде жұмыспен қамту көздері:

-қол жеткізген нәтижелер;

- жеке даму жоспарлары;

- қосымшалар мен жұмыскерлердің өз ойлары;

- стратегиялық кәсібі орынды дамыту.

Жобаның анықтамасынан кейін олар оқу бағдарламасына дайындала бастайды. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұйымның өзі де, компаниялар да жүзеге асыра алады. Әрбір нақты жүйеде таңдау бір-бірінің кемшіліктерін талдаумен анықталады және әрбір кемістіктің кемшіліктері анықталады.

Оқыту өнер қажеттілігін анықтауға көмектесетін әдістер: сенімділік, ұйым жұмысында практикалық қолдану, персоналдың барлық санаттарына қажеттілік, зерттеу нәтижелерін оңайлатылған алу және өңдеу, ең төменгі қаржылық шығындар. Содан кейін сауалнама жасалды, зерттеу жүргізілді және қажеттіліктер туралы барлық қажетті ақпарат жиналды, алынған мәліметтерді біріктіру және сапалы білім арқылы шешілетін негізгі мәселелерді анықтау керек.

Өнер ұйымдарда жүйені құру ұйымның кемінде үш деңгейінде болуы керек. Бірінші деңгей біліктіліктерді дамыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру кезінде оқытудың стратегиялық менеджменті болып табылады, осылайша нарықтық өзгерістерге белсенді және тиімді әрекет ету үшін кепілдіктер мен шарттарды жасайды.

Білімді өнер қызметкері жаңа міндеттерді орындауға және еңбек функцияларын және жауапкершіліктерін тиімдірек атқара алады. Әрбір көшбасшы оның бөлімшесінде өз бағыныштыларын оқытуды ұйымдастырады және белгілі бір дағдылар мен білімді дамыту қажеттігін түсінеді және түсінеді. Сондай-ақ, желілік өнердің мансаптық өсуге қатысады, ынталандыру жүйесі және өнердің жемісін көру үшін, қызметінің нәтижесі үшін жауап береді.

Біліктілікті жетілдірудегі жетістіктерді қалыптастыру алгоритмі таңдап алынған белсенді және реактивті тәсілге тәуелді болады.

Оқытудың практикалық үлгісі - белгілі бір табиғаттың болуы және оқытудың басты мақсаты оны құру. Прогрессивті оқыту және өнерлік ұйымдық стратегия болашақта ұйымның стратегиясына байланысты қиындықтарды болдырмау үшін жүйелі жүйелік тәсілдерді жүзеге асырады.

Мамандарды және мамандарды тиімді дайындаудың негізі оқу курсы жоспарлау болып табылады. Осыған байланысты, компанияларға белсенді және реактивті көзқарастар шын мәнінде ұзақ мерзімді (стационар), сондай-ақ білім беру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қысқа мерзімді жоспарлау арқылы ұсынылады.

Біліктілікті жоғарылатудың ұзақ мерзімді жоспарлауы ертерек әрекет ету жүйесін ұйымдастыру және келешектегі бастамалар немесе келешектегі болашақ жобалар үшін болашақ іс-әрекеттер үшін негіз болады .

Жоспарланған деңгейде жоспарлау бір жылдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады. Сонымен қатар логотиптің сапасын жақсарту әдістерін және сапасын дұрыс таңдау және сапаны жақсарту үшін алғышарттарға сұранысты қалыптастыру үшін бірінші ондыққа ерекше мән беріледі.

Білім алудың алғышарттары үшін және жоғары біліктілік деңгейін бюджеттеу - бұл оқыту шығыстары деңгейінде анықтау үдерісіне қатысты .

-Қызметкерлерге арналған кәсіби дайындық бойынша, уақыттың жалпы балансында немесе индикатор білім беру саласындағы кәсіптік білім беру бағдарламасының салыстырмалы мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді;

-Бір оқушыға арналған кәсіптік оқыту сағаттарының орташа саны жанама білім беру шәкірттерінің білім беру шкаласымен байланысты;

- Кәсіптік оқытудың жалпы құны үш компоненттен тұрады;

-Жалпы шығындар жанама шығындар және жоғалған өнімділік;

-Өнер көлеміндегі шығындардың үлесі қызметкерлерді оқытуға бір теңгеден өнімнің қанша тиынын жұмсайтынын көрсетеді;

- Ұйымның бір мүшесі үшін оқу шығындары - бұл бір-бірден оқытуға жұмсалған қаражат сомасы.

Қазіргі Қазақстанда кәсіби білім беру жүйесі.Осы саладағы қызметкерлерді оқыту проблеманы шешпейді керсінше кадр тапшылығы. Қызметкерлер арасында, қызметкерлер құрамының үлесі 45 жасқа дейінгі жастағы адамдар 9%, 46 жастан 55 жасқа дейін - 36%, 56 - 65 жас жыл - 39%, 65 жастан жоғары - 16%, яғни, мекемелердің басшылары арасында зейнеткерлік жастағы адамдардың үлесі 55% -дан асады .

Жұмысшылар мен мамандардың үнемі тапшылығы бар орта деңгейдегі ең танымал: сахна орнатушылары, суретшілер-декораторлар, артистер, суретшілер-макияж суретшілері, дыбыстық инженерлер, жарықтандыру режиссерлері, суретшілер- көбейткіштер Стратегиялық жоспарларды мысалға ала отырып театрды қарастырсақ:

2017 – 2018 жылдарға арналған бұрынғы кезеңде өткен жылдың қорытындысы бойынша 2018 жылдың соңында әзірленген бағдарлама бір жыл бұрын түзетіліп,яғни жаңа редакцияда 2017-2018 жылдарға есептелінуі тиіс.Стратегиялық жоспарлаудағы бұл қозғалыс өте маңызды, себебі ол келесі күнтізбелік жылда жоспарлаудың объективті себептерін көрсетеді.Осы жоспарлауға қатысты қандай тренингтер,қандай мастер кластар өту керектігін жоспарлай аламыз.Театрдың даму тұжырымдамасының жуық құрылымы:

- Театрдың шығармашылық-өндірістік және қаржылық қызметін талдау;
- Шығармашылық бағдарламаның қалыптасуы мен іске асырылуын талдау;
- Репертуардың және илектеу постерінің қалыптасуы;
- Группаны қалыптастыру және жұмысқа орналастыру;
- Театрдың маркетингтік қызметін талдау;
- Маркетинг, қаржы жинау және PR-қызметі;
- Компанияның стилі;
- Экономиканы және материалдық-техникалық базаны талдау;
- Театрдың табысы;
- Театр шығыны;
- Еңбек өнімділігі;
- Материалдық-техникалық базаның жағдайы;

- Театрды дамыту тұжырымдамасы;
- Миссия.
- Дамудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері.

Театрдың даму тұжырымдамасына қарай театр қызметкерлері өз біліктілігін жоғарылатады. Ұйымдарды басқарудың заманауи тәсілдері қызметкерлердің басқа барлық ресурстарды пайдалану тиімділігін анықтайтын негізгі фактор ретінде қарастырылады. Еңтабысты отандық және шетелдік компаниялардың тәжірибесі көрсеткендей.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бахтин М. Шығармашылық Франсуа Ребалис және орта ғ. М., 2017ж.
2. Бартошевич А. «Заманауи Әлем». М., 2014ж.
3. Шекспир. Англия. XX ғасыр. М., 2013 ж. Ж. Мольер. М., 2011 ж.
4. Басон. Лоуз XIV, патша-суретші. М., 2016
5. Бояджиев Г. Мольер. М., 2015 ж.
6. Брион М. Моцарт. М., 2010.
Жапсырғыш құралды жаққаннан бұрын кенепті пульверизатордан әрлеу қажет. Ол жапсыруды жеңілдетіп, желімнің кенептің ішкі жағына өтуіне мүмкіндік береді. Алғашқы жапсырудан кейін кенепті бөлмелік жай температурада құрғату қажет. Оған соң кенептің беткейін пензаның бөлігімен сүрту қажет. Осыдан соң екінші жапсыруды жүргіземіз. Жапсыру үшін желімді дұрыстап алу керек. Желімді пайдалану үшін столярлы, желатинді желімді пайдаланады. Желатинді желім-грунттау үшін өте таптырмас зат, оны пайдалана отырып, жоғары сапалы өнім алуға болады. Желатинді алдымен суға араластырып, 1:15 және бір сағатқа ісу үшін қояды. Одан барып оны су ваннасында қыздырады. Желімді ерітіндіні қайнатуға болмайды. Оны суытып, кенепке жағады.

Кенеп форматы және бейнелеу мөлшері. Суреттің композициялық құрылымның маңызды міндеті болып кенептің форматын таңдау мен өзіндік бейненің көлемі табылады.

Жоғарғы тартылған тік бұрышты формат бейнеден монументальді әсерді ұлғайтады. Көлденеңнен тік бұрышты кенеп бойынша өте қатты тартылған кенеп бейнеленген объектіні төмендетеді.

Сурет көлемін оның мазмұнына да байланысты. Рамкаға барлық сюжет сия бермейді. Әрбір сюжет үшін сәйкес мөлшер табылуы керек.

Суреттің композициясы үшін, сюжеттік орталықты бөлу үшін кенептің тегістілігіндегі сол бейненің көлемі маңызды болып табылады. Ірі бейнелеу барлық уақытта суреттің тегістілігінен шығады. Өте шығын бейнелеу суреттің тегісігінен алыс тұрады. Сәтті композиция көрген кезде кенептің жиектерін өзгертуге тілегі болмаған кезде, оның масштабын өзгертуге тілегі бар.

Композициялық оралықтың ерекшеленуі және кескіндегі көру әсерін құру түс көлеңкесіне, фигуралардың көлеміне, фигуралардың арасындағы аралықта қол жеткізеді. Суретші кескінді басты затты түспен, ондағы детальдардың ерекшелігімен ажырата алады.

Кенепті грунттау. Екінші жапсырма кенептен кейін кенепке грунт жағады. Грунт – кенеп пен бояу арасындағы біріктіргіш звено болып табылады, грунтталмаған кенепке жағуға болмайды.

Егер грунт нашар жасалса, онда ол майды тартып, оған қылқаламмен жазу қиынға соғады. Бояулары әлсізденіп, өзінің сапасын жоғалтады. Кескіндеменің қарайып кету қаупі де жоққа шығарылмайды. Кенеп рама жиегіне тартылған полотно бойынша тырнақпен қол жүргізген кезде шытырламау қажет. Кенептің фактурасы грунттаумен толықтырылмауы керек. Осындай кенептерде жазу жеңіл әрі ыңғайлы болады.

Барынша күрделі және қарапайым грунтты жасау, бұл – желімді грунтты жасау болып табылады. Ол ПВА желімінің қоймалжыңынан және ақ су имуляциялық бояуынан жасалады. Оған су қосылады. Грунт массасын жақсы араластыру қажет, ол қоймалжыңды қою емес қаймаққа ұқсас болуы қажет. Грунттың алынған массасын кенепке жағады. Кепкен соң, оның беткейін пемзамен толықтырады[5].

Майлы бояу живопись салуға арналған картонды басқа әдіспен: оның бет жағына арнайы ерітіндімен (скипидирдың 5 бөлшегіне балауыздың 1 бөлшегі) жағылып, содан кейін зығыр майымен сүртiлген чертеж немесе сурет қағазын желімдеу әдісімен де дайындауға болады.

Этюдтер үшін олифпен, живопись майымен майланған немесе желім жағылған қағазды пайдалануға болады. Оның өзінде кепкен кезде қағаздың бүрісуінен аулақ болу үшін оны тақта бетіне кнопкалардың көмегімен теріп тастайды. Этюд салу үстіндегі жұмыстың мақсаты – өмір мен табиғаттың құбылыстарына жіті көз тастап, шынайы беру, бұл құбылыстар сурет салушының бойында тудыратын сезімдерді айқында дәлме-дәл білдіру. Н.Рерих табиғатта көргенді бейнелей білу маңызды, бірақ бейнелегің келгенді көре білу одан да маңызды деген болады. Өнер біздің қоғамда адамдарды, оның ішінде әсіресе жастарды рухани – эстетикалық тәрбиелеуде сенімді, күшті құрал болып табылады. Жастарды көркем өнерді сүйуге, адамға тән қасиеттерді қастерлей білуге үйретеді. Оларды, шығармашылық қабілеттерін, техникалық ой-өрістерін дамытуға үлес қосуымыз керек.

Бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары мен көркем мәнерлік (бейнелеу) құралдары

КЕСКІНДЕМЕ (орысша – живопись –(писать как живой – бейнені бояумен тірі сияқты жазу, қазақ тілінде – сыршырай (сыр – бояу, шырай - бейне) сөзімен баламалы). Кескіндеменің басты бейнелеу құралы – бояу, жылы, суық түстегі бояулардың реңктік үйлесіміне негізделген: колористік, тондық, гаммалық, реңктік үйлесіміне негізделген. Сол сияқты, композиция, пішін құрылымы мен сұлулығы, пропорциялық үйлесімі, жарық пен көлеңке, сызықтық, ауа, түстік перспектива – кескіндеменің көркем-мәнерлік құралдары болып табылады. К.- станоктық және монументальдық болып жіктеледі.

Кескіндеме өнерінің жанрлары

1. Натюрморт (белгілі бір тақырыпқа құралған жансыз заттар жиынтығын суреттеп бейнелеу)
2. Пейзаж (табиғаттың көріністерінің әсемдігін, құбылыстарын бейнелеу)
3. Портрет (жеке адамның, адамдар тобының портреттері, табиғат немесе белгілі ортада отырған адам портреті, психологиялық портрет, салтанатты портрет)
4. Тұрмыстық жанр (адамдардың күнделікті өмірде, тұрмыс-тіршілігінде өтіп жататын түрлі оқиғалар мен құбылыстарды бейнелеу)
5. Тарихи жанр (адамзат, қоғам өміріндегі тарихи оқиғаларды, құбылыстарды бейнелеу)
6. Батальдық жанр (әскери өмір-тіршілікті, соғыс жағдайындағы іс-әрекеттерді бейнелеу)
7. Анималистік жанр (жануарлар, хайуанаттар, жәндіктер өмір-тіршілігін бейнелеу)
8. Маринистік жанр (теңіз беті құбылыстары мен оқиғаларын және адамдардың олармен күресін бейнелеу)
9. Мифологиялық жанр (қиял-ғажайып аңыздар мен ертегілер мазмұнына байланысты тақырыпта бейнелеу)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Б. Әлмұхамбетов, Ж. Бауқенов «Сурет салу және бояумен жұмыс әдістері» Алматы, 1987ж.
2. Е. Каменова. «Кемпір қосақтың түсі қандай?» Алматы «Өнер», 1981ж.
- 3.«Қазақстан бейнелеу өнері ХХ ғасырда». Алматы, 2001ж.
4. «Қазақстан өнері». М. Қожақметова. Алматы, «Өнер», 1990ж.
- 5.«Бейнелеу өнері» Оқу әсітемесі. Қ.Болатбаев, О.Ибрагимов. Алматы, «Атамұра» 2001ж.

Маулет Ардаби

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

**САРЫАРҚА ДАЛАСЫНЫҢ БАТЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ
МҰРАЛАР**

(«BR05236868, Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу» атты жоба аясында жасалған фольклорлық экспедиция материалдарынан)

Аңдатпа

Мақалада Сарыарқа даласының батыс аймағындағы фольклорлық мұралардың қазіргі сақталу деңгейі және осы құндылықтарымызды ұстанып отырған тікелей мұрагерлердің жағдайын ескере отырып, оларда сақталған ұлттық рухани құндылықтардың байырғы элементтерін жазып алу, сақтау, насихаттау жұмыстарын жүргізу көзделген.

Қазақтың рухани музыкалық мұрасы өзінің өміршеңдік қасиетімен, тарихи маңызын сақтап және ауызекі түрде қалыптасып, әлемдік адамзат прогресіне өзіндік үлесін қосуда. Халқымыздың тұрмыс-салтына, адет-ғұрпына байланысты туған, Жоктау, Сыңсу, Жар-жар, Аужар, Өн, Күй, Жыр, Терме, Жарапазан сияқты мұраларымыз ауызекі түрде таралып, ұлт мәдениетінің тарихын ұзартты. Елімізде осындай құндылықтар сақталған өңірдің бірі - Қарағанды облысы.

Түйін сөздер: күйші, күйшілік өнер, рухани мұралар, Сарыарқа, Қарағанды облысы.

Маулет Ардаби

*научный сотрудник научно-исследовательского института
«Халық қазынасы» Национального музея Республики Казахстан*

ФОЛЬКЛОРНОЕ НАСЛЕДИЕ ЗАПАДНОЙ САРЫАРКИ

*(Из материалов фольклорной экспедиции, проведенная в рамках проекта «BR05236868
Изучение, сохранение и популяризация культурного наследия Сарыарки»)*

Аннотация

В статье рассматривается нынешнее состояние сохранности и изученности фольклорного наследия западных регионов Сарыарки, и принимая во внимание носителей этих культурных ценностей, целью статьи является сохранение и популяризация элементов национальных духовных ценностей путем записи и фиксирования.

Духовное музыкальное наследие казахского народа сформировавшись спонтанно и сохранив свою историческую значимость, способствует мировому прогрессу человечества. Культурные наследия как Жоктау, Сыңсу, Жар-жар, Аужар, Өн, Күй, Жыр, Терме, Жарапазан, возникшие в связи с традициями и обычаями нашего народа, получили широкое распространение в устной форме и продолжили историю национальной культуры. Одним из регионов страны, где сохранились эти ценности является Карагандинская область.

Ключевые слова: күйші, искусство кюя, духовное наследие, Сарыарқа, Карагандинская область.

Maulet Ardabi

Research Fellow at the Research Institute "Halyk Kazynasy" of the National Museum of the Republic of Kazakhstan

FOLKLORE HERITAGE OF THE WESTERN SARYARKA

(From the materials of the folklore expedition, conducted within the framework of the project "BR05236868 Study, preservation and popularization of the cultural heritage of Saryarka")

Annotation

The article considers the current state of preservation and study of the folklore heritage of the western regions of Saryarka, and taking into account the carrier of these cultural values. The aim of the article is to preserve and popularize elements of national spiritual values by recording.

Having formed spontaneously the spiritual musical heritage of the Kazakh people have preserved its historical significance, and contributes to the world progress of mankind. Cultural heritage like Joktau, Sinsu, Zhar-zhar, Aujar, Yan, Kyu, Zhyr, Terme, Zharapazan, which arose in connection with the traditions and customs of our people, were widely spoken and continued the history of national culture. One of the regions of the country where these values are preserved is the Karaganda region.

Keywords: kuishi, art of kyu, spiritual heritage, Saryarka, Karaganda region.

Сарыарқа даласының Қарағанды облысында Итаяк, [1], Тоқа, Тәттімбеттерден[2] бастау алған тамыры терең Арқа күйшілік мектебі, Әбікен Қасенов, Әбді, Қыздарбек, Ісембектер [1, 790-791 бб] арқылы Дәулетбек Сәдуақасов, Пазыл Тұтқабеков[3], Қайыролла Сәдуақасовтарға жалғасса, XIX ғасырдағы қазақтың классикалық ән өнерінің негізін қалап, сал-серілік дәстүрдің алтын діңгегін осы апайтөс далаға мызғымастай етіп орнатқан Ақан сері, Біржан салдар салған әншілік өнердің бүгінгі күнгі сарқыты да осы қасиетті Арқа өңірі оның ішінде Қарағанды облысында сақталған.

Қазақ халқының бейзаттық мәдени (материалдық емес) мұралары көшпенді тұрмыста ауыздан-ауызға таралып, сан ғасырлық тарихын жоғалтпай бүгінгі ұрпаққа жетті. Ұлы даланың мәдениетінде өткір тілдің, әсерлі үннің сарқылмас бұлағы бар. Қазақ даласының әр түкпірінде рухани мұраларымыздың төл ерекшелігін бұзбай ұстанып, сақтап отырған тікелей мұрагерлері бар. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрінде ерекше орын алған бүгінде жоғалуға шақ қалған, орындаушылық өнердің сирек нұсқалары жарапазан, сыңсу, жоқтау, көне ән-күйлер, өлең-жырлармен тарихи дастандарды ұстанушы көзі тірі өнерпаздардан жазып алу үшін, ағымдағы жылдың 16-25 мамыр аралығында ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Мәулет Ардаби (Аға ғылыми қызметкер Д. Ескекбаев) Қарағанды облысында іссапарда болып, рухани мұралардың әр үлгісінен қыруар материал жазылып алынды. Мұндағы мақсат – Қазақстанның елді мекендерінде оның ішінде Қарағанды облысының батысындағы фольклорлық мұраларды жинау.

Аталған рухани мұралардың қазіргі нақтылы жағдайын және сақталу деңгейін анықтау мақсатында ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми зерттеу институты жинау, жүйелеу, зерттеу жұмысын бастады. Экспедицияның негізгі бағыты Қарағанды облысы Ұлытау ауданының (Аманкелді ауылы, Шеңбер ауылы, Қаракенгір ауылы), Шет ауданы, Жаңарқа ауданының Ескене ауылы және осы ауылға қарасты Талдыбұлақ кенті болды. Қазіргі таңда жоғалу қаупі төніп тұрған Рухани мұралардың (ән-күй, күй аңыздар мен сол өңірде бұрын өткен күйші-композиторлар) бірнеше түрінен қыруар материалдар ұлттық өнердің әр түрінен қазіргі көзі тірі тікелей өкілдерінің аузынан (видео, аудио форматта) жазылып алынды. Осы материалдар негізінде алдағы уақытта ақпарат құралдарында жарияланым болады және 2 ғылыми мақала дайындау көзделуде.

Қарағанды облысының Ұлытау ауданының Аманкелді ауылында тұратын Құрманәлі Әбілғазыұынан жарапазанның ескі нұсқасын және «Қайыптың термесін», «Елім Құлжадай» атты халық әнін сондай-ақ 9 жасар жиен немересі Әлтайыр Дәуреннен жарапазанның және бір ескі нұсқасын (аудио-видео, фото) форматта жазып алдық. Сонымен қатар Аманкелді ауылымен жапсарлас жатқан Кененбай көлінде тұратын Ажыбаев Рахым Пәуеденұлынан қазіргі таңда ұрпақ санасынан өшкіндеп бара жатқан бата беру дәстүріне қатысты батаның «Жастарға берілетін бата», «Бүлдіршіндерге берілетін бата», «Жастарға қысқа бата», «Қарияларға берілетін бата», «Үй иісіне

риза көңілмен берілетін бата», «Жастардың тойына бата» сияқты 6 түрін және ауарайын болжауға қатысты қазақтың дәстүрлі астрономиялық білімі туралы құнды деректерді (аудио-видео, фото) форматта жазып алдық. Ұлытау ауданында тұратын қарт шежіреші Шымбергенов Тақаннан да салт-дәстүрімізге қатысты батаның «Үлкендердің дастарқанға батасы», «Өсиет бата», «Келген қонаққа бата», «Жастарға бата» сияқты 4 ескі түрін жазып алдық. Сондай-ақ Ұлытау ауданының Қаракенгір ауылында тұратын Әжібенова Гүлжаухар Тақашқызы мен Мұқанова Айтолқын Амандыққызынан сол өңірде кісі өлімі болғанда ертеден айтылып келе жатқан жоқтаудың 3 түрін жазып алдық. Қазақтың салт-дәстүрінде, әсіресе дастарқан мәдениетінде бата берудің мәні жоғары.

Сондықтан да қазақта бата берудің мол үлгісі қалыптасқан. Қазақтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, әрбір салт-жоралардан бастап, әдеттегі дастарқан басында батасыз еш рәсім өтелмейді. Мысалы, Дастарқанға, сойылатын малға, торқалы тойға, топырақты өлімге, т.б. жақсылықтың бастауы тек батамен басталады. Батаны көбінде елге халыққа сөзі өтімді жасы үлкен ақсақалдар жағы береді, оны «Жақсылықтың тілек батасы» деп атайды. Батаның қазақ қоғамындағы ролі, маңызы туралы зерттелген еңбектерде де айтылған[4]. Ұлытау өңірінен жазылып алынған батаның түрлері алуантүрлі болып, жас сәбиден бастап ақсақалдарға дейін берілетін батаның түрлері бар. Барлығында да тек жақсы тілеу, ізгі ниет айтылады. Әр өңірде берілетін батаның мазмұндары негізінен бір. Жақсылық тілеу, ізгілікке шақыру. Бірақ әр өңірдегі салт-жоралардың өтуіне байланысты жергілікті ерекшелікке тән батаның тақырыбы жағынан айырмашылық болуы мүмкін. Мысалы, Шығыс өңірінде нақтырақ айтқанда қытай, моңғолия жерінде отырған қандастарда батаның түрінің мол болуы және тақырыптық жағынан да зпап өзгешелік бар[4, 87-88 бб].

Ұлытау ауданы қаракенгір ауылынан жазылып алынған «Қара дауыс», «Әйелдің ерін жоқтауы», «Енені жоқтау» сияқты жоқтаудың түрлерінде, музыкалық әуен «**Секунда**» (*бір тондық дыбыс қатары*) және «**Терциялық**» (*бір жарым не екі тондық дыбыс қатары*) дыбыс қатарымен қайғылы жүріп отырады және қайталанып отырады. Жоқтаудың бұл әуендік ерекшелігі қызғыз халқының кісі өліміндегі жоқтаудың әуендік ерекшелігіне жақындығы басым. Музыкалық ырғақтық өлшем жағынан да үнемі өзгеріп отырады. Қазақтың мұң-шер әндері туралы мынадай зерттеуде айтылады: жоқтау әндерінің үлгілерін салыстыра қарағанда, дыбыс диапазоны жағынан тар көлемдегі (трихорд, тетрахорд, пентахорд, гексахорд) аралығында және ауыспалы өлшемдер (5/4, 7/8, 3/8, 2/4, 5/8, 6/8) арқылы өрістеумен қатар, көпшілігі дәстүрлі саздарда секундалық, терциялық интонациялардан, дауыс ырғақтарынан құрылатыны анықталды[5]. Ұлытау ауданы Қаракенгір ауылынан жазып алған жоқтауымыздағы сарынды сол елдің арасында «Қара дауыс» деп атайды екен. Яғни кісі өлімі болғанда солқайтқан адамның ет жақын туыстарының әйел адамдары жиналып бір дауыста бір уақытта (Ансамбль тәрізді) топтық дауыс шығарып айтады. Бұл «Қара дауыс» деп аталады. Топтық дауыс тоқтағанда қайтқан кісінің ең жақын адамы (жұбайы) жалғыз дауыста жоқтауды жалғастырады. Амангелді ауылынан жазылып алынған Жарапазанның екі үлгісінде кішкене айырмашылық бар. Яғни Құрманәлі Әблғазының айтқан жарапазанында бастапқыда тақпақтатып басталып одан кейін негізгі ой ән сарынында айтылады. Одан кейін ән қайырмасы сияқты қайырма айтылады және қайырма жарапазанның әрбір шумағының соңынан қайталанып отырады. Ең соңында жарапазанның батасын тақпақтатып айтады. Бұл кісі орындаған жарапазанның әуені Жетісудағы ескі халықтық әндердің әуеніне өте жақын. Соған қарағанда жарапазанның бұл үлгісі Шығыс және Жетісу өңірінің нұсқасы болса керек. Ал жиен немересі Құрманәлі ақсақалдың жиен немересі Өлтайырдың айтқан жарапазанында бастан аяқ батасына дейін бір сарында тақпақтатып айтылады.

Шертпе күй өнері дамыған мектептердің бірі Қарағандының Шет өңірі. Шет ауданында тұратын белгілі жазушы, өлкетанушы, Арқа күйшілік мектебінің оның ішінде Шет ауданы өңірінде өткен Қыздарбек, Әбди, Ісембек, Мақаш, Бегімсал, Орал Исатаевтардың[3, 16-18 бб] шығармашылығы жайында және әйгілі Шортанбай жырау[6] туралы қыруар зерттеулер жасаған Кәмел Жүністегінен 2 сағатқа жуық (аудио-видео, фото) материалдар жазылып алынды. Яғни Арқаның күй мектебінің басында тұрған Итаяқ күйшінің қайда жатқаны туралы және Шет өңірінің күйшілерінің мұраларын жеткізген күйші Бегімсал, Орал Исатаевтармен көзбе-көз жүздесіп оларды жазып алғаны туралы тың деректер жазылып алынды. Сондай-ақ Кәмел Жүністегінің үйінде

сақтаулы тұрған, Қыздарбек, Әбдилердің домбырлары (аудио-видео, фото) тарихымен жазылып алынды және жеке қорында сақталған көне музыкалық үн таспаларды бірлесіп игеруге мүмкіндік алдық.

Кәмел Жүністегі Арқа күй өнерінің соңғы орындаушыларыны бірі Бегімсал күйшіні 50-жылдардың ішінде алғаш көргенін, сол бір отырыста Бегімсал күйшінің 100 дін үстінде күй тартқанын айтты. Бірақ амал не жазып алатын ешқандай мүмкіндіктің болмағанын айтып налыды. Кейін мөлшермен 10 жылдай уақыттан кейін Бегімсал күйшіні қайта іздеп барған Кәмел Жүністегі Бегімсалдан шамамен 10 тарта күйді дыбыс алғышқа жазып алғанын, оның қазір өзінің еке қорында сақтаулы тұрғанын айтты. Сонымен қатар арқа күйлерінің даңғайыр орындаушысының бірі - Орал Исатаевтың өз қолынан жазып алған күйлері де жеке қорында сақтаулы екенін айтты. Арқа күй мектебінің арыдағы тұлғаларының бірі қыпшақ Итаяқ (XIX) [1, 768 б], күйшіні де көп зерттегенін, Итаяқтың нақтылы арқа өңірінің қай жеріне жерлегені туралы 10 жылдан астам уақыт ел ішіндегі адамдардан және жазба тарихи материалдардан іздеп таба алмай, ақыры бірде Жарық станциясына қонақта отырғанда Ескермес деген ақсақал арқылы Жарық станциясының Қызылтау савкозының арғы жағында Бетпақ даладан (Ағыбай бейтінен ары қарай 70 шақырым жерде) тапқанын айтты. Сондай-ақ Кәмел Жүністегінің айтуынша қазіргі таңда күйшінің жатқан жерін тек Ағыбай батырдың шырақшысы Хамит біледі.

Кәмел Жүністегі Арқа күй мектебі оның ішінде Шет өңірінің Итаяқ, Тәттімбет, Қыздарбектерге дейінгі және одан кейінгі күйші-композиторларының өмірі мен шығармашылығын жүйелі зерттеп жүрген бірден-бір тұлға.

Жаңарқа ауданында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, композитор Қорабай Есеновтың орындауында 4 ән және еш жерде жарық көрмеген 2 күй жазылып алынды. Сондай-ақ Жаңарқа ауданының Ескене ауылында өткен күйші Фазыл Тұтқабековтың көзі тірісінде ұстаған домбыраларын фото естелікке алумен қатар, күйші Мейрам Ұлмағамбетовтың орындауында 4 күй жазылып алынды. Арқа күйшілік мектебінің арыдағы өкілдерінің бірі, Сайдалы Сарытоқаның жатқан жеріне арнайы барып (сол өңірдегі ел мен жердің тарихына қанық Сайын Омардың бастауында), күйшінің мазары фото естелікке алынды. (Видео, аудио, фото форматта).

16.05.2018-25.05.2018 аралығында Қарағанды облысында сақталған рухани мұралардың қалдықтарын ел арасынан жинау барысында 5 күй, 4 ән және Қарағанды облысының Шет өңірінде Итаяқ күйшіден бастап Қыздарбек, Әбди, Ісенбек, Мақаш, Бегімсал [1, 809 б] сияқты сол ілкенің күй өнерінің тарихи тұлғалары туралы тың деректер жазылып алынып (видео, аудио, фото форматта), ҚР Ұлттық музейді «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының «Рухани мұра» қорында сақталды. Халықтың арасында рухани мұралардың сарқытын ұстап отырған адамдар бар болғанымен көбісінің көзі кеткен. Көп мұраларымыз сол кісілермен бірге кеткен. Біздің жазып алғанымыз рухани өнердің қазіргі көзі тірі өкілдері. Бұл адамдардың алдының жасы 80-нен асса, арты 50-ден асқан. Бірақ осы кісілердің өнерін ары қарай жалғап отырған тікелей шәкірттері жоқтың қасы. Алдағы жылдарда Мәдениет және Спорт министрлігімен «Халық қазынасы» ғылыми зерттеу институты бірлесіп, Қазақстанның әр өңірінде сақталған рухани мұралардың нақтылы санын, сақталу деңгейін және оларды қорғау жұмыстарын жасай бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. С. Акселеу. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002. – 768 б.
2. Жұбанов. А. Ғасырлар пернесі. Монография. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 203-232 бб.
3. Ж. Жүзбай. Шертпе күйдің төрт мектебі. Зерттеулер және күйлер жинағы. – 16-18 бб.
4. Асылұлы.О. Қазақтың ғұрып-әдет мәдениеті. – Шыңжаң: Өсемөнер-фотосурет баспасы, 2009. – 87 б.
5. Қазақ музыкасы. Көне музыкалық фольклор. Антология Бестомдық. I-том. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 12 б.

6. Ж.О.Артықбаев, М.С.Жакин. Шет өңірінің тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. 254-255 бб.

УДК 316.37
МРНТИ 14.07.09

Абишева О.Т.¹, Дарменшиев Е.А.²

Тебеген Д.Т.³

*¹Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер,мәдениет және спорт институтының
Өнертану докторы, қаум.профессор*

Алматы қ., Қазақстан

*²«6М041600- Өнертану» мамандығының 1-курс магистранты
Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер,мәдениет және спорт институты*

Алматы., Қазақстан

*³«6М041600- Өнертану» мамандығының 1-курс магистранты
Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер,мәдениет және спорт институты*

Алматы., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСӨСПІРІМ ҰЛ-ҚЫЗДАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда жасөспірім ұл-қыздарымыздың болашақта рухани ой санасының дамуын өнермен және мәдениетпен жетілдіру аса маңызды. Мақалада қазіргі жаһандану заманындағы бала тәрбиесі, отбасы құндылығы, мәселелері қозғалған. Қазақ мектептерінің өзінің қазіргі жағдайында жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі басты рөлін ешкім жоққа шығара аламайды. Отбасынан бастау алатын тәрбиенің шын мәніндегі негізі мектепте түзіледі. Бұған себеп, тәрбие-қоғамдық-элеуметтік, тарихи-этнографиялық, табиғаттық-географиялық факторлардың кешенді әсерінің жемісі. Осынау факторлардың жағдайы, күш-қуаты, тарихи өсу, өзгеру, жойылу-пайда болу, жаңғырту-жаңарту т.б.құбылыстарға ұшырап отыратыны-тәрбиеге де ықпал етеді.

Түйін сөздер: тәрбие, құндылық, рухани тәрбие, педагогика, жаңғырту, педагог, халықтық педагогика, ұлттық өнер, коммуникация, тұлға дамуы, психология, шығармашылық.

Абишева О.Т.¹, Дарменшиев Е.А.²

Тебеген Д.Т.

*¹КазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта доктор искусствоведения, асс.
профессор г. Алматы, Казахстан*

*²Магистрант 1 курса по специальности «6М041600- Искусствоведение» КазНПУ им. Абая,
Института искусств, культуры и спорта г. Алматы, Казахстан*

*³Магистрант 1 курса по специальности «6М041600- Искусствоведение» КазНПУ им. Абая,
Института искусств, культуры и спорта г. Алматы, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ЦЕННОСТИ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Аннотация

В настоящее время подросткам и девочкам очень важно развивать свое духовное мышление в будущем с помощью искусства и культуры. Статья посвящена воспитанию детей в условиях современной глобализации, семейных ценностей и проблем. В современных казахских школах никто не может отрицать ключевую роль в национальном образовании подрастающего поколения. Основой воспитания, которое исходит от семьи, является фундамент школы. Это связано с комплексным воздействием образовательно-социальных, историко-этнографических, природно-географических факторов. Тот факт, что на эти факторы влияют состояние, сила, исторический рост, изменения, исчезновение, возрождение, обновление и образование.

Ключевые слова: Воспитание, ценность, духовное воспитание, педагогика, педагог, народное педагогика, национальное искусство, коммуникация, психология, творчество.

Abisheva O.T.¹, Darmensheyev E.A.²

Tebege D.T.³

¹Candidate of pedagogical sciences, associate professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abay,

*Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

*²Student of masters course in the speciality «6M041600- Art History»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

*³Student of masters course in the speciality «6M041600- Art History»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF THE VALUE OF MODERN KAZAKH YOUTH

Abstract

Nowadays, it is very important for teenagers and girls to develop their spiritual thinking in the future with the help of art and culture. The article is devoted to the education of children in the conditions of modern globalization, family values and problems. In modern Kazakh schools, no one can deny the key role in the national education of the younger generation. The basis of education, which comes from the family, is the foundation of the school. This is due to the complex impact of educational and social, historical and ethnographic, natural and geographical factors. The fact that these factors are influenced by state, strength, historical growth, change, extinction, rebirth, renewal, and education.

Key words: Education, value, spiritual education, pedagogy, teacher, folk pedagogy, national art, communication, psychology, creativity.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында Республикадағы педагог ғалымдарының көп жылғы теориялық ізденістері мен тәжірибесінен туындаған аса маңызды мемлекеттік құжат және үздіксіз білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға негіз болып табылады. Тұжырымдамада тұлға бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды (ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік, т.б.) қалыптастыруға бағытталған. Тұжырымдамада жалпы құндылық ұғымын- жақсылық, әділеттік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер тұрғысынан береді.[1]

Менің ойымша қазіргі уақытта өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың санасына ата-анаға деген құрмет, әділеттілік, шыншылдық, отанға деген сүйіспеншіліктерін сапалы, тиімді тәрбиелесек, іргесі берік, тұғыры биік ел болмақпыз.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес, ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну.

Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық – социологиялық ұғым. Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік ХІХ ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды.

Құндылық» ұғымы Қазақстандық алыс және жақындағы шет ел ғалымдары Алексеева В.Г., Болдырев Н.И., Бондаревская Е.В., Здравомыслов А.Г., Кон И., Мудрик А.В., Наурызбай Ж., Николаев И.Г., Нұрғалиева Г.Қ.,Петровский А.В., Төлеубекова Р., т.б. ғылыми зерттеулерінде орын алады. Ғалымдардың еңбектерінде негізгі құндылық- Отан, адам, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейірімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер, адамның өмір сүруіне деген материалдық жағдайдың болуы, еңбек, т.б. деп атап көрсетеді. [2] Бүгінгі күнде жоғарыда атап өткендей құндылықтардың жойылып бара жатқаны, жастардың жалқау өздігімен ғылым, білім ізденбейтіндігі үлкен мәселеге әкеліп соқтыруда, Елбасымыздың бастауымен жастарды өнер, ғылым, білімге ынталандыратын арнайы сыйақы, шәкіртақылардың болуы, жастарды ізденіске тартудың ең тиімді, әрі жемісті болуы қуантады.

«Тәрбие- тал бесіктен деп»,- қазақ халқы бекер айтпаған.Ұлттық тәрбиенің рөлін балаға кішкентайынан бойына құйып ұғындыра білу- ата-ананың тікелей борышы.

Қазақ мектептерінің өзінің қазіргі жағдайында жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудегі басты рөлін ешкім жоққа шығара аламайды. Отбасынан бастау алатын тәрбиенің шын мәніндегі негізі мектепте түзіледі. Бұған себеп, тәрбие-қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-этнографиялық, табиғаттық-географиялық факторлардың кешенді әсерінің жемісі. Осынау факторлардың жағдайы, күш-қуаты, тарихи өсу, өзгеру, жойылу-пайда болу, жаңғырту-жаңарту т.б.құбылыстарға ұшырап отыратыны-тәрбиеге де ықпал етеді. Тәрбиенің жемістілігі осы факторларды өзара үйлестіре қолдануды мұқият ескеруде жатыр.[3] Қазақ халық тәрбиесінде «Ұядан нені көрсе, соны іледі» деп бекер айтпаған, себебі баланың қазіргі қоғамда тәрбиесіне жіті мән беріп жатқан отбасылардың жоқтың қасы. Дана халқымыз айтпақшы «Бір әкенің тәрбиесін, жүз мектепте бере алмайды» деп жәйдан-жәй айтпаса керек. Ұлдарымызды ұл етіп, қыздарымызды қылықты, инабатты,етіп тәрбиелеу менің ойымша ата-аналардың басты міндеті.Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпыәлемдік құндылықтардың бірі- тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Әр адамның тағдыры әрқашан әлемдік дүниемен, адамдармен, ұжыммен байланысты. Жалпы тұлғаның бойындағы құндылық, адамгершілік құндылық бүгінгі қоғамның даму үрдісінде тұлғаға білім және тәрбие беруде негізгі орын алады. Құндылық тұлғаның бойындағы қасиеттердің жиынтығы.Қоғамдағы құндылықты қатынастардың аса маңызды элементтерінің бірі- құндылықты бағыт-бағдар.[4]

Құндылықты бағыт-бағдар-бұл стратегиялық өмір мұраттары және жалпы дүниетанымдық алғы шарт ретінде танылған құндылықтардың адам санасында бейнеленуі.Қалыптасқан, тұрақты құндылықтар бағыттарының жиынтығы тұлға тұрақтылығын, қажеттіліктер мен қызығулар бағдарында көрінген әрекет-қылық және іс-әрекет типтерінің өзара байланыса, ұштасуын қамтамасыз етеді.Құндылықты бағыт бағдарлардың негізгі мазмұны- адамның саяси, философиялық (дүниетанымдық), адамгершілік наным-сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, қылық-әрекет, мінез принциптері.Құндылықты бағдардың дамуы- тұлға кемелінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші, құндылықты бағыттардың тұрақты бірлігі тұлғаның келесідей сапаларының дамып, орнығуына себепші болады:тұлғаның тұтастығы мен сенімділігі, белгілі мұраттармен принциптерге адалдық, осы мұраттармен принциптерді іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілік, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік, мақсатқа жетуде табандылық пен өжеттік.Құндылықты бағыттар арасындағы қайшылықтар әрекет-қылық пен мінездегі тұрақсыздықты туындатады. Қазақстандық отбасылар және жалпы қоғам үшін соңғы онжылдықта өмір сүру әрекетінің кенеттен өзгеруі, тіпті басқаша әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен түйісуі, оның жаңа сапаға көшуін өте жылдам түрде жеделдетіп жатыр. Осыған байланысты туындаған дәстүрлі сана мен нақты тұрмыстың арасындағы үзіліс қоғам және шағын топтар шеңберінде (соның ішінде отбасы да бар) де, сонымен қатар дара тұлғалық өкілдердің жеке

деңгейінде де әлемге деген көзқарасты түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Отаршылдық езгісі әсер еткен ұлттық ділімізді қалпына келтіріп, нығайту және өркениетті елдер қауымдастығы қатарынан орын алу-ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты алғы шарттардың бірі. Қазіргі ұлттық діліміздің , салт-дәстүрлеріміздің жағдайы қалай? деген сұрақ туындайды. Күннен күнге өзгеріске түсіп отырған әлеуметтік жағдайымыздың бір сипаты,

Адамдар арасындағы жылы-шырай, еркін сөйлесу, бір-біріне деген қарым-қатынастың жоғалып бара жатқандығы алаңдатарлық жәйт. Оған басты себеп дамыған заманымыздың жаңа технологиялары (ұялы телефон, ноутбук, компьютерлер) т.б. басқада ақпараттық құралдар. Осындай кереметтей ақпараттық құралдардың шығу әрине жақсы, бірақ басты мәселе ішінде не көрсетіп жатыр, не тәрбие беріп жатыр деген басты сұрақ туындайды. Өтірік емес, әр қазақ отбасындағы тәрбиенің өзгеріп келетіндігі алаңдатады. Қазіргі кей отбасында орын алатын жәйт, бала жыласа, қолына телефон ұстатып тыныш болғанына мәз болып жатады, ең маңыздысы ішінде не көрсетіп жатыр, не көріп жатыр деген мәселеге ешкім назар аудармайды. Себебі қазіргі жас ата-әжелермен, ата-аналардың жаңа туған нәрсетені қалай тәрбие беру неден бастауын біле бермейді. Қазіргі қоғамда салт-дәстүрімізге тән «Бесік жыры» т.б. тәрбиелік мәні құнды жырларымыздың айтылмауы. Тақырыбымының басында атап өткендей, «Тәрбие-тал бесіктен» осы қарапайым ғана Бесік жырларымызды тыңдап өспеген бала , келешекте өз салт-дәстүрін, ұлттық менталитетін, қалай жалғастыра алады, келесі ұрпаққа қалай жетізеді деген үлкен мәселе туындайды. Бала өсіп жетілген соң көбіне ата-ананың емес жора-жолдастарының ортасында қоғамнан тәрбие алады. Жасырын емес бала сырттан тәрбие алған соң ата-ананың орны, беделі, түсіп бала сыйластықты, ата-анаға деген махаббат қасиетін жоғалтады. Сол себептен менің ойымша әр қазақ шаңырағында, ең бірінші орында «отбасы тәрбиесі» тұруы керек. Қазіргі мектеп жасындағы бала болсын, колледж қабырғасында , жоғарғы оқу орнында оқып жүрген студенттердің біршамасы салт-дәстүрімізге тән «Жаушы жіберу», «Жолаяқ», «Асату», «Әменгерлік», «Тәбәрік» т.б. ұғымдарды бірі-білсе, бірі-біле бермейді. Жастарымыз тәрбиелік рөлі мол қоғамдық театрлар, музейлер, ұлттық мәдениетті насихаттайтын концерт, кештерге қызығушылығының аздығы кынжылтады.

Қоғамдық жерлердегі жастардың үлкенге деген құрметі мен кішіге деген ізеттілігі жойылып жатқаны бізге мәлім. Мысалы ретінде қоғамдық көлікте: жастардың үлкенге орын бермеуі, дөрекі қарым-қатынаста қарсы сөйлеуі , кішіге тәрбие болып қалыптаспауына кім кепіл?! Демек әр отбасында үлкеннің орнын , кішінің орнын баланың санасына құйып отыру қажет. Қоғамымызда мұғалімнің рөлі өте төмен деңгейде. Қазіргі жас-жеткіншектер мұғалімге қарсы сөйлемек түгілі, төбелесіп те жатқаны өтірік емес. Бұндай қазақ халық педагогикасында кездеспеген дүние. Бұрынғы кезде ата-бабаларымыз балаларын медресе, мектептерге ұстаздың қолына берген де «еті сенікі, сүйегі менікі», - деп тәрбие алсын оқысын деп тапсырған. Әңгіме баланы ұрып соғуда емес, мұғалімнің беделіне, кір келіп жатқандығын алға тартқым келеді. Осы орайда мұғалімнің құқығы мен оқушының құқығын тең дәрежеде, қарастырып қоғамдық статустарын белгілеп алған жөн болар. Тағы да айта кететін мәселе ұлттық мәдениет құндылықтарымызды дәріптейтін бағдарламалардың жабылып қалуы, үлкен маңызды мәселелердің бірі. Демалыста болсын үйде отырып телеарналарды қоссақ, ұлттық сананы улап жатқан неше түрлі, менталитетімізге кері әсерін беріп жатқан бағдарламалардың болуы. Оның орнына жабылып қалған « Мәдениет» арнасын қайта қосуды, тағы да жастарымызға дұрыс тәрбие беретін ұлттық арналарымызды дәріптеуді ұсынамын. Оған қоса айта кететін жәй киноиндустрия саласында түсірілетін көркем фильмдердің тақырыптарының кедейлігі алаңдатады. Қазіргі технологиялар дамыған шақта ұлттық тәрбиесі, құндылығы бар әсерлі бояу қосып, ұлттық нақыштарымызды бейнелеп, ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерді жандандырып , ұлтты рухтандыратын әуезді күй, халық әндерін жаңа форматта өңдеп көркем фильмдер түсірілсе халықтың ұлттық санасының дамуына көптен бір себеп болар еді. Бұл тақырыпты алғандағы себебім Қазіргі қазақ жас-өспірім ұл-қыздарының құндылық ерекшеліктерін арттыру мақсатында келесідей іс-шаралар ұйымдастыруды қолға алуды жоспарлау, жүзеге асыру.

Жастарымызды ұлттық мәдениетке баулуға арналған іс-шаралар шағын клубтар ұйымдастыру, қызықты әрі көңілді өтуіне септігін тигізетін елімізге белгілі қоғам қайраткерлерімен, ақын-жазушылармен, ұлттық өнерімізді дәріптеп жүрген әнші, күйші, жыршыларымызды осы шараға тартып өз үлестерін қосуға ұлттық тәрбие, ұлттық сана сезімімізді оятуға насихаттау керек деп ойлаймын. Осындай тәрбиелік мәнге ие «Домбыра думан» атты жобасын айта кеткім келеді. Бұл жобаның бастауы 2012 жылдың 16 тамызында Лондон олимпиадасындағы қазақстандық спортшылардың жетістерінен кейін пайда болды. Аз уақыт ішінде халықтың қызығушылығын оятқан жобаны еліміздің біраз өңірінде ұйымдастыру қолға алына бастаған. Атап айтар болсам Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Шымкент, Қызылжар, Жаңаөзен, Орал сияқты қалаларда, сондай-ақ Моңғолиядағы қазақ диаспорасы көп шоғырланған Баян-Өлгей, аймағында Ыстабұл, Анкара, Лондон, сияқты ірі шаһарларда өткізіліп келген. «Домбыра пати»- «Керек инфо» сайтының қолданушылары Аршат Оразов, Алдан Жылгелді, Нұрғиса Асылбеков, Данияр Алан, Алмас Алтай, және Нұрберген Мақым атты сегіз жігіттің бастауымен дүниеге келген. Соның қатарында Алматы қаласында өткен «Домбыра Думан» жобасының ең алғаш блогері Назгүл Қожабекова ұйымдастырды. Тәрбиелік мәні зор жастарды ұлттық мәдениетімізге баулудың бірден-бір жақсы жолы. Алматы шаһарында өткен «Домбыра думан» жобасының қатысушыларын атап өтсем, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының, ҚазҰУ, ҚазҰПУ, ҚазМемҚызПУ-дың белсенді, өнерлі студенттері сонымен қатар әр салада қызмет етіп жүрген аға-әпкелеріміз, іні-қарындастарымыз ат салысқан.

Қорытындылай келе ата-бабаларымыздың ақ найза ұшымен, білектің күшімен келген тәуелсіздігіміздің отын сөндіріп алмау. Өскелең ұрпақтарымызды сапалы, құнды, тәрбиелік мәні зор дүниелерге баулып үйрету, дамыған заманның техникасына санамызды қолдан улап құл болмай, керісінше соңғы үлгідегі озық техникаларды пайдалана отыра білімді жастарымыздың, ұлтымыздың рухани жан-жақты дамуына сіз біз болып ат салысайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығы. Астана. 2009. 16 қараша.
2. Иманбаева С.Т., Белғозиева Ұ.Б. ҚазҰУ Хабаршысы педагогикалық ғылымдар сериясы Алматы, № 1(29) 2010. – 7-11 б.
3. Миразова А.Т. Ұлттық тәрбиенің орта мектеп жеткіншектерінің ұлттық келбетін қалыптастырудағы рөлі. Ұлттық тәрбие Республикалық ғылыми-көпшілік журналы Алматы, № 1, 2017. – 10-18 б.
4. Абишева О.Т., Жаһандану үрдістерінің аймақтағы көркем өнер білім берудің әсері ҚазҰПУ Хабаршысы көркем өнерден білім беру сериясы Алматы, № 2 (55) 2018. – 5-9 б.

ӘОЖ 373 045
МРНТИ 18.31.07

Е.Б.Ауелбеков¹, М.Н.Шаханбаев², А.С.Сахова³

*¹п.ғ.к., доцент Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан*

*²аға оқытушы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан*

*³Кескіндеме мамандығы бойынша 2 курс магистранты
Шымкент қ., Қазақстан*

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің міндеттері қарастырылып, бейнелеу өнері негізінде білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырудың білімді арттырудың маңызды факторы ретіндегі мәні ашылып, талдаулар жасалады. Танымдық іс-әрекет, дүниетаным, шығармашылық белсенділік ұғымдары кең түрде қарастырылады. Ұстаздардың оқытушылық белсенділіктері мен энтузиазмының білім алушылардың танымдық іс-әрекеттеріне тигізер әсері дәлелденеді. Бейнелеу өнері негізінде көркемдік білім берудің танымдық, дүниетанымдық қызметтері жан-дақты айқындалады. Бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекет пен дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырудың өзара байланысы анықталады. Оның психологиялық, тәрбиелік мәні мен мазмұндық ерекшеліктері көрсетіледі. Бейнелеу іс-әрекетіндегі танымдық белсенділіктің әсер етуші негізгі міндеттері талданады. Мектептегі бейнелеу өнерінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін, дүниетанымын қалыптастыруға оң әсері айқындалады.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, дүниетаным, танымдық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті, білім алушы, мұғалім белсенділігі мен энтузиазмы, эстетикалық тәрбие.

Е.Б.Ауелбеков¹, М.Н.Шаханбаев², А.С.Сахова³

*¹к.п.н., доцент Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави
г. Туркестан, Казахстан*

*²ст. преподаватель Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави
г. Туркестан, Казахстан*

*³ магистрант 2 курса специальности Живопись
г. Шымкент, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ОСНОВЕ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

В статье рассматриваются задачи системы образования страны на современном этапе, раскрываются и анализируются сущность формирования познавательной деятельности обучающихся на основе изобразительного искусства как важнейшего фактора повышения знаний. Широко рассматриваются понятия познавательной деятельности, мировоззрения, творческой активности. Доказывается влияние энтузиазма и преподавательской активности педагогов на познавательную деятельность обучающихся. Четко определяются познавательные, мировоззренческие функции художественного образования на основе изобразительного искусства. Определяется взаимосвязь формирования мировоззренческого взгляда и познавательной деятельности в изобразительном искусстве. Указываются его психологические, воспитательные сущность и содержательные особенности. Анализируются действующие основные задачи познавательной активности в изобразительной деятельности. С учетом специфических особенностей изобразительного искусства в школе определяется его положительное влияние на формирование познавательной деятельности, мировоззрения обучающихся.

Ключевые слова: изобразительное искусство, мировоззрение, познавательная деятельность, изобразительная деятельность, обучающегося, активность и энтузиазм учителя, эстетическое воспитание.

Е.В. Auelbekov¹, M.N. Shahanbaev², A.S. Sahova³

*¹с. p.s., associate Professor International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi
Turkistan, Kazakhstan*

²senior lecturer of International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi
Turkestan, Kazakhstan

³ master's degree student 2 courses of specialty Painting
Shymkent, Kazakhstan

THE FORMATION OF COGNITIVE ACTIVITY ON THE BASIS OF FINE ART

Abstract

The article deals with the problems of the country's education system at the present stage, reveals and analyzes the essence of the formation of cognitive activity of students on the basis of fine arts as the most important factor in improving knowledge. The concepts of cognitive activity, worldview, creative activity are widely considered. The influence of enthusiasm and teaching activity of teachers on the cognitive activity of students is proved. Clearly defined cognitive, ideological functions of art education on the basis of fine arts. Is determined by the relationship of the formation of worldviews and educational activities in the visual arts. Are his psychological, educational, nature and substantial features. The existing main tasks of cognitive activity in visual activity are analyzed. Taking into account the specific features of fine art in the school is determined by its positive impact on the formation of cognitive activity, worldview of students.

Keywords: fine arts, worldview, cognitive activity, visual activity, student, activity and enthusiasm of the teacher, aesthetic education.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында келешек ұрпақтың өнерге деген көзқарасы терең бастаулардан алынған мәдениетіміз бен өнерімізге қарай бағытталуы қажеттілігі анықталды. «Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды», -деп Елбасы өз мақаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретіндегі мәдениетімізді, өнерімізді дамытудың жолдарын көрсетіп берді [1, 3].

Жас ұрпақтың танымдық іс-әрекеттерін, шығармашылық белсенділігін тәрбиелеу, ең алдымен, олардың қоршаған ортасын тану қажеттілігімен және алған білімін өз іс-әрекетінде пайдалана білуімен байланысты. Олардың танымдық іс-әрекеттері мен шығармашылығының дамуына бейнелеу өнерінің ықпал ету мүмкіндігі көп болатындығы анық. Яғни, оларда белсенділік, өзбеттілік, қиял, оймен жұмыс істеу сияқты шығармашылық іс-әрекеттер арқылы танымдық іс-әрекеттері, сонымен бірге, бейнелеу өнері негізінде эстетикалық таным, сезім, қабылдау сияқты күрделі үдерістері қалыптасады. бейнелеу өнері арқылы білім алушы эстетикалық тәрбие алса, бейнелеу іс-әрекеті барысында ақыл-ой амалдарын меңгеру арқылы қоршаған ортадағы заттардың байланыс-қатынастарын меңгеру, бір затты немесе құбылысты екіншісімен салыстырып, олардың айырмашылық, ұқсастықтарын айыра білу сияқты танымдық іс-әрекеттерге машықтанады. Өйткені, салыстыру танудың, танымдық іс-әрекеттің дамуының қозғаушы күші іспеттес, өте күшті ықпал жасайды. Танымдық іс-әрекеттегі түсіну, ұғыну білім алушының себеппен қатар нәтиже болатындығына көзін жеткізетін танымдық әрекеттер болып табылады. Шәкіртті ойландыруға, әр нәрсені бір-бірімен салыстыра отырып, талдатуға, дәлелдеткізуге үйретсе, онда олардың танымдық іс-әрекеттері мазмұнды әрі пәрменді болады.

Танымдық іс-әрекет танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық іс-әрекеттің негізінде білім алушыларда танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздығы мен білімі, дүниетанымы қалыптасады. Осы танымдық іс-әрекеттің бір бөлігін көркемдік білім беру мазмұнындағы бейнелеу өнері іс-әрекеттері құрайды.

Бейнелеу өнерінің жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырудағы психологиялық жақтары Е.И.Игнатъев, Л.С.Выготский, В.С.Кузин т.б. ғылыми еңбектерінде ашылған. Бейнелеу өнері материалдары негізінде білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырудың өзекті мәселелері Б.М.Неменский, С.А.Герасимов, И.П.Волков, И.А.Лошкарёва, Н.Ф.Талызина т.б. еңбектерінде

ғылыми-педогоикалық тұрғыда талданып, олардың көркемдік шығармашылық қабілеттері, эстетикалық сезім мен қиялдарын қалыптастыру қажеттілігі ерекше атап көрсетіледі. Мәселен, Н.Ф.Талызина білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру жұмыстарына ерекше тоқтала келе, олардың танымдық белсенділігін төмендетпеу қажеттілігін жазады, олардағы табиғат пен өмірді танып, адамдар еңбегінің рухани мәнін түсінуге деген құштарлықты арттырып отыру керектігін белгілеп берді [2, 254].

Танымдық іс-әрекетті арттыру білім алушылардың білімдік ауқымын, дүниетанымын қалыптастыруға, оны арттыруға тікелей ықпал жасайтын, оқу іс-әрекеттерінің нәтижелі болуын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық шарт болып есептеледі. Соған сәйкес, бейнелеу өнеріне үйретуде танымдық белсенділік артып, тереңдейді, ақыл-ой қабілеті, әсіресе білімді өз бетімен меңгеру белсенділігі дамиды, заттың мәнін, ғылыми ұғымдарды терең түсінуге ұмтылып, қоршаған орта заттары мен құбылыстарының өзгеруі, орын ауыстыруы, түстік қатынастары сияқты күрделі сұрақтарға жауаптар табады. Бұл күрделі жұмыстар оқытуды түсініктілік принципі негізінде жүргізуге және білім алушылардың дайындық деңгейіне сай ұйымдастыруды талап етеді. Мәселен, түсініктілік принципіне сәйкес, ағаштың қарапайым күрделіге көшкен суретін салдыру үшін, білім алушыларға ағаштың діңі, бұтақтары, жапырақтары, тамыры, қабықтарымен біртіндеп таныстыра отырып оңайдан қиынға қарай сатылап салғызу қажет.

Бейнелеу өнерінің сұлулық тәрбиесіне баулуға, көркемдік білімге үйретуге, жас ұрпақтың көркем және ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға әсері өте мол. Жас ұрпақтың бейнелеу өнеріндегі дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасу мәселелерін ашу барысында Леонардо да Винчи, Л.Альберти, А.Дюрер т.с.с. Қайта Өрлеу дәуірі өкілдерінің құнды ойларын қарастырмай кетуге болмайды. Сонымен қатар И.Г.Песталоцци, П.П.Чистяков, Н.Н.Ростовцев, К.Ф.Юон, В.С.Кузин, Б.П.Юсов, П.Я.Шпикалова, Қ.Ералин, М.Абдирасилов, К.Құдабаева т.б. еңбектерінде бейнелеу өнерінің білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға тигізер ықпалдары да кеңірек қамтылып қарастырылған. Осы орайда әсіресе Б.П.Юсовтың рухани тұрғыда тұлға қалыптастырудағы эстетикалық тәрбиенің маңызы туралы зерттеулерін атап өткен жөн. Б.П.Юсов адам өмірінің рухани дамуына бейнелеу өнерінің тікелей ықпалын нақтылай келе, білім мен техникада қолданылатын қиял мен фантазияның бейнелеу өнері негізінде жасалып, көркемдік даму бағдарламалары да бейнелеу өнерінің көмегімен құрастырылатындығын нақтылап жазды [3, 24].

Мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруға әр түрлі факторлар әсер етеді. Олардың ішінде адамдардың өмір сүру ортасы, оқыту және тәрбиелеу, материалдық жағдайлары, көпшілік хабарларды тарату құралдары бар. Белгілі психолог ғалым Қ.Жарықбаев жеке тұлғаның өмірлік, тәжірибелік бағытын көрсететін тұратын бөліктеріне түрткілер мен қажеттерді, дүниетаным мен сенімді, бейімділік пен қызығуларды, мұрат пен талғамды жатқызып, дүниетанымды адамның табиғат, қоғам, өмір туралы білімдерінің біріккен жүйесі деп есептейді [4, 61].

Суретші-педагог Ш.Ә.Ақбаева ғылыми дүниетанымның ерекшеліктерін былай түсіндіреді: «Ғылыми дүниетанымның қалыптасуы тек шынайы дүние туралы білімдердің саналы игерілуінің нәтижесінде жүзеге асырылады. Яғни, оқушылардың игеріп жатқан құбылыстарының мәнін, олардың даму заңдылықтарын түсінген кезде, алынған білімді алдыдағы оқу және практикалық міндеттерді шешуге шығармашылықпен қолдануды білген кезде ғана мүмкін болады» [5, 141].

Олардың өнерге деген қызығушылықтарын арттыру – барлық өнер ұстаздарының басты міндеті болғандықтан, жастардың көркемдікті, сұлулықты танып-білуі негізгі эстетикалық түсініктерді танумен байланысты және эстетикалық сүйсінуді қалыптастырумен қатар жүзеге асырылатындығын ұмытпаған абзал. Осы маңызды байланысты бекітіп дұрыс жүйеге түсіргенде, олардың дүниені сезінуі мен дағдыларын жетілдіру қиынға соқпайды. Атап айтқанда, эстетикалық сүйсінуге болашақ өнер сүйер жас ұрпақтың сезімін дамытып қана қоймай, осы сезімнен қалыптасатын көңіл-күйлерін толықтырып, реттеуге көмектеседі. Олардың айналадағы дүниені бақылау, көргенін бейнелеу арқылы сол құбылыстың құндылығын тануға талпыну деңгейі жоғарлайды [6, 12].

Өнертанушы, суретші-ғалым Б.С.Салауатов: «Өнер жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған

сан ғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сусындауға мүмкіндік береді. Өнер туындысы адам сезіміне қозғау салумен бірге, баяндалған оқиғаны басынан өткізгендей тебіреніске, кейіпкердің қуанышына сүйінген, қайғысына күйінген толғанысқа әкеледі, эстетикалық ләззәтқа бөлейді», - дей келе, «Өнер, жалпы алғанда, әлемді игерудің тарихи қалыптасқан көркем әдісі ретінде өзіне тән ерекшеліктер мен өзіндік сипатқа ие. Өнердің эстетикалық қызметі арқылы танымдық табиғаты мен тәрбиелік сипаты айқындалады», - деп өнердің танымдық, тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді [7, 22].

Ұстаздардың белсенді оқыту іс-әрекеттері, олардың оқытуға деген құлшыныстары, энтузиазмы бейнелеу өнерінен білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін арттыруға тікелей ықпал жасайтындығы дәлелдене түсуде. Мәселен, Мелани М. Келлер, Анита Вулфолк Хой т.б. шетелдік ғалымдар өз еңбектерінде мұғалім белсенділігі мен энтузиазмының білім алушылардың білім сапасының танымдық, көңіл-күйлік, эмоциялық жағынан өте күшті позитивті ықпал етуші факторы ретіндегі дәлелдемелерін келтіреді [8, 762].

Яғни, бейнелеу іс-әрекетінде қалыптасатын эстетикалық сезімдер, эстетикалық сүйсіну жас ұрпақтың мінез-құлқына, көркемдік және танымдық іс-әрекеттеріне, біліміне, дүниетанымына оң ықпал жасайтындығы айқындалып, ең бастысы, сұлулық тәрбиесін қалыптастыруға тигізер зор әсері ерекше байқала түседі.

Білім алушылардың бейнелеу іс-әрекетіндегі танымдық белсенділігіне әсер етуші негізгі міндеттеріне мыналарды жатқызуға болады:

1. Ойша талдауды дамыту. Бұл жүйелі жаттығулар олардың заттардың құрылымдық негізін ашуына септігін тигізеді. Соның негізінде танып-білуге қажетті затты, нәрсені немесе құбылысты қиялы, ойы арқылы санасында бекітуі мәнді әрі сапалы болады.

2. Дүниедегі кез-келген затты немесе құбылысты қабылдау көлем, пішін, түс және олардың жарық арқылы қабылдануы. Көзге көрінетін барлық заттардың көлемі болады, соған сәйкес, іс жүзінде көлемдік ұғымдарды түсіндіре отырып, оларға заттарды көлемді етіп көруге, сол көргенін бейнелеуге үйрету қажет. Қараңғыда ешқандай зат көрінбейтіндіктен, оларды тек қана жарық арқылы бейнелей алатындығымызды саналарына сіңіруіміз керек.

3. Бейнелеу іс-әрекетіндегі тұтастықты сезіндіру қажет, себебі қандай да бейнеленген суреттегі салынған бөлшектер бір шешімге бағынуы керек. Яғни, бейнелеу іс-әрекетінде жалпыдан жекеге қарай бейнелеу, рендік, түстік, көлемдік қатынастарды дұрыс сақтау шарттарды дұрыс меңгеруіміз қажет.

Бейнелеу іс-әрекеті алдындағы білім алушының қабылдай білуін дамытудың екі мақсаты бар: біріншіден, оның қоршаған ортамен танысудан алған танымдық және эстетикалық тәжірибесін байыту, екіншіден, әртүрлі заттар мен құбылыстар туралы түсініктерін нақтылау.

Білім алушының көркемдік танымдық іс-әрекеті, шығармашылық белсенділігі оның бақылауына негізделген. Ал бақылау - тұлғаның қоршаған әлемді тануының белсенді формасы екендігі белгілі. Психолог Л.С.Выготскийдің тұжырымдамасы бойынша жеке адам тұлғасы мен білімі тәрбие және оқыту барысында жетіледі, ал оқыту жеке адамның таным қабілетін, дүниетанымын, білімін мақсатқа сәйкес дамытады және тәрбиелей отырып жетілдіреді [9, 28].

Бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекеттегі образдар жасау, бейнелеу, суреттеу қызметі білім алушының қоршаған орта заттары мен құбылыстарын қабылдауын белгілі-бір дәрежеде жүзеге асыруына көмектеседі. Бұл ретте осы үдеріс бейнелеу міндеттерімен ғана шектеліп қалмайды, сонымен бірге білім алушының рухани өмірінің басқа жақтарын да қамтып, тұтастай түйсіну қабілетіне, біліміне, танымдық іс-әрекеті мен бүкіл дүниетанымына әсер етеді.

Бейнелеу өнері білім алушылардың білуге, тануға деген құмарлығын, эстетикалық сезімдерін арттыруға бағытталған, көркемдік танымдық мүмкіндіктерге ие әрі олардың тұлғасын дамытуда ерекше орын алады. Яғни, бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекеті де білім алушының білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекетін құрайтындығы анықтала түседі. Бұл жерде танымдық ізденімпаздықтың да орны бөлек. Танымдық ізденімпаздықты жеке адамның білім мен іс-әрекет тәсілдерін біреудің көмегінсіз игеруге, қоршаған өмір шындығын одан әрі өзгерту және жетілдіру мақсатымен танымдық міндеттерді шешуге ұмтылысымен және белсенділігімен сипатталатын қасиеті ретінде қарастыруға болады.

Сонымен, бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекеттер заттың, құбылыстың қасиеттерін анықтап, танып білуге бағытталып, білім алушылардың қоршаған ортаның сан-алуандылығын эмоциялық түрде бейнелеуге қажетті ептіліктер мен дағдыларды қалыптастыруларына мүмкіндіктер береді. Танымдық іс-әрекетке негіделген бейнелеудің негізгі талабы саналылық әрі шынайылық болуы тиіс. Білім алушы бейнелеу іс-әрекетіндегі алғашқы сәттен бастап бейнелеудің көлемдік, кеңістіктік, сол сияқты, пішіндік, реңдік таным іс-әрекеттерін жүргізуі қажет. Яғни, бейнелей отырып танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру дүниені танудың күрделі сатысына жол ашып береді.

Қорыта келгенде, бейнелеу өнеріндегі танымдық іс-әрекет білім алушылардың бойында адамның ішкі жай-күйін, оның сезімдері мен толғаныстарын дұрыс түсінуге, көркемөнер шығармалары негізінде салыстыру, көркем ойлау, сомдау, суреттеу, бейнелеу қабілетін, сол арқылы адамгершілік, ізгілік, дүниені сұлу қабылдау қасиетін дамытуға, білім алушылардың бүкіл көркемдік танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған күрделі әрі ауқымды үдеріс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы Даланың жеті қыры». Егемен Қазақстан. Астана, 21 қараша, 2018.
2. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности школьников. -М., Просвещение. -1988. -480 с.
3. Юсов Б.П. Искусство и дети. Сборник /под ред. Б.П.Юсова, В.П.Шестакова. М., Искусство. 1969. 248 с.
4. Жарықбаев Қ. Б. Психология негіздері: Оқулық. Алматы: Эверо, 2010. - 462 б.
5. Ақбаева Ш.Ә. Көркем білім беруде өнер мен көркемдік дүниетанымның кейбір мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру» сериясы, №3(48) 2016 ж. 141-бет.
6. Камаков А.О. Эстетическое воспитание учащихся 4-6 классов средствами декоративно-прикладного искусства. автореф... канд. дисс. пед. наук. -1982.
7. Салауатов Б.С. Өнер мен бейнелеу өнері арқылы білім мен тәрбие беру мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көркемөнерден білім беру» сериясы, №1(42) 2015 ж. 22-бет.
8. Melanie M. Keller, Anita Woolfolk Hoy, Thomas Goetz, Anne C.Frenzel. Teacher Enthusiasm: Reviewing and Redefining a Complex Construct. Educ Psychol Rev (2016) 28:743–769. DOI 10.1007/s10648-015-9354-y. Published online: 23 December 2015, Springer Science+Business Media New York 2016. <https://link.springer.com/article/10.1007%2Fs10648-015-9354-y>
9. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. 3-е издание. -М., Просвещение. -1991. -93 с

МРНТИ
ӘОЖ 7.031(091)

Жұмадылқызы Ж¹. Жеделов Қ.О².

¹ «Өнертану» мамандығының 2курс магистранты
Абай атында Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

²Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор

МАТАҒА КӨРКЕМ ЖАЗУ ӨНЕРІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада матаға көркем сурет салу өнері - батиктің отаны болып Оңтүстік – Шығыс Азия есептелетіндігі айтылады. Осы өнердің қазақ жеріне келуі жолдары қарастырылады. Қазіргі таңда батик сәндік-қолданбалы өнерде жетекші орынға ие болып отырғандығы айтылған. Үнді, Қтай, Жапон және Қазақстан батик өнері шеберлерінің туындылары салыстырылып көркемдік, мазмұндық ерекшеліктері айқындалып беріледі.

Ол акварель, кескін, витраж, мозаика сияқты дәстүрлі көркемсуреттік техникаларды синтезде қолданылады. Батик бөлменің ішкі көрінісі дизайнында қолданылады, әр түрлі стилистикалық және түрлі – түсті шешімдермен үндесетіндігі көрсетіледі. Батик - сән шеберлерінің, модельерлердің сұранысына ие еркін түрдегі киімдерге арналған қайталанбас маталар түрлерінің жасалуында орын алған.

Жібекке көркем сурет салу үш түрге бөлінеді: суық батик, ыстық батик және еркін көркем сурет салу, осы түрлерінен ақпарат беріледі.

Түйін сөздер: Өнер, бейнелеу, құндылық, шығармашылық, көркемсурет, тарих, мата, суық батик, ыстық батик.

Жұмадилқызы Ж¹. Жеделов К. О².

¹Магистрант 2курса специальности «Искусствоведение».

*²Научный руководитель: д.п.н., профессор
Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ИСКУССТВА ХУДОЖЕСТВЕННОЙ РОСПИСИ ПО ТКАНИ.

Аннотация

В статье говорится, что искусство росписи по ткани - это нация батика Юго-Восточной Азии. Рассмотрены пути этого искусства, которые приходят на казахскую землю. В настоящее время батик занимает лидирующие позиции в модно-прикладном искусстве. Сопоставлены и определены художественные, содержательные особенности шедевров произведений мастеров индийского, китайского, казахского и японского искусства батика. Он используется в синтезе традиционных техник искусства, таких как акварель, изображение, витраж, мозаика. Батик используется в оформлении интерьера помещения, выясняется, что он гармонирует с различными стилистическими и красочными решениями. Батик - это производство уникальных видов тканей, предназначенных для свободных модников и модельеров.

Художественный рисунок на шелке делится на три типа: холодный батик, горячий батик и свободный художественный рисунок, информацию предоставляет эти виды.

Ключевые слова: искусство, живопись, ценность, творчество, искусство, история, ткань, холодный батик, горячий батик.

Zhumadylkyzy Z.¹Zhedelov K.O².

¹2nd year master's student of the specialty "Art history ".

*²Scientific supervisor: Doctor of pedagogical sciences, professor
Kazakh National pedagogical university named after Abai.*

THE HISTORY OF DEVELOPMENT OF ART HISTORY ON CLOTH

Abstract

In the article it is said that the art of painting on cloth is a nation of batik South -East Asia. The ways of this art which come to Kazakh land are considered. At present, batik has a leading position in fashionable-applied art. The artistic, substantial peculiarities of the masterpieces of Indian, Chinese, Kazakh and Japan batik art masters` works are compared and defined. It is used in synthesis of traditional art techniques like watercolor, image, stained glass, mosaic. Batik is used in the interior design of the room, it is revealed that it has a harmony with different stylistic and colorful solutions. Batik - is the manufacture of unique cloth types dedicated for free fashionable fashion makers and fashion designers. Artistic drawing on silk is divided into three types: cold batik, hot batik and free artistic drawing, information provides these types.

Keywords: art, painting, value, creativity, art, history, cloth, cold batik, hot batik.


Матаға сурет салу өнерін зерттеу өзекті тақырыптардың бірі деуге болады. Бізге ол батик өнері ретінде белгілі. Себебі, батик тек өнер түрі ғана емес, күнделікті тұрмыста қолданылатын нәрсе. Басқа өнер түрлері кескіндеме, сурет графика, мүсін өнерімен салыстырғанда елімізде батик өнерінің кең таралмағаны шындық. **Батик** өнері өте ертеде пайда болып дамыған. Индонезияның Ява аралында алғаш рет дүниеге келді. *Батик дегеніміз – жібек матаға балауызды қолдану арқылы бейнеленген сурет өнері.* Батик – жібек матаға көркем сурет түсіру – сәндік – қолданбалы өнердегі сұранысқа ие және нәтижелі техника түрі. Матаға көркем сурет салу- батиктің отаны болып Оңтүстік – Шығыс Азия есептеледі. Қазіргі таңда батик сәндік-қолданбалы өнерде жетекші орынға ие болып отыр. Ол акварель, кескін, витраж, мозаика сияқты дәстүрлі көркемсуреттік техникаларды біріктіреді. Батик бөлменің ішкі көрінісі дизайнында қолданылады, әр түрлі стилистикалық және түрлі – түсті шешімдермен үндес келеді. Батик - сән шеберлерінің, модельерлердің сұранысына ие еркін түрдегі киімдерге арналған қайталанбас маталар түрлерінің жасалуы.

Алғашқы маталардың өндірісіне дейін малайзиялықтар заттарын алып келіп аралда, ағаштың қабығына, өрнектерді жабайы аралардың балқытылған балауызы арқасында, өсімдік бояғыш заттармен қалған орындарды содан соң бояп отырған. Маталар пайда болған соң бұл әдістің негізі – балқытылған балауызбен сурет түсіру – сол жұмысты сәндеуге де қолдана бастады. Матаға жағылған балауыз бояу түстерін өткізбейді яғни механикалық түрде резерв жасайды. Содан соң матаға түрлі түсті бояуды жаға беруге болады. Балауыздың осы бір қасиеті арқасында – ежелгі әдістердің бірі матаны әрлеудің негізі қаланды. Батик (Индонез әріптерінен «маталарға тамшы») - матада жасалатын ерекше техника (сонымен қатар қолымен сәнденген матаның өзін де батик деп атайды).

Малайзияда, Индонезияда ұқсас түйінді техникасын планги деп атайды, Мәнділеп жатыр деген мағынаны білдіреді. Суматрада осындай маталарды моншақпен кестелеумен, Индияда — моншақтармен, Африкада — кестелеумен, інжу моншақтармен және қабыршақтармен толықтырып орындайды [1, 112б.].

Батик Индонезия халықтарында баяғыдан белгілі, әсіресе Ява аралында, біздің I ғасырда Индияда, содан соң Шумермен ертедегіде, Жапонияда, Перуде, Батыстағы және Орталық Африкада, және кешірек XVIII ғасырларда Европада, Ресейде 1930 жылдарға қарай қалыптаса бастады.

Төменде матаға көркемдеп жазу өнерінің шығуы мен таралуының жіктемесі 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 матаға көркем жазу өнерінің шығуы мен таралуы.

Өз уақыты бойынша батик пайда болуы мен дамуы, әртүрлі елдермен саяхатта және суретшіден суретшіге ұрпақтан-ұрпаққа көшіп акварель, пастельді, графиканы, витражды, бейнелеу өнерінің көптеген қабілеттерін өзіне сіңіріп алды. Кейіннен дамудың қарқынымен әртүрлі елдермен саяхаттай және суретшіге суретшіден, ұрпаққа ұрпақтан көшіп өтті. Бүгінгі дәстүрлі классикалық батиктің маңызы оңайлатылған өрнектің арнайы құралдарының әр алуандығының арқасында, қолы жеңілдеп, тіпті киім әртүрлі бөлшектерді, ішкі көрініс заттарын тіркеп жазуды рұқсат етіп жатыр.

Батик әр түрлі елдерде бірсыпыра айырмашылық ерекшеліктері өз ұлтының дәстүріне қарай бейнеленіп жататыны аңғарылады.

Мысалы, Индонезияда Батиктің негізі — индиго тонның — көк, қызыл қоңыр және піл сүйек түстің барлық рендері индонезиялық дәстүрлі ою символдары мағынасы әр түрлі және жиі символикалық мағынаға ие, суреттерді және касталық бұйымдарды өздері анықтады сонымен қатар: патшалық және корольдық оюларды қайта қайталауға ешкімнің құқықтары болмады. Ява аралында әлі күнге дейін ескілікті дәстүрлерді көзінің қарашығындай сақтап жатыр, осы күнге дейін балауыздың ежелгі формалары сақталған. Резервтің бұл жердегі қызметі арнайы салынған паста бамбуктік шыбықтың арқасында жағады. Матаның тек қана қолдан жасалғанын алады, бояу жергілікті өсімдік түбірінен әзірленіп алынады. Осы жолмен бояу тәсілі — өте ұзақ уақытты және көп еңбекті қажет етеді. Пастаны алып тастағаннан кейін көбінесе жай геометриялық фигуралар және сирек фигуралық бейнелеулер қалады. Явалық батик қасиетті мата болып есептеледі [2].

Күнделікті киген жейде, көйлек, орамалдарының өзі де қолдан боялып дайындалған. Батик өнерінің даму қарқыны өзіндік ерекше тарихи философиясымен ерекшеленеді, ол Ява қаласындағы маңызды ұстанымы. Тұрмысқа шығатын бойжеткен той көйлегінің матасын өзі бояп дайындайды екен. Боялып дайындалған жібек матамен жас жұбайларды жұптары ажырамасын деп ырымдаумен жібек матаның ұшын байлайды екен, сол матаның ұшын артынан ерген балаларға ұстатады. Оның мағынасы шаңырақ көтеріп жатқан жастарда бала болсын деу салтымен. Оны дәлелі ретінде 2-ші суретті ұсынып отырмыз.



Сурет 2 Кодекс Мендос туындысы.

Фердинанд Антонның «Женщина в Древней Америке» атты кітабінен табылған Кодекс Мендос 2-суретте көрсетілген туындысында үйлену тойы көрніс және кіндік қосу рәсімі бейнеленген. Жас жұбайлардың киім етегін байлап отты айналу рәсімі Үнді халқында осы күндерге дейін орын алады [3, 125б.]. Бұл техника түрін «планги», деп атап кейіннен «бандан», деп атап кеткен. Бұл өнер түрі XVII ғасырдың соңына дейін шарықтап тұрды. Дәл осы кезеңде Үнді халқында батик өнерінің шарықтау шыңы десек болады. Батик өнерін жақсы меңгерген Үнді халқы нақышты өрнектерінің штамптарын жасап ірі суреттерді мата бетіне түсіре бастады. Қуанышпен қатар қайғыда да батик жұмысымен жасалған матаны қолданады екен. Ол адамды соңғы сапарға шығарып салу рәсімінде де батик матасын бетіне жауып шығарады, жаны жұмақта болсын, жұмаққа жетсін деумен. Матаның боялуына да мән берген, ерекше ақшыл қызғылт түстермен боялса жастық пен махаббаттың нышаны пурпурный патриотизімді оятса, ақшыл көк түс берекені, бірлікті байқатады екен. Ал матаға бейнеленген суреттері әр түрлігімен әдемі, мифологиялық суреттер, геометриялық суреттер сонымен қатар тропикалық гүл суреттері, Индонезияның тропика пейзажы, құстары, жануарлары салынатынын аңғарамыз.



Сурет 3 Үнді халықтарының матаға салатын негізгі бейнелері.


Шығыс халықтары өз өнерлерінде өздерінің наным сенімдеріне байланысты бейнелерді орындаған. Үнділер «пілді билік, бірлік, байлық», деп қастерлесе Қытай үйлерінің жабылған шатырларының ұштары төрт жаққа қайқиып сыртқа майысқан. Сол майысқан ұштарында балықтың құйрығының пішімі ағаштан қашалып қағылған. Балық құйрығын ерекше көрсеткені, ол балықтай болып өсіп өнейік деген мағынаны білдіреді екен. Жапон халқында құс суреті мағынасы да тереңде жатыр, ол құстың бұтақта қонып отырған көрінісі, бейбітшілік пен тыныштықты білдіреді деген оймен сурет бейнеленеді.

Келесі Индия халқында орта ғасырларда матаға сурет салуды немесе қолдық тәсілмен (қылқаламмен), немесе ағаш штамптарымен жасап отырған. Үнді технологияларының қазіргі кезеңінде бандхана техникасы (бандхей, бандхни, бандан, бандхани, бандхари) түрлері кең

таралған. Адамдарды киімде бейнелеуде ұсақ тегіс өрнектерді салғанда ежедгі үнді храмдарын көруге болады.

Ерекше композициялық құрылымымен Индиялық өрнек мадхубани ерекшеленеді. Құдайлардың фигуралары адамдар мен жануарлар бір ортақ рамаға орналастырылады, және де бүкіл кеңістік гүлдер мен балықтардың, жылан және діни символдарды бейнелеулермен толтырылған

Көп ғасырлар бұрын Қытай суретшілері жібек маталарда әуедегі пейзаждарды таң қалатын сұлулықтарды жасау, ерекше гүлдердің суретін салды, бамбук ағаштар, тұрмыс сахнасының суретін бейнеледі. Кейбір суретшілер өз жұмыстарында тек қана тушьты қолданды. IX ғасырда жаңа көркем стилі пайда болып, оны сыншылар бояу декоративтігі деп атады. Түстері керемет көрінеді сызықтың азар жақын бояумен көрінетінін ашық түспен жасалғанын тушь пен қылқаламның кең қозғалыстармен қолданылғанын көруге болады. Азат көркем стилі Қытайда кең тарады және сондай биік белесті бағындырды. XII ғасыр соңында академиялық стиль атағына ие болды. Шебер қолындағы қылқалам жібек бетімен азат сырғанады немесе қағаздың бетінде. Мүмкін сондықтан болар қазіргі заманғы жазу қандай да бір резервтің қолдануынсыз еркін жазу деп аталады.



Сурет 4 Қытай халықтарының матаға салатын негізгі бейнелері

Б.д. дейінгі III ғасырларда матаға сурет салу емес матаны бояу тәсілдері дами бастаған. Қытайда матаны бояу жібек матасымен өте тығыз байланысты, сол себепті батик өнері дүниежүзінде Ұлы жібек жолымен жүріп өтіп алтынмен теңдей бағаланған. Қытай және Жапон мемлекетінің күн батыс жағында да ерекше салтымен кимоно мен ширмалар жақсы қарқынмен дайындала бастады. 5-суретке сәйкес суық батик техникасында орындалған Жапон батик өнерінен көрініс көрсетілген. Жапон батик өнерінде негізгі бейнелейтін көріністер «Бүршік жарған немесе бүршік жармаған лотос гүлі, көбелек, өрік ағаштары». 5-суретте лотос гүлі және көбелек бейнеленген. Бұндағы элементтердің түстік шешімі бір лотос гүлінің түсіне бағынған. Алқызыл түс шығарманың түстік шешімінің негізі болып тұр. Жапон халқында батик техника түрлері киманоны безендіруді кеңінен қолданылған. Кимонодағы батик техникасында салынған бейнелер және оның түстік шешімі жыл мезгілдеріне адамның қоғамдағы орнына негізделіп орындалады. Жапон халқында бүршік жарып, гүлдеп тұрған ағаш бейнесі көктемгі уақытта киетін киімдеріне бейнеленеді. Өрік ағашының жемісі байлықтың, молшылықтың нышаны. Лотос гүлі Будда дінімен байланысты болғандықтан діни сенімдеріне негізделіп салынады. Көбелек гүлді паналаушы жәндік ретінде және оның әсем бояу түстеріне байланысты кимоноларда бейнеленеді [4].

Жапон батик өнерін қарастыра отырып ондағы бейнелердің түстік коллоритінің оқушылардың батик өнеріне деген қызығушылығы және Жапон мәдениетімен өнері туралы танымды қасиеттерін дамытуда ерекше құрал болып табылады.



Сурет 5 Жапон халықтарының матаға салатын негізгі бейнелері.

XIX ғасырдың басында Миязаки Юзен трафареттерді және арнайы балауызды пайдалану барысында өзінің авторлық жұмысы батикті жасап шығарды. Оның балауызбен өңдеп, трафаретпен өрнектер салынған жұмыстары жері жерлерге тарала бастаған. Қытайда да Жапониядағыдай құстардың, бүршік жарған ағаштың, жәндіктердің суреттері сонымен қоса жазулары калиграфиясын мата бетіне түсіріп отырды. Жібек матасы мен қатар қағаз бетіне тушьпен сурет салу, жазу жазу әдісін жақсы толықтырып дамытып отырды. Жапонияда «сибори» қаптама техникасында дайындалған маталары ерекше бағаланды. Бұл қаптама әдісі Үнділердің матаны жіппен байлап отырып жасаған әдісін еске түсіреді. Батыс батик өнерінің ерекшелігі қайнап тұрған балауызды қолдану әдісімен аралас суреттер салу, тұзды батик түрлері сонымен қатар бояу түрлері де ерекше бола түсті [5].

Еуропадағы өзгешелік — XVIII ғасырдағы ең тез және көп тараған үнді кездеме маталары байқауға болады. Еуропаның үнді шыттарына таң қалғаны соншама, олардың даярлау технологиясынын меңгеріп, жылдам үйреніп алған екен.

XX ғасырдың басында Ресейде жылытуды қажет етпейтін резерв құрамын ойлап тапты. Осының арқасында біздің елімізге суық батиктің әдіс тәсілдері ене бастады. Біз жиірек мына техникада жұмыс істейтін әдіспен азат жазумен оны біріктіре отырып, сол себепті оның арқасында керемет мата бетіне бояу түстерін жүргізіп жасап шығаруға болатынын айта кеткеніміз жөн.

Қазақстанға XX ғасырдың ортасында сәндік қолданбалы өнер ретінде енді. Батик техникасы Қазақстандық суретшілердің де шығармашылықтарынан кеңінен орын ала бастаған өнердің бірі. 70-90 жылдары қазақстандық суретшілер Т.Челнокова, Р.Базарбаева, Е. Козырева және тағы басқалар батикті игере бастады. Олар өздерінің дүниетанымдарын батик әліміне енгізді әрі шығармашылықтың бұл түріне тиісті дәрежеде көңіл аударылуына ықпал етті. Ол бірте- бірте Қазақстандағы сәндік өнердің толыққанды саласына айналып жаңа өзіндік бейнесімен өзгешелігін тапты. батиктің бұдан әрі қарай дамуына Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің оқыту жүйесіне мата – батиктерді көркем әшекейлеу енгізілуіне басты стимул болды деуге болады. Нақ осы сәндік қолданбалы өнер кафедрасында батиктің өзіне тән мектібінің іргетасы қаланды десек қателіспейміз. Осы мектептің арқасында кздерінің шығармашылық қызметтерін Ю.Исмамбетова, С.Блага, Ю.Юлдашева, Н.Бикинеева, А.Бережная, З.Гришина және тағы да басқа университетті бітірушілер табысты бастады [6]. Міне осылардан бірте-бірте алдарына Қазақстанда батикті дамытуды басты мақсат етіп қойған, кәсібі суретшілердің ұжымы қалыптасты. 1997 жылы олар «Батини» аты топ болып ұйымдасқандарын жария етсе, ал 1998 жылы Аматыдағы Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінде «Батик әлімі» атты бірінші көрмелерін ашты. «Батини» тобының көрмелері, қарапайым көрермендер мен мамандарды өте күрделі техниканы мүлтіксіз меңгергендіктерімен таң- тамаша етіп, Торонтода, Лондонда, Парижде, Маскпада, Будапештте, Бостонда өте табысты өтті. «Батини» тобының құрамындағы суретшілер осы өнер жолында көптеген ізденістер мен эксперименттер жасай отырып, әр- түрлі техникаларды меңгеріп, оларды бір –бімен оңай араластырып қолданысқа енгізді.

- 1 Гоголев К. Н. Мировая художественная культура Индия, Китай, Япония. Учебное пособие для учащихся старших классов школ, гимназий, лицеев, а также для студентов высших учебных заведений – Издательский центр АЗ 1997, - 312с.
- 2 Мировая художественная культура: Учеб. пособие /Колл. авт.: Б.А. Эренгросс, В.Р. Арсеньев, Н.Н. Воробьев и др.; Под. ред. Б.А. Эренгросс/ - М.: Высшая школа, 2001. - 767 с
- 3 Берікбол Р.Р. Қазақ ою – өрнегі этнокөркем мәдениеті қалыптастырудың қайнар көзі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы №2 (55), 2018 – Алматы - 122-126 Б.
- 4 Мировая художественная культура: Учеб. пособие /Колл. авт.: Б.А. Эренгросс, В.Р. Арсеньев, Н.Н. Воробьев и др.; Под. ред. Б.А. Эренгросс/ - М.: Высшая школа, 2001. - 767
- 5 Попова А.А. Формирование образа Японии в Российском общественном сознании (XVII-первая четверть XX вв.): Дисс. канд. ист. Наук. - Краснодар, 2001.
- 6 Интернет(қазақстандағы киім үлгісі)www.goo.

МРНТИ

ӘОЖ 76.03(574)

Кәрімова А. Т.¹ Ескендіров М.Г.²

*¹ «Тарих» мамандығының 2курс магистранты
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті*

*²Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің ректоры*

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ – ҚАЗАҚ СУРЕТ ӨНЕРІНІҢ ТҰҢҒЫШЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ сурет өнерінің тұңғышы Ә. Қастеевтің өмір жолы шығармашылығы қарастырылды. Ә. Қастеевке кәсіби сурет өнерінің алғашқы қыр сырын үйреткен Николай Гаврилович Хлудов өмір ме ұстаздық қызметіне шолу жаслды. Ә. Қастеев шығармалары сол қоғамдағы ұлтының тағдырынан бөліп қаруға болмайтындығы айтылды. Ол туындыларында, қазақ жеріне сол кездегі жергілікті халықтың мұң мұқтажын, ұлттық бейнесін, жерінің табиғатын нақышына келтіріп бейнелегендігі баяндалады. Қазақ әдебиетінің Ә. Қастеев шығармашылығына ықпалы айтылады. Мақалада Ә. Қастеев шығармашылығына ықпал жасаған ішкі және сыртқы факторлар түсініктемелер беріледі.

Ә. Қастеев шығармашылығының құндылығы суретшінің өз шығармасында адамдар мен оқиғаларды, дәстүр мен бүгінгі заманды туған жерге деген махаббатымен ұштастыра шынайы беруінде екендігі нақтыланды.

Кілтті сөздер: Өнер, бейнелеу, құндылық, шығармашылық, көркемсурет, тарих, этнография, портрет.

Каримова А. Т.¹ Ескендіров М.Г.²

¹Магистрант 2курса специальности «История».

Государственный университет имени Шакарима города Семей

*²Научный руководитель: доктор исторических наук, профессор
Ректор Государственного университета имени Шакарима г. Семей*

АБЫЛХАН КАСТЕЕВ – ПЕРВЫЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ КАЗАХСКИЙ ХУДОЖНИК

Аннотация

Статья посвящена творчеству А. Кастеева, первого из казахских художников живописи. Рассматривается жизнь и педагогическая деятельность Николая Гавриловича Хлудова, который обучал А. Кастеева первому произведению профессионального живописного искусства. Говорилось, что труды А. Кастеева нельзя отделить от судьбы нации в этом обществе. Его картины описывают казахскую землю, описывая потребности местного населения, национальную особенность и характер земли в то время. Рассказано о влиянии казахской литературы на творчество А. Кастеева. В статье даны комментарии о внутренних и внешних факторах, влияющих на творчество А. Кастеева. Ценность творчества А. Кастеева заключается в том, что художник дает в соответствии с людьми и событиями традиции и современность, проявляя любовь к родному краю в своем творчестве.

Ключевые слова: искусство, изображение, ценность, творчество, искусство, история, живопись, этнография, портрет.

Karimova A. T.¹ Eskendirov M. G.²

¹2nd year master's student of the specialty "History".
State University named after Shakarim Semey city

²Scientific supervisor: doctor of historical Sciences, Professor
Rector of the state University named after Shakarim Semey city

ABILKHAN KASTEYEV - THE FIRST OF KAZAKH PAINTING ART

Abstract

The article is devoted to the works of A. Kastejev who is the first of Kazakh painting art. The life and teaching profession of Nikolai Gavrilovich Khludov, who has been teaching A. Kastejev the first piece of professional painting art were considered. It was said that A. Kastejev's writings could not be separated from the destiny of the nation in that society. His paintings describe the Kazakh land by describing local people's needs, national feature and nature of the land at that time. The influence of Kazakh literature on A. Kastejev's creative work is told. The comments on internal and external factors influencing A. Kastejev's creativity were given in the article. The value of A. Kastejev's creativity is that the painter is giving in accordance with people and events, traditions and modernity showing the love of native country in his work.

Key words: art, portray, value, creative, art, history, painting, ethnography, portrait.

XX ғасырдың жирмасыншы, отызыншы, қыркыншы жылдары тағдырдың талқысымен Қазақстанның аймақтарына табандары тиган орыстың алғашқы ағартушыларының және кеңестік өнер шеберлерінің (Н.Хлудов, А.Черкасский, В.Эйферт, Л.Брюммер, Л.Леонтьев, С.Калмыков, В.Стерлигов және басқалар) ағартушылық қызметтері үлкен роль атқарды. Сондай-ақ, қазақтың алғашқы шеберлері Ә.Қастеев, ағалы-інілі Хожықовтар, О.Таңсықбаев, А.Исмайловтың бейнелеу өнерінің жаңа түрлерін игеруге деген белсенді көзқарастары мен ниеттерін таныта білді [1, 56.].

Қазақстан кәсіби бейнелеу өнерінің қалыптасуының негізін қалаған суретшілерді тәрбиеледі. Уақыт өтсе де осы қазақтың тұңғыш суретшілерінің шығармашылығына біздің қызығушылығымыз күннен – күнге арта түсуде. Олардың басында Әбілхан Қастеев тұр.

Әбілхан Қастеев – қазақ сурет өнерінің тұңғышы, Қазақстан бейнелеу өнерінің құрылуы мен қалыптасуына атсалысқан табиғи тума талант иесі. Оның жеке басының тағдыры қазақ халқының өміріндегі түбірлі өзгерістермен терең тамырлас, суретшілігі де туған елдің өмірімен бірге өсіп, өркендеді. 1920-1930 жылдары – қазақстан бейнелеу өнеріне ұлт суретшілерінің келуі, ұлттық дүниетанымда қазақ мәдениетінде жаңаша көркемсуреттік – пластика тілімен беруді әкелді. Біз бүгінгі күнгі жағдайларға терең толғаныспен қарай отырып өткенге де қатал көзқарас көрсеткенмен, қазіргі буын осы – ауыр да қуанышты және бақытты жолды бастағандарға тағзым етіп, қайта қауышып отыруға әуес.

Әбілхан Қастеев өмірдің де, шығармашылықтың да қиын жолдарынан өтті. Суретші 1904 жылы Алматы облысының Жаркент ауданындағы Шежін ауылында кедей отбасында дүниеге келді. Сегіз жасынан әкесінен жетім қалған Әбілхан байдың малын бағады. Жайлаудағы ұзақ күнгі қой ішіндегі ермегі ағаш пен тасқа таныс ою-өрнектер ойып сурет салу болды «Тірі адамның суретін салу күнә» - деген молдалардан талай сойылғада жығылды. Бірақ олардың бәрі, мына дүниеден сұлулық, көркемдік іздеген зерек көңілге тосқауыл бола алмады.

1928 жылы сол кездің аты шулы Түркістан – Сібір теміржолын салуға қатысты, осы жерде суретке деген ынтасын байқаған жұмысшылар 1877 жылы Қазақстанға көшіп келген орыс суретшісі Н.Г. Хлудовтың жеке студиясында дәріс алу жөнінде кеңес береді. Ә. Қастеев 1929 – 1931 жылдары Алматыда көптен тұратын суретші Н.Г. Хлудовтың көркемсурет студиясында екі жылдай дәріс алып, суретшілік өнердің бастапқы тәсілдерін ойдағыдай меңгерді. Тарлан қарт өнерге құлшынған шәкірттің кәсіби суретші болуына бар күш жігерін салды [2, 56.].

Ә. Қастеевке кәсіби сурет өнерінің алғашқы қыр сырын үйреткен Николай Гаврилович Хлудов Жетісу өңірімен (1850-1935) тығыз байланыста болған Ол Орлов губерниясында фейерверкер (артеллерия унтер-офицері) отбасында дүниеге келді. 1873 жылдан 1875 ж. дейін Одесадағы сурет мектебінде оқиды. 1877 жылы Верныйға келіп, содан өмірінің соңына дейін тұрады. Ә. Қастеев, Г.Брылов, Маслещевтер Н.Г. Хлудовтан білім алған. 1910 жылдан 1917 жылға дейін суретші Верный бастауыш училищасында, әйелдер гимназиясында және мұғалімдер гимназиясында суреттен сабақ берді. Ежелден өнері тасып шалқыған қазақ халқының бейнелеу өнерін мұрат тұтатын бір суретші таптым! Сен бұл өнерге бет қойған, мен көріп отырған қазақтың тұңғышысың, енді сен салған соқпақтың ертеңі соңына талай талаптар дарындар ереді. Сондықтан сенің арқалаған жүгің ауыр, бірақ сенің бұл жолдан табан аударуға еш қақың жоқ, өйткені сен көш басысың, - деп Н.Г. Хлудов қоштасарда көзіндей ғып қылқалам мен нұсқа кітабін, бояуларын сыйлады [3,77].

Н.Г. Хлудовтың жылы қабақ білдіріп, оған зор ілтипатпен көңіл бөлуі – сурет өнері сырын сусындауға құмар Әбілханды қанаттандыра түседі.

Н.Г. Хлудовта дәріс алып жүрген кезде салған суреттерінің бірі су бояумен жасаған «Топтық портрет Мектепте» туындысында Ә. Қастеев көргенін бейнелеп қана қоймай, тақырыптық туынды жазуға әрекеттенді. Суретші осы жылдары әрбір картинаға жан бітіріп, жанырлық портреттерді шуақты, ашық арайлы бояулармен әрлендіріп, бір-бірімен үйлестіріп, сыр тартып сөйлеткендей. Осы жұмыстан және сол кезеңдегі басқа жұмыстарынан бастап суретшінің шығармашылығында жаңа бағыт пайда болды: халықтың хал-күйін ғана емес, ішкі жан дүниесінің дірілін, демін, мінез-құлқы мен қабілетін астастыра білді. Өзінің сезімталдығының арқасында ол талай көркем дүниелерді өмірге әкелді, олардың негізгі арқауы туған жерге, адамына, өз халқына деген сүйспеншілік еді.

1934 жылы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың портретін жасау және оның туындыларын иллюстрациялауға бәйге жарияланды. Ә. Қастеев бәйгеге бірнеше туындыларын ұсынды, оның бірінде Абайды киіз үйдің жанына отырғызып, оны қазақтың кеңбайтақ сұлу табиғатымен қиюластыра бейнелейді, сол арқылы оның туған жермен терең тамырластығын суреттеу арқылы қазақ даласының жыршы-ақыны етіп көрсетеді.

«1945 жылы жас Абайдың кескіндемелік бейнесін жасау жайлы ойым ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» романын оқудан туды» - деп еске алғаны бар.

М. Әуезов – суретшінің әдебиет, өнер саласындағы аяулы достарының бірі болатын. Оның кітапханасында ұзақ уақыт дайындалып, ұлы шеберлердің кітаптары мен альбомдарын зерттеп, репродукцияларымен танысатын[2, 66.].

Қазақтан шыққан алғашқы өнертанушы Г. Сарықұлова өзінің «Графика Қазақстана» атты еңбегінде, бейнелеу өнерінің түрлерінің Қазақстанда дамуын, мәдениеттегі рөлін 20-шы жылдары қазақ ұлттық әдебиетімен тығыз байланыстыруға болатындығын айтады. Сол жылдары халықтың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда ұлттық әдебиетіміздің маңызы зор болды. Әдебиетімізде ұшқыр ойлы қалмгер жазушылар С.Сейфуллин, Б.Малин, И.Байзақов, И.Жансугуров, М.Әуезов және С.Мұхановтардың Қазақстан суретшілерімен бірлесіп жұмыс жасау нәтижесінде ұлттық нақыштағы бейнелеу өнері туындылары жарық көрді [4,516] – деп баяндайды.


Ә. Қастеев Наркомпростың жолдауымен 1934-1937 жылдары Мәскеу қаласына оқуға жіберілді. Онда көркемсуретстудиясының кешкі бөліміне қабылданды, осы жерде майлы кескіндеме техникасында жұмыс жасау, бояу мен сурет өнерінің ережелері мен тәсілдерін игеріп үйренді. Мәскеудегі галереялар мен музейлерде бірнеше күндер бойы жүріп кескіндеме өнерінң шеберлерінің құпиясын түсінуге тырысты. Осындағы озық ойлы суретшілерден алған оның тәлімі мен тағылымы өмірге деген көзқарасын ұлғайтты. Әбілхан Қастеев оқып жүрген кезінде де ұлттық тұрмысқа құрылған сюжеттерін жасауды одан әрі жалғастыра берді. Мәскеудегі күндері қаншама әсерлі етіп жатса да, оның жүрек түкпірінен туған ауылының бейнесі өше қоймады. «Көкпар», «Бие сауу», «Колхоз жайлауында», «Колхоздың сүт фермасы», «Мақта жинау», «Колхоз тойы», және тағы басқа 1930 жылдардағы туындылары колхозшылардың жаңа тұрмысын бейнелеумен, қоршаған әлемді өзіндік көркем қабылдауымен ерекшеленеді. Олардан туған жердің сұлулығын және еңбек қуанышын: байтақ ен дала, қар басқан биік таулар, жазиралы жайлаудың жусан исін сезгендей боласың.

Осы кезіндегі туындыларының бірі «Кенесары пртреті» (1935), 1936 жылы жаңа ашылған Қазақ көркемсурет галереясына бірнеше туындыларымен бірге автордың өзінен түседі. Бір қазағы, Аблай және Қасым ханның ұрпағы, қолбасшы және дипломат, Ресей патшасының «бөліп алда билей бер саясатында» қарсы қазақ халқының ұлт – азаттық қозғалысының бастаушысы Кенесары портреті тұңғыш рет 1922 жылы мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер музейіндегі Ә. Қастеевтің мемориалды залында қойылды. Киіз үйлегі, текемет пен киімдердегі этнографиялық сипаттар Кенесарының Қазақстан бостандығының белсенді күрескері ретінде көрнуіне кедергі келтірмейді.

Ә. Қастеев Мәскеудегі И.Бродскийдің студиясынан сабақ алып, шеберлігі ұшталып, қазақ бейнелеу өнері айдынына шығады. Республика өмірінде асқа суретшілермен бірге Қазақстан суретшілер одағының құруға белсенді атсалысады. Қырқыншы жылдардың ортасында өзі сол одақтың (1945-1956) төрағасы болып сайланып, қазақ өнерінің ұлттық бейнеде дамуына барынша атсалысады. Жас қазақ суретшілерінің орталықта (Мәскеу, Ленинградта) оқуына қамқорлық жасайды [5, 2446].

Суретшінің ізденіс нәтижелері осыдан кейін шығармашылық биікке өрлей түседі. Осындай іздену нәтижесінде үлкен тақырыпқа – «Ескі және жаңа тұрмыс» топтамасын жасауға кіріседі. Өксігі мол өткен заманның халыққа тигізген кесірін «Ескі және жаңа тұрмыс» топтамасының алғашқы бөлімінде: «Бай мен кедей құдық басында», «Кедейді ескі мектеп есігінен сығалатпады», «Қалыңдықты зорлап әкету» , «Сатылған қалыңдық» сияқты көркем туындылары өте бейнелі, динамикалық шеберлікпен орындалған, миниатюраны еске салатындай қызғықты. Тұтастай алғанда, «Ескі және жаңа тұрмыс» топтамасы халықтың бір дәуірден екінші жаңа дәуірге өту кезіндегі көңіл – күйін, өзгерісін кескіндеме тілінде көрсетудің алғашқы тәжірибелік үлгісі еді.

1-ші суретте «қалыңдықты зорлап әкету» жұмысында тәбиғат бояулары мен көрніс оның кейіпкерлерінің бейнесі үйлесім тапқан. Тақырыпты ашып тұр.



Сурет 1 Ә Қастеев «Қалыңдықты зорлап әкету»

«Ескі және жаңа тұрмыс» топтамаларында қазақ өнері тарихындағы маңызды оқиғалар сипатталады. Соғысқа дейінгі Қазақстан суретшілерінің туындыларында кәсіби деңгейлері жоғары болса да қазақ халқының тағдыры жан – жақты айқын бейнеленбейді.

Осы қазақ жеріне сол кездері келген суретшілер жергілікті халықтың мұң мұқтажын, ұлттық бейнесін, жерінің тәбиғатын нақышына келтіріп бейнелей алмауы


Оның себебі суретшілердің басқа ұлт өкілдері болғандығыда туындының келбеті мен мазмұнына өз әсерін тигізеді. Туындының келбеті мен мазмұнына ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Б. Байжігітовтың зерттеуі бойынша өнерге әсер етуші фактор бірі – интуициялық мәдениет пен табиғи дарындылықтан тұратын ішкі қозғаушы күш, биологиялық фактор. Ол өнердің табиғи болмысын қалыптастырады. Екіншісі – қоғамдық сана, идеология, тарихи тәжірибе ықпал – әсерімен байланысты. Сыртқы әсердің салдарын құрайтын факторлар көркем шығарманың формалды сипатын анықтайды [6, 53 – 55бб] – деп өнерге ықпал етуші факторларға қатысты ойын білдіреді.

Р. Берікбол Қазақстан бейнелеу өнерін зерттеуде ықпал жасаушы факторларды экзогенді және эндогенді деп екіге бөліп қарастырған Р.Қорғабекова мен Г. Жұбаниязова және өнертанушы А. Асылбекованың ғылыми еңбегін негізге ала отырып, зерттеу жұмысында көрсетілген Қазақстан графикасына ықпал жасаушы экзогенді – сыртқы және эндогенді – ішкі факторларға келесідей түсініктемелер береді .

1. Экзогенді – сыртқы: орыс реалистік мектебінің тікелей әсері, әлемдік бейнелеу өнерінің жанама ықпалы т.б. Мұнда әлеуметтік, саяси, идеологиялық, тарихи факторлар да басты рол атқарады.

2. Эндогенді – ішкі: тарихи қалыптасқан дағдылар, байырғы нышандар, ұлттық бейімделушілік пен талант т.б. Бұл психологиялық, діндік, ішкі сана-сезімнің қуаты арқылы жүзеге асып отырады. Графика өнерінің тарихи кезеңдерімен ықпал жасаушы факторларды айқындап алу көркем білім беретін болашақ маманның этнокөркем мәдениетін қалыптастыруда маңызды. Эндогендік – ішкі және экзогендік-сыртқы факторлардың үйлесім табуынан графика өнері туындыларында ұлттық қолтаңба көрініс табады [7, 218б.].

2--ші суретте ішкі және сыртқы факторлардың ықпал жасауымен үйлесу нәтижесі көрсетілген. Факторлардың Ә.Қастеевке ықпалы нәтижесінде суретші болып қалыптасты. Ә.Қастеев шығармашылығында өз дәуіріндегі қазақ халқының тұрмыс тіршілігін, тәбиғатын, тарихын бейнелейді. Шығармашылығын ұлтының ғұмыр жолымен байланыстырады.



Сурет 2 Ә. Қастеевтің суретші болып қалыптасуына ықпал жасаған ішкі және сыртқы факторлар

Ә. Қастеев бойындағы екі фактордың үйлесім нәтижесін оның шығармаларынан көреміз. Мысалы тәбиғат аясын суреттеген пейзажды туындылары тұнып тұрған ұлттық бояуымен – қомақты бір сала. Суретші пейзаждарының біз әсемдікке өмір сұлулығына болып алуан сырлы табиғат суреттерін көреміз. Жазира дала мен алыста сағымданған ақ бас таулар, аяулы туған жер, ақша бұлттар қалқыған көгілдір аспан – осының бәрі Әбілхан қаламының өзіндік баяуын тамқан. Өмірдің барлық оқиғаларынан сергек үн қата отырып, өзінің туған жерімен оның еңбекшілеріне деген шексіз ыстық махаббатын білдіретін көптеген үлкенді – кішілі картиналар жасады. Онда туған жердің сұлу тәбиғатын бейнелеп қоймайды, адамдар еңбегімен, тағдырымен тығыз байланыста тау етегінде жайлаған отар-отар қойлар, көлеңкелі саябақтар, колхоз құрлысы және әсем табиғат ортасында орналасқан демалыс орындары – Кеңес дәуіріндегі Қазақстанда болып жатқан өзгерістер жайлы ғана сыр шертеді. Бұл суретші шығармашылығына елінде болып жатқан тарихи факторлардың ықпалын көрсетеді.


Ә. Қастеев соғыстан кейін шығармашылығына портрет жанры айрықша орын алды. Оның адамның жан - дүниесіне терең үңіліп, мінез – құлқын, сезім күйін, ішкі жан әлемін ашып береді. «Адамның портреті» (1949) туындысында кейіпкердің әжім торлаған жүзінен өткір өмір таукмегімен қоса аналық ақ мейірін, ізгілігін аңғарамыз.

Ә. Қастеев 1951 жылы XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының тұңғыш ғалымы, аяулы ұлдарының бірі, ағартушы – демократ Шоқан Уәлихановтың композициялық портретін жасайды. Бұл полотнода ғалым көзінен арпалысқан ауыр ойды аңғарарсың. Көзі ашық, ойшыл жанның жүз-келбетінен туған халықының бодандық аянышты, қайғылы тағдыры туралы ойлап, жаны қиналып отырғанын ұғыну қиын емес.

Ә. Қастеев қазақ даласында Амангелді Имановтың бастауымен болған 1916 жылығы ұлт азаттық көтерілісі тақырыбында елеулі шығармалар топтамасын жасайды. 1950 жылы бірде – бір суреті болмаған қазақ халқының ұлттық батыры Амангелді Имановтың портретін жасап шығарды. Сыртқы ұқсастығына ғана емес, сонымен бірге оның ешкімнен именбейтін де қорықпайтын батыр тұлғасын өте жоғары идеялық негізде сомдайды. Оның кескінді келбетіде де қабілетті жүзінде батылдық, табандылық, сабырлы алғырлық, өткірлік сипаттар жарасым тапқан. Суретшінің тарихи – тақырыптық полотналары мен Амангелді портретіне жасаған нобайлары, суреттемелері, дайындық жұмыстары Қазақстандағы және шетелдердегі көптеген музей қорларында сақталған. 3-ші суреттен Ә. Қастеев туындыларын көреміз.



Амангелді Имановтың портреті
тарихи жұмыс



«Амангелді Иманов сарбаздары»

Сурет 3 Ә. Қастеев шығармашылығында А. Иманов образы

Әбілхан Қастеевтің Қазақстанда аты аңызға айналған ірі тұлғалардың портреттерін жасады. Қазақстанның Орталық тарихи музейінде суретшінің су бояумен және қарындашпен салынған 120 шақты жұмыстары сақталған екен, оның ішінде Абай Құнанбаев, Амангелді Иманов, Жамбыл Жабаев және Сәбит Мұхановтың портреттері бар. Ақтөбе облыстық тарихи – өлкетану музейінде ХІХ ғасырдың басында Исатай Тайманов бастаған ұлт – азат көтерілісінің ипровизатор – ақыны «Мвхамбет Өтемісұлының портреті» (1951ж.) сақталған.

Ә.Қастеевтің еледе болып жатқан жаңалықтарды айналып өте алмауын оның шығармалары көруге болады. Еліміздің алғашқы бесжылдықтың алып құрлысы – жаңа бет бұрды. 1950-60 жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнерінің өркендеуі кезінде, сол кездегі өнеркәсіп тақырыптарына арналған топтамаларын жасады. «Қазақстан жері мен аламдары», «Бесжылдық құрлыстары» шығармалары – мазмұнды да мәнді. Көз алдында етек жайған ұлы жеті жылдық құрлыстарын бейнелеу тақырыптары болса да Қастеев өзінің негізгі тақырыбы – туған өңірдің жаңарған табиғатын алып өнеркәсіптің көлеңкелері арасынан да көре білді. Жаңа тақырып Ә. Қастеевтің палитрасына да өзгерістер әкелді [2, 76.].

Қортындылай келе Ә. Қастеев шығармашылығындағы кәсіби ерекшелік – тек өзіне тән жетістіктің бірі – ол табиғат көріністеріндегі кеңістік бейнелеу тәсілдерінің ұтымдылығы. Жаңа да қызу мыңжылдық кезінде суретшінің өз шығармасында адамдар мен оқиғаларды, дәстүр мен бүгінгі заманды туған жерге деген махабатымен ұштастыра шынайы беруі аса қымбат болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ өнері Казахское искусство Kazakhart IVтом Кескіндеме Живопись Painting Альбом Елнұр Алматы 2013жыл
- 2 Әбілхан Қастеев, каталог – Алматы: Елнұр, 2005 – 160 б.
- 3 *Ғалиев В.З. Қазақстан ХІХ ғасыр суретшілерінің шығармаларында: Алматы,Өнер-2005-160б.*
- 4 Сарыкулова Г. Графика Казахстана.- Алма-Ата: Наука, 1967ж.166 с
- 5 Төлебиев Ә.Т.,Әлмұханбетов Б.А. Өнер тарихы. Жалпы білім беретін мектептің оқушыларына және студентерге арналған оқу құралы – Астана: «Арман – ПВ», 2009. – 304 б
- 6 Байжігітов Б. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері. – Алматы «Өлке» 1998 178б.

7 Берікбол Р. Этнокөркем мәдениетті графика өнері туындылары арқылы қалыптастырудың теориялық мәселелері. // Заманауи өнер мен білім беру. Ұлттық және ғаламдық педагогикалық білім беру контекстінде: мәселелері, тенденциялары мен келешегі. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы - Алматы: «Ұлағат» 27-28 ақпан 2018 ж 216-220б.

УДК 378.016
МРНТИ 14.35.09

Е.Б. Қайшыбек

*Абай атындағы ҚазҰПУ «Өнер, мәдениет және спорт» институты
«Шығармашылық мамандықтар» кафедрасының аға оқытушысы,
Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Алматы қ., Қазақстан*

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМІН ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бейнелеу өнері шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Кез келген халық өз шығармашылығында елеулі оқиғаларды, айтулы батырларын көркем бейне арқылы жинақтап, өзінің көзқарасын білдіреді. Халқымыздың тарихында жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын тұлғалардың бірі – қазақтың ұлы палуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Даңқты палуанның бейнесін паш етуге мен де өз үлесімді қосуым кездейсоқтық емес. Өйткені бала кезден грек-рим күресімен айналысқандықтан, палуандық өнер маған жат емес еді. Бүгінгі таңда шығармаларымның бір бөлігі Қажымұқан атамыздың бейнесін сомдап, өнегелі өмірін насихаттауға арналды.

***Түйін сөздер:** рухани жаңғыру, ұлттық сана-сезім, ұлттық-рухани тамыр, Қажымұқан, бейнелеу өнері, түстік реңдер, портрет*

Е.Б. Қайшыбек

*старший преподаватель кафедры «Творческих специальностей»
института «Искусства, культуры и спорта» КазНПУ имени Абая,
член Союза художников Казахстана, г.Алматы, Казахстан*

ВОСПИТАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ЧЕРЕЗ ПРОИЗВЕДЕНИЯ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

Произведения изобразительного искусства оказывают неограниченное влияние на формирование у молодого поколения национального самосознания. Любой народ в своем творчестве обобщает знаменательные события, именитых героев через художественный образ, выражая свои взгляды. В истории нашего народа один из героев, который может служить примером для молодого поколения, – это великий борец Кажымукан Мунайтпасулы. Не случайно, что я захотел внести свою лепту в изображение образа прославленного борца. Поскольку сам с детства занимался греко-римской борьбой, мне не чуждо искусство борьбы. Сегодня часть моих произведений посвящена образу Кажымукана, популяризации его жизни.

***Ключевые слова:** духовная модернизация, национальное самосознание, национально-духовные корни, Кажымукан, изобразительное искусство, цветовые оттенки, портрет*

E.B. Kaishybek
the senior teacher of the department of "Creative specialties" of the
institute of "Art, culture and sport" of Kazakh National Pedagogical University named after Abai,,
member of Union of artists of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

EDUCATION OF NATIONAL CONSCIOUSNESS OF FUTURE TEACHERS THROUGH WORKS OF FINE ART

Abstract

Works of fine art have an unlimited influence on the formation of the national self-consciousness in the younger generation. Any nation in their work generalizes significant events, famous heroes through the artistic image, expressing their views. In the history of our nation, one of the heroes that can be an example to follow for younger generation is the great fighter Kazhimukan Munaytpasuly. It is not by chance that I want to contribute in representation of the image of the famous wrestler. As I was engaged in Greco-Roman wrestling since childhood, the art of fighting is not unfamiliarly to me. Today, part of my works is devoted to the image of Kazhimukan, the popularization of his life.

Keywords: *spiritual modernisation, national consciousness, nationally-spiritual roots, Кажымукан, fine art, colour tints, portrait*

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді», - дейді Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында [1]. Еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басып отырған қазіргі кезде жоғары оқу орындарында мамандық негіздерімен қатар, тәрбие беру мәселесіне жаңаша көзқарас тұрғысынан қарап, студенттердің ұлттық сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін ұлттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін жетілдіру талап етіледі. Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев: «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деген. Демек, қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу – педагогтың басты міндеті. Ендеше педагогикалық жоғары оқу орындарында тіл маманы болсын, математик болсын, суретші болсын – ең алдымен педагог дайындалатынын, болашақта еліміздегі кез-келген жаңарулардың, небір ұлы істердің көш басында солар тұратынын еш естен шығармауымыз керек. Н.Ә.Назарбаев: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», - дейді [1]. Осы орайда студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың даңқты ұл-қыздарының өр бейнелерін дәріптеудің маңызы арта түседі. Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамытып, сүйіспеншілігін арттыру олардың патриоттық сезімін тәрбиелеуде басты бағдар болатыны хақ.

Жас ұрпақты тәрбиелеуге, олардың жігерін жанып, асыл сезімдерін ұштауға, ұлттық сана-сезімін оятуға бейнелеу өнері шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Қай халық болмасын, өз шығармашылығында елеулі оқиғаларды, айтулы батырларын көркем бейне арқылы жинақтап, өзінше бағалайды, өзінің көзқарасын білдіреді. Сол бейне – халықтың алып қуатының, қажымас қайратының көрінісі. Бұл бүгінде табандылық, батылдық, қайсарлық туралы біліммен бірге, тағлымды тәрбие беріп, ұлағатты өнеге көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Рухани жаңғыру жолында ұлттық сана-сезімді оятып, берік бекітетін адамның өз ұлты үшін мақтаныш сезімі, ұлттық өнегесі, ғибраты. Халқымыздың тарихында жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын тұлғалардың бірі – Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Ол қазақ тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуан, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген. Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 28

мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1883 ж. (бұрынғы деректерде 1871 ж.) Ақмола облысының Қараөткел ауылында өмірге келген. Оның палуандық жолы 1901 ж. басталады. Омбы қ. циркте орыс палуаны Иван Злобинмен белдеседі. Қазақ баласының ерен күшін көрген ол Мұқанға Петербургтегі күрес мектебіне түсуге кеңес береді. Сөйтіп, Мұқан Иван Лебедевтің күрес мектебінде екі жыл оқиды. Ол алғашқы ірі табысқа 1908 ж. жетті. Германияның Кельн қаласында өткен жарыста немістің атақты палуаны Генрих Веберді жеңіп, бірінші рет әлем чемпионы болды. 1909 ж. Рига қаласында дүние жүзінің атақты палуандары қатысқан үлкен жарыста бас бәйгені жеңіп алды. Ал 1910 ж. Варшавада өткен халықаралық жарыста кіші алтын медальға ие болды. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында еркін күрестен өткен жарыста үлкен алтын медаль алып қайтты. 1911 ж. Мекке-Мединеге барып, Джидда қаласында өткен жарыста 25 палуанды жыққаны үшін «қажы» атағы беріліп, Қажымұқан атанды. Қажымұқанның жеңісті жолдары жалғасып, Тегеран мен Кабулда, Мекке мен Мединеде өткен жарыстарда бірқатар жеңістерге жетті. 1913 ж. Троицк қаласында, 1914 ж. Парижде әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Ол тумысынан алып күш иесі еді: бойы 195 см, салмағы 130 кг болған. Қажымұқан 1948 ж. 12 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысындағы Темірлан ауылында дүние салды. Астана және Шымкент қалаларындағы орталық стадионға ұлы палуанның есімі берілген. Алматы, Астана, Семей, Шымкент қалаларында Қажымұқан атындағы көшелер бар.


1927 ж. Қажымұқан Мұңайтпасовқа «Қазақ даласының батыры» атағы берілді. Атамыздың өмірінен айта кететін тағы бір дерек: палуан Ұлы Отан соғысы жылдарында жасының егде тартқанына қарамай ел аралап, күш өнерін көрсетіп, жиналған жүз мың сом қаржыға ұшақ жасатып, оған Амангелді Имановтың есімін бергізіп, майданға жіберді. Қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаев осы ұшақпен 120-дан аса жауынгерлік тапсырма орындады. Неткен өнеге – нағыз отансүйгіштіктің жарқын үлгісі!

Осындай даңқы жер жарған, халқымыздың мақтанышы, әйгілі тұлғаның бейнесін паш етуге мен де өз үлесімді қосқым келді. Өйткені спорт, оның ішінде палуандық өнер маған жат емес еді. Өзім бала кезден грек-рим күресімен (бұрын французша, кеңес кезінде классикалық күрес деп аталып келді) айналыстым. Оның үстіне, Алматыдағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Республикалық спорт мектеп-интернатындағы қазақ бөлімінің алғашқы түлегімін. КСРО спорт шеберімін. Сондықтан болар, Қажымұқан атамыздың тұлғасы маған өте жақын, ерекше тартып тұрады. Бүгінгі таңда шығармашылығымның біраз бөлігі атамыздың бейнесін сомдап, өнегелі өмірін паш етуге арналған.

«Кез келген суретші өзіне ұнаған модельдерді таңдап, оған әлдебір әсер қалдырмаса, оның портретін жазбаған болар еді. ...көпшілік портреттер суретшінің ішкі сезімінен, сол адамға деген қызығушылығынан... туындайды», - дейді әріптесім Р.Б.Мизанбаев [5]. Маған ерекше әсер еткені палуанның Харбинде өткен Халықаралық турнирде көрсеткен өнері еді. Мұнда ол бірінші орынға ие болып, үлкен алтын медальды өңіріне қадады. Харбин сапары Қажымұқанның даңқын аспанға көтерді. Басты оқиға – атамыздың өзіне таныс емес «джиу-джитсу күресі» бойынша белдесуі. Сол турнирде күрестің джиу-джитсу түрімен әлемге әйгілі болған жапон палуаны Саракики Жиндофумен шығады. Бұл жекпе-жектің 1911 ж. (кейбір мәліметтер бойынша, 1905 ж.) болғаны айтылады. Француз күресінен ресми чемпионат аяқталған кезде, Саракики кілемге шығып, джиу-джитсу күресімен кез-келген палуанды жеңе аламын деп жариялайды. Бұл үндеуді тек Қажымұқан ғана қабылдайды. Жекпе-жек кезінде Саракики Қажымұқанның құлағы мен астыңғы ернін жарақаттайды, қаны қызған Қажымұқан Саракикиді кілемге атып жығады. Осы жекпе-жектен кейін Саракики қайтыс болған.

Менің Қажымұқан жайындағы алғашқы картинам осы жеңісінің лебімен жазылған болатын. «Қажымұқанның Саракикимен жекпе-жегі» деп аталады (1-сурет). Әсерлі айқасты кенеп бетіне бейнелеу үшін палуан атамыздың өмірбаяны мен спорттағы жетістіктерін мұқият зерттеу керек болды. Ақ-қара фотоларды түрлі-түсті бояуларға айналдыру үшін сол заманның тұрмыс-тіршілігімен мүмкіндігінше толықтай танысу керек. Күрестің әдіс-тәсілдерінен де хабардар болу қажет. Сонымен қатар Саракикидің образын бейнелеу үшін деректі құжаттарға сүйену керек. Осындай мағлұматтардан кейін ғана композицияны ойластыруға болады. Мұнда қос палуанның

арасындағы айқастың бір қасқағым сәті бейнеленген. Бұл жерде екі алыптың да күш атасы екенін көрсету, қайтпас қайсарлықтарын байқату, нартәуекелге бел буып, жанпидалыққа бару ерекшеліктерін, Қажымұқанның басымдығын, түбінде жеңетінін көрерменге жеткізу қажет болды. Сонымен қатар реалистік живописьтің заңдылықтарын сақтай отырып, оқиғаны мүмкіндігінше шынайы бейнелеуге тырыстым. Бұл жерде түстік рендердің контрастылығы, бояулардың үйлесімділігі, бояудың жағылу техникасы да аласапыран айқасқа ерекше динамика беріп тұр. Аталған картина 2017 жылы Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында республикалық көрмеде болып қайтты.



1-сурет



2-сурет

Келесі картина – Қажымұқанның портреті (2-сурет). Екі қолын кеудесіне айқастырып, бұлшық еттері ойнап, кеудесі жалаң, өз күшіне өзі сенімді, көрерменге қарап тұрған бейнесі батылдықты, ержүректілікті айғақтап тұрғандай. Белінде қайыстан жасалып, күміспен әшекейленген жалпақ белбеу, басында ұлттық тақия. Осының бәрі палуанның қазақ ұлтынан екенін паш етіп тұр. Бұл жердегі мақсат Қажымұқанның таза бейнесін ашу еді. Палуан XX ғасырдың басында цирк аренасында өнер көрсеткен. Сондықтан фонында сол заманға сәйкес көрерменге лық толы цирк аренасы салынған. Аренаның ортасында күресіп жүрген екі палуан бейнеленген. Картинада бояудың байлығы, суық түс пен жылы түстердің өзара үйлесімділігі, негізгі фигура мен арғы фонның арасындағы кеңістік, ауа – осының барлығы көрерменге ерекше әсер етеді деп білемін. Портрет 2015 ж. желтоқсанда Қазақ хандығының 500 жылдығына арналған республикалық көрмеде бой көрсетіп, өзіндік оң бағасын алды. Бүгінгі таңда атамyzдың осы портреті заманымыздың атақты палуаны, атамyzдың ізбасары, қазақтың біртуар ұлы Дәулет Тұрлыхановтың жеке коллекциясында сақтаулы.

Палуанның өмірбаянын зерттеп жүріп, 1933 ж. Петропавловск қаласында түскен фотосын тауып алдым. Сапасы нашар ескі фото болса да, атамyzдың отырған болмысы ерекше әсер етті. Сондықтан болар, егде жастағы палуанның осы бейнесін суреттегім келді (3-сурет). Көпті көрген, боз кілемде талай тер төгіп, жеңістің дәмін татқан, жауырыны жерге тимеген, қызығы мен шышығы мол алағайым заманды артқа тастап, асқар таудай болып отырған ерекше тұлғасын кенеп бетіне бейнелеу мен үшін аса толқыныс болды. Қарт та болса, палуандық пішіні сақталған Қажымұқанды сол заманына сай бейнелеу, спорттағы жетістіктерін көрерменге паш ету, жалпы күш атасының образын ашу ерекше ізденіс пен еңбекті талап етеді. Осы портретте атамyzдың ерекше қасиеттерімен қатар, оның қазақ даласының тұлғасы екенін күнге күйген, желге қақталған бет әлпетінен, артындағы көрінер-көрінбес ою-өрнектерден байқауға болады. Екі тізесінің үстінде жатқан алпамсадай қолдары алып күш иесі екенін, керіліп, тік ұстап отырған кеудесі өрлігі мен ержүректігін айғақтайды. Артқы фондағы ескі плакаттың ертеден сақталып келгендігін көреміз.

Ондағы орысша жазудан палуанның бір кезде жарысқа қатысқан афишасы екенін байқаймыз. Афишада аты-жөні мен әлем чемпионы болған жылдары көрсетілген. Осы арқылы көрерменге қарт палуан жайында мөлтек мәлімет жеткізілгендей. Бұл картина бүгінгі күні Ә.Қастеев атындағы МӨМ орталық көрме залында «Суретші уақыт ағымында» атты республикалық көрмеде тұр.



3-сурет



4-сурет

Қажымұқанның келесі бейнесі салтанатты портрет арқылы көрсетілген (4-сурет). Салтанатты портреттің басқа портреттерден ерекшелігі – мұнда бейненің сыртқы пішініне көп мән беріледі. Сондықтан палуанның сыртқы бейнесі мен портреттік ұқсастығына ерекше көңіл бөлінді. Мұнда Қажымұқанның екі қолын артқа ұстап, тік тұрған бейнесі суреттелген. Кеудесінде оң иығынан қиғаш асылған көгілдір жалпақ лентасы бар, онда бүкіл лента толған медальдар мен ордендер. Сонымен қатар мойнына таққан алқалары да бар. Негізі атамыздың әлемді аралап, жеткен жеңістерінің нәтижесі елуден астам медальдар мен ордендер екен. Оның ішінде бүгінгі күнге дейін сақталып қалған тек үш наградасы ғана бар. Оның өзі Оңтүстік Қазақстан облысында Қажымұқан атындағы спорт мұражайында сақтаулы. Экспонаттың ішінде 1910 жылы парсы елінің чемпионы Машрутқа қарсы соңғы айқаста жеңіске жеткені үшін Парсы елінің ханзадасы Қажымұқанға берген «Алтын Арыстан мен Күн Ордені» бар. Манчжурияның «Береке» ордені Қажымұқанға Жапония чемпионы Саракики Джиндофуды жеңгені үшін берілген. Және үшіншісі – 1913 жылы Литва еліндегі халықаралық турнирде жеңіске жеткені үшін берілген медаль. Қалған төсбелгілері ескі фотоларда көрсетілген. Әрине, ақ-қара фотолардан бұл наградаларының таза көрінісін тану өте қиын, сондықтан әрбір медальдары мен ордендерін тарихи деректерге сүйене отырып ізденіп, зерттеудің арқасында шамалап келтіруге тура келді. Сонымен бірге, белінде «Король Сегизмунд белдігі» бейнеленген. Ол осы белдіктің екі дүркін иегері болған екен. Бұл белдік те сол мұражайда сақтаулы тұр. Портреттің төменгі жағында көне рим палуандарының статуясы бейнеленген. Бұл Қажымұқанның палуан екенін көрсету үшін салынған. Сондай-ақ қараторы, шымыр жігіттің басындағы тақия фотосуреттен алынған, ол Азиядан шыққандығын, дәлірек айтқанда, қазақ даласының тумасы екенін анықтап тұрғандай.

«Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын», - дейді Н.Назарбаев [1]. Тарихи тұрғыдан алғанда бір ғасырға толартолмас уақыт бұрын өмір сүрген, оның көзін көрген адамдар әлі де ортамызда жүрген тұлғаны замандасымыз деп айтуға толық негізіміз бар. Мақсатым портреттері арқылы Қ.Мұңайтпасов жөнінде толық мағлұмат бере отырып, ол туралы жазылған портреттер мен картиналардың мазмұнымен таныстыру, ондағы негізгі идеяны ұғындыру. Студенттердің ғана емес, жалпы

көрерменнің тарихи танымын дамытып, оларды шыдамдылыққа, салауатты өмір салтын ұстануға, ел намысын қорғауға тәрбиелеу. Олар Қажымұқанның қазақ халқының мақтанышы, күш атасы, Отанын сүйген қаһарман батыр екенін таниды. Оның өмірі, спорт пен цирктегі өнері туралы білім алады. Қажымұқан атамыздың барша өмірі – нағыз отансүйгіштіктің, шынайы ұлтжандылықтың айғағы. Ал ұлтжандылық – ұлттық жаңғырудың берік негізі.

Қорыта келе айтарымыз, ұлттық жаңғыру дегеніміз ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісімді үйлестіре отырып, рухани байлық пен ұлттық береке-бірлік салтанат құрған, бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Ал рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-ғұрпында, мәдениетінде, өнері мен шыққан түп тамырында жататыны белгілі. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», - деп ескертеді жоғарыда аталған мақаласында Елбасымыз Н.Назарбаев [1]. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет. Осы орайда баршаның міндеті – ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, сана-сезімі жоғары ұрпақты тәрбиелеу, сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айрылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>, 2017

2 Тәнекеев М. «Қажымұқан кітабы». – Алматы, «Білім», 2001

3 Әбдіқадыров Қ. «Қажымұқан». – Алматы, «Жалын», 1981

4 Бүркітбаев Ә. «Қажымұқан». – Алматы, 2013

5 Мизанбаев Р.Б. «Портрет жазудың әдістеме жолдары». – Алматы, «Хабаршы», 2017, № 1(50)

ӘОЖ 347.787.5
МРНТИ 18.31.07

Д.С.Болысбаев¹, Д.М. Оспанов², Т.М. Оспанов³, Қ.Д. Әбдіқадырұлы⁴

¹ философия ғылымдарының кандидаты, доцент

² оқытушы

^{3,4} магистрант

^{1,2,3,4} М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Шымкент, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРДЕ

Аңдатпа

Зергерлік өнер-халқымыздың ұлттық мұрасы. Қазақтың ұлттық зергерлік өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнердің озық үлгісі ретінде ғана емес, әсемділігімен әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан бұйымдар - зергерлік өнер туындылары.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің "Ұлы даланың жеті қыры" атты жолдауында қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі өнері жайлы көп ақпарат беріп оны одан ары дамытудың көптеген жолдарын ұсынып отыр.

Сондықтан аталған мақалада Елбасының жолдауына сүйене отырып қазақ жерінде ежелден дамыған зергерлік өнердің қыр-сыры мен түрлері жайлы сөз болмақ.

Зергерлік өнер әр халықтың ұлттық мәдениетінің тарихи айғағы және мақтанышы екені баршаға мәлім. Асыл металдардың ғасырлар тезіне төтеп беріп, қазіргі ұрпақтың қолына жетуі баға жетпес мол мәдени қазына. Алтыннан, күмістен соғылған бұйымдар тарих қойнауынан сыр шертіп, зергерлік өнердің даму кезеңдерін айқын көрсетеді. Оның қайнар бастауын тас дәуірінен жеткен, сүйектен, тастан жасалған әшекей бұйымдарынан көреміз. Ендеше зергерлік өнерді кеңінен зерттеп жоғалып бара жатқан түрлерін қайта жаңғыртсақ тарихымыз үшін маңызды болмақ.

Кілтті сөздер: зергерлік өнер, ұста, әшекей бұйымдар, қару-жарақ, алтын, күміс, түсті металдар, қолданбалы өнер.

Аннотация

Д.С.Болысбаев¹, Д.М. Оспанов², Т.М. Оспанов³, К.Д. Абдыхадырулы⁴

¹кандидат философских наук, доцент

²преподаватель

^{3,4}магистрант

*^{1,2,3}Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауезова
Шымкент, Казахстан.*

СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В ЮВЕЛИРНОМ ИСКУССТВЕ

Ювелирные изделия являются национальным достоянием нашего народа. История казахского национального ювелирного искусства тесно связана с традициями кочевой жизни. Ювелирные артефакты, с древних времен до наших дней, не только не лишают их достоинства, но и служат лучшим примером ремесленного искусства, но их нельзя оставлять в употреблении из-за их элегантности и удобства.

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев в своем выступлении «Семь граней Великой степи» предоставляет много информации о древне-казахском народном искусстве и предлагает множество способов его дальнейшего развития. Поэтому в этой статье мы поговорим об особенностях древнего ювелирного искусства в Казахстане на основе послания президента.

Общеизвестно, что ювелирные изделия - это исторический факт и гордость национальной культуры каждого народа. Бесценное богатство культурных сокровищ драгоценных металлов, которое переживает многовековую эпоху и достигает нынешнего поколения. Изделия из золота, серебра и бронзы можно найти в истории и наглядно показать этапы развития ювелирного дела. Это мы можем наблюдать из истоков каменного века, кости, орнаменты из камня. Для нашей истории важно иметь возможность пересмотреть ювелирные изделия и оживить исчезающие виды.

Ключевые слова: ювелирные изделия, мастер, украшения, оружие, золото, серебро, цветные металлы, декоративное искусство.

Abstract

D.S.Bolysbaev¹, D.M. Ospanov², T.M. Ospanov³, K.D. Abdyhadiruly⁴

¹candidate of philosophy sciences, docent

²lecturer

^{3,4}master student

*^{1,2,3,4}M. Auezov south Kazakhstan state university
Shymkent, Kazakhstan*

SEVEN GRANDS OF GREAT STEPPE IN JEWELRY ART

Jewelry is a national treasure of our people. The history of the Kazakh national jewelry art is closely connected with the traditions of nomadic life. Jewelry artifacts, from ancient times to the present day, not only do not deprive them of their dignity, but also serve as the best example of handicraft art, but they cannot be left in use because of their elegance and convenience.

The President of the Republic of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, in his speech "The Seven Facets of the Great Steppe", provides a lot of information about the ancient Kazakh folk art and offers many ways to further develop it. Therefore, in this article we will talk about the features of the ancient jewelry art in Kazakhstan based on the message of the president.

It is well known that jewelry is a historical fact and pride of the national culture of every nation. The priceless wealth of cultural treasures of precious metals, which is experiencing a centuries-old era and reaches the current generation. Products made of gold, silver and bronze can be found in history and clearly show the stages of development of jewelry. This we can observe from the origins of the stone age, bones, ornaments of stone. For our history, it is important to have the opportunity to revise jewelry and revive endangered species.

Key words: jewelry, craftsman, jewelry, weapons, gold, silver, non-ferrous metals, decorative art.

Зергерлік өнер-халқымыздың ұлттық мұрасы.

Қазақтың ұлттық зергерлік өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрі мен тығыз байланысты. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнердің озық үлгісі ретінде ғана емес, әсемділігі мен әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан бұйымдар зергерлік өнер туындылары.

Елімізде зергерлік өнерте даңқамығанын Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің "Ұлы даланың жеті қыры" атты жолдауында "Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жолашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Саналуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайдаланған алғашқы орталықтардың бірі. Ежелгі заманда – ақ Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайдаланылып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастады. Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металлдар өндіруісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жолашты. Қазақ жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереннен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді" [1, б.1]. Елбасы өзінің кезекті бұл жолдауында Қазақстандағы өнер мен мәдениеттің дамуына аса көңіл аударып үлкен қолдау жасап отыр.

Себебі экономикасы мен тұрмыс жағдайы дамып әлем арнасына шыққан елдердің тілі мен, білімі мен, өнері мен, мәдениеті мен, тарихы мен, ұлттық дәстүрлері мен мақтанатын аяқын.

1948 жылы танымал палеолиттанушы Г.П. Сосновский, кездейсоқ табылған тастан жасалған еңбек құралдары мен сүйектерді зерттей келе, "Қазақ КСР аймағында Азиядағы ең көне адамзат тұрағының қалдықтары табылуы мүмкін" деген тұжырымға тоқталды.

Қазақстан археологтары бұл жорамалды дәлелдеп, күткен нәтижеден де асып түсті. Қазақ жұмыстарынан табылған бұйымдар арасынан сол кезең адамдарының наным-сенімдері мен тұрмыстық қажеттіліктеріне арналған әшекей заттар көп кездеседі.

Тас өңдеу жұмыстары үлкен шеберлік пен төзімділікті талап ететіндіктен бұйымдардың жасалу жолдары ментастардың нәруаландылығы зор қызығушылық тудырады.

Қазақ жерінің қойны толған полиметалл кендері мен бағалы тастарға бай екені ежелден белгілі.

Көне кен өндіру орындарынан металды тиімді өндіріп алу тәсілдерін меңгергендерін байқауға болады.

Бұл жерлерде темір, күміс, мыс, т.с. металдар өндірілгені анықталғаны ата-бабаларымыздың сонау ерте заманнан ақ металл өңдеуісі мен айналысқанын дәлелдеп тұр емес пе?!

Сонымен қатар тілімізде алтын, күміс, мыс, қалайы, қорғасын сияқты металдардың төл атаулары мұны нақтылай түседі.

Егер бабаларымыз металдардың қасиетін, ерекшеліктерін білмейтін болса, "Қорғасындай балқып тұрған", "Алтыннан ардақты, күмістен салмақты", "Алтын, күмістасекен, арпа, бидайасекен"-деген сияқты мақал-мәтелдерді дәл тауып айта алар ма еді?! Тіпті мыс, жез, қоланы ажыратып түсінтүстеп, атына тауытандандырмай қоймайды. Себебі жезді қорыту үшін, мысқа, мырыш, қалайы қоспаларын тиісті мөлшерде қосу арқылы алынатынын білетін халықтың сөз қоржынында осындай атаулардың болуы тегін емес.

Арада мыңдаған жылдар өтсе де сақ қорғандарынан табылған алтын бұйымдар әлемнің назарына аударуда. Көне заман шеберлерінің қылыш, айбалта, атәбзелдерінің құнды металдармен жасауға ерекше көңіл бөлгені тандай қақтырады. Алтыннан, күмістен, түрлі металдардан осыншама қайталанбас ерекше бұйымдарды жасаушы зергерлердің асқан шеберлігін еқоса химия ғылымымен зергерінің анық байқаймыз. Ұсталық, зергерлік өнердің дәстүр сабақтастығы түрлі кезеңдерде көмескіленсе де, бүгінгі қазақ зергерлері ұмытыла бастаған ата-баба өнерін биік көтеруге ұмтылуда. XVII-XIX Осы жолы шеберлерге археологиялық жәдігерлермен ғасыр арасында қазақтардың тұтынған зергерлік бұйымдарының сақталып қалған үлгілерінің пайдасы тиюде.

Бұл бұйымдардың өзгелерден ерекшеліктері ұлтымыздың дүниетанымымен дәстүрінің тығыз байланыс та жасалуында. Тарихи құнды жәдігерлердің ішінде күмістен жасалған бұйымдар мол сақталған. Осы орайда халқымыздың күміске ерекше ден қойып қастерлегенін жақсы білеміз.

Күміс пентазальқтың, ұстамдылықтың нышанын дәріштеген. Дегенмен, қазақ зергерлері алтыннан бұйым жасауды меңгермеген деген қатепі қірден аулақ болғана ба зал. Кезкелген отұстаған зергердің анық білетін алтыннан бұйым соғу, күміске қарағанда анағұрлым жеңіл ірек.

Себебі алтынмен күмістің балку температурасы арасында біршама алшақтық бар.

Күміс алтынға қарағанда жылдам мериді. Күмістің деукезінде аса сезімталдылық, сақтық, байқампаздық көте қажет. Олай болмаған жағдайда оттың қызуы нескермей бұйымды әп-сәтте біртәм шыбалқымаға айналдырып алу қауіп бар. Зергерлер белгілі бір жаттанды тәсілді шырылап, соға бермей, бірнеше әдісті қолданған. Өрілген сым, сіркелеу, түртіп өрнек салу, соғып өңдеу арқылы шекей бұйымдармен қатар күнделікті тұрмысқа, соғысқа қажетті заттарды жасаған.

Бұйымдардың осылай тұтынатын тұрғысынан ескеріліп соғылуы төлөнеріміздің тағы бір қыры деп айтсақ болады [2, б. 63].

Қолөнер қашанда заман, өмірағымымен бірге тұтындап, дамып отырады. Қазақ қолөнерінің өсудің жолы, өзінетанда мұтарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Қазақ халқы кенбай тақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері ғана емес, сол дәстүрлерді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Зергерлік өнердің ерекшелігі – алғашқы қауымада мының мекенін қазған кезде табылған нәрселер секілді өнер шығармаларының қалай жәнәнен үшін жасалғанына қынұғын ұғам мүмкіндік береді.

Бұғандәлел ретінде Елбасы атқамін мәдениеті жайлы сөз қозғағанда

"Атүстіңде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне ғұрлы меркінініп жүруі үшін биік кер-тұрман мен үзеңгіні ойлаптапты. Бұл жаңалық салтатты адамның атүстіңде қаққан қазықтай мы-ғым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиын-дықсыз жәнәне ғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Бабаларымыз шапқан аттың үстінен са-дақтар туды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты болатүсті. Масағына қауырсынтағылып, метал-мен ұшталған жебе берсе ауыттытесіп өтетін көбеу зарға айналды.

Қазақстанау мағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлаптапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды. Сарбазбен оның мінгенатын қорғау-ға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенді-лерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына балаған мұздай темір құр-

санғанатты әскеросылайша пайда болды. Оттықару пайда болып, жаппай қол-
данысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі мың-
жылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпенділердің ұзақ уақыт бойы бұрын-
соңды болмаған жауынгерлік күстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі —
айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті" [1, б. 1] -

деп қазақ халқының зергерлік өнер тарихының бастауына уертедее кені қындай түсті.
Зергерлік өнерге біздің назарымызды тартатын мынадай екі жайт бар. Бір жағынан,
зергерлік өнер адамзат мәдениетінің дамуында белгілі бір кезең болып табылады,
осымағына да алғанда ол біздің өткеніміздің жандықуәгерііспетті. Екінші жағынан,
жалпы өнер атаулының бәрі сияқты,
зергерлік өнерде қазір дүние жүзілік аренаға шыға бастаған бұрынғы отархалықтардың осы замандағы мә-
дениетінің елеулі белгілерін бейнелейді [3, б. 8].

Қазақ зергерлері түсті металдардан саналуан бұйымдар жасады. Атап айтатын болсақ, ұсталар:
найза, қылыш, айбалта, семсер, сияқты қару-жарақ түрлерін әзірлеген.
Әсіресе күмістен соғылған көптеген сәндік бұйымдар: сәукеле әшекейлері, сырға, шолпы, шекілік,
шашбау, алқа, өңіржиек, бойтұмар, қолтықша, тұмарша, білезік, жүзік, белбеу, сақина, қапсырма,
түйме, тана, тісшұқығыш ертеден аққөңтараған заттар. Сондай-ақ ерлерге арналған кемер белбеу, кісе,
ертұрмандарының күмістелген, алтындалған әшекейлері бар.
Алағаш шеберлері киіз үйдің сүйегінен бастап, үймүліктері: сандық, кебеже, асадал, тостаған, ожау,
астау және музыка аспаптары: домбыра, қобыз, шертер, т.б. даярлаған [4, б. 34].

Қазақ арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерді де "ұста" деп атаған. Ұстасөзі шебер,
өнегелі, ісмердеген ұғым да ағаш ұстасы, темір ұстасы, күміс ұстасы,
ақылайтуға ұста деген сияқты тізбектер де айтыла берді. Бірақ алтын-
күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілер өздерінің темір ұстасынан бөлек санаған [5].
Осыған қарай оларды зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Бұл
туралы академик саяхатшы П.С. Паллас өзінің 1776 жылғы "Путешествие по разным провинциям
Российской империи" деген кітабында: "... қазақтарда ұсталар да зергерлер де бар", - деп
жазады [6, б. 80].

1803-1804 жылдар қазақ арасында тұтқында болған Савва Большой қазақтарда зергерлік
өнердің өте ертеден барын жазған. Ал революцияға дейін шығып тұратын санақ басқармасының
"Обзоры Акмолинской области за 1904 год" деген жинағында "... у казахов существуют особые
художники и золотых дел мастера" деп атап көрсетілген. Ақтөбе облысының батыс жағында
тұратын А.К. Гейнс 1892 жылы "Литературный сборник" дейтін еңбегінде "қазақтар күмісті
балшық тостағаншаға салып, жуан қаңбақ түбірінен жаққан көмірге қыздырып қорытады" деп
жазды.

Зергерлік өнердің Қазақстан топырағында соншалық ерте заманнан-ақ болғандығы туралы
"Социалистік Қазақстан" газеті 28 мартта былай деп жазды: Қазір совет археологтары белгілі бір
тарихи дәуірлерден қалған мәдени және көркем өнер қазыналарын тапты. Солардың бірі Кеген
ауданындағы (Алматы облысы) "Ақтас" қыстауынан табылған алтын сырғалар. Археологтар оның
біздің заманымыздан бұрынғы I-II ғасырда Жетісу бойын мекендеген үйсін елінің зергер-
шеберлерінің қолынан шыққандығын анықтады".

Зергерлік өнердің тарихында сирек кездесетін бағалы заттардың қатарына тарихи ғылымының
кандидаты археолог М.Қадырбаев басқарған экспедицияның Орталық Қазақстандағы Шідерті
өзені бойындағы ескі қорғандарды қазғанда шыққан алтыннан, күміс пен алтын қоспаларынан
соғылған әшекейлі зергерлік бұйымдар да жатады. Олардың арасында Қазақстан археологтарының
назарын аударып отырған жұқа алтын пластинкалардан қалыпқа салынып жасалған, арыстан,
жолбарыс және аюдың берельеф-мүсіндері бар. Бұл асыл дүниелер де шамасы 2100-2300 жыл
бұрын жасалған.

Осы деректерге қарағанда қазақстандық шеберлер зергерлік өнерін ертеден-ақ білгендігі
даусыз. Бірақ олар алтын-күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс
мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен
табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып
немесе сол күйінде соғып пайдаланған. 1895 жылғы "Обзор семпалатинской области" деген

жинақта басылған "Қырға барған алтын, күміс теңгелер ақша болудан гөрі қазақтардың әшекей-өрнек жабдығына жарап жатыр" деген хабарламасы, тағы көптеген деректер осыны дәлелдейді. Сондай-ақ қазақтың көне әдебиет мұраларында көп кездесетін "зер" "зергер" сөздері де бұл өнердің еліміздің ежелгі мұрасы екендігіне дәлел.

Қазақ тілінде алтын, күміс, жез, мыс сияқты түсті металдардан жіңішкелеп суырылған жіптерді зер деп атайды да зерлі тон, зерлі шапан, зерлі кимешек және т.б. сөз тіркестері өте жиі кездеседі. Сондай-ақ зер, зерделі деген сөз, асыл, таза, жігер, намыс деген ұғымдарда қоданылады.

Зергерлер сән-салтанат бұйымдарын, жүлдеге берілетін заттарды және әр түрлі әшекей жиһаздарын жасады. Алайда халық дарыны тек осы істердің төңірегінде шектеліп қалған жоқ. Халқының қамын ойлаған шеберлер ел сүйген ерлерді, маңдайлы батыр, таңдайлы шешен, еліне пана, жеріне тұлға ұл-қыздардың үлгі істерін зергерлік өнерде бейнелеп мұра етіп қалдыра білді. Сөйтіп қарапайым еңбекші бұқараның эстетикалық талғамын өсіріп, рухани мейірін қандыратын, еңбекке баулап, ерлікке бастайтын жаңа мазмұнды, жаңа нәрлі өнер тудырды [5, б. 122].

Археологиялық қазбалар арқылы күні бүгінге дейін жетіп, мәдени мұраға айналған, қолөнер туындыларын халық мәдениетінің бастауы деп білеміз. Атадан балаға мирас болып жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнер дәстүрінің тамыры тереңде болса, қазіргі көркем кәсіпшілік өндірісі де сол халықтық дәстүрлерден нәр алып отыр. Қазақ қолөнерін жіктеудезергер, ұста, ағаш өңдеу, тері өңдеу, темір өңдеу мәселелерінің технологиялық ерекшелігіне бас назар аударған жөн. Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің соңғы жолдауында "«Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, «Алтын адамның» жарактарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарак, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. Бұл заттар тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді [1, б. 1].

Зергерлік-өте ерте заманнан келе жатқан өнер екенін ескерсек Елбасы ұсынып отырған «Ұлы дала» өнер және технология музейінің ашылуы болашақ ұрпақ үшін тарихтың бұлағы болары сөзсіз. Біз зергерлік өнер арқылы ата-бамыздың бізге мұра қылып қалдырған тарихымен болашағымыздың тіректерін, өскелең ұрпақты осылай таныстыра аламыз. Ұсынылып отырған мұражай ашылатын болса ондағы көптеген құнды жәдігерлермен оқушылар мен студенттерді зергерлік өнер немесе қол өнер сабақтарында таныстыратын болсақ бұл жастардың бойында тарихына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін оятатынына біз кәміл сенімдіміз. Себебі аса төзімділік пен ұқыптылықты талап ететін зергерлік өнер туындыларын барлық халықтар жоғары бағалап, ең қалаулы өнер етті. Тарихи этнографиялық музейлердегі археологиялық сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңге-моншақтар, алтын мен күмістен және асыл тастардан жасалған қымбатты заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Оңтүстік Қазақстан №186 (20638), 2018 жыл.*
2. *Құмарова А., Ұзақбаев Б. Зергерлік ата кәсіп. Мәдениет. №4 (140), сәуір 2018 жыл. - 65 бет.*
3. *Мириманов В. Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер, сер. "Өнердің ықшам тарихы" / Ауд. - Өнер, 1989. - 328 бет.*
4. *Болатбаев Қ., т.б. Өнер: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Қ.Болатбаев, Е.Қосбармақов, А.Еркебай. - Алматы: "Мектеп" баспасы, 2006. - 272 бет, суретті.*
5. *Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, Қазақстан, 1995. – 240 бет.*
6. *Hasanova G. Activity of the national museum of azerbaijan of Azerbaijan Literature named after Nizami Ganjavi in the creation of memorials and statues in museums outside the country. // Bulletin. KazNPU named after Abai, Series of «Art education: art – theory – methods» №3(56), №4(57).*

Бөкеш Т. Б.

Т.Жүргенов ат. ҚҰӨА-ның өнертану мамандығының 1 курс магистранты

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРІНІҢ ҚАЛА КЕҢІСТІГІНЕ ӘСЕРІ (ARTBAT FESTФЕСТИВАЛІ НЕГІЗІ)

Аңдатпа

Мақала қоғамдағы және оның барлық салаларында, соның ішінде бейнелеу өнерінде диалог пен қарым-қатынастың жаңа формаларын енгізетін заманауи қоғамдағы жаңа өзгерістерді өнер тұрғысынан түсінуге арналған. Заманауи өнер қоғамда үлкен рөл атқарады: олар шығармашылықты қажет етпейтін немесе шығармашылық, іздеу және навигациялық ойлауды дамытатын жаңа идея жасаушы сана қалыптастыра алады. ХХІ ғасырдағы білім беру креативті, жаңашылдықты, технология мен білімді байланыстыратын диалогтық және коммуникативті аспектілермен сипатталатын желілік модельге сәйкес әзірленуі керек. Заманауи өнердің басты артықшылығы ой түйсігінің ашықтығы және өзін-өзі ұйымдастыру мүмкіндігі.

Заманауи Қазақстан өнері қоғамда уақыт тапшылығына бағынбайтын, еркіндік пен ізденушілікті қажет ететін әлі зерттеліп үлгермеген, дегенмен қоғамның айнасы ретінде тың жұмыстары арқылы танылып келді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі соңғы 10 жылдықта қала кеңістігі мен қоғам көзқарастың өзгергені бейнелеу өнеріндегі өнер туындыларынан көрініп келеді. Заманауи өнер немесе «Контемпорари арт» деп атап жүрген өнердегі нақты әрі жалпы ұғым қазақ өнерінде де өзіндік дәрежеде дамып келеді. Ғылыми жұмыстың тақырыбына айналып отырған Арбат фест фестивалі негізінде заманауи қазақ өнерінің даму барысы, тың жалағы, бейнелеу өнердегі жаңа ізденістері, оның әлемдік аренадағы орны қаралады. Бір ғана фестиваль соңғы 10 жылдықтағы бейнелеу өнеріндегі заманауи ізденістерді көрсететін ауқымы үлкен объект болып табылады.

Бөкеш Т. Б.

Магистрант искусствоведения 1 курса Казахская Национальная Академии искусств им. Т. Жургенова

ВЛИЯНИЕ СОВРЕМЕННОГО ИСКУССТВА НА ГОРОДСКОЙ ПРОСТРАНСТВО (НА ОСНОВЕ ФЕСТИВАЛЯ АРБАТ ФЕСТ)

Аннотация

Статья посвящена художественной интерпретации новых изменений в обществе и всех его аспектах, в том числе современных формах общения и общения в искусстве живописи. Современное искусство играет важную роль в обществе: оно может создать креативную идею, которая не требует творчества или развития креативности, поиск и навигацию. Образование в ХХІ веке должно развиваться в соответствии с сетевой моделью, которая характеризуется аспектами диалога и коммуникации, связывающими творчество, инновации, технологии и знания. Основным преимуществом современного искусства является открытость мышления и возможность самоорганизации.

Современное казахстанское искусство еще не изучено в обществе и требует свободы и самопожертвования, которое не было недостатком во времени, но было признано зеркальным

трудом общественности. Изменение городского пространства и общества в последнее десятилетие после обретения независимости нашло отражение в произведениях изобразительного искусства. Реальное и общее понятие в искусстве, которое называют современным искусством или «искусством современности», также развивается в казахском искусстве. На основе арбатского фестиваля, который является темой научной работы, развития современного казахского искусства, новых открытий, новых перспектив в изобразительном искусстве, его место на мировой арене. Только один фестиваль является масштабным объектом современного искусства за последние 10 лет, что отражает современные исследования.

Bokesh T. B.

Master student of art history 1 course Kazakh National Academy of Arts. T. Zhurgenova

IN INFLUENCE OF MODERN ART ON THE URBAN SPACE (ON THE BASIS OF ARBAT FEST FESTIVAL)

Abstract

The article is devoted to the artistic interpretation of new changes in society and all its aspects, including modern forms of communication and communication in the art of painting. Modern art plays an important role in society: it can create a creative idea that does not require creativity or develop creativity, search and navigation. Education in the 21st century should be developed in accordance with the network model, which is characterized by aspects of dialogue and communication that link creativity, innovation, technology and knowledge. The main advantage of modern art is the openness of thinking and the possibility of self-organization.

Modern Kazakhstani art has not yet been studied in society and requires freedom and self-sacrifice, which was not a shortage of time, but was recognized as a mirror work of the public. The change of urban space and society in the last decade after independence was reflected in the works of art. The real and general concept in art, which is called modern art or “art of modernity”, also develops in Kazakh art. On the basis of the Arbat festival, which is the subject of scientific work, the development of modern Kazakh art, new discoveries, new perspectives in the visual arts, its place on the world stage. Only one festival is a large-scale object of contemporary art over the past 10 years, reflecting modern research.

Бейнелеу өнерінің жылына бір рет болатын заманауи өнер мерекесіне айналған «Арбатфест» фестивалі биыл 10 жылдығын тойлайды. Фестивалдің атауы Алматы қаласының «Арбат» деп аталып кеткен Жібек Жолы көшесімен байланысты. Дәл осы Арбатта алғаш өнер туындылары қойылып, бастау алғандықтан Art (өнер), Art+Bat (өткізілген жері) и Fest (фестиваль) атауы пайда болды. Арбатфест заманауи өнер фестивалі – суретшілер, кәсіпкерлер, театр т.б өнер саласын біріктіретін масштабы үлкен арт жоба.

Арбатфест фестивалінің мақсаты: Қазақстан азаматтары немесе азаматшаларына, қала қонақтарына сапалы мәдени өнімді әлемдік деңгейде, Алматы қаласынан шықпаяқ көруге мүмкіндік беру. Бұл дегеніміз біздің республикамыздың әлемдік аренада дамыған мәдениеті мен өнерінің ықпалын көрсетеді. Біздің қаламыз заманауи өнерді қызықтыратын және айналысуға барлық адамдар үшін білім беру алаңы. Бұл Қазақстанда өмір сүретін заманауи өнер шеберлерінің де, біздің еліміздің жас суретшілерін де шығармашылық процесті іске асыруға мүмкіндік беру. [1]Өнер фестивалі әр жылы ауқымды тақырыптарды көтеріп, қоғамдық өзгерістерді сол тақырып аясында жасалған өнер туындыларымен көрсетуге тырысты. Мысалы:

Ең бірінші фестивалдің кураторы – танымал өнертанушы Баян Барманкулова болды. Негізгі мақсат: қазіргі заман өнерінің кескіндері мен көркемдік әдістері арқылы қалалардың тұрмыстық қалдықтармен ластануы және оны қайта өңдеу, табиғаттың бүлінуі сияқты мәселелерді

анықтау.Негізгі тақырып: **Манифест Аратфест 1** (21 тамыз- 2 қазан 2010 ж.) деп аталды.Алғаш Арбатфест фестивалі актуалды мәселені көтере отырып, көпшілікке өнер туындылары арқылы қоғамдағы проблемаларды көрсетуге тырысады. Бұл фестивалге: Молдағұл Нарымбетов, Георгий Трякин-Бухаров, Сәкен Нарынов, Алексей Филимонов, Руслан Қадіров, шығармашылық одақ Небула тобы қатысты.

2011 жылдан бастап фестивальдің негізі жауапты ұйымы ретінде «Қоғамдық Мәдени Альянс» (общественный культурный альянс) құрылып әлі күнге дейін ең үлкен проектерді жасап жүр. Қоғамдық Мәдени Альянс – Қазақстан және Орта Азияның заманауи өнер бағытын қолдайтын ұйым. [2] Жас суретшілерге Қазақстан төңірегінде ғана емес шетел тәжірбесінен хабар беріп, өзіндік жеке жобаларға қатысуға мүмкіндік береді. Басты тақырып **«Пространство игры смыслами»** деп аталды. Дәл осы жылы фестиваль халықаралық статусына ие болып, ауқымы кеңейді. Молдағұл Нарымбетовтің «Жеңіс», «Түрген алмасы» сынды жұмыстарынан бастау алған кезекті жұмыстар Жібек Жолы көшесінде қойылды. Сағи Молдағұлұлының «Байқоңыр», Сапаров Ермектің «Герника», Сергея Габова және Слава Адамның "Двигатель прогресса", Андрея Любинскийдің "Красный человек", Константин Новикованың "Любопытство", Евгения Кондратьеваның "Не так как кажется", Алексей Филимоновтың "Древо потребителя", Андрей Рудьеваның монументалды жұмысы "Торт" және "Аллея героев",Бахыт Бубиканованың "Адам и Ева" және Смаил Баялиевтің "Будда" т.б. көптеген жұмыстары қойылды. Тағы "Nebula" тобының "Ручки" жұмыстары көпшілік назарына қойылды.

2012 ж. Арбатфест күнделікті Арбат территориясынан шығып, инсталляцияларды қала ішіне қойып, indoor-көрмеледі әр түрлі шоу программамен толықтырып, фестивалдің өткізілу аймағын қала төңірегіне жасайтын болды.

Алматының атын шығарған аспанмен астасқан асқар таулар мен хош иісті апорт алмасы Алма-Атаның символы. Арбатфест фестивалі бұл тарихи кезеңдерді ескере отырып 3-ші кезекті жобаны Алматыға арнады. Жоба кураторы Наилия Аллахвердиева қала мен кеңістік, халық тынысын кеңінен зерттей келе **«Жаңа бастама»** (Начало света) уақыт пен қаладағы өзгерістерді өнер туындыларымен көрсетуге жол сілтеді. Ендігі ауқымы мен аймағын өзгерткен арт жоба қала ішінде әр түрлі саябақтармен көшелерде өнер туындыларын қоя бастады. Онда: Смаил Баялиев,Тушар Жоаг (Үндістан), Мұрат Дильманов, Александр Захаров, Константин Турченко және Алексей Царёв, Эдуард Казарян, Оксана Кан және Павел Мокич, Анатолий Колесников (Қырғызстан), Расул Кошқарбаев (Қырғызстан), Молдағұл және Сахи Нарымбетовтер, Сәкен Нарынов, Константин Новиков (Ресей), Георгий Трякин-Бухаров, Александр Филимонов (Ресей), Алексей Филимонов, Арт-группа 5, шығармашылық одағы Nebula жұмыстары қойылды. Олардың жанры мен қолданылған материалдары, тақырыптары мен идеялары әр түрлі болғанымен, әрқайсысы қала кеңістігімен ұштасып өзіндік жоба ретінде қаралды.

2013 ж.фестивальдің басты тақырыбы – **Алматы genius loci**. Ол қаланың ландшафына негізделген. Оның өткен және бүгінгі күнгі (және болашаққа болжам) проблемаларын шешуді, осы қаланың саяси, мәдени, әлеуметтік сипаттамаларын, қалалық жоспарлау және эстетикалық құрылымын талдауды қарастыратын тұтас мобильді жүйеге негіздейді.[3]

Жоба куратор - Дарья Пыркинаның пікірінше Алматы және оның кеңістігі әлдебір мемлекеттік тапсырыстармен немесе уақыт еншісіндегі өнер туындыларының қалқасында қалып қоймауы керек. Біздің өнер сатысында қайнап жатқан өзгерістер жастар қалауына сай, заманауи тұрғыдан сәнді де сәтті жеткізілуі керек. Сондықтан да арбатфесттің кезекті тақырыбы Алматы кеңістігі және оның өзекті проблемалары қарастырылды. Жобаға:Группа 310 (РФ), Göla (Италия), Sallamari Rantala және Катя Суворова (Финляндия - Қазақстан), Әбілсаид Атабеков (Қазақстан), Сәуле Сүлейменова(Қазақстан), Сырлыбек Бекботаев (Қазақстан), Серік Бүксіков ((Қазақстан), Леха Гарикович (РФ), Группировка "ЗИП" (РФ), Валерий Казас (РФ), Мария Кошенкова (РФ-Дания), Андрей Кузькин (РФ), МишМаш (РФ), Лоран Рейне (Франция), Марат Сагит (Қазақстан), Екатерина Сисфонтеc (Ресей-Швеция), Хаим Сокол (РФ), Георгий Трякин-Бухаров (Қазақстан), Андрей Устинов (РФ), Зоя Фалькова(Қазақстан), Рикард Фореус (Швеция), Арыстанбек Шалбаев (Қазақстан), "Кызыл Трактор" (Қазақстан), шығармашылық топ Nebula (Қазақстан) өнер иелері қатысты. Олар қаладағы стрит арт немесе публік арт, инсталляция сынды атаумен еніп жүрген

өнер туындыларымен әсемдеді. Өнер туындыларының барлығы дерлік Алматы және Алматыда болып жатқан әрекеттер тізімімен байланысты болды. [4]

2014 ж. 28 тамызда басталған фестиваль «Ақылды қала» деп аталды. «Ақылды қала» - бұл өнердің қоғамдық мінез-құлыққа әсер ететін, қоғам мен қоршаған ортаға қолайлы болуын зерттейтін, сондай-ақ қаланың инфрақұрылымын дамытуға эстетикалық әсерді қарастыратын көркем жоба. Қоғамдық кеңістікті жетілдіру үшін өнер мен дизайнды пайдалану жоспары қала құрылысы бағдарламаларын іске асыруда шығармашылық пәндердің рөліне назар аударады.

Жоба қаланы әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, инфрақұрылымдық тұрғыда дамытуға арналған өршіл жоспарды ұсынады. «Ақылды қала» - Алматы қаласының дамуына (қоғамдық өнердің) публик артықтың ағымдағы әлеуетті үлесін, сондай-ақ шығармашылық қала ортасына әкелетін артықшылықтарды бағалайды. Фестиваль экологиялық және әлеуметтік жоспарлауда: әлеуметтік өзара әрекеттесу, білім беру, энергетика, су, азық-түлік және қалдықтарды жою, сондай-ақ қаланың тарихы, қалалық кеңістіктегі баламалы энергия көздерін пайдалану сияқты күнделікті жел, күн сынды табиғи ресурстарды пайдалануды ұсынады.[5]

Мартин Денкер және Фридеман Банц (Германия), Рашад Алақбаров (Әзербайжан), Смаил Баялиев (Қазақстан), Сырлыбек Бекботаев (Қазақстан), Пьер Лоран (Франция), Сәуле Сүлейменова (Қазақстан), Әбілсаид Атабеков (Қазақстан), МишМаш (РФ), Павел Киселев (РФ), REFUNC (Голландия), EVOL (Германия), еоргий Трякин-Бухаров (Қазақстан), Société Réaliste (Франция-Венгрия), Сэм Адамс және Жан Мохаммед (Великобритания), Арыстанбек Шалбаев (Қазақстан), Sickboy (Великобритания) сынды суретшілер жасыл ел бағдарламасы секілді өнер туындылары арқылы табиғатпен диалог құру керек екендігін алға тартты.

2016 ж. ARTBAT FEST Алматыға кең ауқымды мәдени іс-шара, қаланың ерекше қондырғыларымен толы, көрмелер, қойылымдар және ғажайып музыка ұсынды. ARTBAT FEST 6 қала мен өнер арасындағы диалог құрды. Фестивальдің барлық қатысушылары мен оның келушілері де өздері арасында диалог орнатты.

Никита Кадан (Украина), Татуро Атзу (Тацу Ниши) (Япония), Тимофей Радя (РФ), Бахыт Бүбіқанова, Сырлыбек Бекботаев, Арыстанбек Шалбаев, Георгий Трякин-Бухаров, Фатима Өмір, Асхат Ахмедияров, Алена Велар, Мила Кузина (РФ), Бисан Аду-Эйшех (Палестина), Валид Сити (Ирак), Сәуле Сүлейменова

Жоғарыда аталып өткен суретшілердің әрқайсының жұмыстарында өзіндік идеялары мен мақсаттары әр түрлі. Бірақ барлығын фестиваль өнер кемесінде біріктірді. Қалалық қоғамдық кеңістіктегі көркемдік жобаның мақсаты қалалық аура көрінісі.

Кезекті ARTBAT FEST 7 фестивалдің тақырыбы - **CITY IN MOTION (ГОРОД В ДВИЖЕНИИ)**

Қаланың антропоморфты құрылымы: жолдар, қиылыстар, архитектура заманауи өнермен бір қазанда қайнап келеді. Суретшінің тікелей және қазіргі кездегі өнер туындысын көрерменге ұсыну әрекеті, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасы, қала тұрғындарын бүкіл қалалық пейзажбен бірге қозғалуға мәжбүр етті. ARTBAT FEST 7 халықаралық фестивалі эксперименттерге жүгініп, оның құрылымын қайта құруды шешті. [6] Фестивальдің қоғамдық-қолданбалы бағдарламасы Public art қалалық кеңістіктегі қазақстандық және шетелдік өнер иелерімен пайда болған перфоменстер сериясы болды. Оған Алексей Мартинес (РФ), Сергей Касич (РФ), Вальдемар Татарчук (Польша), Слава ПТРК (РФ), Арт-тобы "Пни" (Қазақстан), Ғайни Шағатаев (Қазақстан), Сырлыбек Бекботаев (Қазақстан) қатысты. Әрбір өнер иесі қоршаған ортамен байланыс жасап, көруші тарапты сол әлемге енуге шақырады. Табиғат сыры мен ғажайыбын сезіне білген жаны да рухы да толы суретшілер жаңа технологиямен әртүрлі эксперианттер жасады. Өнер жолында бірі таксис болып, бірі музыкант болып өнер сарынын түсінуге тырысады. **«Ростки будущего тянутся из прошлого, пронизывая нас в настоящем»** ARTBAT FEST 8 ауқымды тақырыбы болды.

Енді жоба қатысушылар бұрынғыдай өздері жасап, көрерменге дайын өнер туындысын ұсынбайды. Суретшілер үшін кез-келген жобаға оның көрермендерінің үлесі болуы маңызды. Сондықтан, 2017 жылы азаматтарға «АЛМАПОЛИЯ» интерактивті қоғамдық жобасының қатысушылары болуға шақырады. Бұл ойын атақты монополия стратегиясына негізделген. «АЛМАПОЛИЯ» - бұл Алматы қаласының прототипі, онда галерея, дизайнерлік шеберхана, архитектуралық бюро, виртуальды ойындар студиясы және әрбір көшеге зияткерлік меншік

құратын басқа да субъектілер пайда болады. Ойынның форматы арқылы біз алматылықтарды шығармашылық индустрияны дамытуға, қаланың бір бөлігін сезінуге, шешімдер қабылдауға жауапты тұлға екенін сезіндіру.

2017 жылы ARTBAT FEST Art Prospect платформасының серіктесі болды. Платформа CEC ArtsLink коммерциялық емес ұйым болып табылады. (Нью-Йорк - Санкт-Петербург). Арт жоба - резиденттік бағдарлама. Суретшілер мен кураторларға Армения, Әзірбайжан, Белоруссия, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Өзбекстан және Украинадағы көркемөнер ұйымдарымен серіктестікте зерттеу, жаңа жұмыс жасау, жергілікті көркем қоғамдастықпен кездесу және арнайы жобаны жүзеге асыру мүмкіндігін береді. [7] Резиденциялардың әрқайсысының құрылымы қабылдаушы ұйымдардың, шақырылған суретшілер мен кураторлардың мүдделері негізінде қалыптасады және тұрғындарға жергілікті көркем қоғамдастық туралы көбірек білуге, өз жобаларын дамытуға және өз жұмысы туралы және жергілікті мәдениет туралы жергілікті аудиториямен ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Осылайша, Алматыда грузин суретшісі Ладо Ломиташвили мен украиндық суретші Оксана Чепелик фестивальға өз жобаларын жасады. Әр түрлі жанрда жұмыс жасайтын дизайнер, кескіндемеші, фотограф, мүсін өнерін де игере білген өнер иелері жан-жақты зерттеу нәтижесінде “City Code”, «The letter or letters standing for a chemical element» жұмыстарын көрерменге ұсынды.

Қорытындылай келе Арбатфест фестивалі 10 жыл бойы бейнелеу өнерінің бірнеше бағытында, жанрында жұмыс жасап жүрген жастары 35-тен аспаған жас өнер иелерінің басын қосты. Театр, музыка, хореография, кино әлімін бір жүйеге кіріктіріп, өнермен ғана емес қоғамдағы салмақты дүниелермен байланыстыруды ұсынды. Бір ғана бейнелеу өнерінде: инсталляция, перфоменс, видео арт, стрит арт, паблик арт, фото арт, поп арт, граффити сынды өнер бағыттарын бір арнаға тоғыстырды. Шет елден өнер адамдарын Алматы қаласында өтіп жүрген өнер фестивалдеріне шақырып өзара тәжірбие алмасып, жас суретшілерге мүмкіндік беруде. Бұл фестивалдің нәтижесін қала ішіне орнатылған көптеген арт объектілерден және қала тұрғындарының оны қабылдауынан да көруге болады. Себебі, ең алғаш болып бейнелеу өнеріндегі өзгерістерді қала тынысымен байланыстырған бірде бір фестиваль болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. *Тәуелсіздіктің бесжылдығы. Алматы, 1996. 292 б.*
2. *Халықаралық Еуразия қазіргі заман образдары атты көрменің каталогы Алматы, 1982. – 32 б.*
3. *Гульмира Шалабаева М., 1969. – 7 б.*
4. *Марғұлан Ә.Х. және т.б. Орталық Қазақстан- ның ежелгі мәдениеті. – Алматы, 1968. – 17 б.*
5. *Болашаққа көзқарас жас суретшілер көрмесі. Альбом Алматы, 2017. – 15 б.*
6. *Очерки Казахского изобразительного искусства. Алматы, «арда» 2008. – 23 б.*
7. *Республикалық «...бүгінгі, ертеңгі...» атты көрменің каталогы Алматы 2009. – 67 б.*

УДК 378.147
МРНТИ 14.35.05

Қ.А. Құлатаев

аға оқытушы, подполковник запаса, БӘД кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ИНЖЕНЕРЛІК БӨГЕТТЕР ЖӘНЕ БӨГЕТТЕРДЕН ӨТУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бөлімшелермен шешілетін мейлінше маңызды және күрделі міндеттердің бірі – мина – жарылғыш бөгеттерден өту болып табылады. Ұрыс жағдайы мен мина – жарылғыш бөгеттердің орналасуы орнына байланысты бұл міндеттер келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: бөгеттердегі өтпелерден өту; жеке миналанған алаңдарды түсіру; жолдарды, елді мекендерді және жекелеген объектілерді минаясыздандыру; жергілікті жерді тұтастай минаясыздандыру арқылы жасөспірімдерді мектеп қабырғасынан бастап әскери қызметке дайындау, өз Отаны - Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы жауапкершілігін ұғындыру бастапқы әскери дайындық сабағының негізі болып табылады.

Кілтті сөздер: Инженерлік бөгеттер, мина, бөгет жолағы

Аннотация

К.А. Құлатаев

ИНЖЕНЕРНЫЕ ЗАГРЕЖДЕНИЯ И СПОСОБЫ ИХ ПРЕОДОЛЕНИЯ

старший преподаватель, кафедра НВП при КазНПУ имени Абая,

г.Алматы, Казахстан

В статье рассматривается, инженерные заграждения предназначены для задержания продвижения противника, затруднения его маневра, нанесения ему потерь в живой силе и технике, создания наиболее благоприятных условий своим войскам для поражения противника всеми видами оружия. Инженерные заграждения применяются во всех видах боевых действий войск, устраивают их в соответствии с решением командира, в сочетании с естественными препятствиями, в тесной увязке с системой огня и действиями войск. Создают инженерные заграждения по рубежам (перед позициями войск) и по направлениям; они должны быть неожиданными для противника, устойчивыми ко всем видам огневого воздействия и не стеснять маневра своих войск.

Оборудованная в инженерном отношении позиция создает лучшие условия для ведения огня и наблюдения, защищает личный состав от средств поражения противника, обеспечивает возможность скрытого и быстрого маневра в ходе боя вдоль фронта и из глубины.

Ключевые слова: Инженерное заграждение, мина, полоса заграждений

Abstract

ENGINEERING ZAGREZHDENIYA AND WAYS TO OVERCOME THEM

K.A. Kulataev

senior lecturer, Department of Software and CWP at KazNPU named after Abai,

Almaty, Kazakhstan

The article engineered barriers are designed to arrest the advance of the enemy, the difficulties his maneuver, causing him losses in manpower and technology, create the most favorable conditions his troops to defeat the enemy with weapons of all kinds. Engineering barriers are used in all types of combat operations of the troops, arrange them in accordance with the decision of the commander, in combination with natural obstacles, in close connection with the fire system and the actions of the troops. Create engineered barriers at borders (before the positions of troops) and directions; they must be unexpected for the enemy that is resistant to all types of fire exposure and not to hinder the maneuver his army.

Equipped in engineering terms, the position creates better conditions for fire and observation, protects personnel from enemy weapons, provides the possibility of latent and quick maneuver during the battle along the front and from the back.

Keywords: Engineering fence, mine, barrage

Инженерлік бөгеттерден өту тәсілдері. Миналық-жарылатын бөгеттерді залалсыздандыру тәртiбi. Мина далаларынан өту тәсілдері. Өткелдердегі коменданттың қызметі. Дәрістің мақсаты:

«Мина жарылғыш бөгеттерді барлау шабуыл мен қорғанысты инженерлік қамтамасыз етуді оқыту».

Бөлімшелермен шешілетін мейлінше маңызды және күрделі міндеттердің бірі – мина – жарылғыш бөгеттерден өту болып табылады. Ұрыс жағдайы мен мина – жарылғыш бөгеттердің орналасуы орнына байланысты бұл міндеттер келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: бөгеттердегі өтпелерден өту; жеке миналанған алаңдарды түсіру; жолдарды, елді мекендерді және жекелеген объектілерді минаясыздандыру; жергілікті жерді тұтастай минаясыздандыру[1].

Бөгет жолағы (полоса заграждений)- қарсыласты титықтату, оны шығынға ұшырату, оның жылжуын бәсеңдету мақсатында бөгеттер қойылған жергілікті жердегі жолақ. Кенес армиясының Ұлы Отан соғысына дейінгі жарғыларында қорғаныстың алғы шебінің алдында 10-12км қашықтықта бөгет жолақтарын дайындау қарастырылған. Онда артиллериялық-минааралық және пулеметтер атыстарымен тасаланатын табиғи бөгеттермен үйлестіре отырып, әр түрлі бөгеттер орнату көзделген. Бөгет жолағындағы көпірлер мен жолдар қиратуға дайындалатын болған[4].

Бөгеттер мен кедергілерден өту. (Преодоление заграждений и препятствий) - әскерлердің бөгеттер мен табиғи кедергілер арқылы жылжуы. Бөгеттер мен кедергілерден өту тәсілдері жауынгерлік дайындықтың нақты жағдайына, қойылған міндетке, командир шешіміне, қолда бар күш пен құралға, жыл мен тәуліктің мезгіліне байланысты анықталады. Әскерлердің қозғалысы жолындағы кездесетін кедергілер, әдетте, айналып өтеді, ал ол мүмкін болмағанда тура өтіледі. Тралдарды қолданатын танктер мен ЖҰМ-дар ұрыстық ретті жинамай-ақ миналы алаңдардан өздігінен өтеді; тралсыз танктер мен ЖҰМ-дар және басқа әскери техника өтпелер бойымен жылжиды; жаяу әскер жаяуланған ретпен өтпелер бойымен немесе танктермен тралданған іздермен жылжиды. Табиғи кедергілер (орлар, шағын енді өзендер, каналдар, бұлақтар және т. б.) жабдықталған өткелдер арқылы өтіледі. Ұрыс қимылдары кезінде көпірлік өткелдерді тез тұрғызу үшін танктік және автомобильдік көпір салғыштар кеңінен қолданылады. Құрғақ жыралар мен орлар арқылы өту үшін бульдозерлік жабдық орнатылған танктер, жолсалғыштар және сүйремелер көмегімен топырақ себіліп, топырақты өткелдер жасалады. Аз сулы бұлақтардан сүзгілі топырақ үйінділері жабдыкталады немесе жол құбырлары орнатылады. Шағын енді, бірақ терең және мол сулы кедергілерден өту үшін бір ізді механикаландырылған көпірлер қолданылады немесе алдын ала дайындалған элементтерден (бөліктерден) және жергілікті жер материалдарынан ағаш көпірлер тұрғызылады. Тегіс, қатты, тастақ немесе түбі құмды сулы өңірлерде кешпелі өткелдер жабдыкталады. Дөңгелекті және шыңбыр табанды машиналарды өткізу үшін кешпелі өткелдер, әдетте жеке дайындалады. Жарылыс нәтижесінде пайда болған кедергілерден әскерлердің айналып өту мүмкіндігі болмаған жағдайда оларды аршу жұмысы барынша аз болатын бағытта өтіледі[4].

Жарылмайтын бөгеттерден өту инженерлік бөлімшелер, сондай-ақ инженерлік техниканы, бульдозерлік жабдықтар мен жарылғыш заттарды қолданып әскер түрлері бөлімшелері орнатқан өтпелер мен өткелдер арқылы жүзеге асырылады.

Елді мекендегі үйінділер бульдозерлер мен жол төсегіш техникалар арқылы тазартылады. Өтпеге жақын жерде құлағалы тұрған және жартылай қираған ғимарат қалмауы керек. Мұндай ғимаратты жару арқылы немесе механикалық тәсілмен бұзу керек. Ірі кесектер мен тұтас құйылған элементтерді 2-5кг-дық қосымша зарядты жару арқылы сындырады. Үйінді биік және терең болғанда, оны тазалап, үстін тегістейді, кіру және шығу қақпалары бар өтпе жасайды. Таулы жолдардағы үйінділерден де осылай өтеді.

Ормандағы кедергілер мен бөгеулерден өту үшін ағаштарды қопарып, тасу жолымен өтпе жасайды. Бөрене сынықтарын, тастар мен топырақты бульдозермен өтпе сыртына тастайды.

Сым бөгеттерде өтпелерді танкілердің көмегі арқылы жару әдісімен немесе қайшы және саперлік құралдарды пайдалана отырып, қол күшімен жасайды.

Сым бөгеттерде жару әдісімен өтпелер жасау үшін ұзартылған зарядтарды қолданады. Зарядтарды қазықтар түбінде сымның астына не сымға салып жарады. Жару нәтижесінде ені 4-5м өтпе жасалады.

Сым бөгеттерден, сондай-ақ оның үстіне буылған бұта не сабан, тақтайлар, сатылар, шинелдер тастау арқылы да өтеді.

Онша елеусіз және ауыстырмалы сым бөгеттерден өтпелер жасағанда, арқанмен танкілерге, тартқыштарға сүйреткен тарбақтар мен ілмектерге байлап, бөгеттерді жан-жаққа тасу арқылы жасауға болады.

Электрленген бөгеттерден өтпелер арқылы немесе тоқсыздандырып барып әдеттегі сым бөгеттерден өту тәсілі қолданылады.

Мина далаларын өту тәсілдері. Бөлімшелермен шешілетін мейлінше маңызды және күрделі міндеттердің бірі – мина-жарылғыш бөгеттерден өту.

Ұрыс жағдайы мен мина-жарылғыш бөгеттердің орналасуы орнына байланысты міндеттер мынадай тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: бөгеттердегі өтпелерден өту; жеке миналанған алаңдарды түсіру; жолдарды, елді мекендерді және жекеленген нысандарды минадан тұрақты тазарту, жергілікті жерді тұтастай минаяздандыру.

Бұлардың ішінде едәуір кең таралған түрі – бөгеттерден өтпелер жасау.

Миналанған алаңдардағы өткелдер мынадай тәсілдер арқылы жасалуы мүмкін:

--- механикалық тәсілмен – миналарды жарып жою тәсілі немесе коллеялық мина тралдары (КМТ -5М, КМТ -6) көмегімен өткелдер шегінен алып тастау тәсілі;

--- жару тәсілімен – реактивті қозғалтқыштар көмегімен немесе тралы бар танкімен сүйреу арқылы ұрыстың миналанған алаңдарына берілетін ұзартылған зарядтар көмегімен оларды қопару жолымен миналарды жою;

--- қолмен жасалған тәсілмен – мина іздеуішпен және түрткішпен іздеу, оны көмілген жерінен тармақты ілгекпен суырып алу және өткелдерден аулақта жою[2].

Бөгеттердегі өтпелер (проходы в заграждениях) – бөгеттерден тазартылған немесе өз әскерлерін (кемелерін, десанттық көліктік құралдарын) түрлі ұрыс қимылдары кезінде міндеттерін орындауға өткізу үшін бөгеттерде арнайы бос қалдыратын жергілікті жер (су кеңістігі) жолағы. Өтпелер саны ұрыстық (жорықтық) ретке, бөгеттердің сипаты мен олардан өту әдісіне, қолда бар күш-құралдарға байланысты болады. Мина жарылғыш бөгеттерде өтпелер жару арқылы, механикалық тәсілдермен және қолмен жасалады. Жару жеке механикалық әдістер негізгі әдістер болып табылады, олардың аралас қолданылуы да мүмкін. Жару тәсілі миналы алаңға реактивті қозғалтқыштар немесе тралды танкті сүйреу арқылы жеткізілген, ұзартылған зарядтар көмегімен миналарды жоюдан тұрады. Қарсылас қорғанысының алдыңғы шебінің алдындағы бөгеттерден өтпелер, әдетте, шабуылға атысқа дайындық кезінде жару тәсілімен жасалады. Механикалық әдіс миналарды жоюдан немесе оларды белгіленген өтпе сыртына шығарудан тұрады. Танкіге қарсы миналы алаңдарда өтпелер миналық тралдармен тазартылады, ал жаяу әскерге қарсы мина алаңдарында танктерге және басқа шынжыр табанды машиналарға орнатылған бульдезерлік жабдық көмегімен немесе арнайы құрылғыларды («мысык») қолдану арқылы тазартылады. Тралды танктер ұрыстық ретпен жылжи отырып, мина алаңдарында ізді өтпелер жасайды, содан соң олар ұрыстық және көліктік техниканы өткізу үшін жарғыш заттарды жару жолымен немесе басқа тәсілдермен кеңейтіледі. Өз мина алаңдарында өтпелер алдын ала қолмен жасалады[3].

Оқытушы бөгеттерден тоқтаусыз ұрыс барысында шабуыл екпінін немесе қозғалыс жылдамдығын төмендетпей және қарсылас күтпеген жерлерде өту өте маңызды екенін ашып көрсете отырып, бөгеттерден өту тәсілдері мен құралдарын атап беруі қажет.

Бұл кезде жоғары қырағылық көрсету қажет, өйткені бөгеттер миналанған болуы немесе қарсыластың оғымен тасалануы мүмкін.

Инженерлік бөгеттер тауып, олардан өту үшін миналарды бүркенішті ашу белгілері бойынша және қармағыштар мен мина іздеушілер көмегімен табуға болатынын айтып беріңіздер. Сондай – ақ миналы – жарғыш бөгеттердегі өтпелерді кесіп өту жарғыш тәсілмен немесе қолмен, миналы тралмен жабдықталған танкілер арқылы кесіп өту жүзеге асырылады.

Оқытушы студенттердің назарын инженерлік бөгеттерден өту тәсілдерін оқып – үйрену қажеттілігіне аударады.

Ұлы Отан соғысы, Ауғаныстан және басқа шағын аймақтағы соғыстарда қолданылған миналы бөгеттердің шешуші рөл атқарғаны жайлы айтып беруі қажет.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Андрющенко В. А., Пирожков П. А. Военно-инженерная подготовка. Учебное пособие. Тамбов. Издательство Тамб. гос. тех. ун-та 2004, 112с.
2. Методика начального военного обучения. И.Г. Назимка, Ф.С. Штыкало. 2010
3. Военно-инженерная подготовка. Учебное пособие. Сартаев Ж.Н., Кулатаев К.А., Берлибаев К.К., Н.М.Токмолдаев Омск-2013г 160стр.
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Әскери іс. Алматы. «Мектеп» 2007ж

ӘОЖ 75.044
МРНТИ 18.07.43

Құлманбет П.Қ.
6М010700-Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 1 курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНІҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ БАСҚА ДА ТҮРЛЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Аннотация

Бейнелеу өнері тарихының дамуы үрдісінде қалыптасқан кескіндеме өнері әлемнің сұлулығы мен әсемдігін насихаттайды. Ол белгілі бір заттың бетіне бояу арқылы салынатын көркем шығарма. Өнердің барлық басқа түрлері сияқты, кескіндеме де идеологиялық және танымдық қызмет атқарады, адамға эстетикалық ләззат беретін құнды да әсем шығармалар тудырады.

Бейнелеу өнерінің қай түрі болмаса да негізгі мақсат-оқушыда қоршаған ортаға деген өнегелі эстетикалық қатынас қалыптастыру, өмірдегі әр түрлі құбылыстардың өзіндік құндылығын түсінуге тәрбиелеу; өз халқының өнерін, мәдениетін сүйетін, өзге халықтың көркем мәдениетін құрметтейтін, рухани жан дүниесі бай, эстетикалық тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру; нақты өнер түрлері арқылы практикалық білім, білік дағдыларын қалыптастырып, іскерлігін, көркем-шығармашылық қабілеттілігін арттыру.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, кескіндеме, графика, мүсін, сән, қолданбалы өнер, эстетика, идеология.

Құлманбет П.Қ.
Магистрант 1 курса, по специальности 6М010700-Изобразительное искусство и
черчение,
г. Алматы, Казахстан

СВЯЗЬ МЕЖДУ ЖИВОПИСЬЮ И ДРУГИМИ ВИДАМИ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

Искусство живописи, разработанное в истории изобразительного искусства, пропагандирует красоту мира. Как и все другие виды искусства, живопись выполняет идеологические и познавательные функции и создает ценные и красивые произведения, которые доставляют человеку эстетическое удовольствие.

Основная цель видов изобразительного искусства - создать хорошее эстетическое отношение к окружающей среде, понять ценность различных явлений в жизни; формирование богатой, эстетически развитой личности, которая любит искусство и культуру своего народа, уважает художественную культуру других людей; развить практические навыки, художественно-творческие способности через определенные виды искусства.

Ключевые слова: изобразительное искусство, живопись, графика, скульптура, мода, прикладное искусство, эстетика, идеология.

Kulmanbet P.K.

*The 1st course of master's degree, 6M010700-Visual arts and drawing,
Almaty, Kazakhstan*

CONNECTION BETWEEN PAINTING AND OTHER TYPES OF FINE ARTS

Abstract

The art of painting, developed in the history of art, promotes the beauty of the world. Like all other forms of art, painting performs ideological and cognitive functions and creates valuable and beautiful works that bring aesthetic pleasure to a person.

The main purpose of the arts is to create a good aesthetic attitude to the environment, to understand the value of various phenomena in life; the formation of a rich, aesthetically developed person who loves the art and culture of his people, respects the artistic culture of other people; develop practical skills, artistic and creative abilities through certain types of art.

Keywords: visual arts, painting, graphics, sculpture, fashion, applied art, aesthetics, ideology.

Кез келген қоғамның тарихи дамуы мен өркендеуі сол елдің өнері мен мәдениетіне тікелей байланысты. Оған дүниежүзілік деңгейге кеңінен танымал біртуар туындыларымен өз Отандарын әлемге паш еткен Леонардо да Винчи, Микеланджело, Пабло Пикассо, Ә.Қастеев сынды құдіретті өнер иелерінің қас шеберліктері мен атақ даңқтары дәлел. Осы орайда өз халқының өмір тарихын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын нақтырақ зерттеп білу үшін, оның сан-салалы өнерін оқып үйренудің маңызы зор.

Қазақ бейнелеу өнері — көркем кескіндеме, мүсіндеме, графика, сән және қолданбалы өнер салаларын қамтитын, ұлттық дүниетанымға негізделген көркем өнер. Олардың барлығын байланыстыратын өмірдің алуан түрлілігін және күрделілігін жеткізу қабілеті. Негізгі айырмашылықтары графикалық құралдардың әртүрлілігі. Графиканың негізгі құралы – сурет, кескіндеме жанрында түс пен бояу негізгі рөл атқарса, графикада (гр. *graphein* гр. *grapho*– жазамын) сызықтар, штрихтар, ашық және қара (қоңыр) дақтардың арақатынасы шешуші рөл атқарады, сондай-ақ заттардың ең негізгі белгілері таңдап алынады. Ал мүсіндеме негізінен адамды, кейде жан-жануарды немесе басқа пішіні бар заттарды бейнелейді. Мүсіндеменің ерекшелігі көп жағдайда жасау техникасы

мен пайдаланатын материалдарына (тас, металл, саз, балауыз, ағаш, гипс, тағы басқа) байланысты. Бейнелеу өнерінің тағы бір түрі – сән өнері адамдарды қоршаған материалдық ортасын көркем безендіретін, эстетикалық мәнге ие шығармалардан тұрады. Сән өнері архитектуралық ғимараттарды, бақ-парк құрылыстарын сәндеуге (монументті Сән өнері, архит. сән нақыштары, көркем қолтаңбалар, бедерлі суреттер, мүсіншелер, мозаикалар, парктік мүсіндер, т.б.), қоғамдағы және тұрмыстағы заттарды әрлеуге (сен және қолөнерде), мерекелік жасауларды айшықтауға, мұражай экспозициялары мен көрмелерге қойылатын бұйымдарды көркемдеуге (безендіру өнерінде) қолданылады. Кескіндеме заттың сыр-сипатын, нәрсе мен кеңістіктің қарым-қатынасын, сәуле мен көлеңкенің құлпырымын үндестіре бейнелейтін көркемдік және танымдық қуатымен ерекшеленеді. Ол көрерменнің сезіміне, ойына әсер ету арқылы эстетикалық ләззат береді. Кескіндеме туындылары жеке бір тұлғаны, дара көріністі бейнелеп қана қоймай, күрделі сюжетке, оқиғаларға құрылған шытырман соқтығыстарды да бейнелеп, олардың мәнін ашады. Кескіндеме дәуірдің рухани мазмұны мен әлеуметтік дамуын бейнелеп адамға әсер ету арқылы бейнеленген шындықтан тәлім алып, өзінше қорытынды жасауына себепкер болады[1].

Кескіндеме өнерінің графика өнерімен кейбір белгілері ортақ: онда да жазықтық үстінде бейнелеу орын алады. График, кескіндемеші сияқты, перспективаны меңгеруге, анатомияны білуге, сурет сала білуге тиіс. Бірақ егер живописьте түс және ол жасаған колорит бірінші орында тұрса, ал сурет қажетті, бірақ әйтсе де көмекші роль атқарса, графикада суреттің рөлі шешуші, мұнда ол өнердің дербес түріне айналады. Графикада сызықтар, штрихтар, ашық және қара қоңыр дақтардың ара қатынасы жетекші маңызға ие болады[2].

Бейнелеу өнері тарихының дамуы үрдісінде қалыптасқан кескіндеме өнері әлемнің сұлулығы мен әсемдігін насихаттайды. Ол белгілі бір заттың бетіне бояу арқылы салынатын көркем шығарма. Өнердің барлық басқа түрлері сияқты, кескіндеме де идеологиялық және танымдық қызмет атқарады, адамға эстетикалық ләззат беретін құнды да әсем шығармалар тудырады. А.Байтұрсынов «Бояулы нәрсенің түрін, түсін кескін келбетін суреттеп көрсету – кескіндеме өнері» деп сипаттама берген. Кескіндеме өнері кеңістіктегі өнер түрлеріне қарағанда өмірдің көріністерін түстер, жарық-көлеңке, сызықтар арқылы, кеңістік өлшемдерін жазықтыққа түсірумен ерекшеленеді.

Кескіндеме – тақырып аясы кең, көп жанрлы (тұрмыс-салт көріністері, соғыс жанры, хайуанаттар тақырыбы, т.б.) өнер саласы. Арналуына, орындалу сипатына, бейнелеріне қарай кескіндеме бірнеше топқа бөлінеді[3]. Олар:

1. монументті-сәндік кескіндеме (қабырға бетіне, үйдің ішкі төбесіне (плафондар), қабырғасына (панно) салынатын суреттер);
1. қондырғылы кескіндеме – суреттер, яғни картиналар;
2. сәндік суреттер (театр, кино көріністерін, ондағы киім үлгілерін әсемдейтін суреттер, икона салу, миниатюра, т.б.);
3. Диорама, панорама да кескіндеме түрлеріне жатады[4].

Суреттің өңін келтіретін бояулардың түрлері мен оны салу әдістеріне қарай да Кескіндеме туындылары жіктеледі. Мысалы, майлы бояулы кескіндеме, фреска (кепеген сылаққа сулы бояумен салынады), асекко (кепкен сылаққа сулы бояумен салынады), темпера, желімді бояумен, балауызбен, сырлы бояумен салынатын суреттер. Кескіндеменің керамикалық бояумен (тез балқитын әйнек-сырды күйдіріп жапсыратын), силикаттық бояумен (еритін әйнек) салынатын, т.б. түрлері бар. Мозаика мен витраж да кескіндемемен ұштасып жатады.

Кескіндеме туындыларын жасауда акварель, гуашь, пастель, тушь та молынан қолданылады.

Кескіндеме өнері өзіне еліктіріп әкететін, сиқырлы аймақ. Ол адамзат дамуының таң шапағында, біздің тарихтан бұрынғы ата-бабаларымыздың үңгірлерінде дүниеге келген. Сан ғасырлар бойында суретшілердің алған идеялары, олардың ұмтылыстары өзгеріп отырады, бір стильдің орнын екінші стиль басты, бірақ кескіндеме жасап дами берді. Басқа өнерлердің қасында кескіндеме суретшінің қырағы көзі шалғанның бәрін мейлінше толық бере алса керек. Сан жылдаған жылдан бері ол табиғаттан үйреніп, дүниені қызғылықты ететіннің бәрін бейнелеудің тандай қақтыратын тәсідерін ойлап тапты[5].

Қазақ кескіндеме өнеріндегі тұрмыстық жанр аясында Ә.Қастеев шығармашылығы өзінің халықтық этномәдени сипатымен, ондағы ұлттық дүниетаным тәлім-тәрбиесі тұрғысынан болашақ ұрпаққа құнды мұралар қалдырған. Жалпы шебердің туындыларының ауқымдылығы мен шығармашылық ой ағымының кеңдігіне байланысты еліміздегі өнертанушы ғалымдар мен зерттеушілер арасында бүгінгі күнге дейін жалғасын тапқан танымдық дискурс алаңы қалыптасқаны белгілі.

Белгілі өнертанушы Р.Ерғалиеваның айтуынша: «Қ.Қожықов туындылары мен Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов шығармаларының өзіндік ерекше қасиеттерінің айқындалуы, тұтастай алғанда, бүкіл келер шақтағы қазақ бейнелеу өнерінің негізгі пішінін қалыптастыру сапасын анықтайды[6].

Қазақ суретшілерінің әр қырлы кескіндемелік туындыларындағы рәсімдік, салт-дәстүрлік ой-идеяларын кіріктіру ұмтылыстары көркем сөзде, ырғақта, әдет-ғұрыптарда, дәстүрлі ұлттық ойындарда, халық ауыз әдебиетінде мәнерленуі табылған тұрақты дәстүрлі стереотиптік дүниетанымға айналады». Мәселен, Ә.Қастеевтің «Киіз үйдің ішкі көрінісі» (1934) атты туындысында суретші сырттай бақылаушы ретінде қалмайды. Үй ішіндегі бұйымдармен және адам тұлғалары үлкен үйлесімдікте шешілген деп түсіндірген өнертанушы-философ Б.Байжігітов те оның ұлттық қолтаңбасын орынды байыптайды [7]. Шебердің туындыларында қарапайым еңбек адамдары, олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен алаңсыз бір сарындағы қалыптасқан бақытты өмір жайындағы көріністер анық айшықталады

Ә.Ысмайыловты қазақ кескіндемесіндегі тұңғыш кәсіби суретшілердің ішіндегі романтикалық тақырыптардың алғашқы қарлығашы десе де болады. Қылқалам шебері жайлы өнертанушы Қ.Болатбаев: «Халық суретшісі Әубәкір Ысмайылов көлемдік көркем туынды жазуда дәуір мен дәстүрге, түр мен мазмұнға толы тұжырымды ойларын ортаға сала білді», — деп баға береді. Суретші шығармашылығының негізі лирикалық-романтикалық сарындағы табиғат көрінісі мен халық эпостары тақырыптары аясын қамтиды[8].

Халық өмірі мен дәстүрінің түп тамырынан нәр алған шебердің шығармашылығында орын алған халық ауыз әдебиеті кейіпкерлері мен халқымыздың әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындары мен мереке-мейрамдары ғасырдан ғасырға сабақтасқан ұлт дәстүрлерінің философиялық және дүниетанымдық маңызын көркемдік таным тұрғысынан ашып көрсетеді.

Еліміздегі ұлы үдерістерден, әрине, қазақ кескіндеме өнері ешбір шет қалған емес. Ұлы Отан соғысы жылдары еліміздің өнеріндегі ортақ тақырып — майдангерлер ерлігі мен отансүйгіштігі, жеңіс жолындағы халқымыздың тылдағы тынбай жасаған ерен еңбегі туралы болды.

Суретшілердің шығармашылығындағы үлкен орын алған майдан тақырыбы жайлы туындылар төңірегінде өнертанушы И.Рыбакова, М.Лизогубтың «Майдангерлерге сыйлық» (1942), «Тыл — майданға», «Жаңа отбасында» (1945), Л.Леонтьевтің «Майданға аттандыру» (1956), Б.Урманченің «Жеңіспен оралыңдар», О.Кужеленконың «Алматы соғыс күндері», «Майдангер әңгімесі» атты туындыларында ел басына түскен ауыр

жылдар тыныс-тіршілігі бейнесін үлкен сезіммен бейнелейтінін атап өтеді. Сол сияқты суретшілердің қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін өз пайымдауындарынан өткізіп бейнелеген туындыларында қазақ халқының дарқандығы мен меймандостығы, олардың тұрмысындағы қарапайым көріністер жылылыққа толы[9].

Қорыта айтқанда, бейнелеу өнерінің қай түрі болмаса да негізгі мақсат-оқушыда қоршаған ортаға деген өнегелі эстетикалық қатынас қалыптастыру, өмірдегі әр түрлі құбылыстардың өзіндік құндылығын түсінуге тәрбиелеу; өз халқының өнерін, мәдениетін сүйетін, өзге халықтың көркем мәдениетін құрметтейтін, рухани жан дүниесі бай, эстетикалық тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру; нақты өнер түрлері арқылы практикалық білім, білік дағдыларын қалыптастырып, іскерлігін, көркем-шығармашылық қабілеттілігін арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ергалиева Р.А. Қазіргі қазақстандағы Қазақстандағы этномәдени салт-дәстүрлер.— Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. — С. 111,
2. Байжігітов Б. Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері. — Ақтөбе: А-Полиграфия, 2003. — 45-б.
3. Болатбаев К.К. Көкжиек пен кеңістік. — Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2008. — 192 б.
4. Сманов І. Мәңгілік құндылықтар. Астана. Фолиант, 2013. 4-5 бет
5. Қайдаров.М.У. Кескіндеме технологиясы мен техникасы. Алматы. Өлке. 2008. 64 бет
6. Қаржаубаева С., Амандықова Д. Бейнелеу сауаттылығының негіздері. Астана . Фолиант. 2010.272 бет
7. Айдарова З., Дирксен Л. Бейнелеу өнері: Оқу құралы. – Астана. Фолиант, 2010. – 216 бет
8. Самұратова Т.К. Бейнелеу өнері тарихы: бейнелеу өнері және сызу мамандықтарына арналған оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010. – 208 бет
9. Асанова Б., Жақсыбергенов А., Данилшункина С. Рисунок и графика: Учебник. 2-е изд. – Астана: Фолиант, 2012. – 360 с.

МРНТИ 18.73
УДК 687.13

Жуманазарова А.Е.

магистр, преподаватель, Алматинский Технологический Университет,
г. Алматы, Казахстан

ОЦЕНКА КАЧЕСТВА ЭКСПЛУАТАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ТЕКСТИЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация

В предлагаемой статье рассмотрены результаты исследования и оценки качества эксплуатационной безопасности текстильных материалов для проектирование одежды. В ходе исследования были проведены испытания по двум основным эксплуатационным показателям, наиболее встречающимся в процессе носки одежды: воздухопроницаемость материала и напряжённость электростатического поля.

Кроме того, по результатам испытаний показаны кинетические изменения воздухопроницаемости, электризуемости и гигроскопичности для образцов в зависимости от числа стирок и была оценена качество эксплуатационной безопасности текстильных материалов.

Ключевые слова: безопасность изделий легкой промышленности, электризуемость, экспертная оценка, физико-механические свойства, комплексные факторы, физико-химические свойства, эксплуатационная безопасность, санитария, формальдегид.

А.Е. Жуманазарова

магистр, оқытушы, Алматы Технологиялық Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТОҚЫМА МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЭКСПЛУАТАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада киім тігуге арналған тоқыма материалдарының эксплуатациялық қауіпсіздігінің сапасы зерттеліп және оны бағалаудың нәтижелері қарастырылған. Зерттеу барасында көп кездесетін негізгі екі эксплуатациялық көрсеткіштер: материалдардың ауаөткізгіштігі, гигроскопиялық қасиеттері және олардың электрлену шамасы бойынша сынақ жүргізілді.

Сонымен қатар материалдарды жуудың санына байланысты олардың эксплуатациялық қасиеттерінің өзгеруін бақылап, сынақ нәтижелері бойынша тоқыма материалдарының эксплуатациялық қауіпсіздігінің сапасы бағаланды.

Кілт сөздер: электрлену, сараптамалық бағалау, физико- механикалық қасиеттері, кешенді факторлар, физико-химиялық қасиеттері, эксплуатациялық қауіпсіздігі, санитария.

A.E. Zhumanazarova

magister, teacher, Almaty Technological University
Almaty, Kazakhstan

QUALITY ASSESSMENT OF OPERATIONAL SAFETY OF TEXTILE MATERIALS

Abstrakt

The article deals with the results of research and evaluation of the quality of operational safety of textile materials for the design of clothing. During the study, tests were carried out on two main performance indicators, the most common in the process of wearing clothes: the air permeability of the material, the hygroscopicity and the electrostatic field.

In addition, the test results showed the kinetics of changes in air permeability and electrification for samples depending on the number of washes and the quality of operational safety of textile materials was evaluated.

List of keywords: security products of light industry, electrified, expert evaluation, physical-mechanical properties, complex factors, physical and chemical properties, operational safety, sanitation.

Текстильные материалы, используемые для изготовления одежды, должны отвечать требованиям безопасности технических регламентов Таможенного союза не только на период изготовления и выпуска в обращение на рынке, но и в период эксплуатационного использования.

В процессе носки одежда подвергается воздействию сложного комплекса изнашивающих факторов, включая различные бытовые обработки: стирку и полоскание с использованием вспомогательных синтетических средств, ВТО. В результате происходят изменения в микро и макроструктуре материалов и ухудшение их потребительских и гигиенических свойств. В свою очередь изменяются и показатели эксплуатационной безопасности этих материалов [1, 9 с].

Целью работы является оценка эксплуатационной безопасности текстильных материалов различного состава.

В процессе эксплуатации любая одежда подвергается воздействию сложного комплекса изнашивающих факторов, включая различные бытовые обработки: стирку и полоскание с использованием вспомогательных синтетических средств, ВТО. В результате происходят изменения в микро и макроструктуре материалов и возможно ухудшение их потребительских и гигиенических свойств. То есть - изменяются показатели эксплуатационной безопасности. Следует отметить, что производители одежды, выбирая текстильный материал для выпускаемых изделий, не учитывают его поведение в условиях эксплуатации [1, 13 с].

Объектом исследования в работе выбраны три вида текстильных материалов с разными волокнистыми составами:

Таблица 1- Техническая характеристика материалов


№	Волокнистый состав ткани, %	Толщина ткани, мм	Переплетение
1	ПЭ(25%), ВО(40%), VI(35%)	0,68	полотняное
2	С (35%), ПЭ (65%)	0,72	полотняное
3	VI (15%), ВО (30%), ПА(50%),LYC (5%)	0,37	саржевое 3/1

Вработерассмотрено изменение эксплуатационной безопасности и функциональных свойств текстильных материалов.

При исследовании рассматривали перечень показателей, характеризующие качество и эксплуатационную безопасность текстильных материалов:

- воздухопроницаемость;
- напряжённость электростатического поля;
- гигроскопичность.

Кинетика изменения воздухопроницаемости для образцов в зависимости от числа стирок показаны на рисунке 1.



$$Y_I = 0,054x^3 - 1,190x^2 + 0,853x + 416,4$$

$$R^2 = 0,996$$

$$Y_{II} = 0,084x^3 - 1,602x^2 - 0,691x + 354,1$$

$$R^2 = 0,989$$

$$Y_{III} = -0,035x^3 + 1,142x^2 - 14,82x + 291,6$$

$$R^2 = 0,978$$

Рисунок 1 – Изменение воздухопроницаемости образцов в зависимости от числа стирок

Из полученных уравнений математической зависимости следует, что характер эксплуатационного износа выражен практически одинаково для тканей выбранного ассортимента (полиномиальная зависимость 3 степени):


➤ снижение показателей воздухопроницаемости связано с уплотнением структуры тканей, вызываемым некоторой усадкой (2-6 %), имеющей место вследствие удалённого частично или полностью ашпрета с поверхности материала;

➤ наличие в составе материалов выбранного ассортимента смеси волокон приводит к постепенному «распушению» структуры нитей и поверхности ткани, что так же способствует изменению воздухопроницаемости [2].

Кинетика изменения электризуемости для образцов в зависимости от числа стирок показаны на рисунке 2[1, 43 с].

Из полученных уравнений математической зависимости следует, что характер эксплуатационного износа выражен практически одинаково для тканей выбранного ассортимента (полиномиальная зависимость 3 степени):

- снижение показателей воздухопроницаемости связано с уплотнением структуры тканей, вызываемым некоторой усадкой (2-6 %), имеющей место вследствие удалённого частично или полностью ашпрета с поверхности материала;



$$Y I = 0,003x^3 - 0,106x^2 + 0,991x + 1,279$$

$$R^2 = 0,973$$

$$Y II = 0,003x^3 - 0,091x^2 + 0,846x + 2,167$$

$$R^2 = 0,990$$

$$Y III = 0,005x^3 - 0,158x^2 + 1,337x + 5,728$$

$$R^2 = 0,999$$

Рисунок 2 – Изменение напряженности электростатического поля образцов в зависимости от числа стирок

Из полученных уравнений математической зависимости следует, что изменения показателей гигроскопичности для тканей выбранного ассортимента в процессе эксплуатации образцов выражены практически одинаково (полиномиальная зависимость 3 степени):

- увеличение показателей гигроскопичности образцов после 5 циклов обработки также связано с удалением частично или полностью аппрета с поверхности ткани и волокнистым составом материала;
- показатели гигроскопичности первого образца самые высокие, так как в составе материала меньше всего гидрофобных синтетических волокон;
- в процессе дальнейшей эксплуатации намечается тенденция снижения показателей гигроскопичности, что объясняется так же, как и в случае для электризуемости появлением на поверхности ткани «распушенности» за счет «расшатывания» структуры материала, отдельных волокон и разрушенных участков нитей [1,2,3].

Кинетика изменения гигроскопичности для образцов в зависимости от числа стирок показаны на рисунке 3.




Рисунок 3 – Изменение гигроскопичности образцов в зависимости от числа стирок

Таким образом, можно сделать вывод, что электризуемость ткани зависит от вида волокон и степени их закрепления в ее структуре, от геометрических и фрикционных свойств волокон, а также структуры нитей и самой ткани [4,5, 12-21с].

Изменение показателей напряженности электростатического поля и гигроскопичности изделий приводит к несоответствию их требованиям безопасности, а это может привести к ухудшению физического и психологического состояния человека.

Показатели электризуемости выбранных образцов в процессе эксплуатации увеличились в среднем в 5,1 раза для первой модели и соответственно в 3,1 и 1,7 раза для второй и третьей модели.

Поэтому рекомендуется при эксплуатации школьной формы выбранного ассортимента специальная антистатическая обработка для удаления с гидрофобных волокон электростатических зарядов, в результате которой снизится коэффициент трения волокон и нитей и повысится их поверхностная проводимость.

Список использованной литературы:

1. Жуманазарова А.Е. Оценка качества и эксплуатационная безопасность текстильных материалов, предназначенных для детской одежды: Дис..магист.техн.наук- К., 2017.- 9-57с.
2. Технический регламент Таможенного Союза "О безопасности продукции легкой промышленности" ТР ТС 017/2011, 2011г. – 11с.
3. ГОСТ 12088- 77 «Методы определения воздухопроницаемости». – М.: Изд-во стандартов, 1995. -15 с.
4. ГОСТ 19616-74 «Ткани и трикотажные полотна. Метод определения удельного поверхностного электрического сопротивления».

5. ГОСТ ИСО 6330 – 2009«Материала текстильные. Методы домашней стирки и сушки для испытаний».-7-12с.